

Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Жүмекенова Л.К.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық бағытымен оқитын
10-сынып оқушыларына арналған оқулық

10

Қазақстан Республикасының Білім
және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының сарапшыларымен келісілді














Алматы «Атамұра» 2019

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 84(5Қаз)я72
А 37

Негізгі орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:

-  – өздік тапсырмалар
-  – жұптық тапсырмалар
-  – топтық тапсырмалар
-  – шығармашылық жұмыс
-  – ғылыми ізденіс, ғылыми зерттеу тапсырмалары
-  – сабақтан тыс жұмыстар
-  – хрестоматия тапсырмалары
-  – тірек сөздер
-  – аудиотапсырмалар
-  – ғалым пікірі
-  – әдеби-теориялық түсініктер

Ақтанова А.С. және т.б.

А 37 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытымен оқитын 10-сынып оқушыларына арналған оқулық/А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева, Л.К. Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2019. – 272 бет.

ISBN 978-601-331-531-7

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 84(5Қаз)я72

ISBN 978-601-331-531-7

© Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ.,
Жүмекенова Л.К., 2019
© «Атамұра», 2019

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы, қолыңа алып отырған «Қазақ әдебиеті» оқулығы сені туған әдебиетіміздің көркемдік әлемінде өзіндік орны бар әдеби мұраларымен таныстырады.

Көркем шығарманы көп оқитын адамның санасы терең, ойы анық, сөзі сұлу, мақсаты айқын болады.

Тәуелсіз еліміздің болашағы ретінде өз әдебиетің арқылы өткен тарихыңды көңілге түйіп, бүгінгі болмысыңды бағдарлап, жарқын келешегіңе сеніммен қарай білуің қажет.

Әдебиет өнер пәні ретінде үлкен құдіретке ие. Себебі қазақ атамыз сөздің киесі бар деп санаған. «Кие» деген – қасиетті ұғым. Қазақ халқы кез келген түйіні қиын мәселені бір ауыз сөзбен шешкен. Сөздің мағынасына үлкен мән берген.

Оқулықта берілген көркем шығармаларды оқып, танысу барысында өмірдің тылсым сырлары мен қарапайым қағидалары сені қиял мен шындық әлеміне жетелері сөзсіз. Ол үшін көркем мәтіндерді толық оқып, берілген тапсырмаларды орындап отыруың керек.

Биыл «Өлең – сөздің патшасы» тарауында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері және қарасөздерімен танысуды ары қарай жалғастырамыз. Абай атамыздың шығармашылығы дегенде б-сыныпта «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, «Бірінші қарасөз», «Жетінші қарасөз», «Отыз бірінші қарасөзімен» танысқан едік.

Ал осы жылы Абайдың «Сегізаяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері, «Он жетінші қарасөз», «Отыз екінші қарасөз», «Отыз үшінші қарасөз», «Ескендір» поэмасының үзіндісін оқимыз.

«Прозадағы көркем ой» тарауында Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы мен Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романынан алынған үзінділерді оқып, қазақ әдебиетіндегі психологиялық және философиялық прозамен танысамыз.

«Аңызбен өрілген көркемсөз» тарауында Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романының үзіндісін, Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесінің үзіндісін және Ұлықбек Есдәулеттің «Біз – түркілерміз!» өлеңін оқып, сөз өнерінің жаңа бір қырына зерттеулер жасаймыз.

«Заман, дәуір тұлғасы» тарауында Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романының үзіндісі, Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасының үзіндісі арқылы өз заманында тұлға болған тарихи бейнелермен таныссақ, Шерхан Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесін оқу арқылы бүгінгі қоғам өміріндегі ерекше кейіпкерлерді көреміз.

Әдебиет әлемінің сан алуан кейіпкерлерімен және ондағы тың әрі қызықты дүниелермен танысып, көркемсөзбен кестеленген гажайыптар еліне бірге сапар шегіп, өмірдің келесі белесіне еркін көтерілуіңе тілектеспіз.

Оқулық авторлары

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Абай шығармашылығы

- «Сегізаяқ» өлеңі
- «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі
- «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңі
- «Сабырсыз, арыс, еріншек» өлеңі
- «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі
- «Болыс болдым, мінеки» өлеңі
- «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі
- «Он жетінші қарасөз»
- «Отыз екінші қарасөз»
- «Отыз үшінші қарасөз»
- «Ескендір» (поэмадан үзінді)

ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

- Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» (романнан үзінді)
- Әбіш Кекілбаев «Аңыздың ақыры» (романнан үзінді)

АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМСӨЗ

- Мұхтар Мағауин «Шақан-Шері» (романнан үзінді)
- Шыңғыс Айтматов «Алғашқы ұстаз» (повестен үзінді)
- Ұлықбек Есдәулет «Біз – түркілерміз!» өлеңі

ЗАМАН, ДӘУІР ТҮЛҒАСЫ

- Қабдеш Жұмаділов «Тағдыр» (романнан үзінді)
- Шахмардан Құсайынов «Томирис» (драмадан үзінді)
- Шерхан Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Бұл тарауда Абай Құнанбайұлының шығармашылығына тереңірек бойлап, ақынның «Сегізаяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты дөстан да, дүшпаннан да», «Сабырсыз, арыс, еріншек», «Қалың елім, қазарым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суга май бітпес қой өткенге» өлеңдерін оқып, талдаймыз.

«Он жетінші қарасөз», «Отыз екінші қарасөз», «Отыз үшінші қарасөздерімен» танысамыз. «Ескендір» поэмасының тақырыбы мен мазмұнын меңгеру өздерің өмір сүретін уақыт пен кеңістіктегі адами құндылықтарды білуге жол ашады.

«Абай шығармашылығы» бөліміндегі материалдар Мұхтар Әуезовтің «Абайдың өмірбаяны» зерттеу еңбегінен ықшамдалып алынды.

Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет – Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын көусар дариясы, ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан, ләззатты сапарының бастау қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев

Әдебиет теориясы

Әдеби мұра – көркем әдебиеттің, сөз өнерінің өткен дәуірден қазіргі заманға жеткен туындылары. Әдеби мұра – халықтың әртүрлі тарихи кезеңдегі мәдени өресінің, әлеуметтік халжайының, тілдік, эстетикалық талғамының айғағы.

Әдеби мұраны негүрлым толық жинастыру, бастыру, зерттеу – әдебиеттану ғылымының басты міндетінің бірі. Бұл – үзбей, өне бойы жүретін іс.

М. Базарбаев

Ғалым пікірі

Әдебиеттің көркемдік мәні – сөз өнерінің бейнелілік, суреттілік қасиетінен туындайтын, адамның эстетикалық ой-сезімін қалыптастыруға үлкен әсер ететін ең басты сипатының бірі... Әдебиеттің көркемдік әсері, ықпалы болмаса, қызығарлық, қызықтырарлық, баурап әкелерлік өтімділігі, сұлулығы болмаса, оны көркем әдебиет деп айтудың, оған табынудың қажеті болмас еді. Абайдың:

*Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы, –*

деп көркемдік, өдемілік талаптарын тереңнен қозғауы тектен-тек емес.

Нағыз тапқырлық, шеберлік терең оймен, мазмұнмен қабыспаған жағдайда әдебиеттің көркем туындысы жайында әңгіме қозғау мүмкін емес.

3. Ахметов

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді.

Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді.

Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Ана сүті төн қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ақын сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді.

Ж.Ысмағұлов

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845 – 1904) – қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеп, артына айтулы әдеби мұра қалдырған реформатор.

Абай Құнанбайұлы есімін әлемге танытқан қазақтың аса көрнекті жазушысы – Мұхтар Әуезов. «Абайдың өмірбаяны» мақаласында ол кемеңгер ақын жайлы терең зерттеп, жан-жақты жазған.



Абай Құнанбайұлының Жидебайдағы
мемориалдық мұражай кешені

1

АБАЙДЫҢ ШЫҚҚАН ТЕГІ



Н. Өтепбаев.
«Абай»

Абай 1845 жылы Семей облысындағы Шыңғыстауда туған. Абайдың әкесі – Құнанбай, оның әкесі – Өскенбай, үшінші атасы – Ырғызбай. Бұлардың барлығы да тобықты руына үстемдік жүргізген адамдар. Өскенбай Ырғызбайдың өзге балаларының ішінде ең белсендісі болды. Сол кезде маңайындағы ағайын-туысқан, іні-баласының бәрінен пысық, епті болыпты. Өскенбай Ырғызбай қартайған кезде атқа мінеді. Ол орта жасқа келгенде баласы Құнанбай ержетіп, атқа мінген. Құнанбай 1804 жылы туған.

Құнанбайдың шешесі – Зере, кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған деседі. 1850 жылы 72 жасында Өскенбай өледі. Зере – көп жасаған адам. Абайдың бала, бозбала күнінде бәрі Зерені «кәрі әже» дейді екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болады. Балаларына дұға оқытып, үшкірте береді. Сонда немересі Абай «кәрі әженің» құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен. Абайдың ойшыл болып қалыптасуына әжесі Зеренің де ықпалы өте зор болған.

2

ТЕКТІ ӘКЕ ТАҒЫЛЫМЫ



Құнанбай би

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа оқу тәрбиесін көрмеген. Мұның орайына жас күніндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша батырлық, жорықшылық сияқты істерге көбірек ауған. Өзі құрбы жас жігіттердің ішінде ер, мықты найзагер болып саналған. Жасында осындай өмірге салынған

Құнанбай кесек мінезді, қатты адам болғанға ұқсайды. Қаттылығы әншейін ғана емес, әке-шеше, жанашыр жақынға да бірқалыпты болған сияқты. Ел билеп, іс басқаруға келгенде Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде Сібір даласы 1822 жылдағы Сібір казактарына арналып шыққан устав бойынша өкірікке бөлініп, өкіріктік приказ билейтін болған. Өкіріктің* бастығы аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі өкімет чиновнигі болады (елдің көбі мұны «майыр» дейді). Үшінші мүшесі «кіші сұлтан» атанады. Осы кезде Құнанбай екі жылдай «аға сұлтан» болады...

*Өкірік – округ (аймақ).

Ғалым пікірі

«Билік сұлтандарда ғана болатын уақытта Құнанбайдың Қарқаралы округіне аға сұлтандыққа сайлануы, бұл Абайдың әкесінің өзге руларға ықпалының зор екендігін дәлелдеді...»

Әлихан Бөкейханов

...Сол кездегі атқамінерлердің айтуына қарағанда, Құнанбай – қарадан хан болған адам...

Абай әкесі Құнанбайдың 41 жасында туған. Құнанбай 72 жасында қажылыққа барып, қажылықтан қайтып келген соң, 8-9 жыл өмірін ылғи діншілдік, құлшылықпен өткізген. Құнанбайдың атағын көтере сөйлейтін рубасылары мен дін таратушы қожа-молдалар оны мақтағанда «Қарқаралыда мешіт салғызды», «Меккеде қазақ қажылары түсіп жүретін Тәкие үй салғызды» деп айтады.

Құнанбай шешендік сөзге, дау, кеңеске көп елден жүйрік болған. Өз тұсындағы Орта жүз билерінің алдыңғы қатарындағы кісісі саналған. Ақмола, Семей, Жетісу сияқты губернияларда ел аузында қалған билер жайындағы әңгімелерде Құнанбай аты көп аталады.

Құнанбайдың терең ойларынан...

Құл мен қожа майданда теңеледі,
Жас пен көрі білімде теңеледі,
Бай мен кедей жомарттықта теңеледі,
Жақсы мен жаман өлгенде теңеледі.

Кісі айыбын айтпақтан оңай жоқ,
Өз айыбыңды өзің айтқаннан ауыр жоқ.

Өткен істен оңай жоқ.

Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, көзбен
көрген – шын, құлақпен естіген – өтірік.

3

АНАНЫҢ ТАҒЫЛЫМ-ТӘРБИЕСІ



Е.М. Сидоркин.
«Үлжан»

Құнанбайдың бірнеше әйелі болған. Үлкені – Күңке. Бұдан туған баласы – Құдайберді. Екінші әйелі – Үлжан. Одан туған балалары: Тәңірберді, Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі – Айғыз. Одан Қалиолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абай өлеңінің мәнісі – осы. Құнанбайдың төртінші әйелі – Нұрғаным. Одан бала болмаған...

...Бірақ Үлжаннан туған балаларының бәрі бірдей өз шешесінің қолында тәрбиеленбеген. Үлкен баласы Тәңірбердіні жас күнінде Өскенбай қолына алып өсіріпті. Ысқақты Құдайбердімен бірге Күңкенің қолында өсірген. Күңке ерте уақыттан бөлек ауыл болып кеткен. Үлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешесінің ортасындағы тел баласы кішкене Абай болады...

...Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға «Телқара» деп ат қойыпты. Кейін Абай ер-

жеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеден қойылған атпен Телқара дейді екен...

Ұлжанның әкесімен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңымен даңқы жайылған, белгілі мысқылшыл, тапқыш күлдіргілер болған. ...Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелімен, бастан-аяқ жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда Тонтайлар – қалың қазақ ортасының үнемі көңілін көтеріп жүрген, таусылмайтын думаны, ұдайы қызық күлдіргісі. Бүгінгі Еуропа, Американың Чарли Чаплины, Бестер Китоны сияқты. Осы Тонтайдың інісінен туған Ұлжан болады. Ұлжан сабырлы кісі болған.



Е.М. Сидоркин.
«Абай әжесі Зеремен»

Ұлжан болады. Ұлжан сабырлы кісі болған.

4

ШӘКІРТ АБАЙ

Абай кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентектеу бала болса керек. Бірақ өзге балалардан ерекшелігі, үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды...

Абай он жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы сабақ берген молдасы Ғабдұлжаппар деген татар. Кейін одан шығарып, Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттерінің жанында медресе болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқиды...

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Оқуға өзімен бірге оқыған үлкен-кіші балалардың барлығынан анағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітаптан молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін екінші ретте кітапқа қарамай,

өзі жатқа айтып шыға алатындай зерек болған деседі. Сонымен, дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып-білу Абайға өзге балалардан сонауғұрлым оңай болған. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен ұнатқан кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. Өз бетімен оқитын кітаптары – араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары. Бұларды Абай бала кезіндегі құлай берілгіш мінезі бойынша, барын салып, көп оқыған болу керек.

Оқуға кірген соң-ақ, балалық дегенді ұмытып, тез есейген. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін сезімді оқушы болған. Өйткені сол жылдары Абайдың араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзі таңдап алған ірі ақындары болған. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай бәйіттерін ұзыннан-ұзақ жаттап алғандары да болған. Сол бала күнінде жаттаған кей сөздері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған. Абайдың 30 жасында туған баласы Тұраштың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді «Пәлен кітаптың пәлен бетінде» деп, жаңылмай жатқа айтып отырушы еді дейді...

Медресенің ауыр тәрбиесінде жүрген жас шәкірттің шын сүйетін ақындары – Науаи, Сағди, Қожа-Хафиз, Физулилар болған. Бұлардың сөздерін Абай ұлғайған шағына шейін тастамаған. Өрқашан оқып, өрқашан сүйсініп, еске алып отырған. Медреседе оқып жүрген кездерінде, жаз болып елге қайтқанында қаладан ала қайтатын кітаптары – тағы сол ақындар. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған...

Алдымен ақындарды көп оқу себепті Абай араб-парсы тілдерін сол үш жылдың ішінде жақсы біліп шыққан. Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл тек қана араб-парсы тілдері деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб-парсы тілдерімен Физули, Аллаяр, Бабырша айтады. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын: «Физули, Шәмси, Сайқали, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Қожа-Хафиз бұ хеммәси, мәдәт бер иә шағири фәрияд!» – деп, өзі қадірлеген ескі ақындардың



Ө. Қастеев. «Жас Абай»

аруағына сыйынумен бастайды. Осыған қарағанда, Шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абай ерте күнде танысып алған сияқты...

Медреседе оқып жүргенде Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы Приходский школге түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Басаяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай ел билеу жұмысына өзіне серік қылмақ бо-

лып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды. Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе – ел жұмысында өзіне серік болатын іні-баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы. Бала болса да сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал, қатты сыншы болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген...

Сонымен, балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел-тақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдайалды кісілерімен қатар түсетіндей білім алады. Бұл уақыттарда қазақтың ескі ақындары, кемел шешендері, жорықшыл батырлары, ерлері болсын – барлығы жайлы әңгімелер Абайға таныс дүние болып қалған. Қаладағы оқудан Шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға, ендігі тәрбиеші ұстаз қазақтың халық қазынасы болады. Осылайша ел даналығын танып, соны ерте қамту, жас талапкерге жаңа зор мектеп болады. Бұл жөніндегі білімді ол әкесінен емес, халықтан шыққан шешен ділмәр, ақын, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулат, Бұқар жырауды ауызға алады. Солардың өзін бала күнінен естіп, танып, жат-



Семейдегі Ахмет Риза медресесі

тап, тіпті тамашалап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұраларымен қатар мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс, жарыс сияқты өзге де неше алуан қазынаны өжеден, анадан, қонақ жолаушылардан көп естиді. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуанның зорлығы, қыздың мұңы сияқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды сүйе Абайды халық мұрасына бейім етеді. Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзіне соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру, жақсы деген шешендерге көп жайылған салт еді. Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт сол білімді керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен сияқты көріне бастайды. Басында балалығының арқасында ел сөзіне қорғана кіріскен Абай аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып, адымын ұлғайта бастайды.

5

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ЖОЛЫ

Абай ақындығын мол қолданған, күнде сынға салып отырған. Бірақ өзін ақынмын деп санамаған. Өлеңді де, дәл өлең түрінде, келелі тартыс үстінде аз қолданып, жай ойын, қалжың, мысқыл түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке арнаған, қалжыңды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмытылып қалған. Есте қалғанның бізде жиылғаны «Әліпбимен жазылған тілекхат», сонан соң «Сап-сап, көңілім» деген өлеңі еді.

...Патша үкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары аға сұлтан, болыс, би, елу басы, старшын деген ортаның өзі де, өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абай бертінде жазған «Болыс болдым, мінеки», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім, қазарым...» сияқты көптеген өлеңдерінде сол ортаның жиренішті, құнарсыз мінездерін, әдет-машықтарын сынға алады.

...Абай 29 жасқа толғанда, болыстық сайлауға қатысып, қарсылас рубасыларын жеңеді. Жеңгенінің белгісі – өзімен



Ө. Қастеев. «Абай киіз үйдің жанында»

көп алысқан Оразбай Аққұлы баласының ауылында болған сайлауға туған-туысқандарынан ешкімді ертпей, достарын ертіп барып, Ысқақ деген інісін болыстыққа сайлап қайтады. Ысқақты алғашқы болыс болғаны 1873 жыл. Абай сол Ысқақты ұдайымен үш сайлауда 9 жыл болыс қылады...

Бұл кезде Абайдың өзі елдің сыртқы шеңберін ұстап, үлкен таразысын баратын кісі болады. Кісілік, билік барлығының тұтқасы Абай болады. Дос атаулы да Абай басына үйіріледі. Ел ортасының дау-шарын, билік сөзін түгелімен өзі атқарып, өзі басқарады. Осылайша сырт жағынан қарағанда біраз тынышталған халмен тіршілік еткен кезінде Абай өзінің би, болыстардан өзгеше пішінін таныта бастайды. Бұрынғы атқамінердің парақорлық, өз жағына бұрғыштық, әділетсіз мінездерінің бәрінен аулақтап, барынша әділ, шыншыл болуға тырысады. Өз ортасына бұл жағынан үлгі, ұстаз болғысы келеді. Осымен қатар енді ілім-білім өрісін табуға беттейді.


6 КЕМЕЛ ОЙЛЫ АБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ

...Жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін есіне түсіріп, орыстың тілін мықтап оқиды. Қалада жатып едәуір тіл білген соң, енді көп кітап оқуға кіріседі. Кітапты тәртіппен, ретпен оқымаса да, бірінің артынан біріне ауысып, құмарлана қадалып оқи береді. Бір жағынан ел сөзі, ел жұмысымен жатса, екіншіден әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін де Семейде қысқы айларда ұзақ уақыт жатып алатын болады. Осымен 35-36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петербордан айдалып келген төңкерісшіл, халықшыл Михаэлис деген кісімен танысады. Михаэлис ол кезде жас. Петербор университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған екен, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі болса керек. Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көріп, танысады. Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, тату адамдарға айналады. Михаэлис осы барғаннан Семей облысынан қайта алмай 40 жыл тұрып, сол жақта



Л.П. Леонтьев. «Абай Семей қаласының кітапханасында», 1954 жыл

өмірден өткен. Өуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, артынан Өскемен қаласын мекен еткен. Алғаш танысқан соң, Абаймен ұдайы кездесіп немесе хатпен хабарласып тұрған. Бертін келе Абайдың ауылына қонаққа да барады. Аздан соң Михаил арқылы Абай 80-жылдарда айдалған басқа халықшылдармен де танысқан. Соның ішінде халықшыл адвокат Гросс, жас доктор Долгополов сияқтылар болған. Гросс айдалып келген соң, қазақтың ескі әдет, заңдарын жиып қарастырумен айналысқан. Ол да Абаймен араласып, қырға шығып, 3-4 айдай Абайдың ауылында жатып қайтқан. Кейінірек Абайдың ауылына Долгополов та келіп, қонақ болып жатып жүреді. Абайдың қазақтан басқа ел адамдарымен танысуы жалғыз бұл емес. Каторгіге айдалып, Сібірден қашқан Кавказ адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Шәмілдің баласы, Тәштемірдің баласы деген адамдардың да Абайға келіп, ат мініп, пұл алып кетіп жүргендері болған. Тәштемірдің баласын бір жаз бойы қонақ етіп, күтіп аттандырған деседі. Қазан татарынан шығып солдаттықтан қашып, ел ішіне келген Ғабитхан, Кішкене молда деген кісілер де елде Абайдың туысқаны сияқты болып, қазақтан өйел алып, біржола қазақ болып тұрып қалған. Патша



В.И. Третьяков. «Абай жандармерия басқармасында», 1971 жыл

үкіметі бұл үшін Абайға қырын қарап, ауылына бірнеше рет тінту шығартқан. Ал Долгополовтар шыққанда жасырын полиция арқылы қырда астыртын надзор жасатып қойғаны да бар. Бұл жай соңғы жылдар Семей архивінен табылған «Долгополов ісі» деген істен әбден анық болып отыр. Абай өзіне білім берер, жаңалық айтар дос іздеген уақытта чиновник төреден іздемей, бертін келе ылғи жаңағыдай адамдарды дос тұтады. Соларды қадірлейді. Солар арқылы өз мағлұматын зорайтып, осылар ұсынған кітаптарды оқиды. Бұл Абайдың өздігінен оқып, өсу жолында өзгеше жақсы жағдай болады. Керекті, дұрыс өнімді бағытпен барып, Еуропа мәдениетінің ең қымбат қазыналарын пайдалануға себепші болады. Осындай өзгеше достардың барлығының ішінде ең алдымен таныс болып, Абайға алдымен пайдалы әсер еткен кісі – Михаэлис. Михаэлистің істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай кейінгі уақыттарда дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис деп, алғаш бағыт нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен. Михаэлистің зерттеген саласы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), әр тарау жолдардан мағлұматтары болған мәдениетті адам. Осы бетпен орыстың

белгілі ақын-жазушыларынан – Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Писарев; Еуропа ақындарынан – Гете, Байрон; пәлсапашыл, табиғатшыл, білгіштерінен – Спенсер, Спиноза, Дарвин; тарихшылдарынан – Дрепер т.б. оқыған. Алғашқы кезде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиеті мен сыны болуы керек. Көп заманға шейін қалада жатып оқып, кейінірек талай кітаптарды қырға да алып шығып, елде қарастыратын болады. Әдебиет бағытында жалғыз орыс жазушыларымен тоқтамай, Еуропаның әйгілі романшыларын да оқыған. Өрі-беріден соң сол кітаптарды өзі оқып қана қоймай, маңайындағыларға өңгіме қылып айтып отыруды әдет қыла бастайды. Екінші баласы Өбдірахманды Семей қаласындағы уездік школға оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп ұзақ оқып кетеді.

Артынан біраз жылдан соң, үшінші баласы Мағауия мен қызы Күлбаданды да орыс школына береді. Абай енді ұлықтардан білімді, ой-санасы сонауғұрлым жоғары тұрған Михаэлис, Гросс сияқты кісілердің мәжілістерінде болып, өзі де ғылым зерттей бастайды. Жаңа жарық дүниенің шеті енді ашылғандай болады. Сонымен, 1884–1885 жылдары жасы қырыққа таман ілінгенде, Абай дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Өр нәрсе туралы ғылымға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонауғұрлым қырағы, озған кісі болып, жекеленіп шыға бастайды. Бұдан кейінгі Абай елге ең алдымен, өзге жақсы дегеннің бәрінен білімі, ақылы, сөзі мен өнері артық кісі болып таныла бастайды...

Абайдың атағы мен дәрежесі шартарапқа жайыла бастайды. Бұрынғы шешендік, зеректік, сыншылдықтың үстіне еуропаша жақсы, сенімді құрал тауып алған соң, Абаймен қай елдің мақтаған жақсылары, атақты шешендері болса да, тіресіп сөйлесіп, пікір таластыруға жарамайтын болып қалады. Қай-қайсысы болса да, сыртқы даңқы зор болғанмен, Абайға келіп кездескенде дүниені болжар білімі, шалымы жоқ болғандықтан, білгіштің қасындағы наданның халінде қалып отырады. Сонымен, Семей қаласында болсын, басқа дуандарда болсын, бірнеше уездік елдердің болыс, билері бас қосқан үлкен съездерде Абай өзімен тең түсіп, толық мәжілісте болатын қазақты көре алмаған. Бір тобықты емес, өз тұсындағы қазақтың қайсысынан болса да сонауғұрлым озып кеткендігін сезген. Осыны сезіп, ұғынуының арты елге билік етушілердің бар-



Л.П. Леонтьев. «Абай»

лық жай-күйіне бұрынғыдан да өткір, қатты сынмен қарауды күшейтеді. Ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озған мәселелерді ойлай бастайды. Абай енді тентек, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінездердің барлығы атқамінер тобына түгел жайылған мін екенін көреді. Сол терістіктерді түзететін тез болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып ұстаз бола бастайды. Сонымен, 40

жасқа толған Абай енді өз ортасының ақылшы басшысы болады. Отыз жасқа шейінгі өмірі өз ырығынан басқарақ, әке тізесімен өткен болса, ендігі өмірді, жаңа құрылған негіз, пікір бойынша жаңа мағыналы түрде өткізгісі келеді. Қырыққа таман келген уақытта, «Бұрынғы дүние асты-үстіне шығып өзгеріп, күншығысым күнбатыс, күнбатысым күншығыс болып кетті», – дейтіні содан. Абай әрбір жақсы сөзді оқыған соң, соның ағымына ақыл-ойымен терең бойлайтын әдеттер табады. Мәселен, Будданы оқып шыққан соң: «Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау», – деген сөзі, не болмаса өмір бойы Лермонтовты: «Бұл махаббатқа уланған шын ақын, махабатын улаған ашу» дейтіні – соның айғағы. «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым, Етек басты көп көрдім елден бірақ», – дейді. Болмаса: «Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме!» – дейді. Ақыл айтады, сөгеді. Көппен бірге өз мінін де теріп, өзін де жазалайды. Бірақ ем болмайды. Осыдан соң сыртқы өмір бұның ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне бұны еріксіз көндіріп, ескі жолға қайта тарта берген соң, Абайдың ойы мен ісі екіге бөлінеді.

7

ОЙШЫЛ АБАЙ

40 жастан асқан Абай бізге біреу емес, екі Абай болып көрінеді. Біреуі – бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманның ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі – күндегі өмірдің талқысы мен шырмауынан шыға алмаған, ел меңгеруші Абай. Абайдың ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айырылады. Заманнан ақыл сезімі артып, озған жалғыздың трагедиясы (қайғысы) туады. Сол қайғысы сыртқа шығатын бір жол болуы керек. Абайдың ендігі ұғынуы бойынша, сыртқы өмірі жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз. Ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәрін сырт көзге көрсетіп, іштегі өкінішке тыныс етерлік нәрсе ақындық болады. Сонымен, 1884–1886 жылдардан бері қарай Абайдың нағыз өнімді ақындығы басталады. Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық, надандықпен кектене алысады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады. 1884–1886 жылдардан бастап Абай осындай өлеңге кіріседі. 1884–1885 жылдары «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген сияқты бір-екі өлең туғызса, 1886 жылы 16-17 өлең шығарады. Абайдың осы күнге дейінгі халық туралы деп жүрген өлеңдерінің көбі осы жолда алғаш рет қатты торыққан көңілінен шыққан сөздері болады. Бірақ бұл жылдарға дейін Абай өлеңді өз атымен емес, ылғи Көкбай айтқан өлең деп жазады.

1882 жылдардан бастап, 1885–1886 жылдары Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды.

1889 жылы ел басқару жұмысын Оспанға тапсырып,



М. Калимов. «Абай»

өзі бір беткей ілім іздеу жолына, ақындыққа бой ұрады. Тағы да кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады. Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. 1889 жылы шамамен 25 өлең жазылады. Бұл өлеңдерінде бұрынғыша өз ортасының кемшілік-міндерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен шенеп, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар. Одан соң, А. Пушкиннің «Евгений Онегинің» аударарды...

8

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ

Ғалым пікірі

Абайдың қазақ әдебиетіне XIX ғасырда және XX ғасырда еткен әсері аса мол. Абайдың өзін көрмей, сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде өлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасына арнап, көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар. Өсіресе бұлардың саны Абай шығармалары қазақ сахарасына жайыла бастаған сайын молая түскен.

М. Өуезов

Абай мектебінің ақындары (Абайдың ақындық мектебі) – Абайдан тәлім-өнеге көрген ақындардың шығармашылық ортасы. Бұл ұғым қазақ әдебиетінде ең алғаш М. Өуезов зерттеуі негізінде қалыптасты. Ол зерттеу еңбектерімен де, көркем шығармадағы бейнелерін суреттеп жеткізуімен де Абайдың шәкірттерін танудың жолдарын қарастырды.

Абайдың айналасындағы ақындарды ауызға алғанда, алдымен Көкбай есімі бұрынырақ түседі. Тағы бір ауыз толтыра айтатын шәкіртінің бірі Шөкәрім болды. Абай ақындық мектебінен Ақылбай мен Мағауияны, Өріп Төңірбергенұлын айтуымызға болады.

1891 жылға шейінгі өмірі – Абайдың ең мағыналы өткізген жылдары. Осы жылдары жиырма шақты өлең жазады. Сол уақыттарда жас шәкірт болып, әкесінің қолында тұрып оқып жүрген Тұраш: «Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды. Бар талапкер жастар болып, сөзін тыңдап, медреседегі шәкірттерше ақиқат олай емес, бұлай деп, бір-бірімізбен дауласып жатушы едік, – дегенді айтады. – Сол екі жылдың ішінде жоғарыда айтылған өлеңдерімен бірге және де көп өлеңдеріне өн шығарып еді. Ұстаздық қылып отырғанда бізге малқұмар, мансапқұмар адам – адам емес деп ұғындырушы еді. Өрдайым сағынып, көкसेп, қатты рақаттанатын уақыты: сөзді ұғар-ау деген адамдарға, жастарға, ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отыратын кезі болушы еді».

...Оспан 1891 жылы қайтыс болады. Оның өлімі Абайға өте ауыр тиді. 1892 жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өліміне қайғырғанын байқатады.

...Осы жылдардан соң Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. Мәселен, 1886 жылдан соң ең көп жазған жылы – 1889 жыл. Сондағы барлық өлеңнің саны жиырма шақты болса, оның ішінен бес-алтауы-ақ – өзінікі. Қалғандары – аударма.

Абайдың үлкен әйелі – Ділдә, екіншісі Әйгерім еді. Ділдәдан Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия деген балалары болды.

...Әбдірахман Абайдың ерекше сүйеніш көріп, қатты үміт қылған баласының бірі болған. Бірақ ол дертке шалдығып, 1895 жылы өмірден өтеді. Бұл баласы Абайдай әке өмірінің үлкен жұбанышы еді. Соның мұратына жете алмай ерте өл-



Әріп
Төңірбергенұлы



Көкітай
Ысқақұлы



Әубәкір
Ақылбайұлы



Өсет
Найманбайұлы



Көкбай
Жанатайұлы



Шәкәрім
Құдайбердіұлы



Уәйіс
Шондыбайұлы



Ақылбай
Абайұлы

гені артында қалған әкесін қатты қайғыға салды.

Осы жылдары ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен өзі оқыған қызықты романдардың көбін өз аудармасы, редакциясымен әсем әңгіме етіп айтып береді. Абай мектебінен тараған осындай жаңа, соны әңгімелердің ішінде «Мың бір түн», «Шаһнама», «Ләйлі – Мәжнүн» сияқтылардан басқа Еуропаның да талай романдары болды. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың «Үш нояны», «Он жылдан соңы», «Марго патшайымы», Пушкин әңгімелері және Батыс Еуропадағы орта ғасыр инквизициясының заманын суреттейтін «Қызыл сақал» деген роман, онан соң Америка, Африкада жабайылар ортасында күн кешкен жиһанкездер жайындағы романдар да көп айтылатын болған. Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі – ол өзін Шығыс адамы едім, мұсылман едім деп дін тұсауына бағындырмаған. Жастарға үлгі етіп айтқан өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты ауызша өсиетте де Сократ хакім, Аристотель сияқтыларды көп атайды. Ұлттық тар көлемде қалмайды. Сондықтан өзінің тәрбиесінде болған жас ақындарға әңгімелі поэмалар жазуға тақырып бергенде, құлашты тіпті кең жаяды. Көкбай сияқтыларға (Абай ақындық мектебі өкілі – Көкбай Жанатайұлы) қазақ тарихының ескілігін баяндайтын тақырыптар берсе, Мағауияға (Мағауия Абайұлы) патшалықпен алысқан Шәмілдің жайын поэма еткізеді. Және сол Мағауияға «Медғат – Қасым» деген поэмада Африкадағы план-

татор мен намыскер ер құлдың алысқанын әңгіме еткізеді. Ақылбайға (Ақылбай Абайұлы) Кавказдағы Дағыстан жайынан, Африкадағы зұлыстар жайынан поэма жазғызады. Жастардың ұстазы болған Абай, ең алдымен, осындай көркем тәрбиеші, аға ақын болып зор қызмет етеді...

... Ақын тіршілігінің ең ауыр қорытындысы, әсіресе 1897 жылдарда тіпті айқын аңғарылады. Өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын еске алып отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілікке ұмытылмайтын «Өлсем, орным қара жерді» жазады. 1890 жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да, қарасөзбен айтатын өсиетті көп жазатын болған.

...1904 жылы көктемде Абайдың Мағауия деген баласы өлді. Соның өлімінің үстінде Абай қатты толғанып отырып: «Мағаштың өлімі ерлік пен ездікті сынайтын өлім ғой!» – деген екен.

Мағауияның қырқы жақындаған кезде, Абай төсек тартып жатпаса да астан, ұйқыдан, сөз дегеннен мүлдем тыйылып қалады. Кейбіреулер: «Есінен айырылған емес пе екен?» – дейді. Жақындары Абайдың өзінен де күдер үзе бастайды. Тәңірберді (Тәкежан) деген ағасы келіп: «Қарағым, сенің үндемей кеткенің не? Бөтен дүниелік болайын дедің бе?» – деп жылайды. Сонда Абай: «Ез күнде өледі, ер бір-ақ өледі», – депті. Сөйтіп, көп ұзамай ақынның өзі де дүниеден өтеді.

Абай шәкірттерінің суретін салған Н. Өтепбаев.



Мағауия
Абайұлы



Турагүл
Абайұлы

Әдебиет теориясы

Академиялық басылым – ақын-жазушылардың шығармаларының ғылыми текстологиялық зерттеу негізінде дайындалып, жарық көрген толық жинағы. Бүгінде жарық көрген ғылыми басылымдардан Абай шығармаларының толық жинағын, М.О. Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық басылымдарын атауға болады.

М. Базарбаев

Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының үлкен бір саласы. Ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды.

З. Ахметов

Талдау (анализ) – көркем шығарманы тексергенде қолданылатын тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет-ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат-белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу.

Әдеби шығарманы қай тұрғыдан алып талдағанда да (айталық тақырып, сюжеттік желісі, композициялық құрылысы, тіл кестесі) оның жеке бөлім-бөлшектерін (компоненттерін), сипат-ерекшеліктерін айырып, ажырату үшін жүйесін тауып, бір-бірімен қабыстырып жалғастырып, бөлшекті бүтінмен ұштастыра қарастыру шарт.

З. Ахметов

Ғалым пікірі

Текстология (латын. *textus* және грек. *logos* – сөз, ғылым) – филологияның шығарма мәтінін анық-қанығы сақталған қолжазбасымен, түпкі нұсқасымен салыстырып тексеретін, жариялайтын саласы.

Текстологияның негізгі міндеті – автор мәтінінің нағыз, дәл нұсқасын анықтап, ешбір қоспасыз, қатесіз жариялау. Арғы-бергі ақын-жыраулар мен Абай, Әуезов секілді классиктеріміздің, бүгінгі қазақ жазушылары шығармаларының мәтіндерін салыстыру, зерттеу, мәтіннің ғылыми аппаратын жасау – күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Ө. Күмісбаев

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ғалым пікірі

Енді қырғыз поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе топтағы бейнелеуде) арынды көптеген өлеңдерінің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қырғыздарға түсініктуелерін) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады.

Әлихан Бөкейханов

Абай шығармалары мен мұралары жайлы зерттеулік еңбектер 1889 жылдан бастап ресми баспасөздерде жариялану, танылу тарихын ғылыми тұрғыдан біртіндеп ашу әрекеті қазақ әдебиетінде 50-жылдардан бастап айтыла бастады.

Ғалым пікірі

«...Абайдың көзі тірісінде, оны оқырман қауымға таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов.»

Қайым Мұхамедханов

Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін зерттеудің алғашқы өнімді кезеңі деп Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, К. Ысқақұлы, М. Дулатов, І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов, Ы. Мүстамбайұлы, Ғ. Тоғжанов т.б. секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің зерттеу еңбектерін, мақалаларын атауға болады.

Ғалым пікірі

«Әлиханның шынайы тұрпатты авторлық әдебиетке айрықша үміт артуы 1905 жылы жарияланған Абайға арналған мақаласынан («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы») бастау алады... Абайды тану мен танытуға деген ықылас алғаш Ө. Бөкейхан тарапынан байқалған... Ө. Бөкейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» мақаласында ұлы ақынның ғұмырбаяны алғаш рет мүмкіндігінше толық сипатталған...»

Дихан Қамзабекұлы

А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы ғылыми мақалаларын жазу барысында, белгілі Алаш көсемі, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің төрағасы Әлихан (Ғалихан) Нұрмұхамедұлы Бөкейханов пікірін негізге алады.

Мысалы, А. Байтұрсынұлының Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» мақаласында зерттеуші былай дейді: «...жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған...» – деп дерек береді.

Ал М. Дулатұлының «Абай» мақаласында: «1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі География қоғамы шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады, 1909 жылы Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургта Борганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы...» – деп атап көрсеткен.

Бұдан Әлихан Бөкейхановтың Абайдың мұрасына ерекше көңіл бөліп, Абайдың мұрасын зерттеу мәселесін алғаш қолға алғанына көз жеткіземіз.

Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов болды. Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүниежүзі оқырмандарына толық танытып, әдеби бейне қатарына жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек етеді. М. Әуезовтің Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылымның мызғымас негізі болып табылады. М. Әуезов 1933 жылдан 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. Бұл басылымдар ақынның 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасы негізінде жүзеге асырылды. Өсіресе 1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген, Мұхтар Әуезовтің басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған Абай

шығармаларының екі томдық толық жинағының абайтану ғылымындағы елеулі табыс болғанын атап айту қажет. Мұхтар Әуезов ұзақ жылдар бойы ізденіп, сан алуан деректерді зерттеп, жүйеге түсіріп, Абайдың ғылыми өмірбаянын жазып шықты.

Кейінгі жылдарда абайтану ғылымы көптеген әдебиетшілер, тіл зерттеушілері, музыка мамандары және басқа ғылым салалары өкілдерінің еңбектерімен толыға түсті. Абайтану ғылымына С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Т. Тәжібаев, Қ. Мұхамедханов, М. Сильченко, Ы. Дүйсенбаев, З. Ахметов, Б. Ерзакович, М. Мырзахметов, Ғ. Есім, Ж. Ысмағұлов, т.б. ғалымдар салмақты үлес қосты.

Абай өмірбаяны мен шығармашылығын зерттеуде М. Әуезовтің еңбегі зор. М. Әуезовтің шәкірті, белгілі абайтанушы, ғалым Қайым (Габдулкаюм) Мұхамедханов ақын шығармашылығын, текстологиясын, ақындық мектебі өкілдері мұраларын жан-жақты зерттеп, академиялық басылымын, «Абай» энциклопедиясын әзірлеуде, Мұхтар Омарханұлының кеңесімен Семей қаласындағы әйгілі Абай атындағы «Жидебай-Бөрілі» мұражайын ашуда өлшеусіз еңбек сіңірді.

Ақын шығармашылығын тереңінен зерттеуде ғалымдар М. Мырзахметовтің, Т. Жұртбайдың үлесі зор. Абайтану әлемін зерттеуші ғалымдар еңбектерімен танысқан сайын Абай әлемінің түпсіз тереңдігіне көз жеткізетін боласындар.

Қазіргі кезде абайтану ғылымы жаңа белеске көтеріліп, жалғаса, толыға беруі керек. Абай шығармашылығының танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін жаңа қырларынан қарап, терең ашып көрсететін еңбектер ғана абайтану ғылымын байыта түспек.


Абай Құнанбайұлының лирикалық өлеңдері, қарасөздері, аудармалары, поэмалары («Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» /аяқталмаған/) т.б. артына қалдырған мол мұрасы – қазақ әдебиетінің қасиетті қазынасы.

Абайдың кейбір өсиет сөздері


1. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.
2. Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баянды бола қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?
3. Егер де ісім өнсін десең, ретін тап.
4. Биік мансап – биік жартас. Ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндей ұшып қыран да шығады. Жікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды.
5. Дүние – үлкен көл. Заман – соққан жел. Алдыңғы толқын – ағалар. Артқы толқын – інілер. Кезекпенен өлінер. Баяғыдай көрінер.
6. Сақалын сатқан көріден, еңбегін сатқан бала артық. Бақпен асқан патшадан, миымен асқан қара артық.
7. Тоқ тіленші – адам сайтаны, қарекетсіз – сопы монтаны.
8. Жаман дос – көлеңке, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың.
9. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.
10. Қайратсыз ашу – тұл, қайғысыз ақыл – тұл. Тұрлаусыз ғашық – тұл, шөкіртсіз ғалым – тұл.
11. Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң өзің ғана тілейсің.




Берілген тапсырмаларды орындаңдар.


 **1-тапсырма.** Абай шығармашылығы кезеңдеріне талдау жасап, хронологиялық кесте құрастырыңдар. Абай ғұмырында елеулі орын алған **Зере – Құнанбай – Ұлжан** бейнелеріне жан-жақты тоқталып, айтып беріңдер.


Зере	
Құнанбай	
Ұлжан	

 **2-тапсырма.** Құнанбай мен Абайдың өсиет сөздерінің мәні неде деп ойлайсыңдар? Өз ойларыңды ұлттық мүдде тұрғысынан сараптап, аталған өсиет сөздерде қандай мәселелер туралы айтылғанына талдау жасаңдар.


Құнанбайдың өсиет сөздері	Абайдың өсиет сөздері


 **3-тапсырма.** Абай өзінің шәкірттеріне үнемі бағыт-бағдар беріп отырған. Ол А. Дюманың «Үш нояны», Америка, Африкадағы жабайылар ортасында күн кешкен жиһанкездер туралы шығармаларды аударуға қай шәкірттеріне тапсырма берген? Өңгімелеп айтыңдар.


 **4-тапсырма.** Абай қай дәуірде өмір сүрген? Абай өмір сүрген дәуірге тарихи тұрғыдан талдау жасаңдар.

 **5-тапсырма.** Абайдың қай өлеңдерінде өзі өмір сүрген қоғам шындығы көрінеді? Өмір шындығымен байланысын айқындап, талдап, айтыңдар.


Абай өлеңдері	Қоғам шындығы


 **6-тапсырма.** Абайдың өздерің білетін лирикалық өлеңдерінің біріне (Мәселен, «Қыс», «Жазғытұры») әдеби талдау жасап, көріктеу құралдарын анықтаңдар.


 **7-тапсырма.** Абай қазақ әдебиетіне өлем әдебиетінен қандай тақырыптар әкелді? Абай аудармаларының түпнұсқадан қандай ерекшеліктері бар? А. Пушкин, В. Гете шығармаларының қазақ әдебиетіндегі тақырыптық үндесуін талдап, өз ойларыңды айтып беріңдер.

 **8-тапсырма.** Абай Құнанбайұлының Лермонтовтан аударған аудармаларын төл нұсқасымен салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

Лермонтов	Абай

 **9-тапсырма.** «Абай және оның ойшыл достары» туралы деректерді негізге ала отырып, Абайдың өз заманында көтерген мәселелердің жаңашылдығына баға беріңдер. Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлы, М. Әуезов пікірлеріне назар аударыңдар. Ғылыми-сыни тұрғыдан ойларыңды дәлелдеп, эссе жазыңдар.

 **10-тапсырма.** «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» жырлаған ақын идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан қалай бағалар едіңдер? Өз пікірлеріңді ғылыми тұжырымдармен дәлелдеп, «Адамзаттың Абайы» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңдар.

 **11-тапсырма.** Абай шығармаларын идеялық жағынан өздерің білетін Абайдың ақындық мектебі шәкірттерінің бірінің туындыларымен (Өріп, Шөкәрім т.б.) салыстыра отырып, әдеби сын жазыңдар.



Әдебиет теориясы

Өлең ырғағы – өлең сөзге тән өлшемділік, ол өлеңде белгілі бір өлшемді, ырғақтық үлгі-өрнекті қолданудың нәтижесі.

Бұл, алдымен, өлең сөздің жеке жолдарға, яғни мөлшерлі тармақтарға бөлінуіне байланысты болады. Өлең жолдарының, тармақтардың көлемі тұрақты болды. Мысалы, қазақ өлеңінде тармақ көбінесе 7–8 буынды, 11 буынды, 6 буынды болып келеді. Әр тармақтың ішкі құрылысы, өрнегі болады. Айталық, жеті буынды өлең екі бөлшектен, яғни екі бунақтан құралады (4 буын – 3 буын), ал 11 буынды өлең үш бунақтан тұрады (3 буын – 4 буын – 4 буын немесе 4 буын – 3 буын – 4 буын).

Тармақтар белгілі мөлшерде топтасып, тұрақты шумақ өрнегі жасалады. Төрт тармақты шумақ – қай елдің поэзиясында болсын, жиі қолданылатын үлгі. Сонымен қатар екі тармақты, алты тармақты түрлері бар, олар әртүрлі тәртіппен өзара үйлеседі, ұйқасады. Ұйқас бірнеше тармақтың соңындағы сөйкес буындардың дыбыс үйлестігінен туады.

Қазақ поэзиясындағы өлең өлшемдерінде буын ылғи бірдей бола бермейді. Аралас буынды өлең өлшемдері де жиі қолданылады. Әсіресе жазба әдебиеті дамыған кезеңде мұндай өлшемдер қазақ поэзиясында молырақ орын тепті. Абайдың «Сегізаяғы» осындай аралас буынды өлшеммен жазылған. Мұнда бес буынды тармақтар мен жеті немесе сегіз буынды тармақтар белгілі ретпен кезектесіп отырады.

3. Ахметов

Өлең құрылысы – өлең сөзде қолданылатын өлшем-өрнектердің жасалу жүйесі, оның ырғағына, дыбыс үндестігіне тән ерекшеліктерді белгілейтін негізгі шарттар мен заңдылықтар.

Өлең тармағының құрылыс жүйесі әр халықтың поэзиясында өзінше қалыптасқан. Өлең ырғағының жасалу шарттары тіл құрылымының өзгешелігіне байланысты. Алайда көптеген елдердегі өлең құрылысында негізгі сипат-белгілер ұқсас келетінін көреміз. Дүниежүзі әдебиетінде өлең жүйелерінің бастылары мыналар: 1. Метрикалық өлең жүйесі. 2. Силлабо-тоникалық өлең жүйесі (силлабо – латын. буын деген сөз, тон – екпін деген мағынада). 3. Тоникалық өлең жүйесі. 4. Силлабикалық өлең жүйесі.

3. Ахметов

Поэзиялық лексика – өлең жырларда, поэзия туындыларында қолданылатын сөз қоры, тіл байлығы.

Ахмет Байтұрсынов шығарма тілін ақын тілі және өншейін тіл деп екі топқа жіктейді. «Ақын тілі айрықша өң беріліп айтылған сөз, сондықтан да сөзге айрықша өң берілетіндіктен лебиз көрнекті болып шығады», – дейді. Ойын әрі қарай сабақтап: «Өншейін тіл сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекі, әуезді болу жағын да талғайды», – деп қорытындылайды (Байтұрсынов А. Шығармалары. А., 1989, 147, 150-беттер).

Демек, осы аталған сипат-белгілер поэзия лексикасының (ақын тілі, я болмаса суреткер тілі десек те болады) негізгі шарттары болуға тиіс.

С. Негимов

Силлабикалық өлең жүйесі – бұрынға негізделетін, яғни өлеңде буын санын тұрақты мөлшерде сақтайтын өлең жүйесі. Бұл өлең құрылысы француз, чех, итальян халықтарының және қазақ, өзбек, қырғыз, татар секілді барлық түрік тілдес халықтардың поэзиясында қолданылады. Екпінді буындар айрықша бөлектене қоймайтын, барлық буындар ырғағы жағынан негізінде біркелкі естілетін тілдерде бұл өлең жүйесін қолдану мейлінше ұтымды. Силлабикалық өлең құрылысының басты сипат-белгілерін қазақ өлең құрылысы ерекшеліктерін талдау арқылы танып-білуге болады. Қазақ өлеңінде әр жол, яғни тармақ мөлшерлі буындардан тұрады. Сонымен бірге тармақтың өзі бірнеше буын саны тұрақты бөлшекке, яғни бунаққа бөлінеді.

Тармақтың көлемі және ішкі құрылысынан басқа өлең сөз ырғағын күшейтуге ықпал жасайтын – өлеңнің шумақ өрнегі.

З. Ахметов

Шумақ – бірнеше тармақтың шумақталып, белгілі ретпен топтасуы. Дүниежүзі поэзиясында ең көп тараған шумақ төрт тармақты болып келеді. Екі тармақты, алты, сегіз тармақты т. б. шумақтар да жиі қолданылады. Шумақ өрнегін түрлендіретін және өлең ырғағына қосымша күш дарытатын – **ұйқас**.

З. Ахметов

Ұйқас өзара сәйкес тармақтардың, соңғы буындардың дыбыс үндестігінен туады. Төрт тармақты шумақтың ұйқасу үлгілері: **абаб** (кезекті ұйқас немесе шалыс ұйқас), **абба** (қаусыр-ма ұйқас немесе орама ұйқас), **абвб** (аттамалы ұйқас).

З. Ахметов

Аралас буынды өлшем – қазақ поэзиясында ұзынды-қысқалы әртүрлі тармақтар шумақ ішінде белгілі тәртіппен реттесіп келетін өлең өрнегі, Абайдың «Бай сейілді» сияқты өлеңдерінен бастап орныққан төрт буынды тармақпен жеті-сегіз орынды тармақтар араласып келетін өлең үлгісіне жатады. Сондай-ақ, Абайдың «Сегізаяқ», «Сен мені не етесің» атты өлеңдерінде қолданылатын күрделі өлең өрнегі де аралас буынды болып келеді.

Ал кейде бір өлеңде екі түрлі қалыптасқан өлшемді, айталық, жеті буынды тармақтар мен он бір буынды тармақтарды араластырып қолдану да кездеседі.

3. Ахметов

Жеті-сегіз буынды өлең – қазақ поэзиясында ерте кезден өте жиі қолданылып келе жатқан өлең өлшемі.

*Майдағы жұрттың іші қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,-
Қар жауса да сөнер ме? (Абай)*

Жеті буынды тармағы екі бунақтан (4 буын – 3 буын), сегіз буынды тармағы үш бунақтан (3 буын – 2 буын – 3 буын) құралады. Осы екі түрлі тармақтар шумақ ішінде белгілі ретпен топтасады. Мысалы, төрттармақ, алтытармақ, сегізтармақ болып келеді. Жырда да осы тармақтар қолданылады, бірақ олар еркін араласып, түйдек-түйдек болып (тирада) топтасады. Жеті-сегіз буынды өлеңнің қазақ поэзиясында Абайдан бастап лирикалық өлеңдерде (тек қысқа нақыл сөз, мақалдарға ғана емес) орныққан ырғақтық өрнегі бар. Бұл өлең өлшемінде сегіз буынды тармақтар екі 4 буынды бунақтан тұрады (4 буын – 4 буын).

*Тәңір қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала едім мен,
Аямасқа бекіп ем. (Абай)*

Сөкеннің «Аққудың айырылуы», «Анаға жауап», «Сыр сандық» атты өлеңдері осы өлшеммен жазылған.

3. Ахметов

Сегізаяқ – қазақ өлеңінде Абай қосқан шумақтың үлгісі. Абайдың «Сегізаяқ» атты өлеңінің әр шумағы сегіз жолдан тұрады. Өлеңнің ырғақтық құрылысы өзгеше өрнектелген:

*Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,*

*Шымырлап бойға жайылған,
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырган.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.*

Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесіп, араласуынан түзілген. Төрт түрлі дыбыс үндестігіне негізделген үйлесім бар (аабввббгг). Мұнда 3 және 6 тармақтар алыстан байланысады да, қалған көршілес тармақтар өзара үйлеседі. Келте тармақтарда 2 буынды, ал ұзын тармақтарда 3 буынды болып келеді. «Сегізаяқта» алдыңғы алты тармақ тезис есебінде келеді де, соңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады. Бұл өлең түрі – қазақ поэзиясында оқшау тұрған туынды.

«Сегізаяқтың» өлшемін, шумақтық өрнегін Шөкәрім, Ахмет Байтұрсынов, тағы басқа ақындар өз өлеңдерінде қолданды.

3. Ахметов

Сегізтармақ – қазақ поэзиясында лирикалық өлеңдерде қолданылатын шумақ өрнегі. «Сегізаяқ» атты өлеңінде Абай сегізтармақты шумақ түрін өзінше өрнектеген. Оның өз өлшемі бар. Сонымен бірге қазақ поэзиясында сегізтармақты шумақ жеті-сегіз буынды өлеңде қолданылып келеді:

*Жан толқытар жыр іздеген,
Әдемілік нұр іздеген,
Қиял құлы – мен бір ақын.
Тұрмыста тар, тайғақ жолға
Түсіп келе жатып зорға,
Күні кеше кешке жақын
Батқан күннің таңын көрдім,
Сол сұлудың жанын көрдім.*

Мағжан бұл өлеңінде Абайдың «Сегізаяқта» қолданған ұйқас өрнегін сақтаған. Бұл шумақтың тұтастығын күшейте түскен. Шөкәрім ақын «Ашу мен ынсап», «Өлген көңіл – ындысыз өмір» атты өлеңдерінде сегізтармақты айқас ұйқастармен топтастырған:

*Білгенімді жазушы ем,
Бекем буып белімді.
Мінін айтып, қазушы ем,
Түзетпек боп елімді.
Бұлдарлық ой менде жоқ
Бұған шыққан терімді.
Ұқтырарлық пенде жоқ
Қате басқан жерімді.*

3. Ахметов

СЕГІЗАЯҚ

Алыстан сермеп,
 Жүректен тербеп,
 Шымырлап бойға жайылған.
 Қиуадан шауып,
 Қисынын тауып,
 Тағыны жетіп қайырған –
 Толғауы тоқсан қызыл тіл,
 Сөйлеймін десең өзің біл.

Өткірдің жүзі,
 Кестенің бізі,
 Өрнегін сендей сала алмас.
 Білгенге маржан,
 Білмеске арзан,
 Надандар бәһра* ала алмас.
 Қиналма бекер, тіл мен жақ,
 Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Басында ми жоқ,
 Өзінде ой жоқ,
 Күлкішіл кердең наданның.
 Көп айтса көнді,
 Жұрт айтса болды –
 Өдеті надан адамның.
 Бойда қайрат, ойда көз
 Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,
 Ашиды жаның,
 Мінездерін көргенде.
 «Жігерлен, сілкін,
 Қайраттан, беркін», –
 Деп насихат бергенде,
 Ұятсыз, арыс салтынан,
 Қалғып кетер артынан...

...Болмасын кекшіл,
 Болсайшы көпшіл,
 Жан аямай кәсіп қыл.
 Орынсыз ыржаң,
 Болымсыз қылжаң
 Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
 Еңбек қылсаң, ерінбей –
 Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,
 Сауданың тегін,
 Үйреніп, ойлап, мал ізде.
 Адал бол, бай тап,
 Адам бол, мал тап,
 Қуансаң, қуан сол кезде.
 Біріңді, қазақ, бірің дос –
 Көрмесең, істің бәрі бос.

Малыңды жауға,
 Басыңды дауға,
 Қор қылма, қорға, татулас.
 Өтірік, ұрлық,
 Үкімет зорлық
 Құрысын, көзің ашылмас.
 Ұятың, арың оянсын,
 Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,
 Жұмысы жоқтық,
 Аздырар адам баласын.
 Таласып босқа,
 Жау болып досқа,
 Қор болып, құрып барасың.
 Өтірік шағым толды ғой,
 Өкінер уақытың болды ғой.

Бір кісі мыңға,
 Жөн кісі сүмға,
 Өлі жетер заман жоқ.

Қадірлі басым,
 Қайратты жасым,
 Айраймен кетті, амал жоқ.
 Болмасқа болып қара тер,
 Қорлықпен өткен қу өмір.

Білгенге жол бос,
 Болсайшы қол бос,
 Талаптың дәмін татуға.
 Білмеген соқыр,
 Қайғысыз отыр,
 Тамағы тойса жатуға.
 Не ол емес, бұл емес,
 Менің де күнім – күн емес.

Ғылымды іздеп,
 Дүниені көздеп,
 Екі жаққа үңілдім.
 Құлағын салмас,
 Тіліңді алмас,
 Көп наданнан түңілдім.
 Екі кеме құйрығын
 Үста, жетсін бұйрығың.

Атадан алтау,
 Анадан төртеу,
 Жалғыздық көрер жерім жоқ.
 Ағайын бек көп,
 Айтамын ептеп,
 Сөзімді ұғар елім жоқ.
 Моласындай бақсының
 Жалғыз қалдым – тап шыным.

Сөздік

1. **Бәһра** (парсыша) – пайда, білімнен үлес.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Өлеңнің құрылысына қарай талдау жасап, тақырыбы мен идеясына назар аударыңдар.



2-тапсырма.

а) Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ –

деген шумақта ақын нені айтқысы келеді? «Білгенге маржан, білмеске арзан» сөзіне мән беріңдер. «Көңілсіз құлақ – ойға олақ» ұғымына сай келетін мақал-мәтел тауып жазып, ұлттық мүдде тұрғысынан талдап беріңдер.

ә) Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ештеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақының
Жалғыз қалдым – тап шыным, –

дегенде «атадан алтау, анадан төртеу» деп ақын кімдерді айтады? Осы өлең жолдарында ақын кімдер туралы айтқан? Олардың тарихта алатын орнына сипаттама беріңдер.



3-тапсырма. а) Берілген үзіндіге мән бере отырып, «Адал болу, адам болу» қағидасын өз ойларыңмен тізбелеп айтып беріңдер. Бүгінгі ғаламдық деңгейде жастардың оқу-білімге ұмтылуы нені білдіреді?





Егіннің ебін,
Сауданың тегін,
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,


Қуансаң қуан сол кезде.
Біріңді, қазақ, бірің дос –
Көрмесең, істің бәрі бос.

ә) Өлеңнің хрестоматиядағы нұсқасымен толық таныса отырып, «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» сөзінің мағынасын әлемдік және ұлттық құндылықтармен салыстыра отырып, мәнін ашып, талдап беріңдер.


Әлемдік	Ұлттық

 **4-тапсырма.** «Сегізаяқ» өлеңіндегі авторлық идеяны өздерің қоршаған ортадағы өмір шындығымен салыстыра суреттеп, айтып беріңдер.

 **5-тапсырма.** Мәтінді тыңдай отырып, ойларыңды қысқаша жазып шығыңдар.
Уақыты – 10 минут.

 **6-тапсырма.**
Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.
Құлағын салмас,
Тіліңді алмас,
Көп наданнан түңілдім.
Екі кеме құйрығын
Үста, жетсін бұйрығың –

деген өлең жолдарынан нені түсінесіңдер? Өлең жолдарында көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беріңдер.

 **7-тапсырма.** а) «Сегізаяқ» өлеңінің идеясы қандай? ә) «Адами құндылықтар» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



Әдебиет теориясы

Бунақ – тармақтың ырғақтық құрылысы жағынан жеке-ленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы. Ең жиі қолданылатын өлең тармақтары екі, не үш бунақтан тұрады. Мысалы, жеті буынды тармақ 4 буынды және 3 буынды екі бунақтан құралады: («Айттым сәлем, қаламқас»). Ал он бір буынды тармақ үш бунақты болып келеді. Мысалы: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін. Бунақтың өрнегі: 4 буын 3 буын 4 буын.

Бунақ көбінесе 3 буынды, 4 буынды, кейде 2 буынды болады.

Кез келген сөздердің арасындағы айырым – жік емес, тек тиісті орында үнемі қайталанып отыратын сөз жігі. Мысалы, жеті буынды өлеңде оның бунақ кестесі 4 буын, 3 буын болғандықтан, тұрақты сөз жігі үнемі төртінші буыннан кейін орналасады.

3. Ахметов

Төрт буынды тармақ – өлең өлшемінде қолданылатын, бір бунақтан тұратын ең қысқа өлең жолы. Тым қысқа болғандықтан, көбінесе өлең өлшемінде басқа ұзындау тармақтармен араласып келеді. Мысалы:

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік,
Енді кімге беттемек?
Елің – ала,
Оты шала
Тайса аяғың, кім көмек? (Абай)

Өлең тармағы төрт буынды болып қысқа келетіндіктен, жеке бір ойды білдіретін сөйлем, яки сөйлемшелер (фраза) қатар екі тармақты қамтып отырады да, мағынасы жағынан да, айтылғандағы дауыс толқыны (интонациясы) жағынан да тармақтар екі-екіден топтасып келеді. Сондықтан төрт буынды өлең ырғағы, сегіз буынды өлшеммен жазылған өлеңге өте жақын болады.

3. Ахметов

Он бір буынды өлең – қазақ поэзиясында бұрыннан жиі қолданып келе жатқан өлең өлшемі. Өлең тармағы үш бунақтан құралады. Басқа екі бунақ 3 буын, 4 буын немесе 3 буын болып еркін ауысып түсе береді. Ал соңғы үшінші бунақ үнемі 4 буынды болып келеді. Он бір буынды өлеңнің тағы бір өлшемдік

үлгісі бар, оның өзгешелігі – алғашқы екі бунақтың екеуі де 4 буынды болып, соңғы бунақ үш буынды болып келеді.

Қалың қара бұлт арылып басымнан,
Төңір жазса, өш алармын қасымнан.
Жан бауырым, жыламашы егіліп,
Мен садаға мөлдіреген жасыңнан.

(М. Жұмабаев)

Бунақтардың орны ауыспайтындықтан, бұл өлшем түрінде өлең ырғағы біркелкілеу, сондықтан бұл негізгі түріне қарағанда азырақ қолданылады. Дегенмен Абайдан кейінгі дәуірде бұл өлшем түрі көптеген ақындардың шығармаларында кездесіп отырады.

3. Ахметов

Қара өлең – қазақ халық поэзиясының байырғы жанрларының бірі.

Қара өлең шумағындағы бастапқы екі жол көбінесе аяқталған ой, тиянақталған тұжырымға немесе айқын образға негізделіп, ассоциативті-психологиялық арқау рөлін атқарады да, кейінгі екі жолмен логикалық, эмоциялық ыңғайда қабысады.

Қара өлең өлшемі – қазақ өлеңінің құрылымында өте жиі ұшырасатын өлшем. Тек әдебиетімізде ежелден бар бұл өлшемнің қанатын кеңге жаюы тарихи-мәдени аренадан жыраулардың ығысып, ақындар типінің біржолата басым болуымен тікелей байланысты (XIX ғ.).

Ғ. Досқенов

Қара өлең ұйқасы. Төрт тармақтың бірінші, екінші және төртіншісі бірыңғай ұйқасады. Ұйқас өрнегі **ааба** болып келеді.

Қара өлең ұйқасы – қазақ тілінің табиғатына, сөйлем құру өзгешелігіне бірден-бір сөйкес келетін, нағыз төлтума ұйқас. Он бір буынды өлеңде ең жиі кездесетін ұйқас өрнегі осы.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. (Абай)

3. Ахметов

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді солар даңдақ.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап –
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен әсекті жүндей сабап.

КӨҢІЛІМ ҚАЙТТЫ ДОСТАН ДА, ДҮШПАННАН ДА

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде, осы елде дөнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық...

Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр,
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.
Қыс қыстауың – қып-қызыл ол бір пәле,
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.
Сәлем – борыш, сөз – қулық болғаннан соң,
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. а) Берілген өлең үзіндісін құрылысына қарай талдаңдар. Бунақ, шумақ санын анықтаңдар.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, – а
Қиыннан қиыстырар ер данасы. – а
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, – б
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. – а.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Өлеңге өркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?

ә) Өлеңнің тақырыбын анықтап, идеясын түсіндіріңдер.



2-тапсырма. Өлеңдегі лирикалық ойға назар аударыңдар.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы, –

деген шумақты негізге ала отырып, ақынның лирикалық толғанысын сипаттап, айтып беріңдер.



3-тапсырма. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі мен «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңін салыстыра отырып, екі өлеңдегі автордың айтқысы келген ойын тарқатып, мағыналық талдау жасап көріңдер.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»	«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»



4-тапсырма. Берілген үзіндіні тыңдай отырып, автор баяндаған уақытты суреттеп жазыңдар. **Уақыты – 15 минут.**



5-тапсырма. Берілген өлеңдерді Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы өлеңдерімен салыстыра отырып, Абай шығармаларының тарихи құндылығына баға беріңдер. Көркемдік ерекшелігіне назар аударып, талдап айтып беріңдер.



6-тапсырма. Абай өлеңдерінің адами құндылықтарды қалыптастыруда алатын орны туралы шағын зерттеу жүргізіп, ойларыңды қорытындылап, әдеби эссе жазыңдар.

САБЫРСЫЗ, АРСЫЗ, ЕРІНШЕК

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
 Көрсекызар, жалмауыз,
 Сорлы қазақ сол үшін
 Алты бақан алауыз.
 Өзін-өзі күндейді,
 Жақынын жалған міндейді,
 Ол – арсыздық белгісі...
 Қызмет қылып мал таппай,
 Ғылым оқып ой таппай,
 Құр үйінде жатады...
 Еңбегі жоқ, еркесіп,
 Бір шолақпен серкесіп,
 Пысық деген ант шықты.
 Бір сөз үшін жау болып,
 Бір күн үшін дос болып,
 Жүз құбылған салт шықты...
 Қалжыңшылсып ыржаңдап,
 Өз үйінде қипаңдап,
 Кісі үйінде күй таңдап.
 Ақылы бар кісіні
 Ғайбаттайды, даттайды.
 Ауқаты бар туғанды
 Қайырсыз ит деп жаттайды...
 Қылып жүрген өнері:
 Харекеті – өрекет.
 Өзі оңбаған антұрған
 Кімге ойлайды берекет?
 Кімді ұялып аяйды?
 Расы жоқ сөзінің,
 Ырысы жоқ өзінің,
 Өңкей жалған мақтанмен
 Шынның бетін бояйды.
 Бұл сөзімде жалған жоқ,
 Айтылмай сөзім қалған жоқ,
 Абайлаңыз, байқаңыз –
 Елдің жайы солай-ды.


ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ


Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
 Үстарасыз аузыңа түсті мұртың.
 Жақсы менен жаманды айырмадың,
 Бірі – қан, бірі – май боп енді екі ұртың.
 Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
 Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
 Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
 Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
 Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
 Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
 Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
 Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.
 Бас-басына би болған өңкей қиқым,
 Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқың?
 Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
 Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.


Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
 Оның да алған жоқ па құдай құлқын?
 Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
 Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
 Баста ми, қолда малға талас қылған,
 Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.
 Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,
 Өр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?
 Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
 Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?
 Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
 Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
 Ұғындырар кісіге кез келгенде,
 Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?




Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

 **1-тапсырма.** «Сабырсыз, арыс, еріншек» өлеңінде көрсетілетін адамның жағымсыз мінез-құлқын «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңімен салыстыра отырып, өмірде кездесетін оқиғалардан мысал келтіріп, талдап, айтып беріңдер.

 **2-тапсырма.** «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде Абай Құнанбайұлының авторлық позициясы туған елін суреттеуде қалай көрінеді? Қазақ елінің тарихында ежелден қалыптасқан адами құндылықтар (ұят, ар т.б.) туралы өз білгендеріңді баяндап, айтып беріңдер.

 **3-тапсырма.** Берілген кестені пайдалана отырып, автор идеясын кешегі және бүгінгі қоғам көріністерімен салыстырып, жазыңдар. Жазған ой-пікірлеріңе назар аударып, не себептен осындай қорытындыға келгендеріңді дәлелдеп айтып беріңдер.

Негізгі ой, мазмұны			
№	Өлеңдер	Өмір, қоғам шындығы	Менің пікірім
1	Өлең – сөздің патшасы		
2	Сабырсыз, арыс, еріншек		
3	Қалың елім, қазағым...		

 **4-тапсырма.** Берілген үзіндіден көріктеу, құбылту, айшықтау құралдарын жеке-жеке теріп жазыңдар. Құрылысына қарай қандай өлең ұйқасына жататынын анықтаңдар.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
 Устарасыз аузыңа түсті мұртың.
 Жақсы менен жаманды айырмадың,
 Бірі – қан, бірі – май боп енді екі ұртың.

Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.

Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – үйқың.
Керсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.



5-тапсырма. Өздерің танысқан Абай Құнанбайұлының өлеңдерінде көтерілген мәселелерге назар аудара отырып, «Қалың елім, қазағым» тақырыбында шығарма жазыңдар.



6-тапсырма. Берілген өлеңдерден Абай Құнанбайұлы өмір сүрген дәуірдегі қазақ халқының ұлттық мінез-құлқын, артықшылықтарын баяндап, айтып беріңдер.



7-тапсырма.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі – қан, бірі – май боп енді екі ұртың, –

деген өлең жолдарына өз көзқарастарың бойынша баға беріңдер. Жастар қандай болу деп ойлайсыңдар?



8-тапсырма. «Қалың елім, қазағым» өлеңі мен «Сабырсыз, арысыз, еріншек» өлеңін салыстыра отырып, жағымсыз қасиеттерден арылудың қағидаларын талдап жазыңдар.



БОЛЫС БОЛДЫМ, МІНЕКИ

Болыс болдым, мінеки,
 Бар малымды шығындап.
 Түйеде қом, атта жал
 Қалмады елге тығындап.
 Сөйтсе дағы елімді
 Ұстай алмадым мығымдап.
 Күштілерім сөз айтса,
 Бас изеймін шыбындап.
 Өлсіздің сөзін салғыртсып,
 Шала ұғамын қырындап.
 Сыз бар десе жүрегім
 Орнықпайды суылдап.
 Сыртқыларға сыр бермей,
 Құр күлемін жымыңдап.
 Жай жүргенде бір күні,
 Атшабар келді лепілдеп:
 «Ояз шықты, сыз бар»,
 «Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.
 Сасып қалдым, күн тығыз,
 Жүрек кетті дүпілдеп.
 Тыңтұяқ күнім сөйтсе де,
 Қарбаңдадым өкімдеп.
 Старшын, биді жиғыздым:
 «Береке қыл» деп, «бекін» деп,
 «Ат жарамды, үй жақсы
 Болсын, бөрің күтін» деп.
 Қайраттанып халқыма
 Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
 «Құдай қосса, жұртымның
 Ақтармын осы жол сүтін» деп,
 Қайраттысып, қамқорсып,
 Сайманымды бүтіндеп...


ЛАЙ СУҒА МАЙ БІТПЕС ҚОЙ ӨТКЕНГЕ


Лай суға май бітпес қой өткенге,
 Күлеміз қасқыр жалап, дөметкенге.
 Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
 Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?
 Берген бе, Төңірім, саған өзге туыс?
 Қыласың жер-жаһанды бір-ақ уыс.
 Шарықтап шар тараптан көңіл сорлы
 Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс?
 Күні-түні ойымда бір-ақ төңірі,
 Өзіңе құмар қылған оның әмірі.
 Халиққа¹ махлуқ² ақылы жете алмайды,
 Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі³.
 Өзгені ақыл-ойға қондырады,
 Біле алмай бір төңіріні болдырады.
 Талып ұйықтап, көзіңді ашысымен,
 Талпынып тары да ойлап зор қылады.
 Көңілге шек шүбәлі ой алмаймын,
 Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
 Ақылдың жетпегені арман емес,
 Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.
 Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан⁴
 Түп иесін көксемей бола ма екен?
 Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
 Өзге мақсат ақылға тола ма екен?
 Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,
 Иілтіп, екі басын ұстаған хақ.
 Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,
 Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

Сөздік


1. **Халиқ** (Өл-Халиқ) – Алланың көркем есімдерінің бірі. Барлық нәрсені жаратушы, жоқтан бар қылушы.
2. **Махлуқ** (арабша) – жаратылған. Бұл жерде «жаратылыстар» деген мағынада.
3. **Дәһрі** (арабша) – бұл жерде «уақытша, пәни, кейіннен жаратылған» деген мағынада.
4. **Лә мәкан** (арабша) – бұл жерде «Алланың мекені» деген мағынада.


Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

 **1-тапсырма.** «Болыс болдым, мінеки» және «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдерінің идеясын анықтап, ақын ойын өз сөздеріңмен баяндап беріңдер.

 **2-тапсырма.** Өлеңдердегі айтылған мәселелерді, пікірлеріңді дәлелдеп, айтып беріңдер.

«Болыс болдым, мінеки»	«Лай суға май бітпес қой өткенге»	Менің өз пікірім
1.		
2.		
3.		

 **3-тапсырма.** Өлеңдерді оқи отырып, лирикалық кейіпкерлеріне психологиялық мінездеме беріңдер.

 **4-тапсырма.** Өлеңдерден алынған үзінділердегі адам бойындағы жағымсыз әдеттерге сипаттама беріңдер.

«Болыс болдым, мінеки»	«Лай суға май бітпес қой өткенге»
<p>Болыс болдым мінеки, Бар малымды шығындап. Түйеде қом, атта жал Қалмады елге тығындап. Сөйтсе дағы елімді Ұстай алмадым мығымдап. Күштілерім сөз айтса, Бас ізеймін шыбындап. Өлсіздің сөзін салғыртсып, Шала ұғамын қырындап.</p>	<p>Лай суға май бітпес қой өткенге, Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге. Сол қасқырша алақтап түк таппадым, Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе? Берген бе төңірім саған өзге туыс? Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс. Шарықтап шартараптан көңіл сорлы Таппаған бір тиянақ неткен қуыс?</p>



5-тапсырма. Берілген өлеңдердегі ақын жырлаған идеяны өмір шындығымен қалай байланыстырасыңдар? Ойларыңды өлең шумақтары арқылы дәлелдеп, айтып беріңдер.



6-тапсырма. Берілген өлең үзіндісін құрылысына қарай талдаңдар. Ұйқас түрін ажыратып, бунақ, тармақтарын анықтаңдар. Үзіндідегі көріктеу, айшықтау құралдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Лай суға май бітпес қой өткенге,
Күлеміз қасқыр жалап, дәмектенге.
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Берген бе, Төңірім, саған өзге туыс?
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.
Шарықтап шартараптан көңіл сорлы
Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс?



7-тапсырма. Берілген өлең идеясын негізге ала отырып, ондағы жағымсыз ұғымдар туралы өз ойларыңды топпен талдаңдар.



8-тапсырма. «Болыс болдым, мінеки» өлеңі бойынша қоғамдағы әлеуметтік жағдайлармен салыстыра отырып, әдеби эссе жазыңдар.

Ғалым пікірі

Қарасөз (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы, өлең сөзден (поэзиядан) айырмасы – онда сөз ырғағы еркін, әдебиеттегі сөз саптау қалпына сәйкес келеді, өлеңдегідей қандай да белгілі өлшемдер сақталмайды.

Жазушы шығармасын оқи отырып, қарасөздің тапқыр да, ұтқыр қолданғанының куәсі боламыз. Суреткердің бейнелеу тәсілін сезінеміз. Абайдың қарасөздерінің өзгешелігі бар, ол нақыл әңгіме түрінде алынған. Сюжеті, кейіпкері жоқ, түрлі өмір құбылыстары мен қоғамдық мәселелер жайлы ой толғау ретінде келеді.

Ө. Күмісбаев

Нақыл сөз – даналық қорытындыға құрылған мейлінше жинақы әрі мағыналы сөз. Мысалы: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, сынаушысы – халық, қорғаушысы – сабыр, таусылмайтын – арман, ең қымбаттысы – ар, барлығынан ардақтысы – өмір».

Ғақлия (араб. – дана сөз, даналық маржандары деген мағынада) – көркем қарасөз, нақыл сөздің бір түрі. Прозаның қазақтағы алғашқы қысқа, нұсқа үлгілерінің бірі. Жанрлық өзгешелігі жағынан алғанда, бетпе-бет отырған, мәслихат құрғанда айтылатын сөз түрінде келеді. Прозаның бұндай ықшам түрін жанр ретінде қазақ әдебиетіне алғаш әкелушілер – Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлы. Бұл бұрынғы түркітілдес әдебиетте бар үлгі-тін. Қазақ топырағына жаңғырып келді. Абайдың ғақлия сөздерінде сол кезеңдегі қоғам өміріне аса қажетті сан алуан мәселелер қозғалады. Мысалы: «Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек, екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде гибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек, үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып бекіту керек, төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

Ө. Күмісбаев

Абай творчествосын түгелдей алып талқылағанда, жеке шығармаларын талқылағанда да, екі түрлі талдау принципін дұрыс ұштастыра білу шарт. Оның бірі – тарихи қағидат, яғни ақын шығармаларын туғызған заман, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау болса, екіншісі – бүгінгі заман тұрғысынан қарап, қазіргі моральдық ұғым-түсінік, идеяларға үйлестіре қарап бағалау қажет.

З.Ахметов

ОН ЖЕТІНШІ ҚАРАСӨЗ

Қайрат, Ақыл, Жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, Ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, Ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз көмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзінді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абырой, мансапты еңбексіз табуға болады. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәһарлықтан, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі¹ шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ақыретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті. Онан соң Жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті. Сонда Ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты: – Ей, Қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсең болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай

Сөздік

1. **Нәфсі** (арабша) – 1) жан, рух; 2) тілек, нәпсі;
3) адам; 4) мағына, мазмұн.

қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті. – Ей, Ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтуғыны да рас. Жаратқан төңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, өмірші Жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, Жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. – Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де Жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты Ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен Жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.

ОТЫЗ ЕКІНШІ ҚАРАСӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.

Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур хасил¹ болады. Сол рақат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат

Сөздік

1. Хұзур хасил (арабша) – келген, оралған, нәтиже, мағына.

пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседі болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа¹ бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусідшілікті² зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану³ жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық⁴, мақтаншақтық, хусідшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен⁵ көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма! Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза⁶ қылу, екіншісі – берік мұхафаза⁷ қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде⁸ болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Сөздік

1. Бахас (арабша) – алдау, қиянат жасау, біреудің адамгершілігіне сөз келтіру.
2. Хусідшілік (арабша) – күншілдік, іштарлық.
3. Хирслану – ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу, мақсат қою.
4. Ғурурлық (арабша) – менмендік, мансапқорлық, тойынғандық, төкаппарлық.
5. Ижтиһат (арабша) – ыждағаттылық, іздену, талап ету.
6. Мұлахаза (арабша) – ойласу, пікір алысу.
7. Мұхафаза (арабша) – сақтау, қорғау.
8. Жаһат (арабша – жәһад, жәһәд, жиһат) – 1) тырысу, күш салу; 2) еңбек.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар⁹, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе әуелі – Құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың¹⁰, бесінші – ақылдың, ардың – бөрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтуғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

ОТЫЗ ҮШІНШІ ҚАРАСӨЗ

Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі қазақтың әулиесі – сол. Бірақ Құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.

Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші – «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым» немесе «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде, «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

9. **Зинһар** (парсыша) – абайла, сақ бол.
10. **Ғибрат** (арабша) – үлгі, өнеге, сабақ.

Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мез болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айырылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айырылып, қор болып кетеді. Осы несі екен?! Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Берілген қарасөздердің тәрбиелік мәні неде? Ойшыл Абай дүниенің кілті туралы не деген?

Қарасөздердің мазмұнын айтып беріңдер.



2-тапсырма. Білім-ғылым үйренудің Абай айтқан алты қағидасын атап беріңдер. Өрқайсысына жеке-жеке тоқталып, түсіндіріңдер.





3-тапсырма. Берілген қарасөздердің мазмұнына сай бес мақал-мәтелді дәптерлеріңе жазыңдар.




4-тапсырма. Берілген А-Ә-Б үзінділерді салыстыра талдай отырып, білім мен ғылымның әлемде алатын орнын ғылыми деректермен баяндап айтып беріңдер.


<p>Он жетінші сөз</p> <p style="text-align: center; font-size: 2em; color: #0070C0;">А</p>	<p>– Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты Ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен Жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны – осы, – депті.</p>
<p>Отыз екінші сөз</p> <p style="text-align: center; font-size: 2em; color: #0070C0;">Ә</p>	<p>Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.</p> <p>Әуелі, білім-ғылым табылса, ондай мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек.</p>
<p>Отыз үшінші сөз</p> <p style="text-align: center; font-size: 2em; color: #0070C0;">Б</p>	<p>Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі қазақтың әулиесі – сол. Бірақ Құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.</p>


 **5-тапсырма.** Абай қарасөздерін оқып, жанр ерекшеліктеріне, әрбір сөздегі айтылған ойға мән бере отырып, талдау жасаңдар.


 **6-тапсырма.** «Отыз екінші қарасөз» бен «Отыз үшінші қарасөзде» айтылған авторлық идеяға өмірден мысал келтіріп, айтып беріңдер.

 **7-тапсырма.** Мүғалімнің көмегімен «Отыз екінші қарасөздегі» сөздердің мағынасын ашып, түсініктеме беріңдер.


Рахат хұзур хасил, бахас, хусідшілік, хирслану, гурурлық, хусідшілік, хақиқат, ижтиһат, бірі – мұлахаза қылу, мұхафаза қылу, жаһат, зинһар, гибрат.


 **8-тапсырма.** Абай қарасөздерінде айтылған мәселелерге назар аудара отырып, өздеріңді толғандырған білім тақырыбына пікірлеріңді білдіріңдер. «Білім – тозбайтын кен» тақырыбына шағын таныстырылым жасаңдар.

 **9-тапсырма.** Берілген мәтінді тыңдап, «Он жетінші қарасөз» мазмұнымен салыстыра отырып, көркемдік құндылығына баға беріңдер. **Уақыты – 15 минут.**

 **10-тапсырма.** Берілген мәтінді тыңдай отырып, түсінгендеріңді «Отыз екінші қарасөзбен» салыстырыңдар. Оқу-білімсіз өткен уақытқа сыни тұрғыдан баға беріңдер.

Уақыты – 15 минут.

 **11-тапсырма.** Берілген қарасөздердің идеясын негізге ала отырып, «Білім – өмірдің азығы» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

 **12-тапсырма.** Берілген «Он жетінші қарасөз», «Отыз бірінші қарасөз», «Отыз екінші қарасөздерді» салыстыра отырып, әдеби сын жазыңдар.



ЕСКЕНДІР (поэмадан үзінді)

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары – оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады оңды-солды.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

...Алдынан шыға алмады ешкім мұның,
Бәрін де алды, қорқытты жолдағының.
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,
Жержүзін жеке билеп алмақшының.

Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,
Алып жүрген суының бәрін ішті.
Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,
Басына Құдай салды қиын істі.

Сандалды сар далада су таба алмай,
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?
Қызметкердің бәрін де өлтірмекші
Болыпты, шөлдегенге шыдай алмай.

Мысалы, астындағы ат о дағы ұшты,
Ескендір де атының жалын күшты.
Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге
Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.

Түсе сала Ескендір басты қойды,
Ішсе, суы өзгеше, төтті тым-ақ.

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
Сол суға балықты алды бір жудырып.
Иісі, дәмі өзгеше болып кетті,
Таңғалды мұның бәрін суға жорып.

Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су?
Бәрің де ішіп, бұл суға бетінді жу!
Бір бай елден осы су шыққан шығар,
Өрлеп барып, үстіне тігелік ту.

Бұл салқын, төтті суға қаныңыздар,
Шақ келер маған жан жоқ наныңыздар.
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп,
Талқан қылып шаһарын алыңыздар!».

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,
Шаһарына жеткенше дамыл көрмей.
Көкпеңбек темір киген өңкей батыр
Тарттырып жөнеледі сырнай-керней.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,
Судың басы бір құзар шатқа кірді.
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.
Аша алмады қақпаны, үміт үзді,
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,
Алысып әл келмесін байқаған ғой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,
Ашуланып қақпаға жетіп барды.

Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып:

– Қақпаны аш! – деп барынша айғай салды.

Қақпаның ар жағынан біреу келді,

Күзетшісі сол екен, дыбыс берді.

– Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,

Бұл – Құдайға бастайтын қақпа, – деді.

– Білмесең, мен Ескендір патша деген,

Жержүзінің соғыста бәрін жеңген.

Қақпаңды аш, хабарыңды айт, білдір маған,

Қорлығым өзім тауып, көз көрмеген.

– Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,

Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!

Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,

Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

– Талпынған талаппенен мен де бір ер,

Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер.

Ең болмаса, халқыма көрсетейін,

Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер.

Қақпадан лақтырылды бір орамал,

Сыйым – осы, падиша, мынаны ал!

Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,

Апар дағы ойланып, көзіңді сал!

Орамалды қуанып қолына алды,

Сый алдым деп халқына қайта салды.

Қараса, ішінде бір қу сүйек,

Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.

Ашуланып, сыйына болды кекті,

– Ең болмаса білмеді сый бермекті.

– Осы менің теңім бе? – деп ақырып,

Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,

Лақтырған сүйекті алады сол.

Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте,
Көзіңе көрсетейін, хабардар бол».

Сол күнде Аристотель жеке-дара,
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:
– Таразыны әкел де, сүйекті сал,
Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!

Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,
Таразыны құрдыртып, ортаға алды.
Қанша алтынды күміспен салса дағы,
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,
Бар қаруын алтынға қоса салды.
Енді қайтер екен деп қарап еді,
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.

Аристотель хакімге патша келді:
– Мына сүйек қазынаның бәрін жеңді.
Бұл сүйекті басарлық, нәрсе бар ма?
Ақылыңмен ойланып тапшы! – деді.

Хакім жерден топырақ алып барды,
Бір уыстап сүйекке шаша салды.
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Ескендір мұны көріп аз тұрады,
Хакімді аулақ жерге шақырады.
– Таңғаларлық іс болды мұның өзі,
Мәнісін айтып берші, – деп сұрады.

– Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға.
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жержүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда.

Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.

Сый сұрадың, бергені – бір қу сүйек,
Мұны көріп, алыңыз сіз де гибрат!

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!
Ұятың мен арынды малға сатып,
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп,
Сен кеткен соң, артыңнан күліп қалар,
Антұрғаннан Құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,
Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Поэманың идеясы неде? Поэманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдап, дәптерлеріңе жазыңдар.



2-тапсырма. Абайдың «Жиырма тоғызыншы қарасөзіндегі» «Алтын көрсе, періште жолдан таяр...» мөтелінің мәнін аша отырып, ынсап, қанағат ұғымдарын талдаңдар.

ынсап

қанағат





3-тапсырма. Ескендірге мінездеме беріңдер.




4-тапсырма. Берілген үзіндіге идеясы сәйкес келетін, өздерің сүйіп оқитын бір көркем шығармадан мысал келтіріп, салыстырып айтып беріңдер.

«Ескендір»	Менің сүйікті шығармам
<p>Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер, Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер! Ұятың мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.</p> <p>Мақтанасың біреуге мақтасын деп, Шаужайымнан еш адам қақпасын деп, Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар, Антұрғаннан Құдайым сақтасын деп.</p> <p>Ақылсыз өзін мақтап былжырайды, Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды? Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді, Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!</p>	

 **5-тапсырма.** Шығармадағы Аристотель бейнесін тарихтағы Аристотель туралы өзге аңыздармен салыстыра отырып, баға беріңдер.

 **6-тапсырма.** Поэма оқиғаларындағы шиеленіске назар аударыңдар. Поэма композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдаңдар.

 **7-тапсырма.** Берілген кесте бойынша ақын жырлаған шығарма идеясының қоршаған ортамен байланысын анықтап, талдау жасаңдар.

Поэмадағы сюжет	Өмірде болып жатқан жағдаяттардан мысал	Менің өз пікірім



8-тапсырма. Хрестоматиядағы поэманың толық мазмұнымен танысыңдар. Көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.



9-тапсырма. Берілген үзіндіні тыңдап, өзіндік пікіріңді қазақы құндылықтармен салыстыра отырып, талдап, жазып бер. **Уақыты – 15 минут.**



10-тапсырма. Берілген поэманы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бір кесе меруерт» шығармасымен салыстыра отырып, тарихи құндылығына баға беріңдер.



11-тапсырма. Берілген үзіндіге зер сала отырып, ақын жырлаған мәселелердің өміршеңдігі мен гибратына сыни тұрғыдан пікір білдіріп, ғылыми-сыни баға беріңдер.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!
Ұятың мен арыңды малға сатып,
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп,
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,
Антұрғаннан Құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,
Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!



12-тапсырма. «Ескендір» поэмасының негізгі идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазыңдар.



13-тапсырма. «Ескендір» поэмасындағы Ескендір патшаның тарихтағы Александр Македонский бейнесімен салыстыра отырып, әдеби сын жазыңдар.



ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

Бұл тарауда Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы және Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романынан алынған үзінділермен танысамыз. «Ақбілек» романында қазақ қызының басынан өткен қиын психологиялық жағдай арқылы өткен заман шындығын саралаймыз. Қазақ қызының бойындағы рух асқақтығы мен болашаққа деген сенімінің мықтылығын көреміз.

«Аңыздың ақыры» романында ел билеген өміршінің психологиялық сезімдері мен философиялық ой-толғамдарындағы өмір туралы ұстанымдарына талдау жасаймыз.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ (1889 – 1931)

Жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов Павлодар облысының Баянауыл ауданы Қызылту ауылында дүниеге келген. Қазір бұл ауыл «Аймауытов ауылы» деп аталады. 1907 жылы Павлодарда орысша-қазақша екі кластық мектепте оқиды. Ж. Аймауытов 1911–1914 жылдары ауылда мұғалім болып бала оқытады. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, 1918 жылы бітіреді. 1918 жылы Семейде М. Әуезовпен бірігіп «Абай» журналын шығарады. «Абай» журналында «Екеу» деген бүркеншік атпен Әуезовпен бірлесіп, «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, № 2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, № 3) деген мақалалар жазды.



1919–1922 жылдары Халық ағарту комиссариатында алқа мүшесі, Семей губерниялық оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып қызмет атқарады. 1922–1924

жылдары Қарқаралыда мұғалім, 1924–1926 жылдары «Ақ жол» газетінде әдеби қызметкер, 1926–1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумының директоры қызметтерін атқарған. 1929 жылы «Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар» деген айып тағылып, тұтқынға алынады. 1931 жылы «халық жауы» ретінде ату жазасына бұйырылады.

Ж.Аймауытов педагогика, психология, әдістеме, бала тәрбиесі туралы көптеген кітаптар жазған. Көркем шығармалары: «Ақбілек», «Қартқожа» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, «Өнші» өңгімесі, «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары. Ғылыми және әдістемелік еңбектері: «Комплексті оқу жолдары», «Психология», «Өнер таңдау», «Тәрбиеге жетекші», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы».

Жүсіпбек Аймауытов – аудармашы ретінде де танылған жазушы. Ол А. Пушкиннің, Н. Гогольдің, Г. Мопассанның, В. Шекспирдің, К. Берковичтің, С. Чуйковтың шығармаларын қазақ тілінде сөйлеткен.

Әдебиет теориясы

Автордың образ жасауда қолданатын негізгі тәсілдері: жинақтау мен даралау. **Жинақтау** қоғамдық ортадағы барлық адамдарға тән қасиеттерді бір кейіпкердің бойына берсе; **даралау** кейіпкердің өзіне ғана тән ерекше мінезі мен белгілерін білдіреді. **Жинақтау** мен **даралау** арқылы типтік бейне жасалады.

Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалдарды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады. **Жинақтау** дегенің өзі – әдеби тип жасау әрекеті... **Жинақтау** үшін суреткерге бәрінен бұрын талғампаздық керек. Әдебиеттегі адам психологиясы мен іс-әрекетінің әр алуан бұралаң – иірімдерін ғана емес, сол көркем бейнені жасауға керек өмірлік материалдың өзін жазушы сұрыптап, саралап пайдаланады.

Шындық құбылыстарды типтендіре жинақтау арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын

қалыптастырумен қатар, оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды. Әрбір әдеби тұлғаны өз ортасынан адам ретінде бөлек, оқшау танытып тұратын, оның тек өзіне ғана тән, өзгерде жоқ және қайталанбайтын психикалық ерекшеліктері болуы шарт. Суреткердің өмір шындығын жинақтау әрекеті әрқашан оның адами мінезін даралау әрекетімен ұласып, ұштасып жату себебі де сондықтан деп білу керек.

3. Қабдолов

АҚЫЛЕК

(романнан үзінді)

Бірінші бөлім

Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар.

Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мөйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған – ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – алты ай жазы тау еркесі – киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны.

Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шикан дуылдайды,

аузы қобыз гуілдейді, жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны.

Өлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңқыл қақса – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді.

Кеп онда емес-ау, жарандар! Бар, қараңдар, құлағың сал! Тыңдаушылар анталаса, кеп құрайын бір тамаша. Ертегі емес, ертеде емес, ұзын да емес, келте де емес, қарапайым қара сөзбен бір өңгіме шертейін. Қысыр сөзді қысқартайын, өңгімеге жол тартайын. Өлең сөзге олақ едім, күйлі емес деп қомсынбаңдар.

Сол Алтайдың бөктерінде жаман жолменен жандамайлап ала ат мінген жалғыз адам келе жатыр бейсауат. Көтегейі – Күршім жақ, бет алысы – Қаракем шаты. Қаракем шаты – жартас, дәл аясы – шұңқыр көгал, бір ауызды, тар ауызды шұңғыл шат-тын; мейірімді Алтай түсі қашып, түнде жортқан, жорықшыға соққан ғой. Ажал түрткен мал болмаса, мал алдырған жан болмаса, тереңге кім барған?

Ала ат мінген терең шаттың дәл аузына аттанғанда алақ-жұлақ қаранды да, тоқтады. Тар ауызда тас тасалап, сүр шекпенді, бесатарлы біреу жатыр бас бағып. Өлгі шекпен ала аттыны көре сала, ақ орамал көтерді, ала ат мінген оны көріп ақ тымағын көтерді. Сөйтті дағы ала ат мінген қапсағаймен ат жетелеп, асып кетті өрі қарай.

Марқакөлде майға бөккен мал мен ел тау ызғары жамбасынан өткен соң, етектегі қыстауына еңбектесіп түскен шақ.

Мамырбайдың малайлары қора жамап, пешін қалап, үйін сылап болған еді. Мамырбайдың бәйбішесі маң-маң басып, малайларға киіз үйін қағып-сілкіп, жинатқызып жүрген еді. Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – жалғыз қызы алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп, қызыл-жасыл көрпелерін қағып үйге өкелген еді. Қасындағы қыздарына қабақ шытып, қаңқыл етіп, дауысы сыңқыл-сыңқыл етіп:

– Көзім тартып тұрғаны несі? – деп, бір бұраңдап қойған еді...

– Жай тартады да... қуанарсың... қай көзің?..

– Қуанар ем: сол көзім, – деді бітті, кім елеген ондайды?

Алымсағын, шөбін жинап, партияның қамын да ойлап, Мамаекең де кешке жақын жолдасымен келіп түсті.

Тау бетінен андағайлап жатағына мал келді. Бала – у-шу, малай – қиқу, мал маңырап, ит – жаң-жүң. Ауыл – түгін, өзен – күріл. Қызыл іңір. Малың жайлап, шайы қайнап, ел де орынға отырды.

Күн батпай-ақ, көз барында манағы айтқан терең шаттан іннен шыққан қасқырларша, шұбап шықты төрт атты. Оның бірі – манағы айтқан, өзің көрген ала атты. Енді үшеуі: қалпағы бар, мылтығы бар, қылышы бар, көк шекпенді, қоқаңдаған, қоқиланған жат адам. Сол төрт атты шаттан шығып, ылдифа түсе өкшелерін қадады. Қадап еді, ат пысқырды, ауыздығын қарш-қарш шайнап есілді. Есілді де екпіндетіп, үңгірдегі бір ауылға келді саусылдап.

Келе тарс-түрс. Өріктірді, бөріктірді, елдің апшысын қуырды:

– Ах, сволыш! Тап атты!..

Мылтық қолда, қамшы жонда, ат таппасқа әдді не? Атты да алды, шідерді де алды, жүгенді де алды, кілем, көрпе, қоржын, шалбар... – бөрі кетті.

– Төре... тақсыр...

– Ой, Құдай-ай!

– Аясайшы, бейуаз ек қой! – деуге келді тілдері.

Шайды алдына жаңа қойып, «бісімлдені» келтіргені сол еді, Мамырбайдың бір малайы жетіп келді ентігіп:

– Келіп қалды!

– Кім, кім?

– Көкпең-көк...

– О кім?

– Өңшең орыс!

Мамырбайдың мүршасы:

– Жина, ұмтыл, қаш, тығыл! – деуге ғана келді.

Дастарқан мен шай қалды жайрап, жиюсыз шыныаяқ қалды күйреп, Мамырбай күрс-күрс, бір есікке, бір төрге... жаушы-жалам, бөйбіше де, қыз да жоқ. Сыртқы есікке жетер-жетпесте, Мамырбайдың кеудесі үңірейген үш мылтықтың аузына тірелді. Бай шалқалап, мүрттай ұшты.

Мылтық дүмі, қылыштың қырымен айдап шығарылған ауылдың еркек біткені басын қорғап, борсаңдап, Мамырбайдың еттігіне отарасыны бас қыла қамады да, сыртынан қара құлып салынды. Аузында күбір-күбір «сұбқан», аяғы жыбыр-жыбыр еңкең қағып, қораны орағытып бәйбіше келе жатыр еді, орыс алдынан тап болды.

– Қайдан келесің?

– Мына... мына, – дей беріп еді.

– Мә, саған мына-мына! – деп білеуітпен ащы айғай басына қабат тигенде, көзінің оты жарқ етті. Жаулық кетті жапырылып, ауыз кетті опырылып.

– Тап деген соң, тап қызды!

– Кімнің қызын, жасаған?!

– Сенікі қыз, сенікі.

– Қызым жоқ, ойбай!..

– Қыз бар! Табасың!

Орыс қадалып, білеутін зулатты. Бәйбіше бадалып, «қызым жоқ» деп бажылдап, өтірікті саулатты.

– Өзім табам, – деп орыс жүгіріп ала жөнелді.

Үш орыс қолдарына шырағдан алып, қораны, үйді, тезекті, шұқырды, жүкті, пішенді – бірін қоймай найзаларымен піскілеп тінтіп жүр. Зым-зия, Ақбілек жоқ.

«Орыстар келіп қалды» дегенде бәйбіше теріскейдегі кішкене есіктен ептеп шығып, жер бауырлап, бүкеңдеп, Ақбілегін жетелеп, бір апанға апарып: «Тырп етпей жат!» – деп кеткен.

Қыз табылмай, сандалып, долданып қайтқан үш орыс бәйбішені терезе алдына етпетінен басып, жиырма бес қамшы соқты. Үні шықса, Ақбілегінің жаны қабат шығады ғой, құшырлана тістеніп, ышқына ыңқылдағаннан басқа дыбыс бермеді. Желге, күнге тигізбей, аялап өсірген жалғызын «кәпірге» қорлыққа қиғаннан өлгені артық емес пе?

Түнерген түнде абайсыз ауыл абалаған ит дауысына айналды. Ауылдан бажылдаған, балдырлаған жат үн шықты. Бір тайпа ауыл – үш мылтықтың албастысы басып, тұншықты.

Үрейлі ауылды торып, екі ат жетелеп, ойқастап, құлағын түріп, түсі жаман, ойы қараңғы бір адам жүр. Ауылдан бажыл шыққанда әлгі адам бір тұрып, бір жүріп, ауылға таман ұмтылды. Ұмтылып еді, астындағы жануар қорс етіп, лоқып

қалды. Аяғын үзеңгіден ештеп сырғытып, сыбдырын ұрлап, жұмсақ шөпті жапыра басып, жерге түсті. Атын артқы қасына қайқита қаңтарып, қыл шылбырмен тұқырта тас қылып ұстап, үш атты матастырды да, қотанға кіретін епті қасқырша бүкендеп адымдады. Қарауытқан қара жамылған ауылдың иті ұлып тұр. Бес-алты адым аттады ма, жоқ па, әлде шөптің сыбдырындай судыр еткен аяқасты қарауытқан шұқыр болды. Шұқыр түбінде бірдеңе ағараңдаған төрізді, қимыл етті.

– Ағатай-ай! – деді біреу ышқына сыбырлап.

– Ақбілекпісің? – деді әлгі адам біліп қойғандай.

– Мен едім, құтқар, ағатай, – деп апанның ернеуіне таман өрмелеп еді.

– Құтқарам. Бұқ. Жата тұр, – деді де, қазақ қалбалаңдап жоқ болды.

Екі қолы алдына созулы Ақбілек қалшып қалды.

Әлгі адам жүгіріп барып тоқтағандай, ат ышқынғандай, үзеңгіге аяқ салғандай, тебінгі тырс еткендей болды. «Атына мініп келейін деген екен ғой, енді ажалдан құтылдым ғой. Жасаған-ай! Тәубе!» дей беріп еді, дүбірлеген аттың тықыры жақындамай, теріс айналып кеткендей болды. Қолы әлі жәрдем тілеуден, жарылқаушы періште келетіндей, дәмелене күтсе де тықыр алыстап, дүбірлетіп, шауып кетті. Қолдары сылқ ете түсті, аяғы тайғанап кетті, сырғанап, түпсіз зынданға түсіп бара жатқандай көрінді...

Ауыл жақтағы иттердің манағы шабаланғаны жоқ, анданда сақ қаншықтың безілдеген, жас күшіктің шәуілдеген әлсіз дауысын төбеттердің күңіренген ұзын сарыны басып тұрғандай. Сөйтіп тұрғанда, бірдеме ысқырғандай болды. Ауылдан иттерді шабаландырған аттың дүрсілі тауға қарай кетті. Ит дауысы алыстап барып, қайта жақындап, абалады. Ажал да абалады. Дүрсіл ауылға қайтып келді. Күбір-күбір адам дауысы естілген төрізденді. Ақбілектің жүрегі зырқ ете түсті. Зырқ етпей қайтсін, тықыр шықты. Жүрегінің дүрсілі болғай еді деп, қолын кеудесіне басып еді. Тас, тас емес-ау, темір емес – ажал шықыр еткендей, құйқа тамыры шымыр етті. Апан көр сияқтанды. Өйткені ажалдай түсі суық саудыраған үш адам келіп қалды. Бала қамаған лаққа ұқсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғайдай торға ілінді. Сонда да есінен танбады:

– Апатай-ай! – деген жан дауысы таудың басына барып шақ еткендей болды. Мейірімсіз темір қолдар алып ұрып аузын басып жатса да, қолды кейін сермеп, басын жұлқып, үзіліп, өзеуреген ащы айғайы апатайының құлағына сап етті. Жонына шойын тағалағандай арқасы сіресіп қалса да елемей, шыңғырған дауысқа қарай үкідей ұшып келеді. Қызын бүркітше бүріп, іліп жатқан екі орысты анасы екпінмен келіп итеріп тастап, балапанын басқан ана құстай, баласын бас салды. Олай сүйреп, бұлай жұлқып, қызды анасының құшағынан ала алмаған соң, орыстар мылтық дүмін жұмсады. Жанына мылтық батқанда, анасы қызын тастай беріп, алыса кетті. Апыр-шұпыр екі орысты екі алып ұрып, бірінің үстіне бірін білектеп жатқанда, үшінші орыс тайқып шегіне берді. Босанысымен, қашуға оңтайланған Ақбілек апанның ернеуіне жете түсіп, анасының қалып бара жатқанын көріп, қайта апанға түскенде, анасы қызына қарсы ұмтылды. Сол кезде бос қалған орыс анасын жауырын ортадан басып салды.

– Алла! – деп ана құлады. Үш орыс қызды көтеріп, ойбайлатып алды да жөнелді. «Апатайлаған» айғайы жерді-көкті жұлып, Ақбілек зарлап, аттардың дүрсілі тауды дүсірлетіп, абалап иттер қуып бара жатқанда:

– Қайдашы, қайдалап? – төтеден бір топ кісі қуып ала жөнелді.

– Аттаншы! Аттан!

Жер де айғай, көк те айғай. Тау күңгірлеп, тас шықырлайды.

Құғыншылардың қарасын көріп, қыз өңгергенді қоя беріп, екі орыс аттарын тежей, мылтықтарын кезей бастады. Екі атты есік пен төрдей жерге келіп қалды. Тау сатыр-сұтыр етті. Құғыншының біреуі қиялай шауып, атының жалын құша жығылуы-ақ мұң екен, арттағылары азан-қазан, ұйқы-тұйқы түсе қалды.

Манағы ала атты кім? Қыз алып қашқан орыстар кім? Бұларды қуам деп оққа ұшқан кім? Олардың кім екенін біз айтайық па? Өздерін сөйлетейік пе?

Қане, осыны дауысқа саламын. Біз айтайық дегенің қолдарыңды көтер. Біреу, екеу... жоқ, өздері сөйлесін дегендерің қол көтер... Төртеу, бесеу... Өзіммен көпшілік. Сонымен сөз өздеріне берілетін болды.

Өуелгі сөз – оққа ұшқан жігіттікі.

БЕКБОЛАТ

– Қара торы, орта бойлы, қошқар түмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр. Атым – Бекболат. Басымда барқытпен тыстаған қара елтірі жекей тымақ, үстімде орысшалау пенжек, шалбар. Сүр шапан, сар сафиянға қара ала жапқан күміс белбеу, аяғымда көнелеу қисық табаным бар. Белбеуімдегі жарғақ далбағайым, шашақты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігім, алдыңғы қапталдағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттігім – менің өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болар.

Өкем айттырған Жаманбаланың шотпақ қара қызын менсінбей, Мамырбайдың Ақбілегін елден таңдап айттырып едім. Малжанды соққан екен, малымды түгел алмай, есік көрсетпеймін деп, көнбей қойды.

Ауылға таяна бергенде, шулаған иттің дауысын естіп тұра қалып едік, бір мезетте «апатайлаған» Ақбілектің, одан мылтықтың дауысын, аттың дүбірін есіткен соң дәтім шыдамай, неде болса қолында өлейін деп қуып бердім. Қараңдаған екі аттыға жаңа жете бергенде, оң иығымнан оқ сап ете түскенде, көзім қарауытып, басым айналып кетті. Не болғанымды білмедім. Әй, жолдас, шіркін, сондай жерде керек қой! Аттарын тежеп, қорқып шаппады ғой. Әйтпесе түсіріп алатын кісі едік. Есіл жарым, екі көзің жаудырап, орысқа қор боп кеттің-ау! Жұртым-ау, менде не жазық бар? Ақбілекті жіберіп қойғандарың ба? Кеудеде шыбындарың болса, неге қимылдамайсыңдар?

ОФИЦЕР

– Мал-мүлкімді талады, кісімді өлтірді, қызымды алып кетті деп, бізді бұзық адам көріп, қазақтар жазғырады. Дүниеде не боп жатқанынан хабарсыз, ауылынан адым жер шығып көрмеген, аң сықылды жайылған қазақ біздің неғып мұндай күйге түскенімізді қайдан білсін?!

Ата-анадан, туысқаннан, туған жерден кім безейін деп ойлайды? Еркін қызық өмірді, жан тыныштықты кім жақсы көрмейді? Адам тілегенін істеуге ерікті болса, тұрмыс осындай болар ма еді? Біреу ырысты, біреу сорлы болар ма еді? Адамда ерік жоқ. Адам лажсыз елінің тілегіне бағынады. Дүниеде тағдыр бар, лажсыз өмірге көну бар: тағдыр деген сондай, бостандық, еркіндік деген жоқ.

МУҚАШ

– Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сүр жігітпін. Жасым 35-ге. Әкем – Тойбазар, өзім Мұқаш болғалы аузым асқа, ауым атқа жарыған емес. Ес біле есікте жүрдім.

Жылқы жұттан кейін, енді есікте жүргім келмеді, не де болса, алыс жерді де бір көрейін деп, пароходқа жұмыс қылуға жалдандым. Ертіс ағып, Өскемен, Зайсан, Семей сияқты қалаларды көрдім. Азын-аулақ орыстың тілін де үйрендім. Орыспен араласып, орыс тілін үйренген соң, кеудеме нан піскендей, өзіме-өзім әлдеқандай көріндім. Өзім бір тұрған заңмын. Орыспен де, қазақпен де сөйлесе кетем. Елде жүрсем де, қалаға барсам да өлмейтін тәріздімін. Адам болған, ел билегендердің менен түк артық жері жоқ. Олар білген өтірік, өсек, ұрлық-қарлық, құлық-сұмдықты мен де білемін... Олар сөйлеген сөзді мен де сөйлей аламын. Қайта мен «Какой черт, как же, неволи, неимешь права...» – деп орышаны араластыра соғып жіберуге де өмірім келеді. Алыса кетсе, төбелесе кетсе, бір кісіден таяқ жемеймін. Пароходта жүргенде ершікпен он пұтқа шейін көтеріп жүрдік. Араздаса кетсе – кісінің бір малын жетелеп кетуге жараймын. Енді менің ел адамдарынан қорғалайтын нем бар? Мен неден тайсалам? Жалғыз кемдігім: қағаз танымайтыным ғой. Мендейлер толып жатыр ғой. Өттең, дүние! Қолым хат білсе, Күршім өзенін теріс ағызар ма едім, әлде қайтер ем...

Елге келе ылау мініп, қой сойғызып, жүрегін шайып алуға кейде басынан асыра мылтық атып, қызметке кірісе бастадым. Қазынаның мүлкін, ақтардан қалған қару-жарақ іздеп, қырындаған кісілерімнің үйін тінтіп, қорқытып, көр-жер алып, пайда-пақыршылық істей бастадым. Ел мені «шоқынып кетті» деп кірпідей жиырылды. Әуелі өз ағайындарым да маған оскырып, үрейленіп қарайтын болды. Менен жұрт сескенейін деді. Мен келгенде қызыл көзді пәле келе жатқандай атын, дүниесін тыққыштап, өп-өтірік жалпақтауды шығарды. Елі құрғырдың аузын бассаң, арты сөйлеп тұрады ғой. Әсіресе осы бір мұғалімі бар болғырлар пәле болды. Мені елден пара алды, дүние тартып әкетті, пәлен-түген қылды деп қаладағы оқыған азаматтарға дөттеп

қойыпты. Сайлау кезінде болыс болайын деп тұрған кезімде менің үстімнен жазылған қағаздарды жинап, Мамырбайдың баласы кеңсеге тапсырыпты. Мені бұзақы адам деп, сөйтіп болыстыққа сайламай қойғаны. Әй, атаңның аузын... Мамырбайдың ұлы! Әй, тірі болсам, бір қылармын деп кете бардым. Мылтықтан айырылдым.

Елге келген соң ауыл-ауылдан мал, киіз, төсек-орын, ыдыс-сайман алып жүрген ақтардың адамына жолығып, іш пікірім ішімде, соларға кісі болдым. Олар маған жақсы қыз тауып бер деді. Ойыма Мамырбайдың Ақбілегі сап ете түсті. Ағасының қылғанын алдына келтіретін маған да күн туды...

* * *

Алыс-жұлыс, ауыр күйік, аттың соққысымен Ақбілектің сілесі қатып, аттан түсіргенде өлген адамша сылқ ете түскен.

Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын бүріп киіз жапқан кішкене қоста өңшең серейген, бырқыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр...

Талдың тасасына түсейін деп, шеткі қостың артынан жаңа аса беріп еді, қос даласында мылтығына сүйеніп, қақиып тұрған бір орыс жалт қарап:

– Стой! – деп ақырып қалды.

...Аздан соң, шелекке қайнатқан суды орталарына қойып, темір тостағандарды батырып, кепкен нандарымен қытырлатып шай ішісті, шай ішіп отырып, мылжыңдап көп сөйлесті. «Алдына ас қойсаң, орыс ит мылжыңдайды да отырады», – деген әкелерінің сөзі Ақбілектің есіне түсті. Жирен орыс манағыдай емес, бетінен түгі шығып, әкесі өлгендей, бас терісі аузына түсіп кетіпті. Қасындағы біреуі Ақбілекке қаңылтыр тостағанмен шай ұсынып еді, – алмады. Өлгі айтысқан, жанжалдасқан қара мұрт орыс қайтып көрінбеді.

* * *

Түндегі айқай-сүрең, аласапыранда Мұқаштың қолында жетектеулі – екі ат, ойында – аман құтылу, көзге түспеу ғана бар еді. Аттарды, нәрсені, қызды аман-есен орыстарға әкеліп тапсырып, «Мукашке, молодец!» – дегізіп, алакеуімде ауылына қайтып келе жатқанда, ойына әлденелер келді.

Мамырбайдың баласына егесіп, қарындасын орысқа шығарып беріп, оп-оңай кек ала қоймақ еді. Қызды алам деп жүргенде, бұл иттер шешесін атып өлтіріпті. Мұның арты үлкен дүрбелеңге шаппасын кім біледі? Қуғыншылардан да кісі өлген болу керек. Бұл шіркіндер жүрген жерін қызыл жосын қылмай кетпейді. Кім біледі, түндегі оққа ұшқан әлде өз ағайындарының, өз тілеулестерінің бірі ме? Елді осынша қырғынға ұшыратқан Мұқаш неткен қанішер? Япыр-ау, мен қазақпын ба? Қазақ болсам, өз қаныма неден мұнша өшіктім? Өзгем өзге ғой, «ағатайлап» жалынып, қолын созып келе жатқан Ақбілектің білегін көкке созғылап, жүйкесін құртып, орыстарға ұстап бердім-ау! Ағасы болмаса, бұ қызда не жазық бар еді?.. Тегі, мен өлерімді білмейтін ақымақ шығармын. Өйтпесе, елді осынша шабыншылыққа ұшыратып, осынша қан қақсатып, зарлатып, қарғыс алып, жексұрын болғанда, қайда сыям, қалай тіршілік етем деп ойладым екен. Осынның бәрін істетіп жүрген мен екенімді білсе, білмей тұра ма, ел мені тірі қойғаны ма?.. Қой, мен жынданған екенмін. Мені сайтан азғырған екен... Бірақ енді істі түзетуге бола ма? Болмайды: шынымды айтсам да, басымнан асып кетті. Елдің менен жауыз дұшпаны, арам сүт емген арамза ұлы болуы мүмкін емес...

Енді бұл беттен қайтуға өткел жоқ... Дауа жоқ... Осы кеткені кеткен... Шынында, байларға не обал бар? Олар елді жемей жүр ме? Бай неліктен бай болады? Малайдың арқасы, елдің арқасы ғой олардың құтыратыны. Төрт түлік малын малшы бақпасыншы, шөбін малай шаппасыншы, отын жақпасыншы, құдығын аршымасыншы – көрейін байдың бай болғанын. Асқанға тосқан деп, Совет үкіметі байлардың пейіліне бола келген бір тосу ғой. Кім біледі, мені де байларға құдай жұмсап тұрған шығар... Мен болмасам да, осынау өз етін өзі жегелі жатқан ақтың білеуіттері елді тыныш қояр ма еді? Мен болмасам да, ағайынға өкпелеген бір қазақ кек алам деп, орысқа шаппас па еді? Сөз жоқ, ондай біреу табыла кетер еді. Өрине, мұндай жұмыс екінің бірі, егіздің сыңары, жалпылама адамның қолынан келмес. Бірақ мендей біреу табылуы хақ... Талай әскер шауып кетті. Талай қазақтар елге «ұлық» боп келіп, алып та, жеп те жүр. Соларға ел не қыла алды? Түк қылған жоқ... Өзім – коменес. Қолымда – мылтық. Он кісіге алдырмаймын. Мылтық ату әдісін орыстардан үйреніп, мерген

боп алдым. Күндіз сақ жүремін. Түнде жұмысымды бітіремін... Мен несіне қорқамын? Қорқарым бар, бұл іске әуелде кірмеуім керек еді. Кісілік іздеу, ячейкеге бару, мылтық алу керек емес еді. Жоқ, өлім біреу, не де болса, құдайға тапсырдым. Енді менің елге кішіреюім – өлім; жігіттігіме кемшілік... Мені жұрт өткір, қайсар, ер жігіт деп ойлап жүр. Сол аттан айырылмауым керек...

Осындай ойлармен Мұқаш ауылына таянды. Ауылы – үлкен таудың күнгей бетіндегі, ойпаңдағы төрт-бес тас қора. Ол қоралар өзімен немере, шөберелес ағайындарының, осы ауылдың бас көтерері – Мұқаш; ақсақалы – Тезекбай молда.

Сол күні кешке жақын Мұқаштың Қарашатқа қарай желе жортып бара жатқанын бір қойшы көреді. Бір – деңіз. Мұқаштың қатыны бір абысынымен елеуіш бере қоймадың деп, шаңқылдасып қалғанда, абысыны: «Осы елдің бар дүниесін үйіңе тығып отырғаныңды көрермін! Желікпе, құтырма! Қарала сырмақтың иесін де білем, ақ киіздің, бәтес көйлектің қайдан шыққанын да білем...» – депті. Соны есіткен соң Сүлеймендікі жансыз кісі жіберіп, Мұқаштікіндегі сырмағын танып келіпті, – екі деңіз. Бәтес көйлектің де, жасыл жеңсіздің де иесі шығыпты, – үш деңіз.

Ел болып Мұқашқа шұқшиды. Бұған не қылу керек? Қалай кек алу керек? Шауып ала ма? Сотқа бере ме? Өлтіріп жібере ме? Өртеп жібере ме? Қалай да не бірін, не бәрін істеуге елдің беті түзелді. Әйтсе де, Мұқашқа тап бере алмады. Тап бермек түгіл, маңына да жолай алмады. Оған себеп мынау еді. Бәйбіше мен қызынан айырылғалы Мамырбай отағасы ертеңгі шайын ішкен соң, төбе басына шығып, жер шұқып отыра беруші еді. Бір күні төбе басында отырғанда Сүлеймен ауыл жағынан тымағының құлағы қалқаңдап, түсе қалды.

Амандықтан кейін:

- Бай, түндегі малағамды білдіңіз бе? – деді.
- Жоқ, – деді.
- Ойбай, үлкен оқиға боп қалды!
- Немене, жаным?
- Құдай оңдап елдің көзі бір ашылды...
- Не бопты, Мұқаш па?
- Жоқ, ойбай...
- Ал айтшы!
- Таудағы белеуіттерді қызылдар тып-типыл ұстап әкетіпті.

– Қалайша? Ақбілек қайда қалыпты?

– Ақбілектен хабар жоқ... Өйтеуір, түгел қолға түсіпті.

– Оны сұрадыңдар ма? Кім келді?

– Түркұлақ ауылынан Телтайдың Қарақұлы келді. Қызылдар сол ауылда бекініп жатқанда, Мұқаш ақтарды алдап, үстіне алып келсе, қызылдар тарпа бас салады. Сасқанынан атысуға да мұршасы келмей қапты. Бұл иттеріңнің өзі бізге мықты боп жүргені болмаса, қысылған кезде түк емес екен ғой.

– Мұқаш оларды қалай алдап жүр?

– Есебін тапқан дағы, ол иттің өзі айлакер, жанкешті неме екен...

– Қызылдарға тағы жағымды болды десейші.

– Жағымды болғанда қандай! Енді бір үлкен орынға кіреді ғой.

– Бұл сұмның арам ойы осы екен ғой. Япырым-ай, Ақбілек не болды екен, ә? Одан хабар біле алмаған екенсің... – Мамырбай шатқаяқтап, орнынан тұрып, аяғын апыраңдай басып, ентігіп үйіне қарай жөнелді. Ауылдың кісілерін дереу жиғызып алып, Ақбілекті іздетуге бес кісі аттандырды.

Бұлар шабуылдап, ауыл-ауылдан, кез келген кісіден сұрау салып жүре тұрсын, оған дейін Ақбілектен хабар берейік.

Өуелгі кезде Ақбілек қолға түскен құралайдай, екі көзі мөлдіреп, көп ит анталаған күшіктей құнысып, маңайындағы жанның бәрін жан алғыштай көріп, үркіп, елегізіп жүрсе де, анасын, ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қатып, бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң шыбын жаны түскір шыдатпады, мезгілсіз өле алмады. Өмір шіркін, неден сонша тәтті болды екен! Адам дегеніңіз «басқа түссе баспақшы» болады екен, абақты екеш абақтыға да, зынданға да, соғысқа да жүре-жүре адамның еті үйреніп, көндігіп кетеді деседі. Өлім жазасына бұйырылғанын естіген адам да тамақ жеп, ұйықтап, өмір сүруден беze алмайды деседі. Дүниеде адамнан көнгіш мақұлық бар дейсіз бе? Ақбілек бірте-бірте тұтқынға еті өлгендей, бойын үйреткендей болды.

...Бір күні қас қарайған кезде орыстар бір жаққа баратындай қару-жарақтарын қамдап, мылтықтарын сытырлатып, оқтап, ер-тоқымдарын салдырлатып, балдырлап сөйлеп, аттарын ерттеп, әбігерлене бастады. Бір мезгілде тысқа шығып кетіп, тілмәшін алып келді:

– Біз соғысқа барамыз, сен қайтесің? – деді Ақбілекке. Ақбілек көзі бажырайып, не дерін білмей сасып қалды.

– Қайда болғың келеді? – деп тағы сұрағанда, Ақбілек мойнын өнтек қисайтып, бұғағын бұлттып, жалынған, назданған дауыспен:

– Ауылыма қайтармайсыз ба?.. – деді. Қара мүрт басын шайқады. Ақбілек кірпігін жыпылықтатып, жерге қарады.

Тілмәш тағы сұрағанда Ақбілек:

– Тым болмаса, жақын жердегі бір ауылға жеткіздірсеңіз, – деп көзіне жас мөлдіреп келіп қалды.

Қара мүрт басын тағы да бір шайқады да:

– Бізбен бірге жүргің келмей ме? – деді.

– Соғысқа ма? – деді Ақбілек еңсесін бүкшитіп.

– Соғысқа, – деді қара мүрт иегін бір қағып.

Ақбілек басын шайқап:

– Ендеше, мені осында-ақ тастап кетіңіз, – деді.

– Түнде жалғыз өзің қорықпайсың ба?

– Қорықсам да қалайын... сіздер қайтып келмейсіздер ме? – деді жұлып алғандай.

– Мәлім емес, – деп қара мүрт мұртын дірілдетті.

– Мені өлтірме! Қасықтай қанымды қи! Мен саған тағы керек болмасымды қайдан білесің? Мен түсімде саған еріп, қалаға барып жүр едім. Сен бұл жолдан аман-есен қайтарсың, еліңе аман барарсың... – деді.

«Жақсы лепес – жарым ырыс» деген мәтел өте-мөте өлімге бара жатқан адамға жылы тисе керек.

Сам жамырап, ел орынға отырған кезде, орыстар бастығының ақырып қалған дауысымен қаздай шұбырып, асудың тар аузына қарай арқандай созылды.

Ақбілектің жанын жынның ойнағындай ойрандап кеткен, өксікті күндер орыс мінген аттардың аяғымен бірге алыстап бара жатты. Тықыр ұзаған сайын «Алла, Алла...» – деген лебіз кеудені керіп, ауыздан еріксіз ағылуда еді. Көшкен орыстың жұртында бұралқы күшіктей қаңғырып Ақбілек жалғыз қалса да, жалғыздығына өкінген жоқ. Орыстың оғынан өлгеннен де, құлазыған иесіз тауда тентіреп өлгенін артық көрді. Орыстардың дыбысы өшкенше: «Құтқарғаның шын ба, Жасаған?» дегендей, арттарынан топырақ шашып, қарасы өшкен соң: «Уh!» – деп демін бір алып, төңірегіне көз салды.

О кезде ызғырығы ызылдап, бойды мұздатып, сабалақ қара бұлттан түн жамылған күздің көзсіз қара түні ақ бас

Алтайдың үстіне қара бурадай шөгіп, сай-салаға бауырын төсеп, дүние қарауытып келе жатыр еді. Көк жүзінде жайылып жатқан жұлдыз, қойларын көздеп тұратын шопан атасындай – жау көргендей, зым-зия жоғалыпты.

Саялдық қара бұлттар-ау! Ақбілектің жанын тұншықтырған қара тұман аз болды дедіңдер ме, үстіне мұнша төнгенше, анау асқар таулардың басына төнсеңдерші!

Күздің сарғыш жапырақтары-ау! Кімді әлдилеп, сыбырлап тұрсындар? Қалың бұтаның қайғысыз, қамсыз бөденелері-ау! Несіне қара түнді жаңғырықтырып тұрсындар? Сұлудың жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сейілтем дейсіңдер ме? Қанатын қаршыға күйретіп қиқайған қостың алдына бір қолымен жер таянып, аспанға қарап отырған сұқсырдың налыған зарын төңірсіне жеткізем дейсіңдер ме?!

Бұлттар-ау, серпілмейсіңдер ме?!

Жапырақтар-ау, сыбдырлап жерге төгілгенше, шерлі сұлуға сая болсаңдаршы!

Ызғырық-ау, ызылдағанша, жапанда жалғыз қалған баланың әкесіне хабар берсеңдерші!

Ой, мейірімсіз шіркіндер-ау! Сендердің тілдеріңді Алтайдың жаралы аруы білмейді ғой! Сендердің қас-қабағыңа қараймын, сендерге еркелеймін деп есіл сұлу мұндай күйге ұшырады ғой! Жел мен бұлттың иесіне сенем деп сенделіп қалды ғой!..

Түн түнереді. Ақбілек үрейленеді. Төбесінен зу етіп бір топ шүрегей өтеді. Ақбілек дір етеді. Шөпті сылдырлатып торғай ұшса да, тоғай ішін тартып, уілдесе де, тау үкісі таңдайын қақса да, Ақбілек жан-жағынан жау қамап келе жатқандай елегізіп, қымтырыла береді. Жатайын десе, көзіне ұйқы келмейді. Отырайын десе қорқып барады. Жүрейін десе, қараңғы түнде жол таба алмай адасам ғой, әлденеге ұрынам ғой... деп қорқады. Есіл-дерті: осы арадан кету. Бірақ түн ішінде кете алатын емес. Қазақтың қосын, қазақтың астауын, шөмішін ес көреді. Үңірейген иесіз қосқа кіруге тағы батылы бармайды.

Ақбілек қайтерін білмей алақтап, құнысып, бүрісіп көп отырды. Түнге түн ұласқан тәрізденеді. Қос алдында жатқан астау да көрінбейді. Жасаған-ай! Таң да атар ма екен!

Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденді. Ақбілек елегізи бастады. Манадан бері жалмауыздай көріп отырған үңірейген қосқа жалма-жан кіріп кетті. Ауылда қой күзетіп жүргенде қасқырдың ұлығанын

әлденеше естіген: әлгі дауыс соған ұқсайды. Апырым-ай! Қасқыр келер ме?.. Онда қайтем? Қой, келмес, қоста кісі бар деп ойлар, қорқар, қостың айбыны бар ғой... Әлде манағылардың кетіп қалғанын олар да білді ме? Олар барда қасқырдың дауысы естілмеуші еді ғой...

Қостың есігінен ештеп сығалайды. Қараңғыда бірдеңе қараң еткендей болады. Бірақ дыбыс білінбейді. «Қорыққанға қос көрінген» шығар деп жориды. Өзіне қайрат бергісі келеді, оған да болмайды. Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы да естіледі. Бара-бара ұлу молайды. Тауды күңіrentіп өзге дыбыстың бәрін басып кетеді. Ақбілектің қолы өзінен-өзі қостың бір сырығын суырып алады. Құлаш төс жарардай қайың сойылша, сойылшаны қос қолдап бауырына таман қысып қояды, бір ұшы – қостың сыртында. Қасқыр келсе, қару қылмақшы. Ұлыған дауыстар саябырлаған тәрізденеді. Сойылшасын жерге сұлатып салып, Ақбілек азырақ бой тоқтатты, бірақ онысы ұзаққа бармады. Бұлақ жақтан су сылдырлағандай болды...

Бү немене?.. Адам ба? Аң ба?.. Кім болса да қатерлі. Ақбілек сойылына тағы жармасты. Демін ішіне тартып, сілейіп қалды.

Кешікпей-ақ қара түнде қаз-қатар, дөп-дөңгелек екі көз пайда бола кетті. Екеуі де қып-қызыл, жайнаған от. Ақбілек атып түрегеліп, қостың түкпіріне бұғып отыра қалды. Өйтсе де байыз таба алмады, сойылы қостың аузында қап қойыпты. Ақырын еңбектеп, қостың аузынан қолын созып, жерді сипалап жатып сығалап еді, екі от төртеу болды. Сөйткенше болмады, олардың артын ала көлденеңнен екі қызыл көз тағы өте шықты. Алты от Ақбілекке алпыс оттай көрінді. Қараңғы түн қаптаған қызыл көз болды да кетті.

Оттар бір жылт етіп, бір сөніп, елбелектеп, таянып келе жатқан тәрізді.

Ойлағаны келді ме?.. Мінеки, шөпті сыбдырлатып келіп қалды.

Әне, қараң ете түсті...

Ойбай-ай! Бір топ қасқыр!

– Енді қай жаққа барайын?..

Ал, міне, қостың төңірегін сыбдырлатып, жер тіміскілеп жүр...

Ой, жасаған-ай! Тауып алар ма екен?..

Ойпырым-ай! Өнебіреуі от басында сүйекті қытырлатып кемірді. Мынаны көріп, Ақбілектің не жаны шықпай отыр десейші!.. Ақбілек үнін шығаруға мұршасы келмей, өлген кісідей отырған жерінде сіресіп қалды.

Өлден уақытта арсалаңдап бір аш қасқыр Ақбілек отырған қостың аузына келіп қалды. Ақбілектің жан дауысы түнді тіліп жібергендей шыр ете түсті, қасқыр біткен жарық беріп, көздері жалт етіп, тістері сақ етіп, оқшырайып тұра қалды. Қасқырлар ырсылдап, күрілдесіп, бураша шабынып тұрып алды. Ақбілек қасқырлардың қарсы шабатынын білгендей жалма-жан жан ұшырып, қостан атып шығып «қараңғыда көзім жоқ...» деген балаша айнала дөңгеленіп, айғайды салып, ағашын сермей берді...

Анда-санда арс-үрс еткен дауыс шығады. Қасқырға тиді ме, қосқа тиді ме, әйтеуір ағашы кейде бірдемеге тигендей қолы сүйсініп қалады. Қасқыр одан жаман өршеленеді. Ақбілек жан ұшыра сермейді. Қасқыр қамалайды. Ақбілек сабалайды, қасқыр абалайды, Ақбілек сабалайды, қасқыр абалайды. Ақбілек «Аллалайды», қасқыр долданады, Ақбілек дөңгелейді... Қасқыр күркілдейді... Ақбілек шырылдайды, қасқыр қырқырайды, Ақбілек шырқырайды... Сөйтіп, Ақбілек көп қасқырмен көп соғысты...

Ақбілек әбден алқынды, аласұрды, жұлқынды, әлі құруға таянды. «Енді жығылдым ғой, енді талайды ғой, енді ауызды салды ғой, енді жеді ғой...» деген кезде, Ақбілектің аяғы астынан бірдеңе жылт ете түсті. Қасқырлар жалт берді. Манағы, іңірде шай қайнатқан оттың шоғы әлі сөне қоймаған екен. Ақбілек аласұрып жүргенде аяғымен шашып жіберген екен. Қасқырлар отты көріп жалт берген екен. Қасқырдың оттан қорқатыны Ақбілектің есіне сап ете түсті. Ауылда қой күзеткенде қотанның шетіне от жағатыны кәне.

Ақбілек от басындағы тезекті, құраған шөпті дереу тұтатып үрлеп жіберді. «Менің керегім жаңа болған жоқ па?» дегендей жел де қошаметкейленіп, жалынды лап ете түсірді. Жалын қалай шықты, солай қасқырлардың қарасы өше берді. «Өлмегенге әлі балық» деген – осы да. От сөніп қалса, Ақбілектің өмірі де сөнетін еді. Отты тапқан адамның анасынан айналсаң болмас па?

«Заула, отым, заула! Мазда, отым, мазда! Қорқақ аңдар, тілсіз жаулар! Қаш, маңыма жолама! Күйдіремін,

өртеймін!» – дегендей Ақбілек от төңіріге сыйынып, таң атқанша маздатып, жаны аман қалды...

Ақбілек ө дегеннен асуға тартты. Асумен асып елге бара жатқан, елден мал, азық-түлік алып келе жатқан орыстарды талай көрген. Осы тар асудан басқа бұл жақтан шығатын жолдың жоғын білген. Арты – елсіз тау, тау толған жау: аю, қасқыр, қабан. Алды – тар асу, асу асты тағы жау: кешегілер алдынан қарсы шығып қалмасына кім кепіл? Енді Ақбілек қаздаңдамай кім қаздаңдасын. «Енді есен-аманында ел шетін көрсем-ау», – деп ұйқы, тамақты, шаршағанды ойына алмай, көңілі алып-ұшып, ентелей басып еңтігіп келеді.

Асуға шыға бергенде, артына бір қарады. Аяқ астында томардай томпиып қостар тұр. Анау тау жылғасындағы ағаш, анау көгал, анау сай-сала, анау орқаш-орқаш тас – Ақбілектің адамгершілігін аяққа таптаған, абыройын төккен жер. Оларға көзі түскенде күйінген, өкінген, жиренген, әйтеуір, өзегін өртеген бір жаман сезім пайда болды. Тәрдегі таза төсенішті былғап кеткен күшікті желкесінен ұстап, өз тезегіне өзінің тұмсығын тигізсең, қандай жеріп, қыңсылап, кейін шегінеді. Артына қарағанда Ақбілек те сол күшік тәрізді болды. Қарағысы келмеді, теріс айналды. Асуға шықса да, алды-артын ораған таудан арыла алмады, бұраңдаған қия тас, кедір-бұдыр тар соқпақ беті ашық даланы көрсетпеді.

Күн таудан найза бойы көтерілгенде, Ақбілек алқынып бір кезеңге шығып еді. Алды бұлдырмақ дала екен. Ауылына келгендей қуанып кетті. Қанаты болса ұшып кетер еді, өттең шіркін! Балтырлары солқ-солқ етіп, жіліншігі сырқырай бастады. Оған да қараған жоқ, жыбырлай берді.

Бір қырдан асқанда көлденең созылған сай килікті... Құдай жарылқады! Өзен, өзен! Арғы қабақта жол жатыр. Ел жақын ғой! Ақбілек ақтық күшін салып, аяғын тезірек басты. Ағыны тас домалатқан тасты сайдың тар өзені екен. Жадағайлау бір жеріне келіп, шапанын, қамзолын шешіп, көйлекшеңденіп, білегін түрініп, жуынды, су ішті. Өбден шаңырқап, шаршап қалған екен, сусыны қанып, бір кенелді.

Ақбілек су жиегінде бірталай отырды. «Су ағады да жатады, ағады да жатады, бір таусылуы жоқ, қатерді, өлімді білмейді. Ешнәрсені сезбейді. Мен ішсем де бұған бәрі-бір – жақсыға да, жаманға да сусын болады. Құдайдың бұл да бір құдіреті-ау! Мейірімі-ау! Оны біз білмейміз-ау!» деген ойлар

келді. Өмірі су көріп жүріп мұндайды ойлаған емес. Бұл ойды қалайша ойлағанына өзі де таңғалды. Аяғының астындағы суға қарап еді, өзінің түрін көрді. Шашы ұйпаланып қалған екен, сумен сылап шашын жатқызды. Тарағысы келді. «Бірақ кім үшін түзелем?» деген ой келді де, тараған жоқ. Осы судың бойында бір қалтарыс жер болса, азырақ отырып демалайын деп, жан-жағына қарап түрегелді. Аяғы ұйып қалған екен, жіліншігін үш рет қарыстап жіберді. Ұйығаны басылған іспетті болды.

Сол жағында бір жарлауыт көрінді. Ақбілек көп ойланбай-ақ, қамзолын киіп, шапанын жамылып, түндіктің бауы мен сойылшасын сүйретіп, солай қарай жүрді.

Адам көрмейтін жер осы ғой деп, бір мүйістеу жеріне келіп тоқтады. Арты – жар, алды – су, оң жағы – мүйіс, сол жағы – құлаған жардың топаны. Кішкене суға қарап, екі тізесін құшақтап, бұғжиіп отырды. Күн қызып шекесі жылынып келеді.

Мынау – өзен. Өзен бойындағы ел қайда? Күздігүні бұл өзенде ел отырмаушы ма еді? Жиегінде жол жатыр ғой... Ойбай-ау, жақын жердегі ел шаттағы орыстардан босып кеткен екен ғой! Маңайды жын ұрғандай қылды ғой! Мал-жанында билік қалды ма?.. Талай қызы мен сияқты соры қайнады ғой!.. Бірақ тап мендей болғаны жоқ шығар. Қостарына әкелген әйел көрінбеді ғой. Өлде өлтіріп тастап жүрді ме?.. Орыс шіркін адамды аямайды екен-ау! Құрғырдың атын атамайыншы, тағы келіп қалар! Олар неғып қайтпайды? Өлде бірдеңеге ұшырады ма? Олар кіммен соғысып жүр екен? Өлде төңіректегі қазақтармен? Қой, қазақ бұлармен не ғып соғыса алсын? Не қауқары бар? Өлде қазақ біткенді қырып тастап, малдарын, қыз-келіншектерін тартып алғалы жүр ме? Онда бәрі бірдей неге кетті?

Бес-алтауы барса да, мылтықтарымен бір тайпа елді жусатпай ма?.. Өздері қорыққан кісіше асығып-үсігіп, алды-артына қарамады ғой. Өлдебір күшті жауы келіп қалды ма? Олардың жауы кім? Ойбай-ау! Өлі әкемдер «Ақтар, қызылдар» деп отырушы еді. Сонысы ма өлде? Қызыл да орыс па екен? Олар да қыз алып қаша ма екен? Орыс болса... Қара мүрттай-ақ болар. О да мені өлтіріп кетем деді ғой. Апырым-ай, апырым-ай! Жасаған-ай! Енді қайтейін!.. деп, тамсанып-тамсанып қойды.

Сылдыр-сылдыр су ағады. Суға қараса, Ақбілекті бұлдыр-бұлдыр ой тербетеді. Тербеткен сайын көздері кішірейе түседі. Ұйықтап қап, масқара боп жүрмейін деп, сығырайып бара жатқан көзін ашып алады. Сонда да болмайды: бір жағынан күннің қызуы маужыратып, бір жағынан ағын су ойын тербетіп, түні бойы ұйқы көрмей сілесі құрып, жаяу жүріп шаршап келген сорлы қалғып кетеді...

Ақбілек ояна келгенде селк етіп, басын оқшита жұлып алды. Бөтен жерде, өзен бойында, жер түбінде жападан-жалғыз шошайып қалғанына өзінен-өзі қорқып кетті. Қара шаттан қашып келе жатқаны лезде есіне түсе қалды. Ұшып түрегелді. Күн еңкейіп, түс қаңғып кетіпті. Өзеннің о жақ, бұ жағына бойлап-бойлап қарады да, өткел іздеп, кебісі тырпылдап тағы жағалады. Өлі жүріп келеді, өлі жүріп келеді. Өткел жоқ. Белшесінен суға бойлап, әр жерді бір көреді, бәрі де терең тәрізді.

Өлден уақытта бір жадағайлау жерге жетті. Екі жағы – домалақ-домалақ қиыршық тас. Ағыны бұжырланып жатыр. Балағын тізеден асыра түріп, етегін жиыра көтеріп, кебіс-мәсісін қолтықтап, мамық табанын қия тасқа бұлтылдатып, судан өтті.

Жарты шақырымдай жерде бір дөңес көрінеді. Соған шығып ел көздедек.

Ол белеске шығып еді, ар жағы одан да биіктеу адырсымақ екен. Ақбілек жан-жағына барлап, жер болжады. Алды беті – ашық, арты – кенере тау. Ақбілектің ауылы осынау кенере таудың түбінде. Шығыста емес, құбыла жақта, өйткені артындағы таулар өз тауларына ұқсамайды, сонау бір көлденең таулармен тұтасып кетіпті. Ендеше, таудан онша алыстамай, құбыла жаққа қарай таумен жарыса жүру керек. Ақбілек соны ойлады да, белестен асып, жадағайлау, ылдиден аяндай берді...

Бір мезгілде өлгі торғай жансыз тастай ағып түсті топ етіп. Ақбілек те оқ бойы жер кеп еді. Ол торғайдың түскен жері – қалың шөп. Көз айырмай қарап келеді Ақбілек. Өлгі торғай қалың шөпке түсті де, қалбалаңдап, далбалаңдап, шөпке таман айналаңдап, шыр-шыр етіп, безек қағып, олай-бұлай шоршиды. «Бұл байғұсқа не болды?» – деп жетіп келсе қасына, қалың шөпте жатыр екен білектей бір сұр жылан. Сұр жыланның найза басы қақшиған, бейне ажал,

алмас көзі бозторғайға шұқшиған, айыр тілін жалаң-жалаң еткізіп, ысқырғанда, өңменіңнен өткізіп, арбап, буып, уытын жиып, торғай сорды топылдатып, қылқ еткелі тұр екен. Сұр жыланның атып шыққан оқ көзінен көз айырап бозторғайда дәрмен жоқ, қарбалаңдап, далбалаңдап, ыршып түсіп, түмсығына тиер-тимес елбелектеп жүр екен. Бір «ап!» десе біткені гой жұмысы. Торғай қашан аузына кеп түскенше, оқты көзін қадап қойып, айыр тілін жалақтатып жатады екен сұм жылан.



Бозторғайды аяп кетті Ақбілек. Сұр жыланды сойылшамен салды келіп қақ бастан. Жауыз басы астына кеп, солаң ете дүрс етті. Торғай сорлы есеңгіреп қалған екен: жылжып тұрып, жер бауырлап, қырындап-қырындап барып жөндікті, шыр етіп, шыбын-шіркей боп аспанға бір-ақ ұшты. Тулап жатқан жыланды Ақбілек табандап тағы екі ұрды да, жөніне жүре берді.

«Жылан торғайды арбап жейді» дегенді Ақбілек бала кезінде естіген. Мынаны көрген соң, «құлақ естігенді көз көреді» деген осы-ау деп ойлады. «Бұл жауыздың көзінде не сиқыр бар?» деп ішінен таңғалды. Манадан бері уайым басып, жабығып келе жатқан кісі жүрегі қаттырақ соғып, тамырлары желпініп, шаршағанын ұмытып кетті. Торғайды ажалдан аман алып қалғанына қуанды. Жыланды өлтіргеніне ерленді. Өрі ырым көрді. Торғай бір бейбақ қой, о байғұста не зиян бар?

*Торғай, торғай атым бар,
Бір жапырақ етім бар.
Маған тиген балалар,
Ата-анаң өліп, жетім қал! –*

деп қарғайтын торғай емес пе? Ешкімге жазығы жоқ қой.

Соны ойлағанда Ақбілек: «Менің кімге жазығым бар еді?» деп тағы да ойлады. Өзін торғайға, өзіне қастық қылғандарды жыланға теңеді. Торғайдың жауын мен өлтірдім, менің жауымды да біреу өлтіреді екен деп, бұл оқиғаны өзінше жақсылыққа жорыды.

Соны ойлап келе жатқанда, бір дөңестің астынан ағараңдаған бір шошақ нәрсе қылт ете түсті. Ақбілек сасып қалды, бұғып отыра қойды. Отырып еді, көрінбей кетті. Түрегелуге орыс болар ма деп қорқып, отыруға тағы дөті шыдамай, не екенін білгісі кеп барады. «Орыс болса бөрібір құтыла алмайсың, жан-жағым жалтаң, неде болса көрейін» деп, әнтек отырған соң ештеп көтеріліп, сығалады. Шошақайдың үкі секілді бірдеңесі былғаңдап, өзі қимыл-қимыл етіп дөң астымен Ақбілекпен жарыса кетіп барады. Орыста мұндай нәрсе жоқ еді ғой деп ойлауы-ақ мұң екен – шошақай жуандады: бас болды, көдімгі дуананың басы. Өнеки, қолындағы асасы да шошаң етті.

– Әй, дуана!– деген сөз аузынан қалай шығып, қалай қойғанын Ақбілек өзі де білмей қалды.

Дуана аяқастынан үріккен жылқыша жалт беріп, лоқып, әнтек тұра қалды да, бұрылып Ақбілекке қарай жүрді. Тани кетті Ақбілек: етегін кірмен зерлеген, төбесін үкі сәндеген басында найза ақ тақия, қолында шөңгіш асасы, асасының өн бойы шығыршық, кепшік, сылдырмақ, ұшы қозы жауырын, мойнында тасбысы, танауы таңқиған, омырауы аңқиған, кеңірдегі сорайған, жіліншігі сидіған, саусақтары сыпсиган, үркек малша оқшиған, бес тал сақалы шоқшиған, шынжау етті, шың бетті, жағына пышақ жанитын, бір көргеннен танитын Іскендір екен көдімгі...

Дуана Ақбілекке жетіп келіп:

– А, балақайым, алақайым, шырақайым... Қайдан келесің?– деп басын сипады.

Ақбілек не дерін білмей күмілжіп, міңгірлеп қалды.

– Дуана-еке, мен... мен... Мамырбай ақсақалдың...– дей беріп еді. Орыстардың алып кеткенін айтуды ұят көрді, үндемеудің тағы жөні жоқ, қалайда бірдеңе айту керек болды. Маңдайын сипап, көзін жыпылықтатып, төмен қарап:

– Мен Мамырбай ақсақалдың баласы едім... ауылымнан адасып... ауылымды таба алмай жүрмін... – деді.

Дуана қалай, неғып адасып жүргенін сұрамады:

– Е, балақайым, адасып қалдың ба?.. Мамырбай, Мамырбай, Тәуірбай, Сауырбай... білем, білем... алып барайын, бағып қарайын, жолға салайын, – деп қолынан жетелей бастады. Қайдан неғып келе жатқанын сұрамағанына Ақбілек қуанып еріп жүре берді. Дуана сол қолымен Ақбілекті жетелеп, оң қолындағы асасын жыбырлата тіреп, қара ағаштай қатқан аяқтары қаздаңдап қатты аяңға басты. Анда-санда: «Ө, балақайым, ө балақайым! Көзі мөлдіреп, табаны үлбіреп, қарны ашып, қаны қашып қалған екен ғой...» – деп жыбырлатып, тақпақтап қояды.

...Ымырт жабыла ит дауысы естілді. Ақбілек қуанып кетті.

...Төмпейдің иығынан асқандай, адырдың бауырында ауыл көрінді. Не дөңгеленген алқа қотан емес немесе қатар тізілген жалғас емес, о жерде, бұ жерде тырқырап қарауытқан – бес-алты қыстау. Байқаған кісіге «бізді мекендеген иелеріміздің мінезі де тап біз тәрізді тырқыраған, берекесіз, ұйымсыз» деп тұрған тәрізді. Кейбір қоралардың қасында қарауытқан мал көрінеді. Мал қоралап, адам аяғы басылайын депті. Анау адырдың түбіндегі қомақтау қорадан түтін бұрқырап жатыр. Оның оң жағындағы кішірек қорадан бір көлеңке қараңдап сол үйге таман кетіп барады. Адырдың сол жағына таман, төмпейге тірей салынған бір ұзын қораның маңында қара-құра көбірек тәрізді.

* * *

Түнде шайға оятқанда, Ақбілек тұрмай, жатып қалған. Таңертең Ақбілек көзін ашса – үй толған кісі. Оң жағына қараса, немере ағасы Өмір отыр.

– Қарағым-ай! – деп Өмір кемседеп, құшағын жайды.

– Ағажан-ай! – дегеннен басқа аузына сөз түспей, ағасын бас салып, солқылдап ағыл-тегіл жылады. Ауылынан келген екі жігіт бірінен соң бірі көрісіп, кеңкілдеп, Күмсінайдың жаман үйін басына көтерді.

Дуана өз жайына кете барды.

ҚАЙҒЫ

Мінеки, Ақбілек үйіне келгелі он бес шақты күн болды. Алғашқы кездегі Ақбілектің ісі: басына қара салу, бата қыла келген әйелдерге көрісу-жылау, уһілеу, күрсіну, алдына тосқан құманға қолын тосып, көз жасын шаю, дастарқандағы дәмді шымшып аузына салу, түзге барып келу, қайта келіп, бір орыннан тапжылмай отырумен өтті.

Ауылына алғаш кеп түскенде әйелдер қолтықтап, сүйре-леп әкеп, әкесіне көрістірді. Жабыла кергілесе, апасы тірле-тіннен жаман, ауылдың біткен еркек, әйелі көкпарға тартқан серкедей созғылап, илеп, жұлқылап, керіп, әбден есеңгіретіп, өлсіретті. Бәрі де: «Қарағым-ай!», «Шырағым-ай!..», «Көз жасым-ай!..», «Еркежан-ай...», «Шырайлым-ай...» – деп, есіркеді, аяды, өзеуреді; беті-қолын жуғызып, алдына дәм қойып: «Іше ғой, жей ғой, қарағым!» – деп үстіне түсіп, өліп-өшіп күтті, сыйлады. Ақбілек бәріне де нанды, бәрі де бауырым екен, мені аяйды екен, әлі де мені жақсы көреді екен деп ойлады. Ауыл күткен сайын, «қарағым», «шырағым!» деген сайын, өнеугі ауылына таянып келе жатқандағы өзінен-өзі именген, өзін ит тиген астай көріп жиренген, дүниенің қайғысын бір өзінің басына орнатқан, өмірге қол серметкен қалың ой, ауыр сезімдер бірте-бірте алыстап, үстін тот басып, ұмытып бара жатқандай болды. «Басыма қара тұманды бекер орнатқан екем, жұрт маған онша өзгерген, тосырқаған, менен үріккен, жиренген көрінбейді ғой. Мен әлі де осы ауылдың, осы үйдің ардақты бір баласы екем ғой...» деп, өз ойына өзі үйренгендей, бауыр басқандай болды.

Балалар дедің бе? Оларды айтпаппыз-ау. Ақбілектің 12 жасар Қажікен деген бауыры, 7 жасар Сара деген сіңлісі бар-ды. Ақбілек өзінен бетер сол екеуінің жетімдігіне қабырғасы қайысқан. Қажікен ойын баласы ғой, көбінесе балалармен ойнап, далада жүреді. Монтиған Сараян Ақбілектің жанынан екі елі айырылмайды; шашы жалбырап жабысып отырғаны. Ей, байғұс-ай! Әйелдер дауыс қылып жатқанда Қажікен үйге келмейді. Сара Ақбілектің дауысы шықса, көзінің жасын көреді де, бірге жылайды. Қажікен апасының жоқтығын артық елемейді, Сара жүдеп кетті. Ақбілек біраз есін жиған соң, Сараның кірін жуғызып, жыртылған көйлегін тепшіп, үзілген түймелерін қадап

берді; бітеленіп, биттеп кеткен басын жуып, шашын тарап, оңашада тізесіне жатқызып, битін қарап отыратын болды.

Әкесі бұрын да үй ішімен көп сөйлесе бермеуші еді; енді мүлде тұнжырап кетіпті. Малшыларға: «Түйе келді ме?.. Көк ат суарылды ма?.. Қой қалай шықты?.. Ана жүгенді үйге апаршы!» – деген тәрізді шаруаның бірдеңесін айтады. Кейде Қажікенді шақырып алып, атқа мінгізіп, бұзау қайтарып келуге жібереді. Бірақ келгелі Ақбілекке әкесі сөз қатқан жоқ. Ақбілекке әуелі қарамайды да.

Ұрқия – Өмірдің әйелі. Өмір – Мамырбайдың немере інісі. (Өмірдің әкесі Тәуірбай Мамырбаймен бірге туысқан ғой). Өмір өзіндік ораза атары бар, біртоға, момын жігіт. Бәйбіше тірі күнінде Ақбілегін ойынға немесе бөтен ауылға жібергенде, жалғыз Ұрқияға сеніп, қасына соны қосып беруші еді. Туған шешесінен соңғы Ақбілектің жақсы көретін жақыны да, әдеп-әркен үйренген ұстазы да Ұрқия еді. Өз үйінде айналар бала-шағасы, қаусар шаруасы болмаған соң, Ұрқия бәйбіше өлгелі Мамырбай ақсақалдың туған келініндей болып үйін ұстап тұра қалып еді. Осы Ұрқияға бір күні Ақбілек дөң астында отырып, қайғысын сөйледі. Ұрқия тыңдады да:

– Шырағым-ау! О кісі апамның өліміне қайғыратын шығар. Сені неге жек көрсін?.. – деді.

Десе де, ақсақалдың баласына салқындағанын Ұрқияның да іші сезуші еді. Ақбілектің көңілін аулағалы өлгідей дегені болмаса, о да төмен қарап, шөпті ширата берді. Онысы өз ойын айтарын да, айтпасын да білмей, ойланғаны ғой. Ұрқияның ойланғанын Ақбілек те сезді.

– Мен байқаймын ғой. Менен бойын қашықтата береді. Мені көрмеген кісі секілденеді. Неге сезбейсің? Сен де сезген шығарсың. Кеше Сара екеуміз оңаша отырғанда үйге басын сұға түсіп, бізді көрді де шығып кетті. Іле-шала сен де келдің. Сен сезсең де, маған айтпайсың ғой. Мені ренжір деп аяйсың ғой... Сенің оныңды мен білмеймін бе?.. Апамнан соңғы бар сырласатын кісім сен едің. Сен де ішіңе бүкпей сақтайтын болғаның ба?.. – деп, Ақбілек жылап жіберді.

Ақбілек жылаған соң, Ұрқия да жылады. Жылап отырып:

– Бауырым-ау! Сенен не бетіммен бүкпе сақтайын... Білген нәрсем болса, сенен жасырып.. Ойбай-ай! Енді қайтейін!..

О не дегенің, қалқам?.. Үлкен кісілердің не ойлайтынын кім біледі?.. Саған айта алмай жүрген бір сөзім бар екені шын, оны жасырмаймын. Қалқам, иә-ау! Жұрттың неге таңырқайтынын білмейсің. Осы үйге кім келсе де бар ғой, бәрінің көзі сенде болады (бір тамсанып қояды). Саған жұрттың таңырқап қарағанына ішімнен мен күйіп-пісіп отырамын... Сондағы ойлары не екен десейші?.. Дәу де болса, ішім айтады: «Орыстардан кейін қандай боп қалды екен? Өзгерді ме екен? Жоқ, бұрынғы қалпында ма екен? Орыстар оған не көрсетті екен?..» деп қарайды-ау деймін. Әйтпесе таңырқайтын несі бар?

«Жұрттың ойы» десе де, Ұрқияның өз ойы да осы еді. «Орыстар апарған соң, не істейді екен?» деген сұрау өз аузына да келіп қайтып тұрушы еді. Бірақ өзі мынадай сорлы боп отырған «шырайлымынан» қалай беті шімірікпей, аузы барып сұрасын.

Өлгі сөзді естігеннен кейін Ақбілек жасын тыйып, көзі мөлдіреп, қиялға түскенде, алдында тұрған жеңешесіне қарап, бедірейе қалды. Қарашаттағы құйын соққандай астанкестен күндер заматта көз алдынан шапқан аттай бұлдырап өтті.

Ақбілектің бедірейе қалғанын көрген соң, Ұрқия ойын білейін деп:

– Сені аман-есен келеді деген тірі жан болған жоқ... Өзіміз де күдер үзіп қойдық... Орыс шіркін өлтіріп тастады ғой деп ойладық: үлкен апамды көзіміз көрді ғой. Құдай сақтайын десе, қайда сақтамайды? Шыбын жаның қалған соң, не керек... – деді.

Ұрқияның «ернінің емеурінінен» оның ойын Ақбілек те біле қойды. Орыстардың неғып жібергенін бұ да естігісі келеді екен деп ойлады. Ұрқия сездірмесе де, ай-жай болған соң, Ақбілек сырын өзі де айтпақшы еді. Бірақ «Мақтанған кісіше не айтам? О бір жақсы нәрсе болса екен...» деп, ішіне сақтап жүруші еді. Енді айтатын орын келді ғой деп, жеңгесіне бастан-аяқ көрген оқиғасын сөйледі. Жеңгесі тамсанып, тыңдай берді. Қара мұрттың атып тастай жаздаған жерін, қасқыр қамаған жерін айтқан кезде: «Ойпырым-ай, ойпырым-ай!..» – деп үрейленіп, әңгіме біткен соң:

– Қалқам-а-ай! Қалқам-ай! Көрмегенді көрген екенсің ғой... – деп таңдайын қағып, басын шайқады.

Бұл сырды тірі жанға аузынан шығармасқа Ақбілек жеңгесінен уәде алды. Содан кейін екеуі бұрынғыдай қалтқысыз дос боп кетті. Оңаша болса, жеңгесі Қарашат жайынан оны-мұны сұрап қояды...

Алайда «Әкем неге түзу қарамайды?» деген жұмбақты Ақбілек шеше алмады. Ол жұмбақтың шешуін Ұрқияның іші сезсе де, Ақбілекті аяп, айтпады. Ақбілек бұл тұрмысқа да жүре-жүре көндіккендей болды, апасының орнына үй шаруасын басқаруға кірісті. Жарылып өлсін бе, қайтсін?..

Мамырбай неліктен баласына салқындады екен? Не ойлағаны бар екен? Әңгіменің бетін солай қарай бұрайық.

Сыртына шығармай, доң айбатпен жүретіні болмаса, Мамырбай ақсақал тегінде балажан кісі еді.

Мамырбай ақсақал да баласының жақсы болғанын бір кісідей тілеуші еді. Тілегені емей немене: заманындағы күрбы-құрдасынан кейін қалмасын, өнер үйренсін, адам болсын, жатқа жалындырмасын... деп, Төлегенін 12 жасында қалаға оқуға беріп еді. 6–7 жыл оқып, ол міне, адам болды. «Жат жұрттық бала ғой, бізбен қанша жолдастығы бар? Оң жақта аз күн тайтаңдап, дәурен сүрсін!» – деген бәйбішесінің тілін екі қылмай, Ақбілегін маңдайға шерткен жан емес еді; оның тана-моншағына, сән-салтанатына дүние аяған жоқ еді. «Жыламайтын теңі ғой» – деп, бәйбіше ұнатқан соң, Ақбілегін Бекболатқа тәуелді қылып еді.

Төлегені түз баласы болғалы, көзіне тоғанақ болып, өзін күтетін, сыйлайтын қарағы Ақбілек еді. Ажары да, мінезі де құлағына жағушы еді. Қақ-соқпен жұмысы жоқ, әдепті, өркенді, салмақты болып өсіп еді. «Құдай бұйрығынан» құтыла алмай, атастырып қойғаны болмаса, Ақбілегін қолынан шығаруға қимаушы еді. «Ең болмағанда, 4-5 жылға дейін бермеспін» – деп, құдасынан мал алуға да асықпаушы еді. Сөйткен Ақбілегі мұндай күйге ұшырады...

Алғашқы кезде ақсақал Ақбілекті өлгенге санап жүрді. Бірақ «өлді» десе де, өлімге іші қимады. Кеше ғана күлкісі бұлбұлдай сайрап, сүйріктей боп өсіп келе жатқан көзінің құрты, алданышы, қуанышы емес пе! Бәйбішенің орны бір үңірейіп қалса, Ақбілектің орны одан да бетер үңірейіп, үйі мүлде қуарып, адыра қалған моладай көрінді. Анау екі жас бала бұралқы күшіктей сенделіп, кірлеп, жүдеубасқа айналып бара жатқанын көргенде Ақбілек тіпті керексіді. О болса,

апасының орнына балалардың үсті-басын қарастырар еді, үйді үңірейтпес, қуартпас еді; қашан бір әйел алып, үйлігін түзеткенше, шаруаға да бас-көз болар еді. Туған-туысқанға не сенім бар? Бәрінің көздегені өз пайдасы.

Бірақ Ақбілегі «барсақелмеске» кетті. Жай кеткен жоқ, сүйекке таңба салып, масқара болып кетті... «Пәленшенің қызы сондай бопты...» – деген атақ мәңгі жойылар ма? Өкесін бүйтіп қор ғып кеткенше Алланың ақ өлімінен кетсе, не арманы бар еді? Ақбілегін жақсы көргені, аяғаны, қызғанғаны, өкінгені, жиренгені, қорланғаны – бәрі араласып, ақсақалдың жүрегінде зіл қара тастай бір бітеу жара пайда болған еді. Өнеугі «Ақтар ұсталыпты» – деген хабарды естігенде, ақсақал қорлықты да, намысты да ұмытып, аталық мейірімі жеңіп: «Ақбілек қайда екен?» деген сөз аузынан қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалып еді. Сол қызудың үстінде кісі аттандырып, сұрау салғызып еді.

Кейде ақсақал оңаша отырып, терең ойға батар еді. «О пақырда не жазық бар?» – деп баласын бір уақ аяр еді. «Оны да құса қылмайын» деп бір ойысып келсе де, оның басынан өткен күндер еске түскенде, Ақбілекті кеудесінен итеріп тұрғандай бірдеңе оның маңына жолатпаушы еді. Бір уақ: «Тезірек құтылсам қайтер еді» деп те ойлар еді. Бірақ қалай құтылар? Бекболат жуырда ала қояр ма? Үйі болса иесіз тұр. Әуелі өзі бір шүйкебас тауып алып, оның қамын содан кейін ойлаған дұрыс қой. Соңғы кезде ақсақалдың ойлап-ойлап тапқан түйіні осы еді.


Мамырбай ақсақал артық бай болған да кісі емес, жоқшылық зарын тартқан да кісі емес. Өзі өз болғалы жаз сауамалы мен бір тоқтысын, қыс бір табақ етін қонағына беріп, әңгімелесіп, күліп-ойнап отырып жегенді – өмірдің бір қызығы деп білген кісі еді. Ауылнай ортасында, болыс ішіне де содырынан қадірі басым, салмақты, тартымды, табанды кісі еді. Ертеде бірер сайлауда би болып, кейінгі уақытта оны тастап, қалаған адамын қарақшы қылып қойып жүруші еді. Әйтсе де, ағайын арасының сөзі ақсақалдың алдынан тараушы еді. Жалаң сөз қуып кетпей, бір жағынан шаруасын да қарап, аттан түспеуші еді. Бата қылған, «қайырлы болсын» айтқан ағайынның аяғы сиреген соң, үйге ие табылған соң, ақсақал бір беткей шаруа жұмысына


кірісті. Қыс болса түсіп қалды, Қарашаның қары жауды. Алмағы, бермегі, соғымы, қаласы, даласы дегендей, орда-шарқы үйдің жабдығы аз ба?

Әлдекей келіп кеткеннен былай, не ғажап екені белгісіз, ақсақалдың Ақбілекке бұрынғы қарасы өзгерді. Баласын жылы тартып: «Қарағым, ананы өйтсейші, мынаны бүйтсейші!» – деп шаруаның, балалардың жайын сөйлесуге айналды. Ақбілек тірілді, әкесін жаңа тауып алғандай болды. Содан кейін ішкен асы бойына тарап, ажары кіре бастады.





Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

 **1-тапсырма.** Романнан алынған үзіндіні оқып, идеясын анықтаңдар. Сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасап, романның прологіндегі шығарманың оқиғасынан хабар беретін детальдарды анықтаңдар.


 **2-тапсырма.** Ақбілек бейнесіндегі жинақтау мен даралауды анықтап, шығармадан үзінді келтіріңдер.


Жинақтау	Даралау	Біздің ой...


 **3-тапсырма.** Романнан қазақтың қыз бала тәрбиесіне байланысты айтылған нақыл сөздерін, фразалық оралымдарды, жазушының жеке пікірін теріп жаз. Автор ұстанымы бойынша бұл тұрақты оралымдардың роман идеясымен қандай байланыста екенін айтып бер.


 **4-тапсырма.** Топта романдағы тарихи-әлеуметтік кезең мен кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктерін талдаңдар. Кейіпкерге деген автордың көзқарасын білдіретін сөздерді теріп, мағынасын түсіндіріңдер.

1-топ	2-топ	3-топ	4-топ
Ақбілек	Бекболат	Офицер	Мұқаш

 **5-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, жазушының стильдік ерекшелігі туралы шағын зерттеу жүргіз. Зерттеуде жазушының тілдік ерекшелігі туралы өз пікіріңді жаз. **Уақыты – 15 минут.**

 **6-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, көріктеу құралдарын тауып, талдаңдар. **Уақыты – 15 минут.**

 **7-тапсырма.** Романдан Ақбілектің қайсарлығы мен өмірге құштарлығын білдіретін тұстарын тауып жаз. Ақбілек мінезіндегі қазақ қызына тән ерекшеліктерді ашатын тұстарын өз сөзіңмен түсіндір.


 **8-тапсырма.** Берілген үзінді романның композициялық құрылымының қай кезеңіне жататынын анықтаңдар.


Түнде шайға оятқанда Ақбілек тұрмай, жатып қалған. Таңертең Ақбілек көзін ашса – үй толған кісі. Оң жағына қараса, немере ағасы Өмір отыр.

– Қарағым-ай! – деп Өмір кемсеңдеп құшағын жайды.


– Ағажан-ай! – дегеннен басқа аузына сөз түспей, ағасын бас салып, солқылдап ағыл-тегіл жылады. Ауылынан келген екі жігіт бірінен соң бірі көрісіп, кеңкілдеп, Күмсінайдың жаман үйін басына көтерді.

Дуана өз жайына кете барды.


 **9-тапсырма.** Өке мен қыз бала арасындағы қарым-қатынас романда қалай көрінеді? Ақбілектің өкесіне хат жазу арқылы бұл қарым-қатынастың ұлттық сипатын ашып көрсет. Өке мен бала арасындағы қарым-қатынас туралы жазылған әлемдік деңгейдегі қандай шығармаларды білесің?


 **10-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді пайдаланып, автор идеясының өмір шындығымен байланысын айқындап, шағын шығармашылық эссе жаз.

Намыс, ата-ана беделі, қыз абыройы, ер азамат парызы, ұлттық қасиет, ұлттық дүниетаным, нәзіктік пен қайсарлық, ұлттық намыс...


 **11-тапсырма.** Берілген кейіпкерлердің мінезі туралы жаз. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы талдай отырып, жинақтау мен даралау туралы айтып бер.

Ұлпан	Шұға	Ақбілек
<i>Кейіпкерлердің ұқсастықтары мен ерекшеліктері туралы өз ойым...</i>		


 **12-тапсырма.** Хрестоматияны оқып, Ақбілектің тағдырының өзгеруіне әсер еткен оқиға мен жағдайды анықтап, өз сөзіңмен айтып бер.

 **13-тапсырма.** Оқулық пен хрестоматиядағы үзінділерді пайдалана отырып, кейіпкерлеріне анықтама бер. Берілген кестені шығармадан үзінді келтіре отырып толтыр.

Ақбілек	
Ақбілектің анасы	
Мамырбай	
Бекболат	
Мұқаш	
Іскендір дуана	
Ақтың офицері	
Ұрқия	
Төлеген	

 **14-тапсырма.** Романның хрестоматияда берілген үзіндісін пайдаланып, кестені толтыр.

Кейіпкер сөзі	Кімге айтқан?	Менің ойымша...
– А, балақайым, алақайым, шырақайым... Қайдан келесің? – деп басын сипады.		
– Шырағым-ау! О кісі апамның өліміне қайғыратын шығар. Сені неге жек көрсін?..– деді.		
– Оқысаң, сен де үйренер едің. Оқи алмай қалдың ғой. Заман оқығандікі көрінеді. Өмірдің қызығы – соларда. Бар тапқанын тамағы мен киіміне салады. Мал жиям деп әуре болмайды. Тұратын үйлері қандай! Саңғырлаған бір сарай.		
– Қарағым, немене? Шөлдеген жоқсың ба? Қымыз іштің бе? – деген сияқты қалбалақтап қалады.		


 **15-тапсырма.** Романда берілген сюжеттер бойынша Ақбілектің мінез ерекшелігін талда. Автордың бұл сюжеттер арқылы қандай астарлы ойды айтқысы келгенін жаз.

Ақбілек – батыл, өмірге құштар,
өмірлік тәжірибесі бар, аңғал, ерке,
ашуланшақ, қорқақ, санасы айқын,
мақсаты бар, өз жолын біледі т.б.

Ақбілек пен
қасқырлар

Ақбілек пен торғай
және жылан

Ақбілек
пен Іскендір
дуана

 **16-тапсырма.** Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романымен салыстыра отырып, әдеби сын жаз. Екі романдағы қазақ қыздарының тағдырына авторлары қандай көзқараста болған? Өз ойыңды нақтылы ғылыми тұжырымдармен дәлелден бер.



ӨБІШ КЕКІЛБАЕВ (1939 – 2015)



Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы (1992) Өбіш Кекілбаев Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Оңды ауылында дүниеге келген. Алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» деген атпен 1962 жылы жарық көрді. «Бір шөкім бұлт» (1966), «Дала балладалары» (1968), «Тырау-тырау тырналар» (1973), «Бір уыс топырақ» (1974), «Құс қанаты» (1975), «Баллада степей» (1975), «Баллада забытых лет» (1979), «Үркер» (1981), «Елең-алаң»

(1984), «Мартовский снег» (1985), «Плеяды – созвездие надежды» (1987), «Заманмен сұхбат» (1994), «Азаттықтың ақ таңы» (1998) т.б. өңгімелер мен повестері, эсселер мен романдары, әдеби-философиялық, публицистикалық жинақтары бар.

Өбіш Кекілбаевтің шығармаларын М. Өуезов, Ш. Айтматов, З. Кедрина тәрізді белгілі қаламгерлер жоғары бағалаған. «Абылай хан» драмасы Қазақ драма театры сахнасында қойылған. Жазушының «Дүние ғапыл» (1999), «Дала балладалары» (2 том, 2001), сондай-ақ «Қазақ классикасы сериясы» бойынша 12 томдық шығармалар жинағы (1999) жарық көрген.

Ол Л. Толстой мен К. Гоцидың, Г. Мопассан мен Г. Ибсеннің, А. Чехов пен И. Буниннің бірқатар туындыларын қазақ тіліне аударған.

Немістің «Фольк унд Вельт» кітап баспасы жүргізген сауалнама хаттамасында оның есімі «XX ғасырдың таңдаулы жазушылары» тізіміне енгізілген. «Үркер», «Елең-алаң» романдар циклі үшін 1986 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. «Құрмет Белгісі» мен «Отан» ордендерінің, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының (2003), Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері, Қырғызстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1995).

Әдебиет теориясы

Көркем әдебиетте уақыт пен кеңістік қалыпты жағдайдан өзгеше көрінеді. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік жазушының дүниетанымы мен авторлық ұстанымына, жеке стилінің қалыптасуына байланысты, шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы қызметін атқарады.

Кеңістік – өлшемі ғасырлармен, дәуірлермен, кейде тіпті мәңгілік ұғымымен астасатын категория.

Уақыт – кеңістіктің бір бөлшегі. Уақыт көркем шығармада бір сәттен бастап, бір тарихи кезеңге дейін алынуы мүмкін. Уақыт пен кеңістік жазушының шығарманың жүйесін құруына байланысты болады.

Көркемдік уақыт. Әдебиет шығармасындағы уақыттың суреттелуі, зейінге алыну, қабылдануының өзгеше сипат-ерекшелігін түсіну үшін көркемдік уақыт деген ұғым бірте-бірте қалыптасып келеді. ...Реалды уақыт – бұл уақыттың өмірдегі нақтылы қалпы. Оның басты өзгешелігі – объективтілік сипаты. Реалды уақыт үздіксіз өтіп жатады және үнемі алға, біркелкі жылжиды. Ал енді осы уақыт бар да, оны адамның сезіммен қабылдауы бар. Бұлардың өзі екі түрлі сипат алуы ықтимал. Біздің сезінуімізде уақыт кейде ақырын, кейде жылдам ауысқандай болады. Ал әдебиет шығармасында уақыттың жылжуы уақиғаның суреттелуіне байланысты бірде жедел, бірде баяу болып, кейде тіпті үзіліп кетіп отыруы ықтимал. Ал тағы бірде уақиға аяғынан басталып баяндалса, жазушы уақытты кейін қарай жылжытып көрсетуі де мүмкін. Сонымен, әдебиет шығармасында автордың, кейіпкерлер мен оқушылардың уақытты қабылдау ерекшеліктері ескеріледі. Көркемдік уақыт әдеби шығарманың танымдық мүмкіншіліктерін, әсерлілігін арттыра түседі. Мысалы, «Абай жолы» эпопеясын алсақ, мұнда жарты ғасырға таяу мерзім алынған. Абай оқырман онымен алғаш кездескенде 13 жаста болса, кітап аяқталған тұста 60-қа таяп, дүниеден қайтады. Осы мерзім кітапта үздіксіз суреттелмей, кейде жазушы арада бірнеше жылдар өтті деп, бір талай уақытты аттап кетіп те отырады. Ал бірақ кітаптағы көркемдік уақыттың көлемі әлдеқайда кең жатыр. Ондағы өткен замандағы өмір суреттерін еске алсақ, ескі аңыз-жырдағы оқиғаларды ескерсек, кітаптың уақыттың сыйымдылығы әлдеқайда мол екенін аңғарамыз. Оның үстінде, роман-эпопеяда маңызды тарихи кезең алынып отырғанына және назар аударалық.

З. Ахметов

Көркем әдебиет – уақыт пен кеңістіктің шағын моделі. Оны дүниеге әкелу үшін де мекеншақ (хронотоп) өлшемі керек, оның мазмұндық құрылымы да әр алуан мекеншақ қатынастарына негізделмек. Шығарманы қабылдау кезеңдері де мекеншақ ерекшеліктерімен сабақтас.

Б. Майтанов

АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ

(романнан үзінді)



Бас шебердің зынданға түскені жайлы хабар шаһар ішін бір дүңк еткізді де, басыла қалды. Өбден ажалы жетіп тұрған қураған шөпке от тигендей тез тұтанды да, тез сөнді. Бір-екі күн бойы өлген әкелері тірілгендей екі езуі екі құлағында келетін жансыздардың қабағы қайта салбырады. Үлкен ханымның сарайы сол баяғысынша тым-тырыс. Өмірші есігінен аттаған адамның аузына телміреді, әр қимылын көзімен тінтіп сыр тартқысы келеді. Тіпті дастарқанға қойылған тамақтан да, салынатын төсектен де, қызметшілері күнде жаңартып әкелетін киімдерден де әлдеқандай түспал іздейді. Бірақ ешқайсысынан да назар аударта қоятындай нышан байқамайды. Бәрі де тап-тұйнақтай. Енді оған қызметшілері бұның көңілінің қалтарыс түкпірінде жатқан ең бір тұңғыық

құпияны түгел біліп ап, бұның ойына күдік шаптырмаудың айла-амалын қарастырып жүргендей көрінеді. Тіпті күні бойы шаһарды шарлап қайтатын жансыздарының өзі бұның жанын жараламасқа естіген жайсыз хабарларын жасырып, өншейін көңіл алдарқатар бірдеңелерді әдейі айтып келетін секілді. Шынында да, мұның шамына тиетіндей сөлекет хабарды олар естісе де, тістерінен шығара ма? Өйтіп өле алмай жүр дейсің бе? Ендеше, елден естідік деп айтып келетіндері шетінен шып-шылғи өтірік.

Шаһардың халқы мынау жұмбақ мұнараны әлдеқашан-ақ сан саққа жүгіртіп қойған. Олар мұнараның күлімдейтінін де, жас шебердің жазаға қалай ұшырап жүргенін де, бас шебердің ойда жоқта зынданға қамалу себебін де жақсы біледі. Қажет десеңіз, Ұлы Өміршінің жорықтан қайтқалы Кіші ханымның сарайынан аттап шықпай қойғанының сырынан да хабардар...

Өмірші осыны ойлағанда, әлдекімнің сұғанақ қолы шымбайына батыра шымшып алғандай ыршып кетеді. Орнынан атып тұрып бөлме ішінде сенделіп жүреді, жүреді де, байыз таба алмай бақ кезеді. Өзінен басқа тірі жан аяқ баспайтын, оңаша бақта да мың сан көз оны тасадан бағып, көз жазбай аңдып тұрғандай көрінеді. Ол көп жүрмей бөлмесіне қайта оралады. Әлдекім желкелеп әкеп, осы бір төрт қабырғаның ортасына қамап кеткендей, ешқайда аттап шыға алмайды. Құлыпсыз түрме, кісенсіз тұтқын. Ол үшін ендігі тірлік түп-түгел түрмеге айналғандай. Оған ең азы, кез келген жұмыр басты пенденің көлденеңнің көзінен тасадағы азын-аулақ еркіндігі де бұйырмаған. Әр адымы санаулы, әр сөзі аңдулы. Былайғы пенденің бәріне тән қарапайым тілек, іңкәр атаулы оған жат. Өйткені ол жұрт таңғалмайтындай ештеңе істеуге тиісті емес. Жұрт секілді қарапайым іс істесе, жұрт секілді қарапайым сөз сөйлесе, көбік ауыз көп қара таяқтың табасына ұшырайды. Бұның ашса алақанында, жұмса жұдырығында жүріп қалған қара тобыр күні кеше төңір тұтып, аузына қарап жүргендері өздері сияқты жай өншейін пенде болып шыққанын көрсе, тұлындарын түтеді. Баяғыдан бергі алданып келген ақымақтықтарының өшін табамен қайырады...

Ой, шіркін, баяғыдағы бір замандар болса, дәл қазір қара тобырға қас қылғанда ұлан-асыр той жасар еді. Байтақ шаһар түгілі төңірегіндегі өз әулеті мен әмірлерінің не ойлап, не қойып жүргенін біле алмай пұшайман. Олардың басын қайтып қосса екен... Шынында да, мына мұнара оның бетіне шіркеу болған тәрізді. Бұның осы бұншама бүгежектеп қалғаны несі? Қанша дегенмен жалпақ жаһанды қалтыратқан қаһарлы хан аты бар емес пе? Сол немелерді жиып ап, бетпе-бет кездесіп, көздеріне неге үңіліп көрмейді. Оның үстіне мынау тас қамауда қашанғы қамалып отыра бермек. Басқаны былай қойғанда бауырынан шыққан шұбар жылан Кіші ханым мен әр адымын аңдып, тың тыңдап жатқан бәйбішесіне, солардың соңындағы көп шуылдақ нөкерге таба болмай, серпілмей ме бір... Өзі не істесе де, ауыздарын ашып, айран-асыр қылатын қор көкірек көп надан, бәлкім мұның бұл қылығына да жерден жеті қоян тапқандай таңғалар. Ең болмағанда, әйтеуір, өз төңірегіндегі көп шуылдақтың көңілдеріне не қашып жүргендерін аңғарып қайтады ғой.

Ертеңіне Әмірші бас уәзірді шақыртты. Бас уәзір есіктен бүгежектеп өрең аттады. Бір қараса ар жағындағыны түгел көріп қоятын бадырақ көзін жерден көтерген жоқ. Әмірші бұйрығын айтып бола бере, құлдық ұрып шығып кетті. Әміршіге көрі түлкінің дәл мынадай қорғалақтап қалғаны ұнамады. Өз ойындағы күмән шын боп шығып жүрмесе қайтсін. Сарай маңындағылар Әміршінің кейінгі қылықтары неден өрбіп жатқанынан түгел хабардар емес пе өзі? Өлгі түлкі бірдеңеден сыр алдырып қалам ба деген кісіше кетуге асықты ғой. Өңінде бір үрей бар сияқты. Өлде бұдан өзі жоқта мынандай сұмпайы мұнараны неге салдырдың деп, бас шебердің кезін кигізіп жүре ме деп қорықты ма екен? Ол да мүмкін-ау! Қап, өзін жібермей ұзағырақ ұстай тұрмаған екен. Көп адам мұның үнсіз сотына шыдай алмай, қипақтап бітетін. Ол бас уәзірді тағы көргенше асықты. Одан басқа сарай адамдарын да, балалары мен әмірлерді де тезірек көргісі келді. Олар да өлгі бас уәзір құсап бүгежектер ме екен, жоқ па екен? Егер олар да жаңағы құсап, бастарын іштеріне алып, қорғалақтай бастаса, бірдеңені білетін болғандары...

Төрт-бес күннен соң Ұлы Өмірші аңға аттанатын болды. Үйір-үйір аңшы иттер, тазылар, садақшылар, Өміршінің қарақұрым жеке нөкері, аспаздары мен қызметшілері, аң үркітетін кернейшілер мен дабылшылар ұзын-шуақ керуен астанадан шығып, ту-ту көз ұшында еміс-еміс көгеріп жатқан зеңгір тауларға беттеді. Бір күншілік жол жүріп керуен тауға да жетті. Сарай адамдары, әкімдер, қолбасылар, Өмірші әулеті ақар-шақар шындардың арасынан арсы-гүрсі құлайтын жойқын өзеннің бойындағы ну жынысты қойнауға шатырларын тікті. Тау арасы мен өзен бойындағы жыныстарды түгел сүзіп шығатын болды.

Қызылды-жасылды керуен, жүзіктің көзінен өткендей сүлік сәйгүліктер, бес қарулы беліндегі сәнді саптар бұның баяғы бір шарасына толып шалқып жүрген дәурендерін еске түсіргендей. Жазықта миыңды шағып тұрған шақар шілде тау қойнауына кірген соң, қайратынан айырылып қалыпты.

Тау бойына қонған күні Өмірші ағыл-тегіл дастарқан жайды. Жұрт қанша дуылдасқанмен, Өміршінің құлағы елең етердей ештеңе аңғарта қойған жоқ. Бәрі де сол ертең басталғалы тұрған аңшылықтың жайы. Ат мақтаған, ит мақтаған, құс мақтаған кеу-кеу. Мергендіктерін салыстырып қызарақтасқан мақтан әңгіме. Өмірші айналадағы абыр-сабырға құлағын тоса отыра ренжірін де, қуанарын да білмейді. Өлденеден алданып қалған адамдай, қабағын салбыратып, тұнжырай түсіпті.

Сол күні түнде де көз іліндіре алмады. Аңшылыққа қонған самсаған көп шатырда сес жоқ. Маңай тым-тырыс. Сыртта маужыраған жазғы түн. Саф ауа, өн бойын ал-сал албыратып бара жатқан бал шарап. Ертеңіне ертемен басталғалы тұрған ду-ду сайран. Одан артық қандай рақат керек. Көрші шатырлардан қор-қор дыбыс көбейді.

Өміршінің жақсы көретіні осындай түндер, осындай өмір. Сонау Байтақ шаһар мен қыстақтардың шым-шытырық махаллаларына тарап-тарап кеткеннен кейін соңындағы мынау көк найзалы қарақұрым қол түзеп жүрген көп еркек әрқайсысы бір-бір қатер, бір-бір үрейге, ең құрығанда бұл жайында аузына не келсе, соны оттап отыратын бір-бір көкімеге айналады. Ал қасында жүрсе бәрі жіптіктей, бәрі момақан. Қасы

мен қабағына қарайды. Кейде тіпті олар бұның шетсіз-шексіз көп үрім-бұтағы секілденіп кетеді. Өншейіндегі бейбіт өмірден бір елі аттап шыққан соң, бәрі бірдей бұны паналап, бауырына кіре түскендей. Міне, айлы түнде, жан-жағынан анталаған ақар-шақар шындардың арасында, бабасының төсегін шыр айнала қоршап алып ұйықтайтын тентек немерелердей қаннен-қаперсіз қорылдасып жатыр. Аңғар табанындағы ағын су солардың құдіретті қорылымен бөсекеге түскендей, түнгі тыныштықты басына көтере сарқырайды. Оның сергек құлағы жұп-жұқа жібек шатырдың ар жағындағы ұлан-асыр дүниедегі сәл сыбыс, сәл сыбдырды қалт жібермей қағып ала қояды. Жүйкеңді тікен боп шағар, кірпігіне тіреу боп қадалар бөгде дыбыс жоқ. Түнгі тыныштық тамылжып-ақ тұр. Бірақ көзіне ұйқы үйірілмейді. Айналадағы жыныс арасынан аң иісін сезе ме, оқшау қостағы тазылар қайта-қайта қыңсылай береді. Шатыр сыртында құлаққа естілер-естілмес қыбыр көп. Өлдебір жәндіктер жыбыр-жыбыр түнгі тіршілігіне кіріскен. Өлдеқайдан шілделік шырылдайды.

...Бірақ Өмірші өне бойын балбыратып бара жатқан жым-жырт түннің жұмбақ рақатынан айырылғысы келмеді. Өлгінде ғана өзін пейіштің төріндей бір жайлы мекенге бастай жөнелген тентіреуік соқпақты қайтадан тауып алды. Ол оны мынау аңшылық алдында алаңсыз қорылға басқан қостан, күдік пен күмәнді кезек күшқан пұшайман тіршіліктен біржолата алыстатып, өлдеқайда жетелеп барады. Енді бұл өмір, бұл өңірге ешқашан оралтпастай...Ол мынау қарғыс атқан қағынды өлкеден алыстаған сайын басындағы зіп-зілдей төжден, үстіндегі оқалы киімнен арылып, тұла бойы жеңілдеп бара жатқандай көрінді. Бір уақытта, тіпті, иығындағы лыпа ихрамға* айналып кеткен екен дейді. Ақ майса топырақты жалаңаяқ борп-борп басып келеді. Көз алдында бұл бұрын көрмеген бейтаныс өлке. Күн мен жел мүжіп тастаған қоңыр таулардың ортасында шағын шаһар жатыр. Соған қарай ұзын-шуақ көп тобыр жөңкіліп барады. Соңдарында ілбіп бұ да келеді. Өлдебір сөздерді қырық қайтара қақсай бергендіктен тамағы құрғап, дауысы қарлығып қалыпты. Қанша айқайласа да, үні шықпайды. Тек еріндері ғана жыбырлайды. Алдынан кесе-көлденең түсіп жатқан

қара сұр жота көрінді. Жұрттың бәрі соған қарай емпеңдей жөнелді. Түс ауа олар өлгі жотаға да жетіпті. Жотаның басына үстіне кілем жапқан ашамайлы аппақ желмаяға мінген ақ сәлделі біреу көтерілді. Түйеден түспеген күйі, тізесінде жатқан кітапты ашып, күңіреніп оқи бастады. Күңіренген қою дауысы оқтын-оқтын үзіліп кетеді. Сол кезде ихрамның етегін қолдарына ұстап, желпіп тұрған көп тобыр:

– Хақ тағала, қай қызметіңе де әзірміз,– деп шу ете қалады. Мұндай құлдық ұрған сөздерді өзгелерден естігенмен, өзі айтып көрмеген Әмірші қапелімде аузы илікпей, жамырасып жатқан жұртқа көптен соң барып қосылады. Қасындағылар ағыл-тегіл жылап тұр. Бұның көлденең көзге сыр алдыртпаймын деп, көн боп қатып қалған сұп-сұр бетінде бір тамшы жас көрінбейді. Кеңірейіп тұрғанын біреу-міреу аңдап қалмасын дегендей жұрт айтып жатқан ұзын сарынға қосылып, жерден басын көтермеген күйі ол да әлдене деп ернін жыбырлатады. Түйенің үстіндегі ақ сәлделі кісі алдында жатқан кітапты жауып, қолын жайып бата қылды. Жұрттың бәрі жер тізерлей кетті. Батадан соң қара сұр қыраннан ине шаншар жер қалдырмай жыбырлап тұрған көп халық етектегі қойнауға қарай лап қойды. Бір жерде бұ да келеді. Өкпесі өшіп барады. Бірақ жұрттан қалып қоймайын деп ақ тер, көк тер боп жүгіріп келеді. Бұлар жотадан түсе бере әлдеқайдан ызы-қиқы саздар сарнап қоя берді. Аспанда жарқ-жүрқ оттар атылды. Көзіне түскен кең қойнауға қаз қатар тізіліп тұрған ағаш мұнараларға әлдекім от берген бе, шырадай маздап лаулап жанып жатыр. Шошақ-шошақ төбешіктер арасындағы иір-иір қойнаулар быжынаған отқа толып кетті. Кең алқапқа самсай қонған шатырлар түнгі алаудан әр алуан шұғылаға малыныпты. Осынау мидай қайнаған алабажақ дүниенің ортасында о да таң атқанша сенделіп шықты.

Ертеңіне кешегі ақ түйелі адам тағы да дұға оқыды. Жұрт тағы да жапа тармағай намазға ұйыды. Намаздан соң тағы да етекке қарай жөңкіле жөнелісті. Қойнауға кіре берістегі жол ортасындағы қаққан қазықтай қара тасқа әркім қалтасынан жүгерідей-жүгерідей жеті қара тас алып лақтырды.

Тайқазандар түсірілді. Иін тіресе жайғасқан қарақұрым халыққа табақ-табақ ет тартылды. Ертеңіне жұрт шатыр-

ларынан шықпай күнұзаққа дем алды. Араға тағы бір күн салып барып ойпанда жатқан шаһарға беттеді. Түске таман шаһарға жетті. Қарсы алдарынан мысырлықтар алып келген су жаңа қара перде жабылған Қағба көрінді. Жұрт Қағбаның дәл қасына кеп тоқтады. Өлдекім бірдеңені дарадар айырып жұртқа үлестіріп беріп жатты. Ол төбәрікке жыртылып жатқан Қағбаның бұрынғы шымылдығы екен. Анадайда қари уағыз айтатын мәрмөр мінбер ағараңдайды. Зәмзәмнің құдығының үстіне шағын күмбез орнатылыпты. Ол да жапа-тармағай қол жайып жатқан жұртпен бірге дұға қылды. Сосын Қағбаның қара тасының қасына барып тұрды. Қара тастың үстіңгі беті жұрттың ерні мен қолының табынан жып-жылмағай боп жылтырап қалыпты: ал астыңғы беті қаралтым, қызғылт дақтары мол, тарғыл-тарғыл. Өзгелер еріндерін апарғанда былқ етпестен жатқан қара тас бұл еңкейе бергенде, бір қапталға қарай жылысып кетті. Қолын ұмсынып көріп еді, о да жетпеді. Көк желкесінде итермелеп тұрған көп тобыр оны қара тастың қасынан ысырып, ығыстырып әкетті. Ол үрдіс бойынша екі иығын жоғары-төмен қиқақтатып, бүлкілдей жүгіріп, Қағбаны үш рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын қара тасқа еңкейеді, ол бұдан қашқақтап, әрмен жылысып кетеді. Енді жүрісін баяулатып, жай аяңмен Қағбаны тағы да төрт рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын қара тасқа иілгенмен, ол бәрібір маңайлатпай қойды. Өзге жұрт аузы жетпесе, қолдарын тигізіп жатыр. Бұл дегенде, қара тас ойнақшып орнында тұрмайды.

Ол енді жұртпен бірге ауланың ішіндегі Қағбаны салған Ыбырайым пайғамбардың қабіріне барып тағзым етті. Зәмзәмнің құдығынан су тартып ішті. Киелі құдықтың суы бір түрлі алғаулы екен. Ішкен сайын өңешін шоқ боп қарып жатқандай.

Жұрт Қағбаның ауласынан шығып, анадай жерде бір-біріне қапталдаса сұлап жатқан егіз тау Саф пен Мәруға қарай бүлкілдей жөнелді. Бұ да еріп келеді. Көз алдынан маңына бұл жоласа болды, сырғанақтап бір орнында тұрмаған қара тас кетпей қойды. Иығына алғаш ихрам ораған күннен бастап, қажыға келген кісіге шартты көденің бәрін істеді;

Ғұсылын да, намазын да қаза жіберіп көрген жоқ; тырнағын бояттырып, өне бойын ібіліс ластықты қуып шығады дейтұғын киелі маймен сылаттырды; үмраны уақытылы атқарып, ишарға ақ түйе атады. Қағбаның ауласына жерленген жүзден астам пайғамбардың қабірінің қай-қайсысын да атаусыз қалдырмай, бастарына садақа байлаған-ды. Иығында иһрам барда қан төккен, жеміс жеген, айнаға қараған, көңіліне қара не күнә қашқан жері жоқ; өңі түгіл түсінде жанына ұрғашы жолап көрген емес. Сөйте тұра қажы атанып, басына сәлде орайтын шақта киелі қара тас қақпайлап мұны маңына жолатпай қойды. Ол мынандай ауыр жазаға қай пиғылынан тап болғанын біле алмады. Қасиетті Мекке топырағын аттап, үмра мен хажының барша жол-жорасын түгел атқарған, Қағбаның қара тасын сүйген мұсылманның қай күнәсі де кешіріледі дейтіндері қайда? Зәмзәмнің суы көкірегін сілтідей жидітіп бара жатқаны несі?

Ол алдында бүрқ-бүрқ шаң көтеріп бүлкілдеп бара жатқандардың соңынан қызыл танау боп салып ұрып келеді. Тамағы құрғап, тынысы бітіп қалды. Көз алдынан сол баяғы тарғыл-тарғыл киелі тас кетпей қойды. Ол мұның алдына түсіп ап, шарықтың тасындай шыр көбелек айналып, қашып бара жатыр екен дейді. Қанша құғанмен жеткізер емес.

Шұбырған халықтың алды баяғыда Ыбырайым Қағба салып жатқанда жалғыз ұлы Ысмайылға бір жұтым су таба алмай әйелі Ағөрдің жеті рет айналып жүгіріп шыққан Сафпен Мәрудің арасындағы қойнауға жетті. Екі өкпесін қолына алып, бұл да келді. Жан дауысы шығып: «Хақ тағала, қай қызметіңе де өзірмін», – деп айқай салып келеді. «Тек жұртқа жасаған мейірімінді маған да қия гөр», – деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыркөбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген Қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған бәрібір жеткізер емес. Ол дауысым Алланың құлағына тимей жатыр-ау деген кісіше, құрғап қалған көмейін қаттырақ кенеп, бар күшін салып, айқайлады: «Ләббай...»

Өмірші әлдебір әжептарқы дауыстан оянып кетті. Жібек шатырдан жұқалаңытып күн көрінеді. Шамасы таң әлдеқашан атса керек. Сырттағы жұрттың күбір-күбірі құлағына

талықсып жетеді. Өмірші қасындағы кішкене қоңырауды сыңғырлатып еді, есіктен қызметші кірді. Аң аулауға лайық ықшам киім өзірлепті. Ол киініп сыртқа шыққанда, күн тұсау бойы көтеріліп қалған екен. Аттың бөрі ерттеулі. Аңға қосатын тазылар, дүрегей төбеттер, бөрібасарлар мен аю алатын салпы ауыз арландар алақызып, жұлқынып қояды. Құсбегілердің қолындағы бүркіт, қаршыға, ителгі, лашындар таңғы тыныш ауаны бастарына көтеріп, жыртына шаңқылдасады. Мұнарсыз таңда қарлы шыңдар айнадай жарқырайды. Төңірек тып-тыныш. Тек төменнен, аңғар табанынан тау өзені күркірейді. Мынау бес қаруы белінде, құс ұстап, ит ерткен қаһарлы қалың дүбірден өздеріне ешқандай қауіп жоғын білетіндей, кішкене жыршы құстар жақ жаппай сайрайды. Олардан басқа аң мен құс әлдеқайда жымып кеткен. Өмірші анадай жерде қаз-қатар тізілісе қалған игі жақсыларға көзі түсті. Олар қоғадай иіліп, тағзым етіп жатыр. Өмірші солғындау сәлем мезірет жасады да, екі нөкер жігіті ұстап тұрған атына қонды. Садағын асты. Шоғыр-шоғыр жұрт үзеңгіге аяқ салысты. Кернейдің дөрекі үні қойнау үстінде көлкіп тұрған көк шәйідей көк ніл ауаны дар-дар жыртып, барқырай жөнелді.

Соңдарына кернейшілер мен дабылшылар ерткен аң қайырмалайтын шолғыншылар елдің ең алдымен аттанды. Олар топ-топ боп, аң жатар жыра-жықпылы мол, жынысы қалың ұрымтал тұстарға беттеді. Олар жол-жөнекей аң ұшырасса, игі жақсылар қапыда қалмайтын ашық алаңқайларға айдап шығады. Өмірші мен игі жақсылардың көк желкесінде көлденең қауіптен бас-көз болатын көп нөкер келеді.

Өміршіде үн жоқ. Қасындағылар да тым-тырыс. Олардың қасы мен қабағына қарап, құрақтай құлап құлдық ұрып жататыны әншейінде Өміршіні масаттандырып тастайтын-ды, бұл жолы көңіліне көк тікен боп қадалып келеді. Осы бір өңшең мүләйім жанар бұны бір түрлі мүсіркеп келе жатқаннан сау ма? Өмірші үшін одан асқан қорлық бар ма? Дәл мынандай тымсырая қалғандарына қарағанда, бұл немелер мұның жанын жеп жатқан жегі құрттан хабардар сияқты. Әншейінде аңшылық десе, қай-қайсысың да аяқ-қолы жерге тимей, делеңдеп кететін еді. Бұл жолы бөрі сап-салмақты

бола қалыпты. Тіпті, күні кеше ғана дастарқан басында қауқылдасып отырған-ды. Бүгін енді аяқастынан бөрінің де аузына қақпақ орнап, сілтідей тына қапты. Өлде бұның манағы ұйқыдан шошып оянған әжептарқы дауысын естіп қойды ма екен... Естісе, Өміршінің әлденеге қамығып жүргенін, әрине, түсінеді. Ендеше, олар өз билеушілерінің түсінде ұйқысырап Аллаға жалбарынғанын іштерінен неге жорып келеді екен...

Ол селт етпеді. Арна бойындағы қалың жыныстың тасыртұсыры тым көбейіп кеткен тұста барып, бас үзірге иек қақты.

...Өмірші жылғаға жеткен соң аттан түсті. Нөкерлері де аттарын ұстап аңтарылып тұр. Қамыс арасындағы кішкене бұлаққа беттеген бұның соңынан ере жүруге батылдары бармай, орын-орындарында тұрып қалды. Ол қамыс арасына кіріп, бұлақтың жиегінде жатқан оңаша дөңбек тастың үстіне отырды. Таудың тап-таза суын алақанымен іліп алып, беті-қолын шайды. Сосын мойнындағы садағын ап, қасына қойды. Белбеуін босатып, тас үстіне жантайды. Көптен бері түзде жүріп, дәл бұлай оңаша кетіп көрмеген-ді. Бүгін таң атқалы ешкімді көргісі келмейді. Сол бір сасық ауыз көп тобыр сыртынан не десе, о десін, тек көзін сатып қасында отырмаса болғаны. Өйтпесе бұл олардың жүзіндегі әрбір болмашы қимыл-қыбырды аңдып, жүйкелеп бітеді...

Мұның көкірегіне орнап қалған бір тымырсық қапырық бәрібір айығар емес. Есіне таң алдында көрген түсі оралды. Анау қарлы шындар түсіндегі Арафе мен Мұздалифтің, Саф пен Мәрудың күйген бауырдай қоп-қоңыр шоқыларына, көп шуылдақ қиқу салып аң қуып жүрген көк жасыл қойнау аяғыңды бассаң бұрқ-бұрқ шаң ұшқан Мин алқабына атымен ұқсамайды. Алайда түсінде көрген өңірдің шаң-тозаңы, ыстық жалап кеткен топырақтың көңірсік иісі көкірегіне біржола орнап қалғандай. Ғұмыры көрмеген алыс өлкенің көз алдына тап осынша анық сайрап келе қалғанына қайран қап отыр. Өлде қажыға сан рет барып қайтқан пірінің әңгімесінің әсері ме екен. Кешелі-бүгін ойына да алмаған жер түбіндегі киелі өлке бұның түсіне неге кірді? Өлде ата-баба бұған басындағы мына дағдарыстан қалай шығудың жолын меңзеді ме...

Ал сонда түсінде күлді-көмеш фәни тіршілікте күнәға талай батқан былайғы жұрттың ешқайсысына бұл етпестен тып-тыныш жатқан Қағбаның қасиетті қара тасының бұл жуып кетсе болды, маңайлатпай, сырғанақтап шыға келетіні несі? Әлде ар жағындағыны айтқызбай білетін Жаратқан иенің қырағы көзі бұның көкірегіне мықтап орнығып алған, өзі тектестерге менсінбей қарайтын астамшылық сезімді аңғарып қалды ма екен?

Өмірші сол ел қатарлы елеусіз тіршілікке, шынында да, қатты қызығып еді. Түнде көрген түсі де желеп-жебеп жүрген ата-бабаның әдейі аян бергені шығар. Есіне енді түсті, туатын ай – жұрт қажыға баратын зұлқадж екен.

Өмірші тезірек пірге жолығып, түнде көрген түсін жорытып алғысы келді. Мынау ырду-дырдуды дереу тоқтатып, шаһарға оралуға асықты. Осы қазір өзек бойынан шыққан бетте-ақ дабылшыға дабыл бергізеді.

Ол астындағы қара тастың қабырғасына батып бара жатқанын енді ғана байқап, екінші бүйіріне аударыла беріп еді, қалың құрақты жапыра-мапыра жақындап келе жатқан жойқын сытыр естілді. Мұның қимылдағанын сезіп қойды ма, құрақ арасындағы дүсір пышақ кескендей басыла қалды. Ол бойын тіктеп түреген отырды. Көзіне жасыл құрақтың арасынан тарғыл-тарғыл бірдеңе шалынғандай болды. Сол-ақ екен, мұның көріп қойғанын сезіп, одан әрі бой тасалағысы келмегендей әлгі тарғыл неме жасыл құрақтан ытқып шықты. Жолбарыс... Мысықтабандап жақындап келеді. Мұның жон арқасын оқыс қармай қалған мұздай суық бірте-бірте тарай бастады. Тіпті шынтағының түбінде жатқан садағына да қолын созбады.

Кешегі түсін енді түсінгендей болды. Кез келгенге шөп-шөп сүйгізіп жатқан қара тастың мұны маңайлатпай қойғаны мынандай тосын ажалға көрінген екен. Бәсе, елден ерек ғұмыр кешкен бұның ажалы да, кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейтіндей өзгеше болса керек-ті.

Жолбарыс жақындап қалды. Ол алла тағаланың мынадай түпсіз тұңғиық құсаға тұншықтырып қоймай, есіркеп жіберген ақ өлімін асыға тосты. Қазір ол көптен бері көкірегінің басына шөгіп бүк түсіп жатып алған зіл батпан қапырық

қападан біржола құтылады. Жан-жағынан жалаңдай қарап, әр адымын аңдып отырған сұқты көздердегі сұғанақ таба да жым-жылас жоғалады. Не бір сұмдықтарды айтып сусылдай жөнелгелі отырған сумақай ауыздарға да құм құйылады. Бұның қит еткеніне аузын ашып, көзін жұмып отыратын қара тобыр бұдан былай ала бөтен өлімін де ауыздан-ауызға, елден елге, ғасырдан ғасырға көшкен сайын есе, өркештене түсетін күпіме аңызға айналдырады.

Жолбарыс құлағын жымып тақала түсті. Кенет жонын күдірейтіп жата қалды. «Қазір атылатын шығар» деп ойлады Өмірші. Анау топырақты мытып қысып алған пышақ тырнақтар қазір мұның өңешіне жармасады. Анау үн-түнсіз ақсиган тістер қазір мұның шекесінде ойнайды. Кенет жолбарыстың жон арқасы дір ете қалды да, мұның оң жақ иығына мойнын бұрды.

Бақса, бұның нөкерінің бірі жұлге бойына шыға кеп, жолбарысты көріп абдырап тұрып қалыпты. Бір уақыттарда барып есін жиып, жалма-жан садағына жармасты. Өмірші жанында жатқан садаққа сонда қол созды. Қанды ажалға кезеніп тұрған нөкер жігіт тарғыл тағының орнынан атыла бере, сылқ құлап түскенін көрді. Айран асыр қап қаруын төмен түсіріп еді, аспай-саспай садағын асынып жатқан Өміршіні көзі шалды.

Өмірші жайлап басып жайрап жатқан олжасының қасына келді. Қақ жүректен оқ тиген жолбарыс атылуға мұршасы болмай, жер бауырлап жанталасып жатыр. Өмірші тосыннан тап болған өз ажалының ойда жоқта мүлт кеткеніне өкінді ме, әлде өз қанына өзі малшынып азап тартып жатқан аң сұлтанын аяды ма, күрсініп қойды. Артынша-ақ, неге екенін өзі де аңғармай бір мырс етті. Шамасы, тарғыл тажалды нөкерінен бұрын өзі атып түсіргеніне масаттанып тұрса керек, әйтпесе, ол сығырың ертең Өміршіні ажалдан өзім арашалап қалдым деп кеудесін қағады ғой.

Өмірші өзек бойынан шықты. Ат ұстап тұрғандар жалма-жан жұлге бойына жүгіріп барып, Өмірші атып алған жолбарыстың терісін сыпырып, қауқылдасып жатты.

Сол бір кеу-кеу әңгіме, ұлы падиша туралы жаңа лақап, сол күні аң қуа барғандардың аузынан түскен жоқ. Ертеңіне

Өміршінің тосын пәрменімен Байтақ шаһарға қайтып келе жатқанда да айтқандары тек сол болды.

Өмірші жақ ашқан жоқ. Томсарған күйі ой үстінде келеді. Кештетіп шаһарға жетті. Өмірші сарайға оралған түні де таң атқанша дөңбекшіп шықты. Аңшылықта жүріп көрген түсі мен қанияда тап болып оққа ұшқан жолбарыс онсыз да шытырманға айналып бара жатқан тіршілігін бұрынғыдан гөрі де түсініксіз, бұрынғыдан гөрі де жұмбақтандырып жіберген тәрізді.

Не де болса, бір шешімге бел буатын кез жетсе керек. Жаратқан иенің туралап жіберген ажалынан да өзі арашалап қалғанына қарағанда, бұдан бір түбегейлі шешім күтетін тәрізді. Бірақ ол қандай шешім болмақ... Түсінде көргеніндей – басындағы тәжді тастап, сәлде ора дей ме... Әйтеуір, мынау сарайдағы бұқпантай тірлік бұны мезі қып бітті. Не де болса, пірге жолығып, түсін жорытпай болмайды. Көптен бері ат ізін салмап еді. Өкпелеп те қалған шығар.

Ертеңіне күн қызбай тұрып, күймеге отырды. Байтақ шаһардың оңтүстік шығыс бетіндегі қаспақ-қаспақ қырандарға қарай беттеді. Мынау алқап та әлгі түсінде көрген өлкеге өте-мөте ұқсайды екен. Мұнда да күйген бауырдай қоңыр шоқылар... Жақпар-жақпар қара жартастың көлеңкесінде ақ сәлделі қария отыр. Етекке салдыратып шауып кеп, түсіп жатқан ылдырмақ-шылдырмақты салтанатты күймені көрсе көріп те отырған шығар, бірақ селт еткен жоқ. Сол құбылаға жүзін тосып телміріп отырған қалпынан қыбыр етпеді.

Өмірші қасындағы нөкерін етекке тастап, киелі үңгірдің аузында көлеңкелеп отырған көрі піріне ылғи да тек бір өзі ғана көтерілетін. Бұл жолы да сол әдетімен биік шоқының басына жаяулатып шығып келеді. Қандай алыс сапарға аттансын мейлі, қандай падишаның тәжі мен тағына сұқтансын мейлі, ол қай жорығын да әуелі осы бір біраз жерге дейін құмақтатып барып, сосын бірдей тайғанақ саз шаппа биікке тіп-тіке өрмелейтін бұралаң соқпақтан бастаған-ды. Ол қай дұшпанымен ұстасарда, ең алдымен сонау жақпар жартастың түбінде көрі күшігендей шөміп отырған шынашақтай қара шалдың шоқша сақалын бір сипатып батасын алатын. Сосын

Байтақ шаһардағы ең үлкен мешітке барып намазға жығылатын. Алыс жорыққа сосын аттанатын. Сол алыс сапар, қиын жорықтардың қай-қайсысында да жанына ауыртпалық түсіріп, қиналатын жер осы бір жаяуға жеткізіп болмайтын жандатпа бауырды. Өркімдердің тақасы тиіп, жылмағайланып қалған саздақ соқпаққа өкшесі тұрмай тайғанақтай береді. Ол осы бір қара шоқының басына қашан да болдыртып шығатын. Бұл жолы ө дегеннен-ақ жіліншігі жеміріліп қоя берді. Өлсін-әлі тоқтап бел жазып алады. Бірақ екі бұғанасына қорғасын қаптап қойғандай, барған сайын бексесі зіл тартып, аяғы ұйып барады. Тынысы да бітіп қалды. Сонау етекте қалғандар алтын төжді падишаның үпірсең ұшып кететіндей қаңғалақтаған қара шалға бола осынша азаптанатынына қайран қалып тұратын шығар.

Ал алып қара жартастың астындағы құмандай қара шал биік жарға алқынып-аптығып шығып келе жатқан падишаны елең етпей, бетін құбыладан аудармай безеріп отыра береді. Шақшадай басына дағарадай ақ сәлде орап апты. Қушық кішкене бетіне сүс беретін бір уыс сұйқылт шоқша сақалы өуелеп қапты. Шүңірек қастың астында сығалап жататын күлгін көгіс жылтырақ көзін бұл жолы тарс жұмып алыпты. Падиша биік жардан шығып, еңтігін басып, жөткірінгенде де тырп еткен жоқ. Күнге құрап қалған көнетоз бозғылт шапанының етегі жырым-жырым. Дәл сондай күн күйдірген ақ жем ұзын тіз киімнің жалба-жұлба балағынан жалаңаш тілерсегі көрінеді. Тілім-тілім боп жарылып кетіпті. Қолындағы аса таяқты мытып ұстап апты. Тарамыс қолындағы бар сіңір, бар тамыр бадырайып-бадырайып шығып тұр. Пір өлденеге ұйып қалған.

Падиша қашан қарсы алдына жер тізерлеп, қол қусырып, бас игенде барып, көзін сығырайтты. Сосын тым кекшіе қалған басын түзеп, тіктеліп отырды. Керенаулау тіл қатып, жөн сұрады. Өмірші жөнін айтты. Пір сол қаққан қазықтай қалпы. Сөзін салғырт тыңдады. Кеңсірігі әнтек ілгері шығып кеткен қоңқақ мұрынның астына көлденең сұлап түскен көгіс қаймыжық ерінге өлденеше рет мысқыл жүгіргендей болды. Өмірші соны байқап, сәл кідіріп қалса, әбден қой балшықтанып кеткен қақтың суындай көгіс жылтырайтын кішкене

көзін адырайтып ашып алады. Өмірші анау күнгі түсі мен тосыннан тап болып, бірақ шаппаған жолбарыс жайын айтып берді де, пірінен үнсіз жауап тосты.

Пірі сәлдей ойланған болды да, сығырақ көзінің бір қиығымен бұған қарап қойды. Сосын отырып-отырып барып:

– Жаратқан ие, ата-баба, желеп-жебеуші әулие-әмбие бар-бар уақытта пендесінен не дөмететінін ашып айтпайды. Ал мүсіркесе, ақыл қосса, ол түспалдары соқырға таяқ ұстатқандай сайрап тұрады. Кие үркіткен, аруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан, – деді де тыйылып қалды.

Енді жақ ашпады. Қолындағы асасын топыраққа нұқи қадап, тарамыс мойнын ілгері созып, жүзін тағы да құбылаға тіктеді. Бұл «сөз бітті, ендігісін өзің біл» дегені екенін Өмірші аңғарып қалды. Бірақ қай уақытта да алды суық қарияның бұған мына бүгінгідей әуелеп қараған астамшылығын бұрын ешқашан байқамаған-ды. Бүгінгі әр қимылы жүрегіне тікендей қадалып отыр. Бірақ сабыр қылып, сыр байқатпай, тағзым етіп орнынан тұрды. Жалғыз аяқ соқпаққа беттеді. Пірі сол баяғы мелшиген қалпы қала берді. Ақыл да қоспады, бата да бермеді; бұрын бұны жасырақ кезінде мүсіркеп, маңдайынан сипайтын әдеті болушы еді; бұл жолы оның жүзінен аспандай қараған астамшылық пен қазымырлықтан басқа ештеңе байқамады.

Өмірші онсыз да қиын жолдан бұл жолы тіпті ауырлап түсті. Мынау жаппай тұнжырап тұрған қоңыр алқаптан тезірек шығып кетуге асықты. Біраз жерге ұзаған соң, артына бұрылып еді, бұған желкесін беріп, бүк түсіп жатып алған қара шоқыны көрді. Өмірші содан сарайға жеткенше ешқайда көз салған жоқ.

Сарайға жеткен соң да көп уақытқа дейін әлдеқандай бір тымырсық ашуға булығып, өзіне-өзі келе алмады. Абажадай кең сарайға әрлі-берлі сенделіп жүруге манағы шоқыға шыққанда шаршап қалған аяқтары зіп-зілдей боп көтертпейді.

...Ол осы арада өмірінде алғаш рет жалпақ өлемді аузына түгел дерлік қаратқан ең құдіретті өмірші болғанына өкінді. Бақса, жақын маңайда сасық ауыз, сімтік көз өңшең найсап қаптаған мынау сайқал қаланы шауып алып, құртып

жіберуге құдіреті жететіндей тегеурінді жауы да қалмапты. Бұған жеті қиян жер түбінде жатып, ылғи көз алартатын өлгі бір сығыр көздерге де қаны қайнап тұр. Тым-тырыс жатып алған немелерді, қас қылғанда осы, өзі барып шауып алса қайтеді.

Өмірші дереу жорыққа аттануға бекінді.

* * *

Дария артта қалды. Өлгінде анталай қарап тұрған қара тобыр да алыстай берді. Құба шөл, құла тұз басталды. Шөлдің қақаған қапырық ыстығы қайтадан қайратына мінді. Қарақұрым қалың қол толарсақтан құм кешіп жүріп келеді. Шақырайған талма түс салт аттылардың құрдым көлеңкесін де жалмап жұтып қойыпты; енді өздерін біржолата жоқ қып жібергісі келгендей өртеніп тұр.

Өмірші дүниеде осы бір шынашақтай құстан басқа ештеңе қалмағандай, шегір көзін соған қадап апты. Бармақтай құстың мына жанталасы қандай мағыналы! Тамағы бүлк-бүлк етеді. Жер апшысын қуырып бара жатқан қызыл жалын аптаптан жанын қоярға жер таппай шыр-шыр етеді. Бәлкім, мына тірлікте одан басқа ешқандай мағына да жоқ шығар. Одан асқан әрекеттің бәрі мәнсіздене түсетін болар. Әрекет неғұрлым алапаттана түскен сайын бар мән, бар қасиетінен адалана түссе керек. Мынау алапат аптаптың арғы атасы – жібекше желпитін майса самал емес пе еді? Өуелде дүниені шаң-тозаңнан арылтсам деп ескен ұялшақ леп өз құдіретіне еліге-еліге, еліре-еліре жер бетіндегі түгел күйдіріп-күйрететін мүңкір-нәңкірге, демінен ажал шашыраған қызыл аптапқа айналмады ма... Өне, бейшара құстың табанын шоқ боп қарып, қанатын жалын боп шарпып, көрер кезге құртып жіберер түрі бар. Өмірші тажал тасқынына қылар қайраны болмай, жан ұшыра секектеген кішкене мақұлықтың ақтық азабын көргісі келмегендей, көзін тарс жұмып алды.

Дүниені құйқадай қуырып бара жатқан от леп оның да тұла бойын қари бастады. Мынау құтхана шатырын өңшең жендет басып алғандай, ол тырп етерге дәрмені болмай, сүлқ отыр. Тозақ отына шыжғырылғандай өн бойын өрт жайлап

барады. Жан-жағынан жүздеген мүңкір-нөңкір жаныңды бер деп жалынып тұрғандай. Бесе, манағы ойда жоқта қолынан сусып түсіп кеткен сақинасы оның осы сапардан тірі қайтпасына көрінген екен ғой. Ұзақ жолға аттанарда алдынан суқаны сүймейтін кісінің қарсы жолыққаны да жақсы нышан болмаса керек-ті. Өміршінің көз алдынан соқыр жігіт кетпей қойды. Ол есек арбасын дария жағасына тастап, өзі мұның күймесіне көшіп кеп, қарсы алдына қасқиып отырып алғандай. Нұр жайнаған жаутаң жанардан айырылған соң, жүзіндегі баяғы мейірім жым-жылас жоғалып кетіпті. Өдемі жас жігітке лайық ізет-ибадан да еш жұрнақ қалмапты. Үдірейген-үдірейген екі көздің түбіне тажал тығылып тұрғандай. Өндіршегі сораыып, танауы қусырылып, екі беті күлдей боп-боз боп кетіпті, өңінен кісі шошығандай. Міне, ол бұған қарай қозғалғандай болды, бірте-бірте жақындап келеді. Сүйекпен сүйек боп қалған сүп-сүр беті бұлк етпейді. Ол мұның соңындағы қарақұрым қолдан да сескенбейтіндей. Шаршы әлемдегі әрбір тірі пенденің құлағына көк найзаның сүңгісіндей суық естілетін айбарлы Өмірші атағынан да тайсалатын түрі көрінбейді. Күс-күс қос шеңгел кеңірдегіне тақап қалыпты.

– Қорықпа, – деді әлдебір қырылдақ дауыс, – барар жерің бөрібір жердің асты... Өмірші айран-асыр. Бұл қалай? Баяғыда тілін кестіріп тастамап па еді? Пышағы жалаңдаған жендеттің қан-қан бір кесек етті көзінше жерге лақтырып тастағаны қайда? Ендеше, әлгі жексұрын дауыс қайдан шықты? Әлде оған құдірет қайтадан тіл бітірген бе? Әлде тілін кескеніңмен адамды мылқауға айналдыра алмайтын болғаның ба? Бәлкім, әлгі дауыс мына шебер жігіттің емес, өзінің – Өміршінің дауысы шығар? Өміршінің көзі шарасынан шығып барады. Қарсы алдындағы құбыжық соқырдың қан-сөлсіз қаймыжық ерніне бір жымысқы күлкі ілігіпті. Өмірші шегіншектеп шалқалай берді. Оны бір жұтпа батпақ астынан обып барады. Ол, ең болмаса, жан тәсілім алдында тұяқ серпетіндей дәрмен таба алмай тырбанып жатыр...

Әлдебір уақыттарда барып көзін ашып алды. Шілде күні шыжғыра күйдірген шатырдың іші ысып кетіпті. Құс мамық төсекке үйелеп қалған екен, ыстық мамық өне бойын жанды-

рып барады. Бұл жан-дәрмен басын көтеріп, есік жаққа қарап еді, ешкім жоқ. Өлгі тықыр бас соқыр әлдеқайда ғайып бопты. Ол шыжыған шілде мен пәлен күннен бергі бебеулеткен тымырсық ойлардан қайнап-қайнап, балдыр батпаққа айналған дәрменсіз мидан санасы тұмандана бастағанын, өлгінде ғана қарсы алдында жаланып отырған манағы өткел басында қалған соқыр да, мұның жанын алуға келген Мүңкір-Нәңкір де емес, жай әншейін қорыққанға қос көрінген сандырақ елес екендігін енді аңғарды. Бірақ көңіліне біржола орнығып алған осы бір озбыр күмәннің, бәрібір, бұның басын жұтпай тынбайтынына да көзі біржола жеткендей болды.

Ол қайтадан есеңгіреп кетті. Енді жан-жағын шетсіз-шексіз құла түз жайлап алды. Білем-білем шағылдар да әлдеқандай шимай жазуларға толып кеткен сияқты. Бұл сөніп баратқан жанарының соңғы қуатын шым-шым сарқып, қадалып келіп оқиды-ақ. Әлдебір уақыттарда барып зорға-зорға ажыратқандай болды. Күллі дүниені: «Барар жерің бәрібір жердің асты» деген шимай жазу қаптап кетіпті. Ол тағы да көзін ашты. Төбесінен қара қоңыр күңгірт бірдеңе төніп тұрды. Бірақ Өмірші бұл жолы өзінің үйреншікті алтын күйме, атлас шатырында жатқанын, әлде баяғыда өзі салдырған тас зынданда жатқанын анық ажырата алмады.

Сөздік

Шайқы – жұртты күлкіге қарық қылып жүрген қалжыңбас, қуақы, диуана.

Сейіттер – Өзірет Өлінің Бибіпатимадан тараған ұрпақтары.

Машырық – Күншығыс жақ, шығыс.

Тақыт – тақ.

Ніл – көк шөптің, ағаш жапырағының, тағы басқа өсімдіктердің сөлі, шырыны, бояуы.

Махалла – қаланың бір бөлігі.

Митың жүріс – өнімсіз жүру, мардымсыз қыбырлау.

Шамдал – май шамдарды қоятын тұғыр, жабдық.

Құмақ – құмдауыт.

Көңірсік – қоңырсыған сасық, бықсық иіс.

Ихрам – Меккеге қажылыққа барғанда үстіге киетін лыпа, киім.

Әдебиет теориясы

РОМАН (франц. roman, нем. roman, ағылш. novel – орта ғасырларда латын тілінде емес, роман тілдерінде жазылған шығарма осылай атанған) – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарма.

Роман жанры бүгінде қазақ әдебиетінің жетекші саласына айналып отыр. Қазіргі реалистік романдар халық ауыз әдебиетінен, фольклордан нәр алғаны белгілі. Ол халық өмірінің айнасы іспетті. Романда суреттелетін жайларда жалпы адамзатқа ортақ гуманистік мәселелердің қамтылуы – заңды құбылыс. Бұл орайда суреткердің шығармашылық қуаты ерекше рөл атқарады. Үлкен суреткер ғана роман жанрының жүгін көтереді.

Роман жанрының бірнеше түрлері бар – тарихи роман, деректі роман, мемуарлық роман, публицистикалық роман, детективті роман т.б. Бірақ мәселе мұнымен бітпейді. Әдебиеттің бүгінде кемелденіп, дамуына байланысты романның жоғарыда айтылғандардан басқа да жаңа түрлері пайда болуда.

А. Ысмақова



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Берілген үзіндіні оқып, шығарманың идеялық мазмұнын анықта. Сюжет желісі бойынша кесте жаса.

Композициялық жүйесі	Негізгі оқиғасы



2-тапсырма. Шығармадағы Өмірші бейнесін ашуда жазушының ішкі монологіне назар аударыңдар. Кейіпкердің жан дүниесіндегі психологиялық тартысты көрсететін тұстарын теріп жазып, түсіндіріңдер.



3-тапсырма. Кестені толтырыңдар. Кейіпкердің көңіл күйін білдіретін сөздерді тауып талдаңдар.

Үзінді	Көңіл күйі	Біздің пікір...
Өмірші осыны ойлағанда, әлдекімнің сұғанақ қолы шымбайына батыра шымшып алғандай ыршып кетеді. Орнынан атып тұрып бөлме ішінде сенделіп жүреді, жүреді де, байыз таба алмай бақ кезеді.		
Пәлен күннен бері көкірегін көк түтіндей бықсытып келген көп тұман ыдыраған тәрізді, бірақ біржола сейіліп те кете қоймапты. Ұйқысы келмегенмен, өне бойы құп-қунақ. Мынау маужыраған тыныштықтың қойнына біржолата сіңіп кеткісі келеді.		
Өмірші жақ ашқан жоқ. Томсарған күйі ой үстінде келеді. Кештетіп шаһарға жетті. Өмірші сарайға оралған түні де таң атқанша дөңбекшіп шықты.		



4-тапсырма. Шығармада уақыт пен кеңістік қалай көрінген? Топта композициялық талдаулар жүргізу арқылы уақыт пен кеңістікті анықтаңдар.

1-топ Шығарманың байланысындағы уақыт пен кеңістік	2-топ Шығарманың шарықтау шегіндегі уақыт пен кеңістік	3-топ Шиеленісүдегі уақыт пен кеңістік	4-топ Оқиганың шешіміндегі уақыт пен кеңістік



5-тапсырма. Үзіндіні тыңдап, кейіпкердің бақ, даңқ, ақиқат туралы сөздеріне мән беріп, түсінгеніңді өз сөзіңмен жазып бер. **Уақыты – 15 минут.**



6-тапсырма. Мәтінді тыңдап, көріктеу құралдарын талда. Автордың мұнараға жан бітіруді қандай тәсілдер арқылы жасағанына мән бер. **Уақыты – 15 минут.**



7-тапсырма. «Аңыздың ақыры» романы туралы жазылған зерттеулер мен ғылыми талдауларды пайдалана отырып, шығарманың жанрлық ерекшелігі мен автор стиліне байланысты шағын зерттеу жұмысын жаз.



8-тапсырма. Берілген үзіндіден көріктеу, құбылту, айшықтау түрлерін тауып талда. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндір.

Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады. Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылдың беткейінде шашырап қалып жатқан көп із көзді ашып-жұмғанша-ақ ғайып болады. Сусыма құм баянсыздықтың тылсым құдіретін танытқысы келгендей, құп-қу жүзіне жолап кеткен сәл таңбаны жалмап жұтып жатыр.


Өмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды. Сары ала күйменің ішінде сусылдақ құмаққа шашасын қаптырып, малтыға жорғалап келе жатқан көп аттың тұншыға шыққан жапа-тармағай дүсірін тыңдай-тыңдай мезі боп кетіп, тұсындағы селдір пердені ысырып, сыртқа қарады-ақ – көзіне ылғи сол түседі.


Шаңылтақ көктем. Қыста қар көріп жарымаған жабырқанқы шөл көзіңді қажытады. Жүзген мен сексеуіл әлі бүр жармапты, сояу қалпы. Төңірек түгел мүлгіп тұр. Дөңкиген шағылдар да, тырбық құм бұталары да ғұмыры қыбыр-қимыл көрмегендей, жер тістеп жатып алыпты.





9-тапсырма. Берілген тірек сөздерді пайдалана отырып, «Табиғат және мен» деген тақырыпта шағын өңгіме құрастыр. Өңгімеде табиғаттың суреті мен өз сезіміңді байланыстыр.


Құм дала, төңкерілген тасбақа, аспандағы бұлт, шыжыған ыстық күн, желге қарай жүру, тентек жел, судың сылдыры, мөлдір тамшылар.


 **10-тапсырма.** Хрестоматия мен оқулықтағы үзінділерді оқып, кейіпкерлерге мінездеме бер. Негізгі идеямен байланыстырып, мінез ерекшеліктерін түсіндір.



 **11-тапсырма.** Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдарымен «Аңыздың ақыры» романын салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға бер. Романның жанрлық ерекшелігін сарала.

 **12-тапсырма.** Романның өзің таңдаған бір кейіпкеріне хат жаз. Хатта кейіпкердің басқа кейіпкерлерге деген көзқарасы туралы сұра.

 **13-тапсырма.** Әмір Темір билігі мен ол басқарған ұлыстар туралы «Тарих толқыны» деген тақырыпта эссе жаз. Эсседе нақтылы тарихи тұлға мен әдеби кейіпкердің байланысы мен айырмашылығын анықтап көрсет.

 **14-тапсырма.** Топта «Аңыздың ақыры» романындағы ерекшеліктерді саралап, әдеби сын мақала дайындаңдар.

«Аңыздың ақыры»			
1-топ	2-топ	3-топ	4-топ
Тарихилығы	Психологиялығы	Философиялығы	Символикалығы



АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМСӨЗ

Бұл тарауда Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романынан алынған үзіндімен танысамыз. Туысқан бауырлас қырғыз халқының ғана емес, «адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесінің үзіндісін оқу барысында кейіпкерлерінің жан дүниесімен сырласатын боламыз.

Өткен заманымыздағы кейіпкерлер тағдыры шығарманы оқу барысында адами құндылықтарды тани түсуге жол ашады. Ал белгілі ақын Ұлықбек Есдәулеттің «Біз – түркілерміз!» өлеңі көне заманымыздың күмбіріндей тарихтың терең сырларына жетелері сөзсіз.

МУХТАР МАҒАУИН (1940 жылы туған)

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин 1940 жылы 2 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданында дүниеге келген. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1965 жылы аспирантурасын бітірген. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, 1967–1971 жылдары «Жазушы» баспасында бас редактордың орынбасары, Қазақ КСР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып, сонымен қатар Мәскеуде М. Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы дәрістер жүргізеді.



«Қобыз сарыны» монографиясы 1969 жылы жарық көрсе, одан кейінгі жылдары «Бір атаның балалары», «Көк мұнар» (повестер мен әңгімелер), «Аласапыран» (тарихи роман-диалогия), «Шақан-Шері» (роман), «Мен» (ғұмырбаяндық роман-хамса), «Құмырсқа-қырғын» (әңгімелер), «Ұлтсыздану ұраны» (мақалалар) және тағы басқа кітаптары шыққан. 2002 жылы он үш томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Көптеген шығармалары орыс тіліне аударылып, шетел тілдерінде басылған.

М. Мағауин – тек прозашы ғана емес, әдебиет тарихын зерттеуші көрнекті ғалымдарымыздың бірі. Олай дейтініміз, 1960 жылдардың аяғына дейінгі кезеңде зерттеушілеріміз қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау Қалқаманұлынан бастап келсе, М.Мағауиннің 1969 жылы жарық көрген «Қобыз сарыны» атты зерттеу еңбегі осынау межені кемінде үш ғасыр өріге жылжытты. Сөйтіп ол жан-жақты зерттеушілігі мен жанкешті еңбегінің арқасында Қазтуған жырау, Асанқайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа сияқты жырауларды да әдебиет тарихына енгізуге белсене атсалысты. Мұнан кейін де осы бағыттағы зерттеулерін тереңдете түсу нәтижесінде «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Поэты Казахстана» сияқты кітаптарды құрастырып, жарыққа шығарды. Бұл еңбектер халқымыздың рухани игілігіне айналды.

Ал жазушының Чехия Республикасынан жарық көрген «Жармақ» романы – екі ғасырлық қазақ тарихы мен бүгінгі заманның психологиялық тартыстар жүйесіне құрылған көркем шығарма.

Мұхтар Мағауинге «Аласапыран» тарихи роман-диалогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілсе, тарихи-көркем шығармалары үшін 1984 жылы Қазақстанның халық жазушысы атанды. Сонымен қатар Түркияның халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлығының иегері (1997) және «Тарлан» сыйлығының лауреаты (2002).



ШАҚАН-ШЕРІ (романнан үзінді)

БАСТАУ *немесе эпилогқа кіріспе*

Жел қаққан қоңырқай. Момақан. Тек салқын ұшқын атқан жанары ғана өжет кейіп, ер мінезін танытқандай. Байсалды кеңдік бар. Қайратына, қажырына сенген, ешкімге ырық бермеген асау жанның салқам бітімі. Бірақ бұл оң жағынан қарағанда ғана. Сол жақтан... Сол жақ бетте – самайдан иекке түскен бұжыр-тыжыр, терең, үш қатар тыртық. Қиығы кеміс, ызалы шегір көз шапыраштана түйіледі. Ұрты да жырық. Аппақ, өткір, сойдақ тісі жарқырап тұр. Адам шошырлық. Қарсы алдынан қарағанда адам шошырлық. Өйтсе де құбыжық емес. Өзгеше тұрпатты пенде.

Тұтқынның ерекше болмысы жанар мен жарақатта, тіпті, арбиған саусақ, бұлшықты мойын, кең иық, зор кеуделі еңсегей бойда ғана емес-ті. Киімі, киімінде еді ғажап ерекшелік. Тарғыл сары. Қызғылтым реңді сары тарғыл жолбарыс терісі. Үстінде қара жолағы ендей пішілген, түгі тусырылған жолбарыс жақы. Қайың бұтақ түймелері ағытылған ашық өңірінен іштегі қамзол, кеудедегі көйлекке дейін жыртқыштың терісінен тігілгені көрінеді. Бұттағы шалбар да жолбарыс жонынан. Аяқта – тықыр түк, күлгін сары пұшпақтан құралған жұмсақ байпақ; қылтадан орай жүндес, жағал таспамен тартып қойыпты. Басына киген, екі иықты бүркей жапқан мол пішімді тарғыл шұбар далбайдың омырауға түскен қос құлағы да пұшпақ екен, ұзындығы шынашақтай, имек, өткір, қоңыр қошқыл тырнақтар тізіле саудырап тұр. Тұтқынның жанкешті, жыртқыш кейпін айғақтай түскендей.

– Баскиімді алу керек, – деді тарғыл жігіттің кеудесінен ғана келетін, орысша киінген, тақиялы, шәрке тілмаш. – Мәртебелі төреге құлдық ұру керек!..

Тұтқын сонда ғана төреге – сырмақ, не кілем үстінде емес, жұкаяқ сияқты, бірақ арқалығы бар биік орындық үстінде, малдас құрып емес, тізеден бүгілген сирағы салбырап, өзіне сынай, тексере, бөлкім, таңырқай қарап отырған төреге

бет бұрды. Шашы ерапайсыз өсіп кеткен екен, түйенің шудасындай, иығына түседі. Бірақ сабалақ емес, майлап, сәндеп, артына қайыра тарап қойған. Бет-аузы түгел түк. Мұрты оқтаудай, сақалы күйектей. Арасынан аузы әрең көрінеді. Қалың сақал-мұрт та, ұзын шаш та сап-сары. Төренің өзі де сары шабдар. Өңі ғана емес, киімі де. Екі иық – алтынды желегі саудыраған, оқалы, алақандай тақта. Омырау – сары ала шынжыр, тіпті, домалақ түймелерге дейін сары.

Төре шегір көзін сығырайта жылмиып орнынан көтерілді. Ернін жымырып, қысқа, қан-сөлсіз, бозғыл саусақтарын уқалаған қалпы қадала қарап тұрып қалды. Содан соң екі қолын артына айқастырды. Құдды шабынған жолбарыс.

– Мәртебелі төреге бас ию керек! Шәпкені... мынаны да-лой қылу керек!.. – деді тілмаш жолбарыстан ыққан қанденше қыңсылап, тұтқынды шыр көбелек айнала шәуілдеп. Енді болмаса аяқ арасына кіріп кетердей. Бейшара...

– Төреге иіліп сәлем беру керек! Құлдық ұру керек! – деді тілмаш үздіге сыбырлап.

Тұтқын сөз мәнісін ұқпағандай, тілмаштың бетіне аңыра қарап аз бөгелді. Содан соң шапыраш көзі жыпылықтап, жа-рақат бет қатқан көндей жиырыла тыржиды да, сойдақ тістер ырсия ашылып, ар жағынан жөтелге ұқсас, қарлығыңқы үн шықты.

– Həou-y-унн! Huu-a-абб! Хуу-ha-a-a-бб!..

Шәрке тілмаш кеудеден ұрғандай қалталақтай шегініп, төрдегі, тіксіне таңырқаған, аңыра бөгеліп қалған төресінің аяғына бір-ақ жеткен. Шибиген саусақтары дір-дір етіп, жанқалтасын қарманды. Орамал іздеген екен. Шұбалта суырып, екі-ақ елі, қырыс-тырыс маңдайын сүртінген.

Төре тез оңалды. Әуелі басын шайқаған. Қырындай шегініп, тілмаштан аулақтаған. Мұртын сылап, қадала қарап аз бөгелген. Содан соң жөтеле мекіреніп зорлана күлген.

– Хо-хо-хо!.. Ху-ху-ху... у...

Шәрке тілмаш жаңғырыға қостады.

– Хо... ху... у...

Төре шытынай түйіліп еді. Лоқсығын қайта жұтқан тілмаш қалтия қалды. Иығы қушыып, көзі төмендеп, мүсәпір, пұшайман кепке түсті.

Бетінде күлкі ізі қайта көрінген, бірақ жанарындағы ызбар тарқамаған төре балағы бұратыла, сықырлай басып,

тұтқынның сол жағына шықты. Тесіле қарап, бет-аузындағы жарақат ізін байыптады. Содан соң сыртынан айналды. Оң жағынан қарады. Көңіл қояр ештеңе таппады. Қарсы алдына шықты. Тұтқынның киімінің үлгісін, баға-нарқын анықтағысы келгендей, үңіле бере кегжие серпілді де, иек астынан, жанарға жанар қадап, тіке қарады. Бірақ арбаспады. Түйіле жемірген қалпы аз тұрып, еріне күрсінді.

– М-мм, да! – деді таңдайын тақ еткізіп.

– Так точно, Ваше Высокоблагородие! – деді аяқастынан шыға келген, қайта тірілген тілмаш.

Төре самарқау қимылмен тұтқынның кеудесіне сұқ саусағын тіреді.

– Сен ким? Человек-жульбарс?

– Так точно, Ввве! – деді мүлде күш алған тілмаш шарылдай ышқынып.

Айбарлы төре дәл осы сәтте ақырды.

– Малчааты!

Тілмаш қазықтай қағылған. Кеміс иегі ғана дір-дір етеді.

– Ттт... ввв...

Сұқ саусақ кеудеге бата түсті. Найза тырнақ жалаңаш денеге қадалғандай.

Төбеден алақанмен салып қалса ғой, ауыз омыртқасы опырылар еді. Бірақ тұтқынның кеудесінде ыза да, кек те жоқ. Бағзыда ат үстінде, кейін аңшы соқпағында беттеспеген. Ең бастысы – аң емес, адам. Және жүйкесі берік, жүрегі қатты адам. Әсіресе шәрке тілмашқа ақырғаны ұнаған. Тұтқын бет-аузы шалбарлана жымиды. Жымиып күлгені тыржиып мазақтағанға ұқсас екенін білетін. Өмбе бас изеді.

Кері шегініп, төренің быртық, боп-боз, сүйкімсіз саусағынан алыстады да, қолын кеудесіне басты.

– Шақан-Шері! Мені жолбарыс жүректі Шақан деп атайды бүкіл Жетісу. Шақан-Шері – менің атым.

– Мм-м, да! – деді төре тағы да тамсанып. Тұтқынның басаяғына бажайлай қарады да, манадан бері бүрісіп, сөлбірейіп тұрған тілмашқа иек қақты.

Қайтадан жан біткен, қайтадан кісі қалпына енген тілмаш түкірігіне шашала шөлдүрлеп, ұғындырып жатыр. Өрине, жолбарыс жүрек Шақанның кім екенін. Жаңа қалада бұрын да талай болғанын. Бұл жолы дәл іргедегі ата-бабасының зиратына тауап ете келгенін. Өзін ұстағанда мыл-

тығы, қаруы бола тұра ешқандай қарсылық жасамағанын. Ақтығын. Заңға залалы, кісіге қастығы жоғын. Екі-үш ауыз сөз. Ашық, айқын.

Бірақ сөз аяғы созылып бара жатты. Сөз аяғы созылған сайын төренің өңі бұзыла берді. Төренің өңі бұзылған сайын тілмаш та нығарлана, жалдана түсті. Төре сазбет ызбар тауып еді. Тілмаш түкірігіне шашала қылқынып, тұтқынға бұрылды.

– Сен... сен – бунтовщик! – деді шарылдай бақырып, – Сен Кенисараға қосылған! Сен Садыққа шпион болған! Сен Его Высокоблагородиеге покушение ойлаған!

Қазақ. Қазақша сөйлеген сияқты. Бұнтопшысы не, Кинасара, Садығы кім? Пөкешен ойлағаны қалай?..

– Теперь не уйдешь! Не уйдешь! – деді тілмаш алақанын уқалай жайнаң қағып. – Сен Көкбелесте болғансың, свидетель бар, ол көрген, сен қашқан! – А то мылтықты қайдан алған? Сен верный сын отечества хорунжий Жантайды атқан! Вот гнида! Вот шакал!

Кенет бөріні ұқты. Мынау... кемиек, талпақ танау, тайқы маңдай – көрден қайта шыққан Жалтақ Жантай ғой! Өзінің аталас туысы. Сасық шибөрі... Ал анау – сары ала жолбарыс. Кәдімгі көп жыртқыштың бірі емес. Кісі етін ғана жейтін жалмауызы. Жалмауыз жүрген жер жемтіксіз болмайды. Шибөрінің де тамағы тоқ. Қазір екеуі бірігіп қараусыз, панасыз жалғыз жаяуды алып жейді.

Денесі дір етті. Өзінің кім екені есіне түскен. Жан адамға кеудесін бастырмаған Шақан! Жыртқыш атаулыға жасындай тиген Шері! Ер туған, ерлікпен күн кешкен жолбарыс жүрек батыр!

– Нугха-угх! Уггх! Наоуңггх-хх... Угххх...

Жолбарыстың жүрек тітірентер айбатты арылы қалт тынды. Жыртқыш кейіпті, жыртқыш дауысты тарғыл тұтқын өңі қызара көгеріп, зілдене безірейген зор денелі, сары ала төреге бір, қуара қалтырап есі шыққан лақ теке тілмашқа бір қарады да, кенет қарқылдай күліп қоя берді.

– Ха-ха-ха-ха!.. Хе-хе-хе-хе!.. Хи-хи-хи-хи!..

Өлде төреге, өлде тілмашқа саусағын шошайтады да күледі, саусағын шошайтады да күледі. Өуелгі, өкіре ышқынған жабайы арылдан өзгеше, табиғи болғанымен, ыза-кекесінге толы ғаламат күлкі. Адамның төбе шашы тік тұрар үрейлі күлкі.

Күлкі. Арыл. Күлкі...

Бөрі күлкіден басталған. Әйелдің ерке, назды күлкісі. Баланың қамсыз, шат күлкісі. Осы бірі жүрек қытықтар, бірі көңіл марқайтар, қия тасты жарып аққан бұлақ сыңғырлы қос күлкіні тұманды шатқалдан лықи төгілген сел жаңғырықты дүлей арыл өшірген. Бар қызығын, өткенін, болашағын мұзарт құздан құлаған ақтүтек көшкін көмген.

– Һугха-угх! Һаоуңғх-х!..

Бөрі де жолбарыстың жүрек шайқар алапат арылынан басталған.

I тарау Қамыстағы үй

Қоңыр түндік ауыр ысырылып, өрең ашылғанда жез құрсаулы қара шаңырақтан ұйыған сүттей қою жарықпен қоса ақтарыла төгілген салқын, таза ауа жиһазы шамалы, жасауы шағын, бірақ кең, әрі еңселі, төрт қанат киіз үй ішіне серпінді леп әкелген. Аязды, тымық таң. Бозғыл сары аспан шексіз биік, кіршіксіз таза көрінеді.

– Шашадан қар жауыпты, – деді киіз есікті серпе ашып, сырттан құшағын толтыра қамыс сүйрей кірген Ажар. – Жер-дүние аппақ.

– Алақай! – деді кішкентай Сәмен көйлегі шелтиіп, тұлымы жалбырап атып тұрып. – Сонар! Қансонар! Ауға шығамыз!.. Ухх... – деді сосын тітіркеніп. – Суық. – Төртегі төсек үстін қаптай жабылған киіз астына қайтадан сүңгіп кетті.

– Қазір от жағамыз, құлыншақ, – деді Ажар. – Көкесі, сен тұра ғой енді, – деді сосын, шаңыраққа қарап, бұйығып жатқан күйеуіне.

Бір-бірден алып, тізелей опырып, қамыс сындыра бастады. Түбі үйде, басы шұбатылып далада, есік сыртында жатыр. Оқтаудай жуан, үш құлаш, төрт құлаш нар қамыс.

– Қандай жақсы!.. – деді Шақан керіле есінеп, – Қоқаңдаған, дікіндеген ешкім жоқ. Тып-тыныш. Дұрыс болды, өңшең шуылдақтан бөліне көшкенім. Рақат. Иен қамыс, кең дала... А, бәйбіше, ат қайда, түйе қайда?

– Құдай кедейлікті маңдайыңа жазған, – деді Ажар зілсіз. – Аңшы атамның екі үйір жылқы, бір келе түйесінен

қалғаны – қара бура мен кер жорға ат еді, оның өзін сәскеде сұрадың...

Қамысы қандай зор бұл Қапшағайдың! «Жансызда қамыс үлкен» деген рас екен-ау... Енді Ажар тезек теріп, шөмшек жинап бейнеттенбейді. Саусақтары сондай епті. Сытыр-бытыр... сытыр-бытыр...

– Менің малым – құмда өрген киік, қырда жортқан құлан, – деді Шақан.

– Түр сол арқандаған жерде, қамыстың ығында, – деді Ажар жаңағы сөзін сабақтап. – Өлгінде, түндік ашуға шыққанда көрдім.

– Бұлар да соныға бөгіп, қондансын, – деді Шақан. – Қасқыр жоқ сияқты ғой бұл жақта.

– Ой, Алла-ай, жаңа жұртқа қонғанда тым құрса алыстан ұлыған бөрі үні естілуші еді. Тып-тыныш. Сауысқанның сарқылының өзі құлақ жарады. Бір түрлі елегізіп, ұйықтай алмадым. Жалғыздыққа мал екеш мал да тосырқайды екен, мен үйден шыққанда кер жорға қу даладан оқыранып, қара бура мойнын созып шыр айналды...

– Бөрі жақсы, – деді Шақан. – Өте дұрыс болды, қайырылмай тартып кеткенім. Өзім би, өзім қожа. Атам көрмеген қорлыққа мен неге көнем? Атам кимеген ноқтаға неге мен бас сұғам? Дұрыс. Бөрі дұрыс.

– Қайдам, – деді Ажар күрсініп. – Төңірек түгел қамыс... Тоғайдан қалың...

– Жалғыздық қиын саған, – деді Шақан қаптама киізді төмен ысырып, басын көтеріп. – Биылғы қысты өткерейік. Жаз шыға... Жаз шыға жалайырға – нағашыларыма барам. Қырық серкешімді алам. Содан соң, саған серік болатын «оймақ ауыз, қиғаш қас»... қалай еді, әлгі Сүйінбай ақын айта-тын жырда...

– Жезтырнақ сүлу! – деді Ажар сыңғырай күліп. Түбіт шәлісін шешіп тастап, қолына көсеу алды да, қамыстың бозғыл күлін ысырып, ошақ басын тазарта бастады. – Алыстан іздеп қайтесің, төрем, осы меңіреу ішінен қалың бермей-ақ табамыз. Қорқам... – деді сосын тітіркеніп. – Осы үйді бір құбыжық торуылдап жүрген сияқты болады да тұрады.

– Жезтырнақ құрығалы қашан бұл өңірден, – деді Шақан жайбарақат. – Бірден бас салмайды, әуелі бейбіт келіп, от

басын барлап, бақылап кетеді екен. Содан соң ғана бұқпалап қайта оралады. Баяғыда Өтеген батыр өлтіріпті дейді ғой сондай жезтырнақты. Елге жайлы қоныс қарап, Жиделі-Байсынды іздеп шыққан сапарында. Кешегі Ағыбай батыр да кездесіпті. Бірақ оныкі басқаша. Көзге түрткісіз қараңғы түнде, сабалақ жауын астында, қалың орман ішінде жалғыз аяқ жолмен келе жатса, астындағы Ақ-Ылақ ат пысқырып, тұра қалады...

– Ищан!.. – деді Ажар тітіркеніп. – Баланы қорқытасың...

Бала қалың киіз астында, неше қабат, жылы сеңсең көрпе арасында бұйғып жатыр. Естіген жоқ. Естісе қорыққан жоқ. Қорыққан – Ажардың өзі. Шақан қарқылдап күлді.

Кішкентай Сәмен киіз астынан сығалай қарап, әкесі мен шешесіне күліп жатыр екен.

– Өуппа! Тұрдық! – деді Шақан апыл-құпыл сырт киімдерін киіп. – Құлыншақ, сен де тұр. Жылы қыстау жоқ, үйрену керек. Міне, азамат! Қазір қырғауылға шығамыз...

– Қырғауылды қалай аламыз? – деді жақ жүні үрпип тоңған, сарғыш кенеп көйлек үстінен қоян кәзекейін киіп, енді қыналы, тері шалбарын тартып жатқан кішкентай Сәмен.

– Қамыстың шоғы қуатсыз екен ғой, – деді Ажар. – Ошақтан қызу кеткен соң үй де тез суиды. Алдымен сексеуіл түсіріп таста.

– Бөйбіше! «Атан өлсе сойылар, атаң өлсе қойылар, бірақ мұндай қансонар, маған қайдан табылар!» – деген кім? Ақылды адам. Аңшы! Яғни дүниедегі ең адал, ең батыл адам!

– Қырғауылды қалай аламыз? – деді Сәмен сұрағын қайталап.

– Атқа мінеміз, – деді Шақан баласына мойын бұрып. – Атқа мінеміз, – деді дауысын көтеріп, баласына. – Мен – атқа, сен – түйеге, апаң екеуің. Қолыма қос айыр дырау қамшы алам. Сен де аласың қамшыны. Барамыз өзеннен алысырақ, қамыстан, тоғайдан аулағырақ жерге. Семіздіктен шайлап жатқан, жыпырлаған қырғауыл. Өзі қызыл, құйрығы ұзын, дуадақтай ірі. Дыр етіп ұшады. Мен соңынан тұра шабам. Қырғауыл тас лақтырым жерге барып жалп етіп қонады. Қашайын десе, қарға малтығып, жүгіре алмайды. Қамшымен бір-ақ тартам. Алда-жалда қайтара ұшып үлгерсе, әуелгіден де жақын түседі. Онда тіпті оңай.

- Егер жыңғылдың ортасына қонса ше? – деп сұрады бала.
- Онда басқа бір қырғауылды көтереміз. Құс көп. Іленің екі өңірі – толған құс.
- Содан соң?
- Содан, бір қырғауылды қағып түсірген соң, екіншісін ұшырамын.
- Ал мен? – деді бала өкпелі үнмен.
- Сен?.. Сен ғой соның бәрін ұстайтын. Далпылдап жатқан қырғауылды кездігіңмен бауыздайсың да, қоржынға сала бересің, сала бересің.
- Түйе көтергенше! – деді Сәмен мәз болып.
- От тұтатып бер, бала тоңып қалды, – деді бұл екі ортада қаншама қамыс сындырып үлгерген Ажар.
- Мен тоңғам жоқ, – деді бала. – Үй жылы.
- Жылы, – деді Шақан. – Іштен қос қабаттап киіз тұтылған. Көрдің ғой кеше, іргені көміп, сырттан неше қабат қамыс тартып тастағанымды... Тамнан жылы бұл киіз үй деген. Бірақ қырғауылға шығар алдында от жағып, жылыну керек, қонақ көже ішіп, тойып алу керек... Солай, балақан! Бәйбіше, шақпақ қайда?
- Шақпақ кіседе тұрған да, – деді Ажар.
- Тәрде, киіз сыртында ілулі тұр... – Ажар Шақанның бұлшығы білеуленген, жуан, дөкір білегінен жұмсақ алақанымен сипады. – Күн көтеріліп кетсе, қырғауыл жатып қалады, – деді майда үнмен.
- «Қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен»... – деді Шақан әндетіп. – Құлыншақ, сырттан қамыстың үлпек қуын сындырып әкелші... «Қырғауылы қызыл екен...» – Әндеткен бойы керегені жағалай тұтқан қалың киіздің басына ілінген ауыр белдікті алды. Оң жағында бүйрекше пішімді, үлкен, күмісті кісе, ортада құты, сол жағында ауыр селебе салынған сүйекті қын, салақтаған оқшантай мен жез жиекті дөңдеу. Дөңдеуден шақпақ пен оттығын суырды. Беті жалпақ, жұмырша ақ тас, жапырақтай ғана, қызғылтым жолақты күрең тас. Бірін Талғардың өзенінен, екіншісін тауынан алып еді. Сүйкеп қалсаң от ұшқындайды. Тасының өзі қасиетті сондай қоныстан қуылды. Кеудесі қыж қайнаған Шақан оттықты жанып жіберіп еді, алыс көкжиектен көрінген найзағайдай, көкшіл сары от жарқылдады, ізінше ышқына өкірген үн естілді.

Жалт бұрылған Шақанды қақ маңдайдан жасын ұрған. Маңдайдан ұрған жасын өне бойын көктей тесіп өткен. Төбе шашын үйтіп, қолқа жүрегін суырып, іші-бауырын талқандап, қара табанға темір қазық болып қағылған. Айқайлауға дауысы шықпады, ұмтылуға, өлденендей қимыл жасауға аяқ, қолы ырық бермеді. Дем тартуға да дәрмені жетпей, бақырайып қатқан да қалған. Есіктен тайдай сары тарғыл мысық сұғынып тұр екен. «Жолбарыс!..»

Құлағы жылмиған, езуі ақсиып, шегір көздерінен көкшіл ұшқын атқан жолбарыс босағадан аттаған қалпы, басын болмашы шайқап, сәл кідірді де, салқау басып, көлденендей кірді. Ала жыландай шиырылған ұзын құйрығымен қос бүйірін кезек соғып, құныса тағандап, ышқына өксіді.

– Һаоу-у-уңғх-х!..

Ошақ пен есік арасында, таудай жолбарыстың қарсы алдында қалқиып тұрған құртақандай Сәмен шыр ете түсті. Сол мезетте қоқсыған күл басында бір тізерлеген күйі мелшиіп қалған Ажар да баж еткен. Шұбар шері дір жиырылды да, жаңағыдан әлдеқайда қорқынышты үнмен айбаттана ақырды.

– Ху-у-Һа-а-абб!.. УғҺа-уғх! Уғх-хх!..

Тәрде, түскиізге арқасы жабысып, үнсіз, тілсіз қатып қалған Шақанға от шаша қарап, атылуға ыңғайланғандай, жер бауырлап шөге бере кенет лып көтерілді де, кішкентай саусақтары тарбия, екі қолымен бетін көлегейлей кері шегінген Сәменді тышқан ұстаған мысықтай іле тартып, етпетінен түсірді. Оң аяғымен белінен баса домалатып, ышқына арылдаған қалпы кері шегінді. Келер мезетте сойдақ-сойдақ, сап-сары, қарыс сүйем қос-қос азулы жеміт аузын арандай ашқан да, шырылдай дір қаққан дәрменсіз баланы бел ортадан қаржи тістеген, басын кегжитіп, езуінен айбат шаша гүр етіп, бүктеле бұрылған да, киіз есікті серпе ашып, сыртқа бір-ақ қарғыған.

Алдымен әйел ес жиды.

– Ойбай, Шақан!.. Құрыдық! Құрыдық! Жолбарыс! Сәмен! Сәмен!..

Адырайған, қан толған көзінен бұршақтай жас ағып, сүріне тұрды да, далаға ұмтылды. Қолында көсеу. Шақан сонда ғана сұмдықтың бар салмағын санасымен ұққандай, абақтап жан-жағына қарманды. Қолына не мылтық, не найза түспеген. Буын-буыны дірілдеп, сүйекті қыннан селебені

өрең суырып, ентелей ұмтылды. Көзінің алды қарауыта қал-
балақтап, оңды-солды соғыла сипаланып, есікті зорға тап-
қан. Аяз қарыған салқын ауа бірден кеудеге ұрып, жер-дү-
ниені жапқан ақ кебін көзін шырадай ашты.

Жолбарыс ұзамапты. Өудем жерде, Сәменді көтере тістеген
қалпы, тышқан алған мысықтай, жоны күдірейіп, көлденеңдей
шұбалып тұр. Безектей шыңғырған баланың аяқ-қолы тырбаң-
тырбаң етеді. Шақанның жан дауысы сонда ғана шықты.

– Сәмен!.. Құлыншақ!.. – Селебесін білеп, табаны жерге
тимей тұра жүгірген. – Ажар! Ажар!.. Тоқта! – деді келер
мезетте ентіге айқайлап.

Ажар тоқтамады. Жолбарысқа жақындап қалған. Көсеуін
көтере қоқақтап, ышқына бақырады.

– Кет! Кет пәлекет! Кет! Таста! Таста!..

Тарғыл шері адамның айбарынан ыққандай бұға бере ше-
гіншектеді де, бөксесімен қырындай айналып, бетін бері бұр-
ды. Ширатылған құйрығымен қос бүйірін кезек қамшылап,
төрттағандай бүкшиді де, езуінен арылдады. Содан соң сылқ
еткізіп баланы тастай салған. Етпеттей түскен, бет-аузын қан
жапқан құртақандай бала сары тарғыл денесімен жарты дү-
ниені жауып тұрған жыртқыштың алдынан еңбектей қашты.
Жер сүзе жығылып, шатқаяқтай көтерілді. Екі-үш аттап ба-
рып қайтадан тоңқалаң асты.

Жолбарыс балаға қараған да жоқ. Аспанды тітірете гүр
еткен де, бұл кезде есік пен төрдей келіп қалған әйелдің ба-
сына бір-ақ қарғыған. Ажар үнсіз, тілсіз, бүктетіле құлады.
Құтырына тарпынған жолбарыс азу тістері ақ қарға шағылы-
са ырсыды да, сұлық денені желкесінен алып көтере бере
қарш еткізіп жалғыз-ақ шайнады. Жалғыз-ақ шайнап, мой-
нын үзген соң, езуінен қан шаша арылдап, басын кегжите
қараған Шақанға. Таяқ тастам жерге келген, бар сұмдықты
көз алдынан өткерген Шақанға. Содан соң шегіншектей
тағандады. Үлкен, доп-домалақ, шегір көздері от ұшқындай
шапыраштанып, арқа жүндері кірпі түктене тікірейіп, жер
бауырлай құнысты. Болмашы ғана иірілген құйрығының
ұшы дір-дір етеді. Келер мезетте...

Келер мезетте Шақан өзінің шырқырап қашып бара жатқа-
нын аңдады. Күпсек қарда әлдебір түбіршекке соғылып,
омақаса жығылған. Сары дию үстіме міне түсер деп басын
қорғалай берген. Жоқ. Сары дию артта, арқан бойы жерде,

жаңа ғана өзі төбесін ойып, мойнын үзген жемінің үстінен аса күдірейіп, гүрілдей өкіріп тұр екен.

– Нуу-а-а-бб!.. На-оу-у-убб!..

Жыртқыштың үрейлі, қатқыл үнімен жалғас, әлсіз, бірақ одан әлдеқайда қорқынышты дауыс жетті құлағына.

– Көке-е!.. Нөөө.. Ө-ө-ө!..

Жалғыз ұлы, бес жасар, кішкентай Сәмен. Тәлтіректей басып, сүріне етпеттеп, әлдеқайда қашқысы келеді. Тырбаңдап, еңбектей қашып барады. Жолбарыстың ар жағында. Аулаққа қарай.

Шақан атып тұрды. Қолы бос екен. Қарымсыз селебе де жоқ. Үйде білтелі қара мылтық бар. Бірақ үйден жолбарыс жақын. Ал бала... тіпті жақын... Жолбарысқа. Жүгіру керек. Мылтық... бала...

Жолбарыс Шақанның ойлануына, ес жиып, дөт бекітуіне қарап тұрған жоқ. Өліктің үстінен аттап, бері қарай жүре бере қалт бөгелді. Алғашқы жемін тастамас әдеті ме, әлде дәрменсіз әкеден көмек тілеген сәби дауысы өзіне тартты ма, кері бұрылды да, екі-ақ қарғып, жан дауысы шыға шырқыраған баланы іліп алды.

Бойындағы бар үрей сап болған, дәл осы сәтте өлім, тек қана өлім тілеген Шақан ақыра ұмтылды. Жолбарыс назар аударған да жоқ. Бұрынғыдан да кішірейіп кеткен, жансыз салақтаған құртақандай сәбиді қапсыра тістеген қалпы орғи жүгіріп, көз көрімге ұзады да, артына бұрылып, қиғаштай бере аз бөгелді. Келер сәтте түйе бойламас қалың қамыс ішіне кіріп жоқ болды.

* * *

Арада апта өтпей, Қапшағайды өрлей, Іленің сол жағасына орнаған барлық ауылға, Алатауды көбелеген Түрген, Талғар, Алматы, Қаскелең бойындағы елге сұмдық хабар тарады.

Кісі етін ғана жейтін жалмауыз жолбарыс шығыпты!..

Бұл Шақан ешкімге бас имеген ер жігіт екен. Ер болмас қисыны жоқ. Кешегі Саурық батырдың үзеңгісін ұстаған, Алмалы сайдағы қанды ұрыста қаза тапқан Масақ-мергеннің жалғыз ұлы!

О, сұм заман! Жолбарыстың жалғыз-жарым малға шапқанын естуші едік, адам аулағанын кім көрген!

Ер туған азамат тегіс қан жұтып өлген соң ит-құс та басынды...

Даланың тағысы тұрып, өз ішіндегі бөктергі мен күйкентай самұрыққа жем тасығанын қайтерсің. Ербиіп атқа мінбеген Жалтақ Жантай ақ патшаның сенімді нөкері болып шықты. Үстінен құс ұшырмайды.

Сол Жантай екен, жаңағы Шақанның қыстауына қала түсірген. Жерін тартып алып, малын талауға салған. Аруақты атадан туған ер жігіт топқа қайран, оққа қалқан таба алмай, қорлық пен зорлыққа да төзбей, қылышын сүйреткен қысты Іленің етегіндегі қалың қамыс ішінде өткермек болып, ауа көшеді ғой. Сөйтсе, Шақан қонған қамыс – үйірлі жолбарыстың жатағы екен...

Будан ары әңгіме әлденеше тармаққа бөлінетін...

Қайсы шын, қайсы лақап – біліп болмайды, анығы-күні кеше ғана ер танылған Масақ-мергеннің жалғыз ұлы-дұшпаннан тепкі көріп, иенге ығысқан Шақан тілсіз тағының талауына түскен.

Алдымен Алатаудың етегіндегі атажұртына жеткен. Садақты, найзалы, сойыл, шоқпарлы қырық шақты кісі. Қаралы үйге ат қойып келді. Өлдіге балаған бауырлары тірі болып, құдайға мың шүкір төубе айтқан, қазаның артына қайыр тілескен, өз бастарын да қатерге байлап жолбарысқа шыққан.

Шақан әуелде өкпе айтпады, кейін ризашылық танытпады. Түнжыраған да отырған. Жібімеген. Жібімеген қалпы қаралы қоныста, қалың қамыста жалғыз өзі қала берген. «Балам мен әйелімнің жылын күтем...»

«Шақан! Құрыдық! Құрыдық, ойбай! Сөмен! Сөмен!..»

«Кет! Кет пәлекет! Таста! Таста! Кет!..»

«Көке-е!.. ...өкее...ө-ө-ө...»

Қос қолдап басын ұстады.

«Мен қо... ho... рық-тым!.. – дейді өкси күрсініп. – Зөрем ұшқанда... – Екі құлағын ұрғылап, басын шайқайды да, шұбыра ұзап, қырға көтеріліп бара жатқан ағайындарының артынан үзіле көз сүзеді. – Не қалды енді... Не бар...»

«Өткен оңалмайды, берік бол!». Ағайынның ақырғы сөзі осы еді.

Ұзамай Іленің арғы бетінен ана жұрты жеткен. Түйе тіркеп, құр ат қосақтаған, қаншама қоржын бөктерген, қарулы жиырма жігіт. Таяу төңіректегі елге хабар салып, қазаның

артын өткерді, біреулерге көзінше базына айтып, біреулерді сыртынан батыра сөгіп, өздерінің кең пейілін, таза жүрегін танытты, ақыры ашуға мініп жолбарыстың жымына аттанған.

Шақанның еңсесі жазылмады, көңілі сейілмеді. Ықылас, пейілін танытқан, бірақ жетекке ермеді, үгітке көнбеді. Қаралы қоныста, құм мен ну шектескен меңіреу ішінде жалғыз өзі қала берді. «Балам мен әйелімнің жылын күтем...»

«Һуу-а-а-бб!.. Һао-оу-у-унн!..»

«Көке-е-е!..»

«Ойбай!.. Құрыдық!»

«Сәмен!.. Сәме-е-нн...»

«Угха-угх! Уггх!.. Аоуңқхх!..»

«Мен... қорықтым... – деді Шақан іші тарыла өксіп. – Қорыққаным сондай...» – Нағашылары Іленің алашабыр қар басқан көкше мұзынан шұбыра өтіп, қарсы қабаққа, белге шықты. Ошарыла тоқтап, артқа қарап тымақтарын бұлғады. Қимастықпен қоштасып, ары асты.

«Ажар! Ажар!... Тоқта!..»

«Еркексің ғой, Шақан, есіңді жи!». Нағашының соңғы сөзі осы еді.

«Угха-угх!» – Шақанның құлағы төбеден ұрғандай тарс ашылды. Тек екі шекесі ғана ши басын тербеген өлкек желдей әлсіз шуылдайды. Шақан айғыз-айғыз қоңыр бұлтты кірлеуіт аспанға қарады. «Мен... мен қорқар ештеңе қалған жоқ!»

* * *

Кіндік әке Құба-мерген мен нағашы аға Қара-батыр Іленің иен жағасында, қопалы қамыс ығында қалған тұл үйге бір шамада қайтып оралды. Қаралы қос иесіз болып шықты.

Үстін қалың қар басқан, ақ шатырлы, абажадай төрт қанат қоңыр үйдің біржола адыра қалғаны қу даладан танылған. Төңірегінде шұбыртқан із, қарайған белгі жоқ. Киізі қайырылған, жармасы жұлынған есік қана жер түбінен үңірейіп көрінеді. Бір үйлі жанды тегіс жалмап жұтқан, жаңа құрбандық тілеп тұрған дию-перінің жеміт өңешті аран аузы сияқты...

Батыр мен мерген тұнжырай табысып, тілсіз ұғысқан, сол үнсіз, тілсіз қалпы, оқтын-оқтын ауыр күрсініп қойып, өнімсіз аяңмен қаралы үйге өрең келген.

Көрініс сырттай қарағаннан әлдеқайда үрейлі болып шықты. Қос жармалы сары есік шотқа шалынып, тоқпаққа түскендей мылжа-мылжа: бетін зерлеген оюлы сүйектері пышырай сынған, ағаш жақтаулар жаңқалана уатылған, топса үзіліп, ілгектер опырылған. Үй іші астан-кестен: ошақ аударылып, қазан төңкерілген, киім, төсек шашылып, текемет, кілемдер ұйпалана жапырылған. Есіктен төрге дейін, кей жерде шашырай төгілген, кей жерде ұйыса аққан қан; ыдыс-аяқ, кереге, ши, жер мен төсеніш – тегіс қып-қызыл ала. Адам мен ажал бетпе-бет келген, арпалыса айқасқан ғаламат күрес ізі айқын танылады.

Батыр мен мерген бойларын бекітіп, сыртқа шықты.

– Сорлы бала қайтпай қаржысқан екен! – деді Құба-мерген көкірегі қарс айырыла күрсініп.

– Атадан асып туған ер... қадірін білмедік, – деді Қара-батыр түнере тұнжырап.

Екеуі құбылаға бет қойып тізерлей отырды да, дұға қайырды. Бар мақамына келтіріп, құран оқыған Қара-батыр еді. Еңсегей бойлы, арық Қара-мерген ұзын сүре аяқталғанша неше бүктеліп, қозғалақтап, үңірейе ызғар төккен есікке қарағыштап, әбден берекесі қашқан. «Аллаһу-акбар» айтылып, бет сипалар-сипалмастан атып тұрды да, еңкедеп үйге кірді. Абалақтап әлдене іздеді. Текемет, кілем астын, ірге, бұрышты қарады.

– Мылтық қайда? – деді сосын. – Найза мен кісе қайда? Жолбарыс кісі жейді, ағаш пен темірді жемейтін еді ғой... Өле, – деді сосын. – Шақанның өзінің сырт киімдері де көрінбейді...

– Апыр-ай, – деді Қара-батыр да дағдарып. – Адамда иман қалмады. Ойран болып жатқан үйді тонаған қандай бейбақ!

– Батыр-еке, – деді Құба-мерген өңіне қан жүгіріп. – Біз тірі адамға жаназа оқыдық білем... Әлдебір сұғанақ келсе, өзге дүниеге тиіспей ме? Мұнда басқа гәп бар. Меніңше, жиеніңіз жолбарыспен алысқан. Алып жыққан. Содан соң... әлде ауыр, әлде жеңіл жаралы, өйтпесе, он екі мүшесі бүтін, киімін киіп, жарағын асынған, атқа мінген де елге қарай тартқан... Көрмейсіз бе, қалың қар жауып, бар ізді жасырғанын. Өйтпесе сайрап жатар еді...

– Аузыңа май, – деді Қара-батыр күмәнді үнмен. – Тек... кешелі, бүгін өткен іс емес, бір хабары естілсе керек-ті. Өйт-

кенмен сөзің қисынды. Бірақ жолбарысымыз қайда? Шелекті қан, ойранды топырға қарағанда, өлімсіз тынған кеп емес...

– Терісі сыпырылған жолбарыстың сүйегі, тым құрыса, сүйектен қалған қаңқасы таяу жерде жатуға тиіс, – деді Құба-мерген.

Екеуі үй іргесінен бастап, таяу төңіректі жерошақ басын, қамыс қалқасын тегіс тінтіп шықты. Ағайындар мен нағашылар келгенде сойылған малдың қар астында қалған, сыртынан қарға, құзғын шоқыған қан-жынынан басқа белгі көрінбейді. Жіптіктей үміт оңай үзілген. Үй ішін жинастырып, маңдайшаға қайырылған киіз тұтпаны түсіріп, сыртынан тақтай жарманың жұқанасымен бастырып, үстінен қамыс жауып, үңірейген есікті біржола бекітті. Тұл қалса да адам тұрағы, жайрап жатпауға тиіс. Атқа ауыр отырысып, қырға – бірер шақырым жерде, жатаған төбешік басындағы Ажар келіннің моласына бет түзеген.

Етекке жетіп, аттан түсер-түспесте көрді. Көздеріне сенбеген. Өткен аптада, осыдан он шақты-ақ күн бұрын өздері басына келіп кеткен жалғыз қабірдің қасынан дәл сондай, үстін аппақ қар басқан, бірақ аласа, жатаған жаңа бір үйіншек пайда болыпты...

II тарау Жолбарыс жымы

Аң патшасының әлденеше әулеті тұқым өсіріп келе жатқан құтты ұя.

...Кәрі қаншыр өзі есебін білмейтін, нешеме қар басқан ұзақ ғұмырында әлденеше рет ұя баурады. Қақаған аязда күшіктеп, бар шөнжігі аштық пен суықтан қатып қалғаны бар. Жазғы аптапта күшіктеп, бар шөнжігін шибөрі мен түлкі жем қылғаны бар. Көктемгі жылымықта да, күзгі қара суықта да басы түгел болған емес. Төрт шөнжіктен біреу, үш шөнжіктен екеу қалады. Оның өзі өсіп, өне келе әртүрлі пөлеге, көлденең кеселге ұшырайтын. Тек биыл ғана бауырындағы үшеу шетінемей, аман-есен бой көтеріп келеді.

Талай майданды басынан өткерген кәрі қаншырдың өзі де дәл осылай өскен. Бәрі көмескі, бәрі бұлдыр. Алыс. Сол алыс-

та қалған, күңгірт көп суреттің ішінде айқын таңбаланған, ешқашан ұмытылмас бір көрініс бар. Туған, өскен жері биік еді. Дәл іргеде – сұрғылт шудалы ақбас тау. Төңірек тегіс қалың ағаш, сылдыраған су. Қыста қалың қарлы жұмсақ аяз, жазда тамылжыған ашық күнді қоңыр самал. Аң жырттылып айырылады. Бірақ көрі қаншыр, – ол кезде, әрине, сүйкімді шөнжік, – созыла сомданып, енесімен бой таластырған жылы бұлар мекендеген аңғарды қорқынышты қос аяқтылар басып алды. Шөнжік, кейде қалтиып өздері жүретін, кейде көнбіс, төрт аяқты, әлдебір мақұлыққа мініп алып, ой, қыр, орман, тоғай демей, шарқ ұратын тынымсыз құбыжықты бұрын да білетін. Алыстан бой созып та, жақыннан баспалап та көрген. Енесі буын-буыны қалтырап, арқа жүні дірілдей қорқушы еді. Алыстан қарасы шалынса, тайқып кетуге, қапелімде таяу жерден ұшырасып қалса, дыбыссыз, қимылсыз, үрейлі кейіпте қамыс, қоғамен, бұта, талмен астаса бой жасырып, қайткенде де көзге түспеуге тырысатын. Енді міне, осы қорқынышты қос аяқтылар дәл іргеден шықты. Қарсы беткейдегі аз-маз ғана тайқы, түгі тұсырылған тепсеңге жапырлата, дөңгелек, аппақ бірдеңелер орнатты. Ұялары екен. Иісі бой тітіретер ащы түтін салып, қызыл тілі қу даладан үрей туғызар, лаулай жалаңдаған сансыз от жақты. Оңды, солды қапыла қозғалысып, шулап, дабырлап, тау арасын, кең аңғарды азан-қазан етіп жіберді. Қаншама мал жығылып, төңірек қан сасыды. Қос аяқтылардың өзгеше жат, үрейлі лебімен жарыса, майда, сүйкімді, төтті тағы қаншама иіс жеткен. Шөнжік әуелде қорықса да, бойы үйрене келе, жақынырақ барып көруге құмартып еді. Енесі артына қарайлатпады. Екеуі түн жамыла жортып, ойға түсті. Ал ойда сау тамтық жоқ, қосаяқтылардың мекенжайынан, ізінен, сайман, мүлкінен, өйтеуір бір белгісінен бос жер көрінбейді. Екеуі таудан тарамдана басталып, төмендеген сайын ұлғая берген, асыға, сарқырай аққан өзенді құлдай жортқан еді. Ұшан сулы кең дарияға жетіп бір-ақ тоқтады. Қамысы мол, тоғайы қалың, аңға бай. Қауіп-қатері де аз сияқты. Бірақ ең үлкен сор – аранын ашқан ажал осы арада күтіп тұр екен. Жаңа қонысқа бой үйренген, орныға бастаған алғашқы қыстың қапалақтаған, аязды, тымық түні болатын. Ауға шыққан. Бітік қамыс арасындағы көне жолбарыс жолмен сыбдырсыз, жеңіл басып келе жатқан. Енесі алда. Бұл

көбік қар үстіне бадырая түскен үлкен іздерді нақпа-нақ, толтыра басып, артта келе жатқан. Өзінің өсіп-жеткенін, күш-қайраты кемелденгенін айқын сезінген, үлкен айқасқа асыққан кейіпте, сабырсыз қимылмен ентелей түседі. Кенет түн тыныштығын қақ жара өлдене сарт етті. Енесі өкіре туды, көкке атылған. Ышқына ақырып, өлденені қашырлата шайнаған. Жер тырналап, өзімен-өзі жағаласып, қамысты жапыра ойран-топыр салған. Жас жолбарыс әуелде шошына жалт бергенмен, ытыра қашпай, анадайға барып, состиып тұрып қалып еді, ұзамай қайтып келді. Енесі өкіре ышқынып өзінің алдыңғы аяғын шайнап жатыр. Сонда ғана сұмдық қайдан келгенін аңдап еді. Алдыңғы аяққа жіліншіктің қақ ортасынан бір пәле жабысыпты. Енесінің қашырлата қан шашып шайнап жатқаны – сол, жуандығы өзінің құйрығындай, дөңгелене шиырылған, екі шетінде жалпақ қос құлағы бар, өлденеге тіркелген, өлденеге байланған жансыз жау екен. Енесі мойнын қайыра көкке қарап, іші тартыла ақырды да, көзі түнекті тесе жарқ етіп, бір сәт солықтай тыншыды. Бұған қарап, жарасын ауырсына өксіген. Жас жолбарыс енесінің қан саулаған аяғын жалады. Сол кезде шын түршігіп еді: алдыңғы сирақты қос қабаттай сығымдап, берік қапқан имек пәледен қос аяқтының иісі шығады!.. Қарыса қатқан пәле, енесі қанша қаржыса да, майып болмады. Сүйретіп кетуге төрт тараптан бірдей бекітілген, ұшы сом қазықтарға байланған жуан шынжырлар ерік бермеді. Бейшара анасы алыспен, арпалыспен таңды әрең атырып еді. Күн шығар-шықпастан дүниедегі бар сұмдықтың ұйтқысы, ереуілдей атқа мінген қос аяқтылар да келіп жетті. Жас жолбарыс жан сауғалай қашқан. Аяғы шырмалып, қарымы қысқарған анасының ең соңғы майдан үстіндегі, қорқыныштан, жалыныштан ада, айбарлы үні мәңгі-бақи құлағында қалды. Кешіне жүрек тоқтатып, пәлекетті жерге қайта оралған. Неше айналып, тың тыңдап, баспалап, әрең келіп еді. Күндізгіден де кеңейе түскен опыр-топыр алаңда кей жерде шашырай, кей жерде ұйи төгілген, енді бір жерде малынан аққан қара қаннан басқа белгі қалмапты. Сынған қамыс ұшына жабысқан бір шоқ жүннен енесінің өзгеше иісін таныған жас жолбарыс ажал алаңынан өкіре қашты.

Өзенді құлдап иенге бет түзеді. Қалың нуды басты, сыңсыған қамыстардан өтті, тоқтаусыз жүре берді.

Өуелде жалғызсыраған. Бірақ өзі тектестермен кездесу онша үлкен қуаныш емес екен. Ашыққан. Алайда табиғат сыйы – тырнақ пен тіс, еп пен айла, ең бастысы – енесінен үйреніп үлгерген азды-көпті тәжірибе өзегін талдырмаған. Қырғауыл мен қоян қалың. Ірі, қайратты, әйтсе де өзінен өлсіз аңдар да көп. Бірде үйірлі шошқаның қорығынан шыққан. Өуелі тарпа басып мегежінін алды. Екі күн армансыз жеп, әбден тойынды. Ізінше таяу төңіректі тіміскілей сүзіп, арқалары қоңыр жолақ жеті-сегіз торайды кезекпе-кезек, түгел аузына түсірген. Содан соң-ақ машықты аңшыға айналды.

Қосаяқ!

Бұл – жолбарыс туысты, өзгеше Қосаяқ еді. Үсті-басы – түгел сары тарғыл. Тіпті, төбесіне дейін шұбар түк. Жатаққа қатынар жалғыз жол үңгіме ішімен тоңқандап жылжып келеді. Жолбарыстан аумайды. Тек беті ғана басқа. Беті емес, жарқырай ұшқын атқан сәулесі өңменнен өтіп, ту құйрыққа, төрт аяқтың мүйізгек табаны мен шеңгелі тастай төрт бақайына дейін көктей шанышқан ғаламат көзі. Төрттағандай жылжыған жаналғыш пәлекеттің алдыңғы, оң аяғында жүзі суық, ұзын қара таяғы бар. Қосаяқ үңгіме аузына екі қабан бойындай жер қалғанда етпеттеп жата кетті. Сүйретіп келе жатқан түбі шомбал, ұзын таяқ алға созылды. Сол сәтінде жарқ етіп от жарылған. Күңдірсіген, жіптіктей ғана от. Жалынды өрттен де қорқынышты.

Жолбарыс мысықтабандап шегіне бере, бауырына аяғын жиды. Жалғыз-ақ секірім жер. Бар бөгет – үңгімені қаптай жапқан қалың бұта. Бірақ серпіле қарғып, бар екпін, қуатымен төбеден түссе, Қосаяққа қорғаныш бола алмайды. Жолбарыс жер бауырлай созылып, өткір құйрығымен өзін-өзі қос бүйірден кезек қамшылады да, ышқына ар етіп, бар күшімен жиырыла берген.

Дәл осы сәтте аспан қақырай күн күркіреді. Қара жер қарс айырылып, ортада үңірейген қара құрдым пайда болды. Аяқ астындағы тиянағы ғайып болған жолбарыс терең күз түбіне құлдырай жығылған. Жерге түскенін, бар сүйегі уатылып, борша-боршасы шыққанын сезген жоқ. Бір-ақ құлаш қуыс темірден тұтанған жай оты мың батпан салмақпен көрі қаншырды қақ маңдайдан ұрған еді. Жыртқыштың тұяқ серпуге де шамасы келмеген.

Қырқылған бұтадай үнсіз, дыбыссыз сылқ түсті. Сөу-
лелі дүние мен меңіреу түнек арасындағы меже жарқ еткен
жалғыз-ақ сызық екен.

* * *

Қосаяқ қарқылдап күлді. Еңбектей жылжып үңгімеден
шықты. Қара мылтықтың буалдыр түтін сыздықтаған, оқ-
дәрі иісі мүңкіген аузынан сүйді де, керіле бой жаза беріп
тағы күлді. Айғыз-айғыз, бүртiк-бүртiк жарақат басқан беті
быржия қатпарланып, күн күйдіріп, жел қаққан қоңыр өңі
суық ызбар шашып, дүниеде жоқ, ерекше тұрпат, қаһарлы
мақлұқат кейіпке түскен. Күліп емес, айбат төге арылдап
тұрғандай.

Арыл күлкі қалт тынды. Қосаяқ серпіле атылуға ыңғайла-
на берген қалпы шөкелей жығылған жолбарысқа да, әуелде
не болып кеткенін аңдамай, үрпие үдірейген, енелері етпет-
тей құлап, көк түтін тараған соң, күн сайын өздеріне тек қуа-
ныш қана әкелетін, беймәлім сырлы үңгіме қуыстан өлдебір
қорқынышты жау шығып, алдыңғы екі аяғын көкке көтеріп,
бауырын жаза шаншылып тұрып арылдай айбаттанғанда
домалана сүрініп тұра қашқан, бой жасырар пана таппай,
жиденің жуан діңін қалқалаған, тарпа басар қатер белгісі
танылмаған соң, қылт-қылт сығалай бастаған шөнжіктерге
де назар аудармады. Алдымен қу бұтақ жинап, ағаш сынды-
рып, сыртқа шығар жалғыз жол – үңгіме аузын бітеді, сыр-
тынан иықтан сыпырған жолбарыс жақысын жауып, үсті-
нен ауыр мылтықпен бастырып қойды. Басынан мол пішімді
жолбарыс далбайын алып, самайдан, мойыннан сорғалаған
терін ысқылай сүртінді. Жолбарыс жатағына төн, көңіліне
соншалық байсал берген, қолқа қабар, күлімсі ауамен кеу-
десін кере дем алып, аз бөгелді. Содан соң білегін сыбанып
жіберіп, шөнжіктерге қарай қадам басты.

Үшеуі үш жаққа тым-тырақай қашқан. Бірақ жер өлшеу-
лі. Жан-жағы берік, үй орнындай ғана дөңгелек алаңқайды
айнала жүгіргеннен басқа шара жоқ. Кенже шөнжік оп-оңай
тұтылды. Қалған екеуі жан-дәрмен жидеге өрмелеп шығып
кеткен. Екеуі екі жақта, жуан, әрі биік бұтақта тырмыса
күжірейіп отыр. Тіпті, оңай болды. Ағашқа мысықша өр-

мелеген Қосаяқ желкелерінен қыса ұстап, тырнамақ болып аяқтарын тарбитқанына, қызыл иектен жаңа ғана қылтиған кішкене азуларымен тістемек болып, аузын аша тыпырлағанына қарамастан, екі шөнжікті бірінен соң бірін жерге түсірді. Ұялас үшеуін мойындарынан күрмей іліп, қатарластыра көгендеп, жиде түбіне байлады. Бір бұрышта теңкие созылып жатқан қоңыр қабанға қарап, тыжырына жерге түкірді де, беліндегі қыннан қайқы бас, өткір кездігін суырып, өлі жолбарыстың қасына келді. Екі көз ортасынан тиген, тайқи ұрған ауыр қорғасын оқ төбе сүйекті қақ айырып, көгілжім сұрғылт миды қызыл күрең қан араластыра ірей талқандап өткен екен. Бір жақ шекеден жылыстай аққан қан өлі тыйылмапты. Қосаяқ тізерлей отыра қалып, жылы қанға сұқ саусағын батырды да, тілімен жалады. Тамсана жұтынып, тағы батырды. Тағы да рақаттана жаланды. Осы ретпен жолбарыс қанынан жеті мәрте дәм татқан.

Жеңісті жекпе-жекпен кейін жау қанын ішетін көне рәсімді атқарған соң Қосаяқ былқ-сылқ жатқан өлі жолбарыстың зілмауыр денесін шалқалата аударып, екі қабырғадан екі томаршамен орнықтырды да, табанынан іреп, терісін соя бастады. Машықты жұмысы болса керек, түндіктей теріні өп-сәтте-ақ сыпырып тастаған. Жаңа, жұмысқа кірісер алдында белінен шешіп, ағаш бұтағына іле салған кісесінен



аузын түйе байлаған дорба алды. Іші толы тұз екен. Теріні қаудыр жапырақ үстіне кере жайды да, үстіне тұз септі. Уқалап, барлық жеріне бірдей езе таратқан. Қапырық күн әсеріне қарсы алғашқы амал...

Жолбарыс аңшысы ұйып қалған аяғын жазып, еріншек қимылмен, қыл шылбырға көгендеулі тұрған шөнжіктерге жақындады. Дәл алдарына келіп жүрелей отырды. Ешқайсысы ықпады. Қимылсыз күйде қалт тынған. Аңшы ышқына ыржиып, итше ырылдап еді. Қорықпады. Қол созып, шеткі, ең кішкентайын ала берген. Құртақандай қызыл тарғыл шөнжік лып етіп алдыңғы оң аяғымен салып қалды да, ызалана ырылдап, білектен ала түскен. Күш аз, тіс тұқыл. Аңшының қолы ауырған да, қанаған да жоқ. Бірақ ішін тарта таңырқаған. «Шөнжік деп қомсынба, мысық емес – жолбарыс». Жолбарыс. Жолбарыс болғандықтан да... Аңшы шөнжікті желкесінен қысып тұрып, көгеннен босатып алды. Тарғыл күшік қайтадан дәрменсіз, сәби кепке түскен. Сәби... Кенет Қосаяқтың кеудесінен өксіген айқай шықты. Тырбаңдап тұрған шөнжікті шолақ құйрығымен қоса, артқы екі сирақтан ұстады да, керіле құлаштап, жерге соқты. Қолы-басы дірілдей, құтыра қимылдап, қалған екі шөнжікті де шешіп алды. Екеуін екі қолымен шиыра сілтеп, жиденің жуан діңіне үрды. Жасына жетпей жау қолына түскен, бір салғанда-ақ бастары айырылып, омыртқалары үзіліп, қабырғалары қаусаған жолбарыс балалары шик етіп дыбыс шығаруға да шамалары келмей, демдері үзілген.

* * *

Мейірімсіз Қосаяқ – Шақан еді. Елден аулақтап, иенге шыққалы, аптап жазда жастыққа басы тимей, тоғай тінтіп, қамыс сүзіп, құм кешіп, қақараң қыста қар астына түнеп, мұз үстіне от жағып, тынымсыз із кескелі, бөріше бой түзеп, жолбарысша жалғыз жортқалы қаншама заман. Күн, ай есебін білмейді, жыл санамайды. Тәңірінің төрт мезгілі онсыз да алмасып жатады. Күн мен түн тынымсыз кезектеседі. Бәрі де адам еркінен тыс. Бұлт шығады – жаңбыр, я қар жауады. Жел тұрады – дауыл, я боран соғады. Тоқтата алмайсың. Ендеше, құмырсқа, жолыңды біл.

Шақан өз жолын білетін. Қапшағайдан Құйғанға дейін Іленің екі жағасын, Топар, Қараөзек, Жиделі аталатын ұл-

кенді-кішілі тарамдарын тегіс сүзіп шықты. Аумағы айшылық Көкше теңізді қыс, жаз демей, барлық түбек, қойнауын тазарта тінтіп, екі мәрте айналып өтті. Өлі талай сүзбек, талай айналмақ. Өйткені Шақанның өз есебі бар еді. Ай, күн есебі емес. Мал, жан есебі емес. Жолбарыс есебі.

* * *

Жылдан астам ұзақ сапардан соң, Арқадан жақында ғана оралған. Ол жақтағы қаймағы бұзылмаған қалың қазақ риясыз қарсы алып еді. Алаштан асып туған ұл деген. Батыр барымта қуып, бүркіт тышқан аулаған заманда кейінгі жас балаға жол көрсетер аға деген. Ақсақал батасымен алқады. Аналар ортадан ойып, отау көтеріп беруге құмартқан. Ару қыз... аяулы жар бар бақытын осының жолына байлады. Өшкені жанып, өлгені тірілетін еді. Бірақ өшпенділік кеудеде қыж-қыж қайнаған асау ыза еркіне қоймады. Тұрақтай алмаған Балқаштың жонын еркін жайлаған қаны бір қарындас арасына. Қанша толқығанмен, етігінің басы бері қарай бұрылды да тұрды.

Бұл көк теңізді жағалап, сары даланы көбелеп жүрген екінші сапары еді. Алғашқы жол аса қиынға түскен; жемнен тарықпаса да, Балқаштың шығыс бөлігіне қарай ауысқанда, бір жақ қапталы – жағасы қалың қопа, сыңсыған қамысты ащы теңіз, екінші қапталы – ақ селеу, боз жусанды сұр жазық болып келетін бірнеше күндік жолда шөлден ұша жаздаған. Ойламаған жерден қалың жаңбыр жауып қана тірі қалып еді. Шақан көп жерде теңіздің дәл жағасындағы саздақтан жарты құлаш құдық қазса, мөлдір, тұщы су табарын білмепті. Білмегендіктен де атынан айырылды. Өзі итжандылығынан ғана аман шықты. Бірақ бұл тарапта жолбарыс жоғын анықтаған.

Ол жаз еді. Елдің қарасын көзі шалса да, маңына бармаған.

* * *

Жылқы үйіріле жосып, қырат бетке шығып кетіпті. Бір шеті мүлде шашырап, әлдеқайда маңып барады. Баран атты жалғыз жылқышы құрығын шошандатып, малдың артын жинап жүр. Жіңішке дауыспен ышқына айқайлап қояды.

Шақанның алдынан өзі шауып шықты.

– Өй! Елмісің, жаумысың? Адамсың ба, аңсың ба? – деген анадайдан. Астындағы есік пен төрдей торы айғыр ауыздығын кере шайнап, осқыра тапырақтайды. Маңдайы биік, құлағы ықшам арғын тымақ киген бала жігіт екен. – Ой, артқы аяғымен жүріп келе жатқан жолбарыс екен десем, шошайған мылтығың бар ғой, – деді содан соң ақсия күліп. Тебіне жақындап, ізетпен сәлем берді.

– Ассалаумағалейкүм, аға!

– Жолбарыс шапты ма? – деді Шақан.

– Ой, аға, зәремнің ұшқанын көрсеңіз... – деді бала жігіт қыз дауысты, әуезді үнмен. – Үзеңгіден аяғын шығарып, керіле дем алды. – Бір жетім емген саяқ көк тай бар еді. Түн ортасында ғой деймін. Тіпті, шет кетіпті. Қайырайын деп жүре беріп едім... сап-сары сапалақ... көзі тура шоқтай жанады, шайтанның отындай жап-жасыл... Оқтай атылғанда... бейшара тай шөкесінен жығылды. Ат үстінен қалай түсіп қалмағанымды өзім де білмеймін. Астымда жуас кер бесті бар еді, қалай ұйықтасам да қалт етпейтін. Жолбарыс та қарғыды, бізге емес, жаңағы тайға, кер бесті де шұрқырай қашты... Ал менің үнім өшіп қалды ғой деймін. Сондай қорқақ екем... Ал сіз ғой, ештеңеден қорықпайсыз.

– Оны қайдан білесің? – деді Шақан салғырт қалыпта.

– Білем, – деді бала жігіт. – Сіз – Үйсін Шақан-Шері батырсыз.

«Шақан-Шері...» Шақан екені анық. Шерісі тағы рас. Дөп солай. Шақан-Шері!

– Ел айтады. – Бозбала аттан түсіп, Шақанның қасына келді. Көксауыр саптама етік, оқалы сары тон киген, нәзік бітімді жас екен. Үлбіреген дөңгелек жүз, жапақтаған үлкен, қара көз. Бетінің ұшы шыққан күнмен лыпи қызарып, қорғаншақтап тұрып қалды. – Ел айтады, – деді сосын ұзын, қайқы кірпіктерін тура қадап. – Шақан кеше қоқанды Алатаудан асыра қуған, ханның өзі қайырылып кеңес сұраған Саурық батырдың немере інісі екен дейді. Ағасы жаудан арманда өлген соң, елін аздырған, жерін сатқан жуандардың қорлық-зорлығына шыдамай, жапан түзде жалғыз жортар жолбарысқа айналып кетіпті дейді. Күндіз – адам, түнде – жолбарыс... Шақан-Шері!.. Бірақ мен сенбеймін. Әкем айтады, үстіндегі киімі тегіс жолбарыс терісі

екен дейді, киім тапшылығынан немесе сән үшін емес, ау кезінде оңайлықпен көзге шалынбас үшін. Жұрттың айтып жүргені сол дейді. Өткен жылы, жоқ, алдыңғы жылы, мен онда әлі кішкентаймын, біреулер көріпті сізді. Өкем іздетті, таба алмай қалды. Біздің бір жылқышы ізіңізге түскен екен, кәдімгі адамның ізі дейді, содан күн ұзақ жүріпті, сосын кешке қарай... – бозбала Шақанның жел қағып, аяз сорған қызыл шырайлы жүзіне қадала қарап сәл бөгелді, – кешке қарай өлгі адам ізі өзінен-өзі жоғалып, жолбарыс ізіне айналып кетіпті...

– Апыр-ай, – деді Шақан таңырқап. – Мүмкін, жолбарыс кісінің ізін басқан шығар, – деді сосын жігітке жақындай түсіп. – Із үстімен жүретін әдеті бар ол шіркіннің.

– Ой, көп сөйлеп кеттім, – деді бозбала. – Жолбарыс анау, тайды жәукемдеп жатқан. Жылқы анау, бытырап кеткен. Мен тұрмын мұнда. – Шегіншектеп барып, атына мінді.

– Қорқасың... – деді Шақан.

– Қорқамын, – деді жігіт. Ақсиып күле бере езуін жиып алды. – Өлде... Сен қайдан шықтың? – деді тізгінін қымтай ұстап. – Түнде жылқыға шапқан сен емеспісің? – Атының басын тартып, шегіншектей түсті. – Қазір адамсың, – деді сосын жайбарақат. – Тиіспейсің. Ал ана жерде... барсың ба, жоқсың ба, қазір анығын білеміз... – Аулаққа, жолбарыс жылқы жыққан қалың қопаға қарай тұра шаппақ ыңғай танытқан.

– Әй, әй... – деді Шақан қолын ербеңдетіп. – Өзің қорқақтың ішіндегі есері екенсің. Әй, ана, жем үстіндегі жолбарыс күндіз, түнге қарамайды, алып түсіп жүрмесін!

– Бар ғой?.. – деді бозбала бүктей ұстаған қамшысын әлдеқайда шошайтып.

– Егер түнде жылқы алғаны рас болса, бар. Жемге тойса да сол төңіректе жатыр.

– Сен мұнда тұрсың ғой?.. – деді бозбала қамшы басын Шақанға тіктеп.

– Сен де жігіт атанып жүрсің-ау, – деді Шақан мына қорқақтан біржола түңіліп. – Жылқыны қалай бағасың мына түріңмен?

– Мен жылқышы емеспін, – деді бозбала. – Жылқышылар ауылға кеткен, көш алдынан. Қорқақ та емеспін. Қорықсам, қайтып кетер едім, түнгі күзетке шыққан өзім, жылқы

шұрқырай берген соң... – Сынай қарап аз тұрды. – Мен жігіт те емеспін, – деді сосын сақылдап күліп. Басынан тымағын жұлып алды. Төбеге шиыршықтай салған қос өрім шаш тарқатыла төгіліп, иыққа оратылған.

Шақан Меңсұлумен осылай кездесті.

Арқа қыздарының мінезі ашық келеді екен. Сөзі сынықсыз, жүрісі еркін. Алдымен Шақанға ат ұстап әкелді. Шылбырымен ноқталап, астына ішпек салып берген. Содан соң екеуі түнде жолбарыс жылқыға шапқан жерге қарай жүрді.

Кешіне қыз әкесі Атабек ақсақал жібермеді.

«Жалғыз қызым ағаларына еліктеп, еркек-шора өсіп еді, соның садақасы, жемтік үстінде олжа дәметпеймін», – деген.

«Аң болса да киелі, өзіңмен табыстырды, менен салауат, қасқырға беретін қотыр тай, жесін, тойсын, жөніне кетсін», – деген.

«Апта аспай төрт жолбарыс бір басыңа ауыр болар, ерліктің өлшеуі, төуекелдің шегі бар, сақалымды сыйласаң, сабырет», – деген.

Алайда дөніккен жолбарыс он шақты күннен соң тағы да жылқыға шауып, малға шығын салмағанмен, жұртқа үрей туғызып, береке кетіргенде өз қолымен бата берді. Төрден ұңғысы қырлы, сүп-сүр, дүмі жылтыраған жап-жаңа орыс мылтығын әперген. Шақпақ тегершікті, желге, жауынға қарамай, жедел атылатын жойқын қару. Шақан сырмінез нәрсе, өзім үйренген білтелі артық деп, алмаған. Атабек ақсақал әлдеқайдан сандық түбінен жағасы биік, жеңі ұзын, етегі бітеу, сауытқа ұқсас, шұбар ала киім шығарды.

– Жолбарыс көбе! – деген. – Осы үйдегі, атадан қалған ең асыл мұрағат...

Жайланып отырып, жолбарыс көбенің хикаясын айтып еді.

– Жә, балам, бір көбе ішінде екі өлім жоқ, киіп ал...

Жолбарыс көбе өгіз тарамыспен сірестіре тігіп, шеңберлей өрілген жуан қыл арқаннан жасалыпты.

Жолбарыс көбе біршама ауыр болғанымен, қимылға қолайлы сияқты. Шақан өзін жеңіл, әрі қауіпсіз сезінді. Ал малшабар жыртқыштың кешегі ізіне түскен соң, көңілі айрықша көтерілген...

Арқадағы жолбарыстың әдеті де өзгеше. Қамысқа үйірсек емес.

Шақан-Шері! Ажар... тым ұяң еді. Жасқаншақ емес, биязы... Шақан қатайып алды.

...Шақан жолбарысты астылы-үстілі, қарыс сүйем, сап-сары төрт азуы аз-маз ғана айқаса, бозғыл тілі мен қан қызыл көмейі ажал төге ашылған аран ауыздан көздеп еді. Ауыздан кірген ауыр қорғасын мойын омыртқаны үзіп, желкеден шықса, жолбарыстың сырттаны болса да жер тарпуға шамасы келмей, етпетінен құлары хақ. Құламады. Өлде толқыныстан, әлде асығыстан сәл төмен ұрыпты. Өндіріштен қызыл қан шапши саулаған жолбарыс шайқалақтай тұрып, аспанды қақырата ақырды. Аспанды қақырата ақырды да, төлтіректей басып, алға аттады. Алға аттай бере, аузынан қан шашып, ышқына өкірді. Шиырылған құйрығы аш бүйірін сабап, төрт аяғын бауырына ала бере, жел көтерген қызыл жалындай атылды.

Шақан жолбарыс ақыра көтерілгенде мылтығын лақтырып тастап атып тұрып, қорғануға қам жасап еді. Сол мезетінде-ақ қуатты серпіннен анадай ұшып түсті. Аралық алыс па, ауыр жара адым тұсады ма, жыртқыш еркін іліндіре алмапты, еш жері мертлікпеген. Бірақ орнынан тұрып үлгермеді, арылдай құтырып, локси қан құсқан жолбарыс тышқан басқан мысықша, төбеден қона кетті. Быртиған бақай ұшындағы жуан, өткір, ілгек орақ тырнақтарымен тарпи тырнап, жөтеле қан шашқан аран аузы тура тамаққа төніп келе жатты. Үстінен ауыр салмақ басса да, денесіне тырнақ батпаған Шақан жолбарыспен жанталаса алысқан қалпы сол жақ білегімен басын қорғалап, оң қолымен беліндегі селебесін суырды. Дөп-дөңгелек, үлкен жасыл көздері шатынай ұшқындап, ауыр, ыстық демі бет шарпыған долы шері қыл арқанды жуан жеңді жұлқи тістеп, шақырлата қысқан сәтте Шақанның қылпыған сүр селебесі де аш қолтықтан бойлай сұғылып еді. Адамның аруақ шақыра ышқынған, аңның жаны шырқырап, қинала өкірген үні қабаттаса шықты. Сол қолы білек ортасынан сақыр етіп сынғанын анық естіген, еш жері ауырмаған Шақан селебені бойлата толғап барып, қайта суырған. Дәл осы сәтте бір жақ бетін үш тармақ жалын шалып еді. Сол жақ көзін қызыл жалқын, көк теңбіл толқын басып, аузына қан толды. Бірақ бойына тың күш құйылғандай. Жыртқыштың аузындағы жаралы білекке бар салмағын салып, шірене көтеріліп, жолбарыстың қара қабырғасына қайыра қанжар ұрды.

Шашала өксіп, буындары бүгіле бере сылқ шөккен, езуі жиырылып, аузы ашылып, желке жүні тікірейе дірілдеп, артқы аяғымен жер тырнаған тайдай жолбарыстың астынан өрең шықты.

* * *

...Атабек ауылы – түбектің ықтасын түпкіріне қонған он бес үй. Меңсұлу кіші әйелден туған кенже қыз екен. Атабек ақсақал үлкен үй бес қанат ақ ордада өлі өңін жоғалта қоймаған, жүзінде қайғы табы бар, етжеңді, егде бөйбішемен ғана қалыпты. Шақанды қасынан шығармады. Жара, кәдімгі жара. Тек көзінің қиығы алайып, езу еті қаша біткен. «Бәрекелді, жарақат – жігіт көркі» – деген Атабек ақсақал тәубе айтып. Алайда Шақан өз жарасының өзгеше тұрпатын анық аңдады. Адам түгілі аң шошитындай кейіпке еніпті. Ренжімеген. Қайта, сонысы ұнап еді.

Атабек ақсақал әңгімеші адам екен. Елдің өткені туралы хикаясы, бүгіні туралы кеңесі таусылмады. Осы өздері отырған қоныстың ғана тарихы неше кешке жетердей. Ал Шақанның құлағы тыңдағанмен, ойы алыста...

...Атабек Шақанның көңіл күйін көміл таныды. Бірақ басқаша ұқты. Сирек ақ сақалды, қызыл шырайлы аққұба өңіне қан жүгіріп, жанарын төмен салып, бөгеліп қалды.

– Өлде... – деді сосын тамағын кенеп, сабырлы, майда үнмен, – бөтен байыбың бар ма... Біздің... – Ақсақал мүлде қызарып кетті. – Біздің Арқа қыздары бұла өседі, ерке келеді... Қылықты, көрікті...

– Жоқ!.. – деді Шақан. Дауысы шығып кетті. – Мен... мен татымаймын! Көңілің көл екен, өке. Бірақ мен... мен – Құдайдың қарғысына ұшыраған адаммын. Мен... мен тірі кісі емеспін, өке. Рұқсат бер, өке. Батаңды бер...

– Оралып, алдыңызға келем, – деді ақсақалдан бата алып, риза, қош айтысқан соң, көңілі босап. – Бес жылдан соң. Келмесем... жаназамды шығарып, құран аудартыңыз, өке...

Бірақ кете алмады. Өуелде апта бойы өзінің қысқы күресінде жатқан. Бәлкім, жаз шыққанша жатар еді. Қашып шығуға өзгеден емес, өзінен-өзі қашуға тура келген.

III тарау

Сары құмның шапқыны

...Ыстық соғып, шөл қыса бастаған Шақан тұс ауа осы құрғақ арнаға ұшыраған. Жолбарыс ізінен де осы тұста айырылып еді. Жай ғана із қумаған, із соңынан су іздеген, бостан-босқа қаңғымайтын құм жолбарысы әлденендей көлге, не бұлақ, өзенге бастап апарар деп ойлаған Шақан өзінің иен шөлде қалғанын, таяу төңіректе – үш-төрт күндік жерде ел де, су да жоғын, қиян құм ішінде қаталап өлуі мүмкін екенін сонда ғана пайымдады. Бар үміт көне арнада. Ойпаң тұстарына қақ тұруы мүмкін ғой. Қар суы не жаңбыр суы. Құм арқылы өтетін өзендердің үзіліп барып, қайта жалғасып кететіні болады. Өлдебір жерде сылдырап су ағып жатса несі бар. Ұшан дарияның көне өзегінде бір тамшы нәр қалмауы мүмкін емес. Жолбарыс тегіннен-тегін иенге бет түзеген жоқ. Суат бар. Таяу маңда.

Шақан торсығын сарқа төңкеріп, ең соңғы тамшы суын ішті.

* * *

...Кенет Шақан таяқ тастам жердегі қалың итмұрын арасынан өзіне әлдекімнің тесіле қарағанын аңдады. Шегіне бере мылтық дүмін иығына тіреді. Бірақ атып үлгермеген. Қуатты серпіннен шалқалай жығылды.

Еш жері ауырған жоқ. Естен танған жоқ. Бірақ өң мен ұйқы арасында, үрейден де, үміттен де ада, мөңгүрт күй кешкен. Бөренедей добал, темірдей салмақты орақ тұяқ, тарғыл аяғын кеудеге тіреп, дәл үстінде тайдай қызыл жолбарыс тұр еді. Астында жатқан адамнан жиренгендей, бет-аузы рабайсыз тыржиған, мұрты жиырылып, сойдақ азулар сарғая қайшыласқан. Ажалдың суық зәрі сасық лепті болады екен. Шақан өзінің бетіне – жолбарыс тырнағы мәңгіге таңбаланған жарақат бетіне жылымық, қоймалжың, бір тамшы сілекейдің үзіліп түскенін бар жүйкесімен сезінді. «Өлдім!..» – деген ой келді. Сол сәтінде оң қолы белдегі селебеге қарай баяу жылжып бара жатқанын аңдады. Болмашы қимылды қалай байқағанын кім білсін, жолбарыс та ар ете түскен.

Ажал шарпуы Шақанның бет-аузын өртей күйдірді. Кірпігін қақпай, безірейіп қатып қалған. Тек қол – басқа денеден бөлектенген, өз жаны, өз тірлігі бар оң қол ғана межелі бағытына қарай ештеп сырғып барады.

Жолбарыс қатерлі қолдың суық қаруға қашан жетерін күтіп тұрмады. Басын шайқап, мойнын бұра бере қоңыр белдеулі, қызыл тарғыл, сабау құйрығымен бүйірін соғып, көкке қарап, іші тартыла өксіді. Содан соң салқау қимылмен Шақанның үстінен түскен. Баяу бұрылып, қырындай шегінді. Бөгелмей, артына да қайырылмай, балпаңдай басып ұзай берді. Шолақ құйрық қызыл арлан.

Шақан селебе сабын қыса ұстаған, қимылсыз, тілсіз қалпы ұзақ жатты. Жүрегі салқын. Жүйкесі берік. Күш, қайраты бойында. Бірақ ақыл, ойдан шет. Дәл осы сәтте өзінің тірі адам екенін, иә өлі аруақ екенін анық бағымдамас халге жеткен.

* * *

...Сондай бір жолы серпімі ауада қырқылған, дәл аяқ астына бүктеле шиырылып, жансыз қапшық болып түскен тарғыл сары қаншырдың бауыр көтеріп, ет жеуге жараған, тіпті, асты-үстілі азулары да шыққан екі шөнжігіне рақым жасап еді. Екеуінің де құйрығын қақ ортадан кертіп қысқартқан. Осыдан соң үлкен-кішісіне қарамай, шөнжіктерге тиіспейтін болды. Бәрі де таңбалы. Жер басып жүрсе Шақаннан құтыла алмайды. Өссін. Қайраты толсын. Адал, ашық ұрыста беттесін.

Көп ұзамай мұнысы – кеңшілік емес, азапты өлімге байлаған ауыр жаза екенін ұқты. Өз бетімен аң аулап жей алмайтын шөнжік бәрібір аштан қатады екен. Егер оған дейін шибөрі мен сілеусінге жем болмаса. Бір қар басқан ересегінің өзі дәрменсіз. Осы ересектерінің өлігін көрген соң, кішілерінен мүлде күдер үзгені. Тек бір жолы ғана тірі шөнжікке ұшырасты. Су жағасында, тал түбінде бұратылып жатыр екен. Шақан көміл таныды. Қара жолағы аз, өте еңсіз, қызыл сарыдан қоңыр күреңге бейім, өзгеше тұрпатты шөнжік. Сақина белдеулі шұп-шұбар құйрығы осыдан он шақты күн

бұрын кесіліп еді. Қызыл шөнжік басын әрең көтеріп, сүйретіле қашпақ болды. Қолға алғанда қоқақтап аузын ашып, тістеуге, тыпырлай бұлқынып, тырнауға әрекеттенді. Шақан осының алдында ғана ұрып алған қырғауылдың ішін жарып, бауыр, жүрегін алып беріп еді.

Ертеңіне тастап кетуге қиады. Мойнына жіп тағып, жетектеп алған. Апта бойы қасына ертіп жүрді. Өбден тойғызды. Бірақ өлтіре салуға қолы батпаған. Асырап алсам ба деген ой келіп еді. Тез жеріді. Жетекте жүрсе де жұғысар емес. Тамақты қолдан жемейді. Өліне қарамай, алыса кетуге бейім. Жарайды, үйренсін. Сонда қайтеді мұны. Жүгіртетін ит емес. Мінетін ат емес. Босатып қоя берген. Бірақ жетім шөнжік соңынан қалмады. Ерген де отырған. Күн емес. Апта емес. Ай бойы. Із қуып арттан жүреді. Баспалап алыста жатады. Орағытып алдан шығады. Қайткенде тым тақау келмейді. Ұзап та кетпейді. Шақан өткен жолына, ерулеген, қонған жеріне жем тастауды әдетке айналдырды. Ал күзге жақын Іле жағасындағы бітеу қамыс ішінен дөкей қабан атып берді. Бұл қоштасқаны еді. Шөнжік мол етке еріксіз аялдамақ. Өзінің анасын өлтірген, енді амалсыз асыраушыға айналған Шақаннан көз жазбақ. Ар жағы... әрине, аштық, өлім...

Екі-үш күн бойы бүйрек-бауыры шымырлап, ұйқысы бұзылды. Қызыл шөнжік көз алдынан кетпей қойған. Тағы бір жыртқыштың көзін жойған жаңа айқастан соң ғана тыншыды.

Бірақ ұмытпапты. Арада... арада қаншама заман өткен соң, желтоқсандағы алғашқы сонарда із кесті. Бедерлі, салмақты, дөп-дөңгелек. Толысқан арлан ізі. Көп ұзамай қуып жеткен. Тарғылы жоққа тән, тайдай қызыл шері. Жұқа, күпсек қар үстінде керіле басып, салпаңдай аяңдап барады. Шақан мауыққан қаншыр үнімен үздіге шақырып еді. Арлан қалт тоқтады. Көлденеңдей бере, созылып тұра қалған. Сол кезде көрді. Құйрығы шолақ екен. Шақан жолбарыс үнінен жаңылып, ішін тартты. Қорбаңдай ұмтылып, ашыққа шықты. Шолақ жолбарыс кеудеге ұрғандай шегіншектей бере шабынып, ар ете түскен. Сабау құйрығы шолтаңдап, бүйірін қамшылап, қар шаша етпеттеген. Адамнан ығар түрі

көрінбейді. Аралық жақын болса, бөгелмей атылатындай. Қазір де тұра ұмтылуға шақ жатыр.

Шақан тағы бірнеше қадам басты. Қызыл шері жылмия арылдаған қалпы орнынан көтеріле берген. Дәл осы сәтте жойқын мылтық та тарс атылды. Қарсы алдындағы көбік қар бұрқ еткен жолбарыс секіре тұрып, ытқи қашты. Көздегені қате кетпеген Шақан өмірінде бірінші рет мүлт басыпты. Бірақ өкінген жоқ. Қуанған да жоқ. Таңырқаған. Өзінің мүлт ұрғанына емес. Баяғы жетім шөнжіктің тірі қалғанына. Әлде Тәңірі асырады. Әлде ұялас үйір тапты. Қайткенде де кешегі дәрменсіз, добал шөнжік бүгін қайратты, келбетті жыртқышқа айналған. Өккі, қу. Бәлкім, ағайындарының бәрінен қатерлі.

Шақан қызыл шолақ шеріні бұдан соң ұшыратпады. Тек осы жолы... құмға бет бұрған кезінде бір түйткіл тапқан. Ізіне түскен жолбарысы жатып, тыныстаған жерде құм бетінен доға сызық көріп еді. Шолақ құйрық таңбасы. Көре, біле тұра нық сенбеді. Қалай сенсін?! Одан бері қаншама заман?! Тіпті, қыстың қыраулы күндерінің бірінде шолақ шерімен кездейсоқ ұшырасқан суреттің өзі күңгірт. Еміс елеске, бұлдыр ертегіге айналған.

Енді міне... бар екен. Рас екен. Өуелі енесінен айырған. Содан соң шолтитып құйрығын кескен. Кейін ақ қарда қақ басынан көздеп атқан. Кеше құмда ізіне түскен. Жаңа ғана бетпе-бет келді. Қызыл жолбарыстың, тоғайдағы, қамыстағы, құмдағы бар шерінің есесі түгенделетін сәт туды. Бірақ тарпитын еді. Оп-оңай боршалайтын еді. Тарпымады. Боршаламады. Таныды...

Таныды... Есіне түсті... Көп қиянаты емес, азғана жақсылығы. Дәмнен аттамады. Дәті бармады. Дұшпандығын біле тұра кеңшілік жасады. Жығылған жаудың кеудесінен түсті де жүре берді... Өлде... адам емес, аруақ екенін көрді ме...

* * *

Өлі мүрде. Тірі аруақ. Мана көл бетінде сұлделенген суретінен көрді. Жақ сорайып, көз адырайған. Шеке шодырайған, мойын қылқиған, соншама ұсқынсыз кепке түскен.

Бас сүйегі дүңгірлеп тұр. Іші толы – құм. Өлде қан. Іші толы – жолбарыс қаны. Қуыс қауашақ емес. Өйткені бұл – тірі адам. Тірі. Шөлдеді, су ішті. Қарны ашты, кісе түбінде қалған-құтқан бірдеңелерді талғажау етті. Ешқашан мұндай ашығып көрмепті. Суатқа түскен қарақұйрықтың бірін атып алуы керек. Содан соң ақылы кіреді, амалын табады. Амал – бұдан соңғы тірлік жайы. Бірақ қандай тірлік? Есін жияды, ойлап табады.

Шақан созалаңдап, әрең бой көтерді. Басы айналып, шайқалақтап тұрып, торсығына су толтырды. Мылтығын арқасына асып, кеше келген жолына – Іленің ескі арнасына түсті. Құбыжық. Тірі аруақ.

Түн қараңғы. Қап-қара мақпал. Тұңғыық. Жұлдыздар жарық. Аппақ, ірі. Жерге соншама жақын.

Кенет Арқадағы Атабек ауылы есіне түсті. Меңсүлу... күңгірт. Бет бейнесін елестете алмады. Ал ақсақалдың өзі... Күні кеше ғана қасында отырғандай. Аялы көзі, қалың түкті, бурыл қабағы, тарам-тарам жібек сақалы... Жеті жыл! О, төңірім! Адамға көрсетпегің көп екен... Не салсам да көтере берер деп қалай ойладың?!..

* * *

Екі жыл!.. Бес емес, екі жыл! Екі жылда оралмасам, үмітіңді үз деген. Өлгенім, жолбарысқа жем болғаным деген. Бағыңды байлама, ерге бар деген. Меңсүлу!.. Бар бақыты, бар тірлігі...

Екі жыл өтті, өлмеді. Бес... жеті жыл болды, – өлі тірі. Жоқ. Сол күні Меңсүлудың бота көзін моншақ жасқа толтырған қатыгез күні өліпті. Екі жыл бойы және үш, тағы екі – жеті жыл бойы неше мәрте өліпті. Өлі мүрдесін сүйретіп жүре беріпті. Ай сипатты Меңсүлу... Жылай-жылай бекінді. Шақан-Шерінің ерлік өліміне нық сенген мұңды көңілмен басқа біреудің босағасын аттады. Өліге емес, тіріге бұйырды. Бұл да медеу көңілге. Тірі тірлігін жасайды. Өнеді, өседі, өмір кешеді. Өлі өткен күннен алыстай бермек. Қурайды, тозады, топыраққа айналады. Шақан-Шері

де өлген еді. Өйелі мен баласын жыртқыш жеген күні емес. Жаңадан тігілмек жылы ұядан қашқан күні. Осыдан жеті жыл бұрын.

* * *

«Жоқ! Мен – тірімін! – деді Шақан ышқынып. – Мен – тірі Адаммын!». Онысы рас еді. Тірі. Адам. «Менің үйім бар! Елім бар! Жерім бар!». Үйі жоқ еді. Осы түнде ғана иен тоғайда, жиде ағашының түбінде қонып шыққан. Үй деген – шаңырақ. Үй деген – киіз болар, тас болар, балшық болар, қабырғасы, төбесі бар қуыс. Ашық аспан, шетсіз күмбез үй емес. Бірақ елі де, жері де бар еді. Байтақ ел, кенішті жер. Жүзі сынық, көңілі кірбең. Өйтсе де өмір өзегі күре тамыры қиылмаған. Хан-сұлтан кетті, халық орнында қалды. Жұрт өзгеше тірлік кебін тапқан. Намысы сөнбеген, болашақтан түңілмеген ер-азамат тұман серпілер, күн ашылар жаңа бір жол қарастыра бастаған. Ана құрсақтанып, бала аяқтанып жатыр. Қазан – ошақта, ошақ – отта, от – ортада. Бай болмас, бірақ бар өмір – арнасы ауған Іле дариядай үйіріле толқып, ағып жатыр. Қалай бұрсаң да, теңізге құяды.

* * *

Шақан десе Шақан – бір тал қамыс құрағы екен. Үлкен өмір арнасынан тысқары қалыпты. Қурамаса, тамыры нәрлі топырақтан үзілмегені. Бірақ қуанышы қане? Өткенге өкінбейді, болашағы қайда?

«Мен – жапанда өскен тораңғы, – деді Шақан, – тұрған жерім шөл. Мен – жалғыз жортқан жолбарыс – төңірегім түгел жат».

Бірақ тораңғы да түйін тастайды, төңірегіне қаулап жаңа өскін шығады. Жолбарыс та ұрпақ жалғайды, өзі кеткен күні орнын басады.

Тұлдырсыз екен, тұл екен.

«Менде бәрі де болған, – деді Шақан, – Соның күйігі. Соның кегі...»

Ештеңе ойламауға тырысты. Ойламау тағы мүмкін емес-ті.

«Мені елден айырған...»

Кенет өзін осы жолға түсірген жалмауыз жолбарыс көз алдына келді. Балаға шапқан, әйелді шайнаған кезі емес. Өлім сәті. Өлгеннен соңғы бұтарлап шабылған сәті. Артқы аяққа шор болып байланған қорғасын оқ. «Жолбарыс өз бетімен кісіге тимейді». Құба-мерген айтқан. Қара-батыр айтқан. Атабек ақсақал айтқан. Өзі де көрді. Сонда жалмауыз кек қуғаны ма? Бір кісіден көрген жапасын бар адамға артқан. Жүрген ізін қанды соқпаққа айналдырған. Бұл да қазаға ұшырады. Қорғасын оқ емес, тас қайғы екі бірдей қаза жүрек басына түйіртпектеліп жабысты. Бір жыртқыштың кінәсін тарғыл тонды барлық шеріге артыпты. Сонда не тапты?

Кек... Кегі аңда емес, адамда болуға тиіс екен. Елден аң емес, адам айырыпты...

Бұл кезде Жалтақ Жантай өліп қалған. Кеше емес, алдыңғы күні емес. Көк белесте. Патша туының астында. Тарғыл тонды Тоқай-мерген қара шитімен қапысыз ұрған.

Бірақ ағайын ортасына бара алмайтын еді. Өуелде қалмаған, тыңдамай кеткен. Ол кездегі ел ағасынан ешкім жоқ. Кіммін деп барады, не іздеп барады. Нағашы жұртқа тағы сыймайды. Шақырғанға көнбеді. Пана тілеген кембағал кімге керек. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді. Алысқа кетеді. Жат емес. Жақын.

Өуелі Ілені құлдап, Көкше теңізге түседі. Көкше теңізді жағалап Атырауға – анада ұшығына шыға алмаған ескі арнаның құйғанына жетеді. Ұшан суға сұғына біткен Сары-Есік түбегі бар онда. Үшкіл тұмсығына шықса, Сарыарқа таяқ тастам жерде тұрмақ. Тар бұғаздан сал буып өте шығады. Өз елі. Өз ағайындары. Мүмкін, онда да тұрақтамас. Бірақ амандығын, барлығын білдіреді. «Бес жылда келмесем, жаназамды шығар» деген. Бұл – тірі. Тірі адамға жаназа дарымайды. Мүмкін, біржола тұрақтап қалар. Құрметтеп күткен, қимай қоштасқан қаншама жұрт бар еді. Өз жұрты.

Тек ата-баба моласы... Дәл іргесіне қала орнаған. Бармағалы, көрмегелі көп болыпты. Аруақтан аттап қалай кетер.

Шақан өзінің ескі қонысына бет түзеді.

Төбесі ойылған, босағасы құлаған ескі күмбез басында темір кісен күтіп тұр деп ойламаған.

Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Шығарма композициясына талдау жасаңдар. Оқиға қалай басталады? Оқиганың дамуы қалай көрінеді? Шақанның басынан қандай жағдай өтті? Аңнан кегін алған Шақанның иен далаға қоныс аударуына не себеп болып еді? Шығарма мазмұнымен толық таныса отырып, идеясына назар аударыңдар.



2-тапсырма. Шығарма мазмұны бойынша берілген тізбектерді негізге ала отырып, оқиғадағы кейіпкердің психологиясына талдау жасаңдар.

- Тұтқындағы шері
- Қарапайым Шақан
- Қайғыдан қан жұтқан Шақан
- Жолбарысты жеңген ағайын, нағашы
- Қосаяқ Шақан
- Кек құған Шақан
- Меңсұлу мен Шақан
- Шөнжік пен Шақан
- Шөнжік пен Шақанның «кездесуі»
- Шерінің қолға түсуі



3-тапсырма. Оқиғадағы шиеленістер мен қақтығыстардың суреттелу ретіне қарай Шақан-Шері бейнесіне мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. Шығарманың идеясына зер салып, оқиғаға себепкер болған жағдайдың қазақ халқының тарихында алатын орнына мән беріңдер.



5-тапсырма. Романда суреттелетін ұлттық құндылықтарды канадалық жазушы Эрнест Сетон-Томпсонның «Виннипег қасқыры» шығармасымен салыстыра отырып, сюжетіне әдеби талдау жасаңдар.



6-тапсырма. «Шақан-Шері» романының композициясына мән беріп, уақыт пен кеңістікті анықтай отырып, әдеби талдау жасаңдар.



7-тапсырма. Хрестоматиядағы «Шақан-Шері» романының мәтінін негізге ала отырып, авторлық идеяның өмірмен қаншалықты байланысы барына назар аударыңдар. Эпилогпен танысып, шығармаға өз көзқарастарыңмен талдау жасаңдар.




8-тапсырма. Берілген үзіндіден көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.

Қосаяқ қарқылдап күлді. Еңбектей жылжып үңгімеден шықты. Қара мылтықтың буалдыр түтін сыздықтаған, оқ-дөрі иісі мүңкіген аузынан сүйді де, керіле бой жаза беріп тағы күлді. Айғыз-айғыз, бүртік-бүртік жарақат басқан беті быржия қатпарланып, күн күйдіріп, жел қаққан қоңыр өңі суық ызбар шашып, дүниеде жоқ, ерекше тұрпат, қаһарлы мақлұқат кейіпке түскен. Күліп емес, айбат төге арылдап тұрғандай.

Арыл күлкі қалт тынды. Қосаяқ серпіле атылуға ыңғайлана берген қалпы шөкелей жығылған жолбарысқа да, әуелде не болып кеткенін аңдамай, үрпие үдірейген, енелері етпеттей құлап, көк түтін тараған соң, күн сайын өздеріне тек қуаныш қана әкелетін, беймәлім сырлы үңгіме қуыстан әлдебір қорқынышты жау шығып, алдыңғы екі аяғын көкке көтеріп, бауырын жаза шаншылып тұрып арылдай айбаттанғанда домалана сүрініп тұра қашқан, бой жасырар пана таппай, жиденің жуан діңін қалқалаған, тарпа басар қатер белгісі танылмаған соң, қылт-қылт сығалай бастаған шөнжіктерге де назар аудармады. Алдымен қу бұтақ жинап, ағаш сындырып, сыртқа шығар жалғыз жол – үңгіме аузын бітеді, сыртынан иықтан сыпырған жолбарыс жақысын жауып, үстінен ауыр мылтықпен бастырып қойды. Басынан мол пішімді жолбарыс далбайын алып, самайдан, мойыннан сорғалаған терін ысқылай сүртінді. Жолбарыс жатағына төн, көңіліне соншалық байсал берген, қолқа қабар, күлімсі ауамен кеудесін кере дем алып, аз бөгелді. Содан соң білегін сыбанып жіберіп, шөнжіктерге қарай қадам басты.


Үшеуі үш жаққа тым-тырақай қашқан. Бірақ жер өлшеулі. Жан-жағы берік, үй орнындай ғана дөңгелек алаңқайды айнала жүгіргеннен басқа шара жоқ. Кенже шөнжік оп-оңай тұтылды. Қалған екеуі жан-дәрмен жидеге өрмелеп шығып кеткен. Екеуі екі жақта, жуан, әрі биік бұтақта тырмыса күжірейіп отыр. Тіпті оңай болды. Ағашқа мысықша өр-

мелеген Қосаяқ желкелерінен қыса ұстап, тырнамақ болып аяқтарын тарбитқанына, қызыл иектен жаңа ғана қылтиған кішкене азуларымен тістемек болып, аузын аша тыпырлағанына қарамастан, екі шөнжікті бірінен соң бірін жерге түсірді. Ұялас үшеуін мойындарынан күрмей іліп, қатарластыра көгендеп, жиде түбіне байлады.


 **9-тапсырма.** Шығарманың сюжетіне мән бере отырып, Шақан бойындағы аңғалдық пен мәрттік, кекшілдік пен батырлық қасиеттерге арнап «Шерлі Шақан-Шері» тақырыбында әңгіме жазыңдар.


 **10-тапсырма.** Берілген шығармаларды салыстыра отырып, кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.


Шығарма сюжеті	Джек Лондон «Ақ азу»	
	М. Мағауин «Шақан-Шері»	
Шығарма сюжеті, композициясы	Джек Лондон «Ақ азу»	
	М. Мағауин «Шақан-Шері»	

 **11-тапсырма.** Шығарма мазмұнын «Көксерек» әңгімесімен салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

«Көксерек»	«Шақан-Шері»

 **12-тапсырма.** Үзіндіні тыңдаңдар. Оқиғаға мән бере отырып, адами бақытынан бас тартқан Шақанның ішкі жан дүниесіне көңіл аударыңдар. Жолбарыс біткеннен кек алуды мақсат еткен адамның ішкі психологиясына қандай сыни баға берер едіңдер? Ойларыңды дәлелдеп, қорытындылап жазыңдар. **Уақыты – 15 мин.**

 **13-тапсырма.** Берілген үзіндіні тыңдай отырып, Шақанға тиіспей аман қалдырған шері туралы әдеби эссе жазыңдар. **Уақыты – 15 мин.**

 **14-тапсырма.** «Шақан-Шері» романы мен М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі жыртықштар бейнесін салыстыра отырып, әдеби сын жазыңдар.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ (1928 – 2008)



Шыңғыс Айтматов – ойшыл гуманист, қазақ-қырғызға ортақ халық жазушысы, Социалистік Еңбек Ері, КСРО мемлекеттік сыйлығының үш мәрте иегері және Лениндік сыйлықтың лауреаты. Ол 1928 жылы желтоқсанның 12-жұлдызында Қырғызстан жеріндегі Шекер елді мекенінде дүниеге келген.

Шыңғыс Айтматовтың бүкіл шығармашылығы мен өмірі бастан-аяқ қазақ халқымен тығыз байланысты

болды. Сонау «Жәмиладан» бастап, әлемге танымал «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Жанпид» сияқты барлық шығармаларындағы көркем образдарының рухы мен мінезі қырғыздан гөрі қазаққа өте-мөте жақын еді. Жазушының өзі де қазақ ауылымен іргелес, қоныстас жерде туып-өскен. Әкесі Төреқұлды Тұрар Рысқұлов қолынан жетектеп жүріп, Ташкентке оқуға түсірген. Кейін қырғыздың көрнекті қоғам қайраткері болған, 1938 жылы «халық жауы» ретінде атылып кеткен Төреқұл Айтматов Т. Рысқұловтың тікелей тәрбиесін көрген шәкірті болған.

Ш. Айтматов түркі әлемінің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Turksoy тағайындаған халықаралық көрнекті сыйлықтың тұңғыш лауреаты болды.

Ол 2008 жылы маусымның 10 күні 79 жасында қайтыс болды. «Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Айтматовтың мүрдесі Бішкек қаласы маңындағы Чон-Таш (Шын-тас) ауылындағы «Ата-Бейіт» мемориалдық мұражай кешеніне қойылды. Бұл күн қырғыз халқы үшін «қаралы күн» болып жарияланды.



АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ (повестен үзінді)

Бұл суретті мен әлі салып бітірген жоқпын. Сондықтан оның қалай болып шығарын күн бұрын айту да қиын. Күнде таң сәриден тұрып, бұрын әр кезде жасаған түрлі вариант-эюдтарды қайтадан екі-үш рет қарап шығамын да, елең-алаңдағы тыныштықта әрі-бері жүріп тынымсыз ойланамын. Жоқ, мен әлі ойдағыны тапқан жоқпын, істің бәрі алда. Бұл сурет өзiрге көңiлдегi тiлек, жүректе толқыған, қан тамырында жүрген елес, үмiт, қиял ғана...

Бiтiрмей жатып, болашақ туынды жөнiнде күн бұрын жария салуды әуел бастан жаратпайтынмын, әбес көретiнмiн. Қызғаншақтық емес бұл, әрине. Бесiктегi нәрестенiң кiм боларын алдын ала кiм бiледi. Бiрақ бұл сапар, өздерiңiз көрiп тұрғандай, мен ол әдетiмнен танып, бiтуге жақын шығармамды ортаға салып, ол жөнiнде әңгiме қозғамақпын. Бұлай етпеске менiң шарам да жоқ. Неге десеңiз, жалғыз менiң ғана күшiм жетпейдi. Маған түрткi салып, қиялымды қозғаған бұл оқиға кеудеме сияр да емес. Мен оны сурет арқылы шашау шығармай жұртқа жеткiзсем деген үмiттемiн. Осыған көпшiлiк қауым ақылын қосып, тiлегiн айтса екен деймiн. Ал шығарма көптiң демiнен жаратылған жалындай қандарыңыздан қан, күштерiңiзден күш қосып берiңiздер. Мен бұл жұмыс туралы сiздерге мiндеттi түрде айтып беруге тиiстiмiн.

* * *

Бiздiң ауыл Ақжар тауының етегiнде орналасқан, онан әрi қарай сiлемдене сұлаған Қаратауға дейiн – ирелеңдеген өзен аққан, темiр жол тартылған қазақтың сары даласы.

Ауылдың жоғарғы жағындағы адырда мен бала кезден бiлетiн екi зәулiм терек болатын. Бұл егiз терек қазiр де сол жерде. Қашан қарамасаң да, ауылға қай тұстан келмесең де, төбе басында бой түзеген осы биiк теректер көзге бәрiнен бұрын шалынады. Неге екенiн бiлмеймiн, әлде балалық әсердiң күшi ме, я болмаса суретшiлiк кәсiбiне байланысты ма, әйтеуiр, станциядан түсiп, шатқалдан шыға ауылға қарай беттегенде, сол адырда баяғы қос терек мәуелеп тұр

ма екен деп, тағатсыздықпен сол жаққа қараймын. Ертерек ауылға жетіп, тезірек төбе басына шығып, қос терекке иіліп сәлем беріп, мауқым басылғанша олардың сыбдырлаған үнін тыңдасам деп әрдайым аңсаймын. Талай бақтар бар, бірақ бұл теректердің бір естен кетпес қасиеті – олардың үні мүлде басқа, бейне тілі бар тәрізді. Күні-түні тынбай, әрдайым жапырақтары дірілдеп, шайқалған бұтақтары айқара құшақтаса, теректер сан алуан үнге салып шуылдайды. Бірде жиекке соққан ерке толқындай естілер-естілмес сыбдырлап, бірде тым-тырыс ойға шомып, сағынышты санаға батқандай әлденеге мұндана күрсініп, жұлқынған жел бұлттарды айдап, бұтақтарын қасарыса игенде, теректер тіресе өжет қарсыласып, «бізді жыға алмайсың» дегендей, өршелене, қаһарлана түседі.

Кейін ес кіріп, етек жиғанда, мен бұл теректердің сырын түсіндім. Биікте жан-жағы жалаңаш төбеде өскендіктен, бұлар әр кез желдің өтінде болып, ауаның әрбір қозғалысына жауап қайтарып, әлгіндей толассыз шуылдап, мүлде басқаша үн қатуының себебі де сондықтан екен. Дегенмен, менің, бұл топшылап тапқаным балалық қиялымның алғашқы әсерін жоя алмады. Сол кездегі түйгенім, сезгенім қазір де көңілімнен кетпей, маған бұл теректер осы күнге дейін қандай да бір киелі нәрседей сырлы, жанды сияқты болып көрінеді. Бұл теректердің түбінде менің өмірімнің ең бір сиқырлы шағы қалғандай, ойға алған сайын барлығын бастан есіме түсіргім келеді.

Оқудан тараған жазғы мезгілде біз бір топ бала балапан ұстаймыз деп осы жерге келетінбіз. Біздің шұрқыраған үнімізге разы болғандай, төбе басында кербез керіле жайқалған алып теректер әдетінше жапырақтарын жай ғана сыбдырлатып, бізді саялы көлеңкесімен қарсы алатын. Сонда күстабан, жарғақ алақан біз, тентектер, теректерге мысықша асылып шыға бастағанда, шу көтерген көгершіндер жаны қалмай шыр-шыр ететін. Оған болатын біз бе! Бұтақтан-бұтаққа өрмелей, бір мезетте құстар ұшқан биікте алдымыздан ашыла қалған дүниенің көрінісіне таң қалып, бәріміз демімізді ішімізге тартып, үн шығармай бұтақ-бұтаққа жабысып, аламыз деген бұлбұлдың балапандарын ұмытып кететін едік. Біз ең үлкен үй деп есептейтін колхоздың ат қорасы теректің басынан тебінгідей-ақ көрініп,

ал енді ауылдан төмен, әлдеқайда мұнартқан жазықтықтың соншалық шексіз екеніне, әрі тағы неше алуан жерлер, басқа тағы сан алуан күмістенген өзендер бар екеніне таңдана қарап, әлемнің шеті-шегі осы ма, я болмаса онан әрі осындай аспан, осындай бұлт, осындай жер бар ма деп ойға бататынбыз. Осы сәтте ызындаған жел әуені құлаққа шалынып, оған ілесе бір үнмен сыбдырлаған жапырақтар, көз көрмеген көгілдір алыстықта небір тамашалар, небір қызықтар бар екендей тамылжыған күй тартып, бетті еркелете сипар еді. Жүрегім жарылып кеткендей дүрсілдеп, қос теректің шуылын қиялға батып тыңдайтынмын. Көз алдыма ертегілердегідей неше түрлі ғажайыптарды елестетсем де сонда бір-ақ нәрсені ойламаппын. Бұл теректерді кім отырғызды, қандай тілек, қандай үмітпен өсірді екен дегенді ойыма да алмаппын.

Осы теректер өскен жерді ауылдағылар неге екені белгісіз «Дүйсеннің мектебі» деп атайтын. Кенет бір мал іздеп қалғанда: «Ой, пәленше, менің торы құнанымды көрдің бе?» – десе, онда анау тоқтай қалып: «Анау Дүйсеннің мектебінде жылқы жүр, сол жақтан іздеп көр», – деп, жүріп кететін. Үлкендерге еліктеп біз де: «Жүр кеттік, Дүйсеннің мектебіне, терекке шығамыз», – дейтінбіз.

Бір кезде осы төбенің басында мектеп болған екен. Біз оның орнын да көрмей қалдық, бірақ қос теректі төбенің аты ел аузында бұрынғысынша келе жатыр. Бұл мектептің орнын бала кезде бірнеше рет іздеп те көрдім, кейінірек: «Неге «Дүйсеннің мектебі?» Ол қай Дүйсен?» деп, қариялардан сұрастырғанда, олар менің бұл сұрауыма енжар, болмашы нәрсе дегендей қол сілтеп немғұрайды жауап берді: «Ие, осы жүрген ақсақ қой Дүйсен. Кешегі сұрапылдан кейін ана төбенің басында бір жаман там болатын, Дүйсен комсомол болдым деп, сонда мектеп ашып, бала оқытқан. Мектеп дейтін аты ғана болатын. О да бір өзінше қызық дәуір еді ғой, құдай салмасын, үзеңгіге аяғы тигеннің бәрі өзінше мықты боп, әркім білгенін істейтін. Дүйсен де сонда бір ойына келгенін істеп баққан. Қазір ол жаман тамның орны да жоқ, бір жақсысы – аты жоқ төбе еді, «Дүйсеннің мектебі» болып аталып кетті»...

Дүйсен деген кісіні мен онша жөнді білмейтінмін. Бойы серейген, бүркіт қабақ, салауатты адам сияқты көрінетін.

Оның үйі өзеннің арғы бетіндегі екінші бригаданың көшесінде еді. Мен ауылда жүргенімде, Дүйсен колхоздың мұрабы болып, қанжығасына етектей кетпенді байлап алып, істен шығып қалған, өзіндей мәстекті мініп, кейде біздің көшені басып өтетін. Кейін пошта жұмысына ауысып кетті дегенді есіткенім бар-ды. Бірақ әңгіме басқада. Ол кезде менің комсомол жөнінде түсінігім қазіргіден мүлде бөлек болатын. Іске мықты, сөзге берік, жалқау – арамтамақтарды газетке өшкелелеп жазатын ауыл жігіттерінің ең мықтысы деп ойлайтынмын. Ал енді жаңағы сақалы бурыл тартқан қарапайым кісі шабан атын шу-шулеген сияғымен өз заманында қалайша комсомол болып, тіпті қара танымай жатып, балаларды қалайша оқытып, қайтіп мұғалім болғанын ешбір көз алдыма елестете алмадым. Шынын айтсам, ауылдағы көп лақаптың бірі болар деп, мен бұл сөзге пәлендей сенген де жоқпын. Бақсам, «Дүйсеннің мектебі» дегеннің өз алдына тарихы бар екен, мен оны күтпеген жерден жақында ғана білдім.

Өткен күзде маған колхоздан телеграмма келді. Екі жыл бойы біздің колхоз өз күшімен жаңа мектеп салып жатқан болатын. Мектептің үйі жаңа ғана бітіп, ауылдастар мені оның ашылуына шақырған екен. Мұндай қуанышты күні жерлестеріммен бірге болайын деп, дереу жолға шықтым. Сурет салу үшін тіпті үш-төрт күн бұрын бардым. Қаладан шақырылғандардан енді академик Сүлейменова келеді деп күтіп отыр екен. Ол кісі мұнда бір-екі күн аялдап, осы жерден пойызға мініп, Мәскеуге жүріп кетеді екен десіп жатты. Академик Сүлейменованың келетінін естіп, мен қатты қуандым. Бұл дүйім жұртқа белгілі білімпаз әйел біздің ауылдан екенін, жас кезінде қалаға кетіп, кейін ғалым болғанын бұрын есітіп жүргенмін. Ал енді өзімен қалада таныстым. Мен көргенде Алтынай Сүлейменова шашына ақ кірген, толық келген, елулерге таянып қалған адам екен. Университетте кафедра меңгеріп, философиядан лекция оқып, академияда істеп, оның үстіне әртүрлі қоғамдық жұмыстармен шетелдерге барып келіп жүрген ауылдас апаның жайбарақат отырып, хал сұрасуға шамасы келмей жүрді, бірақ ұшырасқан сайын, мейлі жиналыста, мейлі күтпеген жерден көшеде кездесе қалғанда, біздің ауылдың амандығын сұрап, менің творчеством жөнінде қысқа болса да пікірін айтпай қалған емес. Мен бұл кісінің қарапайымдылығына,

адамгершілігіне ішім жылып, бір күні ішімдегіні бүге алмай, оған былай дедім:

– Апа, ауыл жаққа барып, ел-жұртпен дидарласып қайтсаңыз қайтеді? Сізді сыртыңыздан бәрі мақтан етеді екен, бірақ көпшілігі танымайды. Атақты ғалым қызымыз ауылын менсінбей жүр ме деген сөздер де бар.

– Бұл айтқаның дұрыс, інім, – деп, Алтынай Сүлейменова күрсініп қойды. – Ауылды өзім де көптен бері аңсап жүрмін. Бармағаныма талай уақыт өтті. Ауылда пәлендей туыстарым жоқ. Бірақ ел деген туыс, елден ұлық туыс болмайды. Сөзсіз барамын, қолым босаса болды, барамын... Туған жерді сағындым...

Академик Сүлейменова ол күні кешігіңкіреп келді. Мектептің салтанатты ашылуына дәл оның машинасы көшеге тоқтағанда, жиналысқа келген жұрттың бәрі алдына шығып, танығаны да, танымағаны да, кәрі-жасы қалмай тегіс жүз көрсетіп қол алысты. Алтынай Сүлейменова мұндайды күтпеген болуы керек, қуанғанынан не істерін білмей, көпшілікке қол қусыра иіліп жүріп отырып, залдағы президиумнан орын алды. Бұндай салтанаттардың шетелдерде талайын көрген Алтынай Сүлейменова бұл сапарда көзіне жас алып отырды. Жиналыстың аяғында пионерлер оның мойнына қызыл галстук байлап, гүл беріп, жаңа мектептің Құрмет кітабына оның атын бірінші етіп жазды. Оқушылардың көңілді ойынынан кейін кешке таман біз бір топ мұғалімдер, ауыл активтері болып, мектеп директорының үйінде қонақта болдық.

Мұнда да Алтынай Сүлейменованың келгеніне сүйсінген жұрт оны кілем төселген төрге отырғызып, қолынан келгенінше құрметтеп, сыйлап жатыр. Үлкен дастарқанның жиегінде жайнап отырғандар гу-гу сөйлесіп, шай ішіліп жатқан кезде қолына бір уыс газет-журнал ұстаған жас жігіт есіктен кіріп келді де, үй иесіне он шақты телеграмманы ұсынып, қол қойып беріңіз деп аялдады. Бұрынғы оқушылардан келген құттықтау телеграммалар қолдан-қолға өтіп жатқанда, әлдекім сөз арасында:

– Ой, мұны Дүйсен шал алып келді ме? – деп сұрап қалды.

– Ие, – деді жігіт. – Жиналысқа жеткізіп үлгерейін деп атын қансорпа қылып келген екен, кешігіп қалдым деп өкініп жатыр.

– Ой, түс де оған аттан, үйге кірсін! – деді үй иесі қолын бұлғап.

Жігіт шығып кеткенде, маған жанаса отырған Алтынай Сүлейменованың өңі қуара түсіп, әлдене есіне келгендей, менен:

– Әй, қайсы Дүйсен, кімді айтып жатыр? – деп сұрап қалды.

– Колхоздың почташысы, апа, – дедім мен, – Дүйсен деген ақсақалды танитын ба едіңіз?

Ие дегендей басын изеп, Алтынай Сүлейменова бір нәрсе айтайын деді ме, орнынан тұруға ұмтыла беріп еді, соның арасында терезенің алдынан салт атты қораны дүбірлетіп өте шықты. Үйге кіріп келген жігіт:

– Түсіңіз деп едім, тіпті болмай қойды, ағай, – деді. Жұрттың хатын таратамын деп, жүріп кетті.

– Қайтесің соны, кете берсін, – отырғандардың ішінен біреу жаратпағандай қолын сілтеді, – ол шалдың отырар жері бұл емес.

– О, Дүйсен дегенді білмейсіздер, ол заңмен ғана жүретін адам қызметін бітірмейінше еш жерге бұрылмайды, – деді екінші біреу алдыңғыны толықтырып. «Мейлі, ендеше, ештеңе емес» дегендей үй иесі де басын изеп қойды.

Сөйткенше төрде отырған ауылдағы қадірменді адамдардың бірі сөз бастап кетті:

– Жолдастар, бір кезде біз «әліпті» таяқ деп білмейтін Дүйсеннің мектебінде де оқыдық қой. – Ол бұл сөзге таң қалғандай, күле сөйлеп басын шайқады. Қазір сол бір кез есіме түсіп жатыр.

– Ой, тоба десеңші!

– Рас, рас! – десті басқалар.

– Ой, Дүйсенің бар болсын. Соны да мұғалім, оқытушы, ұстаз деп те жүріппіз ғой!

Қарқылдаған күлкілер басылған сәтте әлгі кісі сөзін әрі жалғай түсті:

– Міне, енді алдымыз елге даңқы жайылған академик болып, кейінгіміз жоғарғы, орта білімі бар жұрт болдық. Ауылымызда бүгін жаңа мектеп аштық. Басқасын айтып не қылайын, заманның қалай өзгергені осының өзінен-ақ көрініп тұрған жоқ па? Қане, онда, ағайын-туғандар, біздің

ауылдың ұл-қыздары бұдан әрі білімге кенеліп, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы адамдары болуы үшін!..

Бұл сөздерді отырған жұрт жаппай қолдады. Тек қана Алтынай Сүлейменова ернін тістеп қызара түсті. Оның бұл халін, сөзге, күлкіге беріліп қызған көпшілік байқаған да жоқ.

– Сіз неге көңілсіз отырсыз, апа? – дедім мен.

– Жай өншейін, інім, – Алтынай Сүлейменова екі-үш рет сағатына қарап, басқа ештеңе айтқан жоқ.

Қонақтар далаға демалғалы шыққанда Алтынай Сүлейменованың елден бөлініп, сонау төбе басында жайқалған қос терекке қарап, ойға шомып тұрғанын көріп, жанына жақын бардым.

Ұясына жақындап, күзгі даланың сұрғылт шетіне иек артқан күннің алтын нұры биікте тұрған теректердің құзар ұшына бірде тиіп, бірде тимей құбылып тұр екен.

– Қайран теректер, жапырақ төгіп тұрған кезі екен, жазда көктегенде көрсеңіз тамаша ғой, – дедім мен.

– Ие, мен де соны ойлап тұрмын, – деп Алтынай Сүлейменова басын изеп, күрсініп қойды. Әр нәрсенің жазы да, күзі де болады ғой.

Бұл сөтте осы талайды көрген ғалым әйелдің түрі «қайран, өтіп кеткен он сегіз қайта оралса» деп, іштей тынып, қызыл орамал тартқан балғын шағын есіне алған кәдуілгі қарапайым қырғыздың әйелдеріне ұқсап кетті. Ол және бірдеңе айтқысы келгендей теректерге қарап, үнсіз тұрды да, бір кезде қолындағы көзілдірігін киіп, сөмкесінен папирос алып тұтатты.

– Мәскеудің пойызы біздің стансыдан түнгі он бірде өтеді емес пе? – деді.

– Ие, апа, он бірде өтеді.

– Онда менің қазір жүруім керек.

– Неге? Сіздің бір-екі күн осында болмақ ойыңыз бар емес еді? Ауылдастар сізді жібермейді, апа.

– Жоқ, менің шұғыл жұмыстарым бар. Бүгін жүрмесем болмайды, қазір кетуім керек...

Ауылдастарының ренжіп қиналғанына болмай, түсіргелі жатқан асқа қарамай, айтқанынан қайтпай кешірім өтініп, Алтынай Сүлейменова ақыры кетпек болды.

Күн ұясына отырып, өбден кеш түскен уақытта ауылдастар түгел жиналып, оны машинаға мінгізді. Алтынай Сүлейменованы стансыға жеткізіп салу үшін мен де машинаға отырдым.

Бұл кісінің дүйім жұрттың көңілін қалдырып, неге соншалықты асығыс, қауырт жүріп кеткенін ешқайсымыз түсінбей қалдық. Бір-екі рет мұның себебін сұрайын деп оқталып, ыңғайсызданып қала ма деп имендім. Және де қазір оның ешкімге ештеңе айтпайтынына да көзім жетті. Жол бойы Алтынай Сүлейменова бір ауыз сөз айтпай, өте қатты ойланып, қапа болып келе жатты.

Стансыға келіп, пойызға мінер алдында ақыры:

– Апа, бір нәрсеге кейіп, ренжіп келдіңіз, неге ашуландыңыз?

– Жоқ. Олай деп ойлама. Неге ашуланайын. Ашулансам да өзіме ашуланамын, өзімнің білместігіме... Көңілдеріңізге еш нәрсе алмаңыздар, – деді. – Қайта сіздердің маған ренжулеріңіздің жөні бар...

Сонымен, Алтынай Сүлейменова Мәскеуге жүріп кетті. Мен қалаға қайтып оралғаннан кейінгі күндердің бірінде Алтынай Сүлейменовадан ойламаған, күтпеген жерден хат алдым. Өзінің ғылым жұмыстарымен Мәскеуде ұзақ уақыт болатынын жазып, одан әрі хатында былай депті: «Қымбатты інім, қаншама шұғыл жұмыстарым болса да, барлығын жиып қойып, мен осы хатты жазуды мақұл көрдім... Егер осында айтылғандар сізді қызықтырса, онда өз творчествоңызда пайдалануыңызды өтінемін, өйткені бұл мен үшін ғана емес, біздің ауылдастар үшін ғана емес, біздің жалпы жұмысқа, көпшілікке, әсіресе жастар үшін қажет қой деп ойлаймын. Бұл менің көп толғаныстан кейін түйген пікірім. Бұл менің жұрт алдында жүрегімді ұсынып, тарту еткен сырым, сондықтан мұны қанша көп адам білсе, мен сонша бақытты боламын, жұрт алдында соншалық парызды өтеп, соншалық күмәннен арыламын... Егер қағаз бетіне түсіретін болсаңыз, мені ыңғайсыз жағдайда қалады деп кібіртіктемеңіз, ештеңесін жасырмай, турасын ашық жазыңыз...»

Мен осы хаттың негізінде бұдан әрі қарай академик Сүлейменованың өз атынан өңгімені жалғағым келеді.

* * *

... Бұл оқиға 1924 жылы болған. Ие, менің әлі есімде, дәл сол жылы болған...

Ол кезде қазіргі біздің ауылымыз тұрған жерде он-он бес үй жатақ түтін түтететін. Онда мен он төрттегі жетім қыз, аталас тумаларымның қолында жүретінмін. Сол жылы күзде малды-жандылар қыстауға көшіп кеткеннен кейін, біздің ауылға мен бұрын көрмеген, үстіне әскери шинель киген бейтаныс жігіт келді. Елден, жолдан жырақ тау баурайындағы шағын қырғыз ауылына бұл бір үлкен оқиға болды. Ө дегенде оны – әскери басшылықта жүріп, енді ауылға мықтының өзі болып оралыпты десіп, кейіннен жоқ, ойбай, бұл баяғы теміржолға тентіреп кеткен Тастанбектің баласы Дүйсен деген екен, өкімет оны әскерден босатып, мұғалім етіп жіберіпті, мектеп ашып, бала оқытады екен десіп, жұрт бұл оқиғаны әр саққа жүгіртті. Мектеп, оқу деген ұғымдардың өзі ол кезде бізге онша таныс емес, жаңа сөздер. Бұл алыпқашпа сөздер рас па, әлде жалған ба, не болады деп жүргенде, «ауыл ортасындағы дөңге жиналсын» деген хабар айтылып қалды. «Ой, сұмдық, бұл тағы қандай жиналыс еді!» – деп, ағам жаман атына мініп жүріп кеткенде, басқа балалармен қосылып, мен де оның артынан бардым. Бес-алты атқа мінген, қалғаны жаяу шағын топтың ортасында үстінде көнетоздау қара шинель киген, көзі бажырайған, қатқан қара жігіт сөйтеп тұр екен, біз жетіп барған кезде ердің үстінде шалқая шіреніп тыңдап тұрған аттылардың бірі оның сөзін бөліп жіберді:

– Өй, балам, – деді ол аптыға сөйлеп. – Біз сенің ататеңді ғой білеміз: біз сияқты қара табан кедей еді. Ал сен қайда жүріп молда болдың?

Дүйсен кейін бұрылып жауап берді:

– Мен молда емеспін, ақсақал. Мен комсомолмын. Қазіргі кезде хат танығанды мұғалім дейді. Мен әскерде жүріп хат танып келдім. Менің молдалығым – осындай.

– Ө-ә, бәлі.

– Оның дұрыс екен, – десті.

– Комсомол мені мұғалімдікке дайындап, бала тәрбиеле деп жіберді. Мектепті сіздердің көмектеріңізбен анау төбеде бос тұрған жаман тамды оңдап ашамыз деген ойым бар. Қалай дейсіздер, ақылдарыңызды айтыңыздар.

Баяғыдан мысықша аңдып, бір көзін жұмып үндемей тұрған Сатымқұл шырт түкіріп, сөйлеп кетті:

– Оныңды қоя тұр, оқудың бізге керегі қанша?

Дүйсен не дерін білмей, алаңдап жан-жағына қарады.

– Бәрекемді, дұрыс айтады! – деп бер жақтағылар дүрліге, қозғала бастады. – Біз жер емшегін емген диқандармыз. Ал біздің балаларымыз оқу оқып, ел сұраған өкімет болатын ба еді? Қой, айналайын, басымызды қатырма!..

Қатқыл үндер шыға бастағанда, өңі қашып дауысы дірілдеген Дүйсен жиналғандарды көзімен бір шолып өтіп:

– Сіздер бала оқытуға қарсысыздар ма? – деп сұрады.

– Ал қарсы болғанды сен зорлайсың ба? Қазір халықтың өз еркі, бостандыққа шыққанбыз! – деді арғы жақтан бір дауыс.

Шинелінің ілгегін жұла жаздап ағытты да, Дүйсен төс қалтасынан төрт бүктелген қағазды суырып алып, оны жоғары көтеріп, айқайлай сөйледі:

– Сіздерге жер, суды алып берген Кеңес өкіметінің бала оқытсын деп мөр басып берген мына қағазына қарсы шығасыздар ма? Қане, Кеңес өкіметінің мизамына кім қарсы, кім? – Оның «Кім» – деп, айқайлап айтқан сөзі күзгі тым-ауаны атылған оқтай тіліп, жақпар тасты тасқа шақшақ етіп тигендей болды. Ешкім үндемей тым-тырыс бола қалды. – Сіздер кедейсіздер, – деді Дүйсен шаршаған кісідей дауысын бәсеңдете сөйлеп, – біз өмір бойы аяқ астында езіліп есіміз кеткен елміз. Өкімет енді бізге көзін ашсын, хат танып, білімге қолы жетсін деп жатыр. Міне, сондықтан балаларды оқытуымыз керек.

Демі тарылған Дүйсен сөйлеп болғанда, әлгінде оның молдалығын сұраған кісі:

– Мейлі, ендеше, істер жұмысың болмаса, қайтеміз, оқытсаң оқытарсың, – деп қойды.

– Мен сіздерден жәрдем сұрап тұрмын. Байдан қалған ана жаман ат қораны оңдайық, көпір салу керек, отын керек...

– Ой, жігіт, қоя тұршы! – деді әлгі Сатымқұл тағы да шырт түкіріп, жұмған көзін ашып. – Мектеп ашам деп айқайлайсың, үстіңде тоның жоқ, астыңда атың жоқ, айдап қойған жерің жоқ, айдауда малың жоқ, немен күн көресің?

– Ештеп күн көрермін, өкімет маған көмек береді.

– А, солай десейші! – деді Сатымқұл рақаттана ыржия күліп, төсін қайқайтып, ерден көтеріліп. – Сөздің шыны



жаңа айтылды ғой! Сен ол өкіметтің қаржысымен жұмыстарыңды бітіріп, балаларды оқыта бер. Ал бізді қинама, өз тауқыметіміз жетіп жатыр.

Сөйтіп, Сатымқұл атының басын бұрып, жүріп кетті. Оның артынан басқалар да тарай бастады. Қағазын қолына ұстаған бойы Дүйсен көпке дейін орнынан қозғалмай тұрды.

Мен оған қадала қалған екенмін, қасымнан өтіп бара жатқан ағам:

– Ой, сен бұл жерде неғып жүрсің, қайт үйге ербимей, – дегенде, балалардың артынан жүгіре жөнелдім. – Қарай ғөр, бұлар да жиыннан қалмайтын болып алыпты...

Ертеңіне суға барғанымызда, кетпен, күрек, балта көтерген Дүйсеннің суды кешіп өтіп, төбе басындағы жаман тамға қарай кетіп бара жатқанын көрдік. Осы күннен бастап күнде таңертеңгісін үстіне қара шинелін киген Дүйсеннің қарасы жоғары бір өтіп, күн батарда төмен бір түсіп жүрді. Кейде сабан арқалап, кейде құрай құшақтап тасыды. Ауылдағылар оны көргенде бұл кім болды екен деп көзін көлегейлеп қарап, әңгіме қылатын:

– Ой, мынау отын арқалаған Дүйсен мұғалім емес пе?

– Ие, дәл сол.

– Ой, бейшара-ай, мұғалімдік қызмет дегенің рақат жұмыс емес екен ғой тегі...

– Қарашы, байдың тоқалындай отын арқалап бара жатқанын. Өстіп жүріп оның нығыз сөйлейтінін қайтерсің.

– Қолында мөр басылған қағазы бар да. Күш сонда...

Мұғалімнің ол жерде не істеп жүргенін білуге қызығып, бір күні адырдан тезек теріп келе жатқан үш-төрт қыз сонда қайырылды. Бұл жаман там о баста бір байдың ат қорасы болған. Қыстың көзі қырауда құлындаған биелер құлындарымен осында бағылады екен. Кеңес үкіметі орнап, бай қашып кеткен соң ат қора қаңырап қалып, айналасын жантақ-тікенең, жусандар басып, кісі барудан қалған болатын. Дүйсен тікенектерді кетпенмен қопара шауып, тамның құлап қалған жерлерін жөндеп жүр екен. Дәл өзіміздің бойымыздай үлкен ала қаптарды арқалап, біз осы жерге дем алуға отыра қалғанымызда, үсті-басы лай, жеңін түрініп алған Дүйсен тамнан шыға келді де, бізді көріп, бетінің терін сүрте жымып күлді:

– Ие, қыздар, келіңдер. Тезек теріп келесіңдер ме?

Біз ұялғаннан үндемей, бір-бірімізге қарап, қап-қаптың түбінде отырған жерімізден «ие» дегендей басымызды изеп қойдық. Біздің ұялып отырғанымызды бірден түсіне қойған Дүйсен тағы да жымыя күліп сөйледі:

– Келгендерің жақсы болды ғой, қыздар! Міне, мектептерің даяр десе де болады. Жаңа ғана бір бұрышына пеш сияқты бірдеңе орнатқан болдым... Көрдіңдер ме, моржасы да үстінде көрініп тұр. Енді қыстық отынымызды тамның бір жағына жинап аламыз да, жерге сабанды қалыңырақ төсеп тастап, оқуды бастай береміз. Қалай, мектепке келесіңдер ме, оқығыларың келе ме?

Қыздардың ішінде естияры мен едім, балалар үндемей қалған соң:

– Жеңгем жіберсе, келемін, – дедім.

– Ө, дұрыс. Жібермегенде қайтер дейсің. Атың кім сенің?

– Алтынай, – дедім мен тіземнің жыртығын етегіммен көлегейлеп.

– Алтынай – жақсы екен. Сен өзің ақылды бала екенсің, – деді ол, мені еркелете сөйлеп. – Алтынай, сен басқа балаларды да мектепке оқиық деп ертіп кел, жарай ма?

– Мақұл, аға!

– Мені ағай дегейсің. Мектептің ішін көргілерің келе ме? Кіріп көріңдер, қыздар, қорықпаңдар.

– Жоқ, біз кетеміз, кетеміз! – деді қыздар.

– Өздерің біліңдер, оқуға келгенде көрерсіңдер, бара қойыңдар. Мен күн батқанша отынға тағы бір барып келе қояйын, – деп, Дүйсен орақ, жібін алып, далаға жүріп кетті.

Ол кеткенде біз де қаптарымызды арқалап, жүріп кеттік. Былайырақ барған соң, менің басыма бір ой келді де:

– Тоқтаңдар, қыздар, тұра тұрыңдар, – дедім. – Мектепке отын керек екен, тезегімізді тамның түбіне төгіп кетейік, ішке өзі кіргізіп алар.

– Онда үйге құр қол барамыз ба, ақылдысын мұның!

– Қайта барып тағы теріп келейік.

– Қойшы әрі, күн кешкіріп қалды, шешелеріміз ұрысады, – деп қыздар маған қарамай, қаптарын мықшия көтеріп, жорыта жөнелді.

Мен сонда не үшін сөйткенімді осы күнге дейін түсінбеймін. Өлде қыздар менің сөзіме көнбей қойғанына намыстандым ба, я болмаса қаршадайымнан сорым қайнап, қағу-соғу көріп, жалтақ өскендіктен мені бұрын көрмеген, білмеген адамның жүрегімді жылыта мейірлі қарап: «Сен өзің ақылды бала екенсің» – деп екі ауыз сөз айтқаны жүйкемді босатып кетті ме, айта алмаймын. Бірақ қазір ойлап-ойлап отырып, менің нағыз тағдырым осы бір қап тезектен басталды ма деп те қаламын. Өйткені сол күні бұл жорығымның аяғы не болар екен деп тартынбай бел байлап өмірімде алғаш рет өзім дұрыс деп тапқан ойымды орындадым. Өйтеуір жолдастарым тастап кеткеннен кейін, мен кейін қарай жүгіріп отырып, Дүйсеннің мектебіне келдім де, қаптағы тезекті там түбіне төге салып, жүгірген бойда адырдың қойын-қолтығын кезіп, тезек теруге асықтым. Өлдеқандай үлкен ерлік көрсеткендей жүрегім алып ұшып, әдепкіде беталды жүгіріп кете бердім. Адыр үстінде ойнаған күн сәулесі күзгі шилердің сида басына жалын ойнатып, боз топырақ жерді қызыл сұр түске бояп, біреуге болмашы ғана жақсылық істегеннен атша тулаған жүрегімде қаншалық қуаныш бар екенін білгендей, менің тылтиған бешпетімнің күміс түймелеріне шағылысып, жүзіме, маңдайыма еркелетіп нұрын төгіп тұрды. Алғаш рет өзімнің күшімді сезініп, менің де қолымнан бір нәрсе келеді екен ғой деген оймен, көз көрген

жер, аспан, самалға: «Біліп қой! Мен енді сөзсіз мектепте оқимын! Өзім ғана емес, басқа балаларды да өзіме ертемін» деп, көңілім тасып, мақтанып келе жатырмын. Өстіп жүгіріп бара жатқанда, бір уақыт есіме түсті де, жерден тезек іздей бастадым. Өлгінде ғана толып жатқан тезектер қазір неге екені белгісіз құрып кетіпті. Алаңдаған көзіме тезектер анда-санда бір шалынып, қараңғы түскенше қабым толмай қалады-ау деп одан бетер сасып, есім шықты. Айтқанымдай, қап ортасына келе бергенде күн ұясына отырып, өп-сәтте айналаны қараңғылық басты. Мұндай иен далада жалғыз болып көрген жоқ едім. Елсіз меңіреу далаға түн қанаты жайылып, енді мен бұл жерде бір нәрсе ұстап алардай қапты иығыма лақтыра салып, ауылға қарай тұра жүгірдім. Қорыққанымнан бақырып жылағым келді, мүмкін, жылап та жіберер едім, бірақ Дүйсеннің өлгінде айтқаны есімнен кетпей, ол мені көріп тұрғандай ұялғанымнан шымырқанып, үн шығармай келе жаттым.

Қара терге малынып үйге келгенімде, ошақ басында от жағып отырған жеңгем ұшып тұрды. Ол өзі ұрысқақ, нашар адам еді.

– Сен қайда жүрсің, ей? – деді ол жұлқынып. Мен жауап қайтарып үлгергенше, қолымдағы қапты жұлып алды:

– Түн ортасына дейін сандалып жүріп тергенің осы ма? Қыздар айтып қойса керек.

– О, өлігіңе ғана отырайын, мектепте сенің нең бар еді! – Жеңгем менің құлағымды жымқыра ұстап, көк желкемнен төмпештей бастады. – Ит жетім, көк жетім! «Бөрі күшігі ит болмайды» деген – осы. Жұрттың баласы үйіне тасыса, бұл үйден тасиды! Ендігәрі сол жаққа аяғыңды басып көр, сирағыңды сындырып, табаныңды тіліп тұз құяйын! Мектепшілін мұның!..

Мен тіс жарып үндеген жоқпын. Ошақтың басында бүкшиіп жылап отырдым. Ол ақымақ әйелдің ұрған-соққанына жыламас едім-ау, ондайға әбден көндіккенмін, менің жылағаным: жеңгем мені еш уақытта мектепке жібермесін түсіндім...

Осыдан екі күн кейін, таңертеңгісін ауыл иттері дүрліге үріп, келе жатқан адамдардың дауысы естіліп қалды. Қарасам, Дүйсен ауылды үйме-үй аралап, балаларды мектепке жиып жүр екен. Онда ауылда көше жоқ еді, әр жерде сы-

лағы түскен қотыр тамдар ретсіз орналасқан-ды. Оншақты баланы ізіне ерткен Дүйсен ана үйге бір кіріп, мына үйге бір кіріп аралап жүрді. Біздің үй ең шетте болатын. Жеңгем екеуіміз есік алдында келі түйіп, ағам шойын жолдың базарына астық апарып сатамын деп, қора ішінде ұра ашып жатқан. Зілдей ауыр келсапты ентіге жоғары көтергенде ылғи көзімнің қиығымен Дүйсендер жаққа қараймын. Олар біздің үйге келмей кері бұрылып кете ме деп те қорқып тұрмын. Жеңешемнің мені мектепке жібермесіне көзім жетіп тұрса да, әлденеден үміттеніп, еш болмаса мұғалім мұнда келіп, менің осында екенімді көрсе екен деп тақатсыз күтіп, «Келтіре гөр, Құдай, келтіре гөр» деп іштей жалбарынып тұрмын.

Дүйсен үйлерді кезегімен аралап отырып, бізге де келіп жетті.

– О, жеңгей, ісіңіз өңсін! Мына балалар бәріміз қонаққа келдік! – деп, Дүйсен жайдары күліп амандасты. Жеңгем: «Келіңдер!» – деп, оның келгенін жақтырмай амалсыз күңк етті. Ағам болса, ұра қазған бойы басын көтерген де жоқ.

– Бүгін оқу басталады. Қыздарың неше жаста? – деп Дүйсен есік алдында жатқан тасқа отырып, қолына тізім жазған қағазын алды. Жеңгем ләм-мим деп жауап қатпай, ашумен келсапты күрс еткізді. Енді не болар екен деп ішімнен қыпылдап тұрмын, зәре жоқ. Дүйсен маған қарап, баяғыдай жүрегімді жылыта күліп қойды:

– Алтынай, жасың нешеде?

Мен зәре-құтым қалмай үндеген жоқпын.

– Мұның жас-пасын не қыласың? – деді жеңгем алқына.

– Бұған ұқсаған жалаңаяқ қу жетімек түгіл, нанды «нана» деп ерке өскен ата-анасы барлар да оқымай-ақ жүр ғой. Ана ертіп жүрген балаларыңды оқыта бер, мұнда шаруаң болмасын.

Дүйсен орнынан ұшып тұрды. Өңі қуарып, бүркіт қанат қастары жиырыла түсті:

– Бұл не дегеніңіз. Жетімнің Құдайға жазығы не! Жетім қыздар оқымасын деген закон бар ма екен?

– Закон-паконыңмен ісім жоқ.

– Байқап сөйлеңіз. Бұл бала сізге керек болмаса, Кеңес өкіметіне керек! Жауапқа қалып жүрмеңіз!

– Ой, сен қаяқтағы дәкейсің? Бағып жүрген қызымды

мен білемін бе, я болмаса жеріңнен ауып тентіреп жүрген сен білесің бе?

Бұл істің аяғы немен бітерін Құдай білсін, дәл сол кезде ұрадан ағам шыға келді. Ол әйелінің билік айтып, сөз таластырғанын жақтырмайтын. Оны ылғи сабайтын. Бұл жолы да оның осы шорт мінезі ұстап кетті білем:

– Өй! – деді ол ұрадан шыға сала айқайлап. – Сен қашаннан бері билік айтатын білгіш болып кетіп едің!? Көп сөйлемей шаруанды бітір. Айда, Тастанбектің баласы, даушарыңды тоқтат, алып кет, қызды мектебіңе, оқытасың ба, шоқытасың ба, ерік өзіңде, шатағың керек емес, алып кет...

Міне, сөйтіп мен бірінші рет мектепке бардым.

Осыдан бастап Дүйсен күнде ауылды үйме-үй кіріп, бізді мектепке алып барып жүрді.

Алғашқы күні ол бізді жерге төселген сабанға отырғызып, қолымызға бір-бір дәптер, бір-бір қалам, әрқайсысымызға әдейілеп жасалған кішкене тақтайша берді де:

– Мұны тізелеріңе қойып, хат жазасыңдар, – деді...

– Мен сендерге, балалар, әріп жазуды, сөз, сан жазуды үйретемін, өзім не білсем, соны оқытамын, – деген еді Дүйсен.

Айтқанындай Дүйсен білгенін аямай, әрқайсысымыздың үстімізге үйіріліп, қалам ұстаудан бастап үйретіп, біз түсінбеген саяси сөздерге шейін түсіндіріп жанын сала оқытуға әрекеттенді. Қазір ойласам, қолында әліппесі де жоқ бұл шаласауат, екі сөзді өзер қосып ежіктеп оқыған жас жігіттің, әрине, онда оқудың тәртібі, жол-жобасы жөнінде ешқандай хабары да болмаған екен. Оқытудың жөні осы деп өз білгенінше, өз топшылауынша оқыта берген екен. Бірақ оның ақпейілмен істеген әрекеті, меніңше, босқа кеткен жоқ. Өйткені сонда біз үшін, ауылдың шетіне шығып көрмеген тау қойнындағы қырғыз балалары үшін, сол мектеп деп аталған, тесігінен жел азынаған, есігінің саңылауынан сонау алыстағы ақ қар жамылған тау шоқылары көрінген, ысқа малынған қотыр тамда құлақ естіп, көз көрмеген жаңа дүние басталды...

Дүйсеннің әкесімен бірге шойын жолда жұмыс істеп жүріп, Михаил Семенович деген қарт мұғалімнің қолында екі қыс оқып жүргенін, әскерге барғандағысын, ақтармен соғысқандағысын ұйып тыңдайтын едік... Бірқатары ауыз-

дан-ауызға ауысқан халықтық аңыз болса да, біз үшін оның бәрі тап-таза, қоспасы жоқ шындық болатын...

Ол әр айдың аяғында «болысқа» барамын деп, жаяу кетіп, екі-үш күн жол жүріп келетін. Сол арада біз оны кәдімгідей сағынып қалатынбыз. Жанымнан артық көретін туысым келердей, жеңгеме білдірмей, ауық-ауық жолға қарап, мұғалімнің қоржын көтерген қарасы қай жерден көрінер екен, жайдары мінезі мен күлкісіне қашан кенеліп, жүрегімді жылыта қараған көздерін қашан көрер екенмін деп тағатсыз күтер едім.

Дүйсен оқытқан он шақты баланың ішіндегі естияры мен болатынмын. Сондықтан сабақты дұрысырақ білгені де мен болдым ғой деймін. Тек бұл ғана емес. Оқытушының әрбір сөзін, көрсеткен әріп, таңбаларын мен ұқыптылықпен қағып алып, барлық ықылас-ынтамды салып оқитынмын. Мен үшін бұдан үлкен, бұдан артық жұмыс болған емес. Дүйсеннің берген дәптерін қимай, қай жерде жүрмейін, орақтың ұшымен жерді шимайлап, қабырғаға, қар үстіне әріп салып, сөз жазып оқығанмын. Өз ойымда менің үшін Дүйсеннен артық, онан білімді кісі болған емес...

Көпір салуға ағаш жоқ, аттағыш қоялық деген оймен бір күні майда балаларды үйге ұзатып салып, Дүйсен екеуміз суға тас салып, тастың үстіне шым қойып іске кірістік.

Қазір ойлап отырсам, сонда ауылдағылар-ақ екі ағаш тастап бітіре қоятын жұмыс, бірақ онда оқудың мәнісін түсінбеген жұрт Дүйсенді істейтін ісі жоқ әпендідей көріп, шыдасаң оқыт, болмаса қой дегендей, ат кешіп өткен жерге көпір салып көрмеген немелер өздеріне керегі жоқ болған соң, біздің жайымызды естеріне де алмапты. Бірақ олардың: неменеге осынша азап шегіп, мазақ болып, біреуден артық болмаса еш кем емес, осы жас жігіт қолынан келген барлық әрекетін істеп, жұрттың балаларын оқытып жүр екен дегенді ойланулары керек еді...

Біз оның білімінен гөрі, осындай адамгершілігін, біз үшін деген ілгері ниет, жақсы тілегін, бала болсақ та, бағалап, қатты құрметтейтінбіз. Әйтпесе бізді тізеден қар кешіп, сақылдаған сары аязда, қақаған борасында жетелеп, ауылдан шеткері мектепке барасыңдар, жаман тамда көк бұрыштай көгеріп отырып сабақ оқисыңдар деп қыстаған ешкім болған жоқ. Үсті-басымызды қырау басып кетсе де шыдап, ылғи

кезектесіп, біріміз пешке от жағып қол-аяғымызды жылытып жатқанда, қалғанымыз бас алмай Дүйсеннің айтқанын тыңдап, көрсеткенін үйреніп оқып отыратынбыз...

Біздің ауылдың қотыр тамдары аннан-мыннан жалындай түгін шығарып, бұйыққан ұлы таудың етегінде, ел інге кіріп кеткендей, сыртқа қыбыр етіп шыққан жан жоқ. Ауылды қасқыр торып, қағыс қалған мал-пұлды күндіз-ақ тартып кететін болды. Әсіресе қараңғы түсісімен қасқырлар ауылға кіріп, ауызға ілінер ештеңе таба алмай, таң атқанша төңіректі торуылдап ұлып жүрді.

Мұғаліміміз бұл сұрапыл суықта үстінде тоны жоқ қайтіп келер екен деп қорқып жүрдім. Дүйсен келер күні жүрегім тулап, сыздай берді. Ол келем деген күні келмей қойған емес. Қайта-қайта тысқа шығып, қарасы көрінер ме екен деп жол жаққа қараймын, кең жатқан далада ешбір жан көзге шалынар емес. «Алда Құдай-ай, қараңғы түспей ертерек келсеші! Қараңнан айналайын, ағайым, қайда жүр екен бұл кезде?» – ішімнен кейіп, жеңгеме көрсетпей кейде жылап та аламын...

Бетінде қаны жоқ, құп-қу Дүйсен ендіге кіріп келгенде көзім қарауытып:

– Ақсарбас, ақсарбас! Сен бе едің, айналайын! Айналайын сау ма едің? – деген кемпір-шалдың дауысын құлағым шалды...

– Мен балаларға бүгін келемін деп уәде берген едім, – деді Дүйсен. – Ертең сабақ бастауым керек.

– Ой, балаларың адыра қалсын! – деп шошыған Қартаңбайдың жаны шығып кетті. – Ой, тоба, балаларға уәде бердім дейді тура. Ал майып болып қалсаң, не болар еді, ойладың ба?

– Ештеңе емес, Қаке, менің ісім, қызметім – осы. Онан да басқаны айтыңыз: лезде-ақ жаяу барып келуші едім, бұл жолы сізді жалғыз атыңыздан айырып отырмын, Қаке...

– О, аты түскір жерге кірсін, басыңның садақасы! – деді Қартаңбай. – Осынша жасқа келіп, атсыз да жүргенмін. Сөз емес. Айналайын кеңес тұрғанда тағы да атты болармын.

– Бөрінен де осыны айт, шал, – деді арғы жақтан жыламсыраған Сайқал. – Ат – бас садақасы... Тамақты ыстықтай іше ғой, балам...

Өңгіме біраз толастап қалып, Қартаңбай қолаптаны көсеп жатып:

– Есті, ақылды жігітсің. Балаларды оқытамын деп, жаныңды пида етіп жүрсің. Мен осыған түсінбеймін. Мұнша неге қорлық шегесің? Онан да біреуге жалданып қой қайтарсаң, тамағың тоқ болар еді ғой еш болмағанда...

– Қаке, туыстық жайымыз да бар, маған жаныңыз ашып айтып жатқан шығарсыз. Міне, осы жас балалар кейін сізге тартып, оқудың, білімнің керегі не деп түсінбей қалса, онда сіз айналған кеңестің ісі алға баспайды. Мен үшін бұл қорлық емес, Қаке, қолымнан келсе балаларға тағы да көбірек білім берсем, арманым болмас еді...

– Ақылыңыздан айналайын, Қаке, – деді Дүйсен. – Сөзіңіздің қажеті жоқ: міне, көз жұмып еді, басқан-тұрғанымыздың бәрі Ленинмен болып жатқан жоқ па, Қаке...

Олар өстіп сөйлесіп отырғанда, ө дегенде түстегідей тәрізді, Дүйсеннің аман оралғанына сенбегендей, есіме келе алмай жаттым. Оның бір кезде жанды рақатқа бөлеген қуаныш тасқындаған селдей қаптап, демімді аптықтырды да, сүйінішіме шыдай алмай жасымды төгіп, өксіп-өксіп жылап жібердім. Адам былай қуанып көрмеген шығар...

* * *

Қыс өтіп, көктем де шықты. Дымқыл жердің сауған сүттің иісіндей жылы лебін айдап, қазақтың дарқан даласынан көз ілеспеген дариядай атой салып көктем желі ескенде тау қойнауындағы ақ қар мен көк мұз бусана еріп, сай-салалар суға толды...

Өйтеуір, төбемізде шайдай ашық аспан, тұрған жеріміз көктемде құлпыра жайнаған адырлар болып, тәтті қиял, соны үмітке беріліп, көктемнің реңіне рақаттана қарап тұрдық. Сол сәтте басыма түскен мүшкіл жағдай да ойдан шығып, ертеңім не болады, неге жеңгелерім бұрнағы күннен бері мені іздеп келмейді, әлде мені ұмытып кетті ме, әлде өз еркіне қоя берейік деді ме, Дүйсен болмаса бұларды мен балалықпен ұмытып кете жаздаппын. Ауылға жақын келгенде, ол бұларды менің есіме салды.

– Келешегім не болады деп көп қайғыра берме, Алтынай, оның да жолын табармыз. Бүрсігүні, я онан арғы күні екеуіміз болысқа барып, сенің оқуың туралы әкімдермен сөйлесіп келсек қайтеді? Мүмкін, олар сені қалаға жіберер?

– Сіз қалай десеңіз, ағай, не айтсаңыз, мен соны істеймін, – дедім мен.

Шаһар дегеннің қандай болатынын көз алдыма келтіре алмасам да, онда барып оқуды сөзсіз болатын нәрседей, мен аяқастында ойлана бастадым. Біресе осыған қуанып, біресе қайта қайраттанып, қысқасы, бұл іс ойымнан шықпай, әр тарапқа ақыл жүгірттім...

Осы ұзақ жылдардың ішінде неше рет оқудың қиыншылығынан қалжырап жоғалардай болғанымда Дүйсеннің сөздері әр кез маған күш-қуат беріп, мені қайраттандырып, жігерлендіріп алға сүйреді. Өйткені басқалардың бір оқығанын мен екі, үш, бес қайтара оқып, он есе көп қайталап, адамның бала кезде оқитынын қайтадан оқуға мәжбүр болдым.

Бірінші диссертациямды Мәскеуде қорғадым. Мен үшін бұл зор еңбек, үлкен жеңіс болды. Бұл жылдарда ауылға барып қайтуға қолым тимеді. Сөйтіп жүргенде соғыс басталып кетті.

Күз әбден түскенде Мәскеуден эвакуацияланып, Фрунзеге кетіп бара жатқанымда Дүйсен шығарып салған стансыдан түсіп қалып, біздің ауыл жақтағы совхоздың арбасына мініп ауылға бардым.

О, айналайын туған жерім-ай, қан төгілген ауыр кезде оралуға тура келді. Ауыл-қыстақ көбейіп, жолдар, көпірлер салынып, адам танығысыз өзгергеніңе қанша қуансам да, соғыстың кесапатын ойлап, тұнжырап келе жаттым.

Ауылға жақындай бергенде, колхоздың ағаш отырғызылған жаңа көшелері көз тартып, біздің мектеп тұратын төбеге көз жібергенімде, жүрегім аузыма тығылды: бой түзеген екі терек төбеде ырғалып тұр екен. Өрдайым ішімнен «ағай» деп жүретін кісіні алғаш рет: «Дүйсен!» деп, өз атымен атап сыбырладым. «Рақмет, саған Дүйсен, сенің істеген барлық жақсылығыңа, мені ұмытпай жүргеніңе рақмет! Жаным құрбан саған, ұстазым!». Көзімдегі жасты көріп, арбакеш бала шошып кетті.

– Сізге не болды, ана!

– Жай әншейін, інім. Сен бұл колхоздың адамдарын танысың ба?

– Танитын едім.

– Әуелгіде мұғалім болып жүретін Дүйсен деген кісіні білесің бе?

– Дүйсен? Ол кісі жақында әскерге кетті. Осы арбаммен Дүйсенді бір топ кісімен ауданға өзім шығарып салғанмын.

– Әйелі, балалары бар ма?

– Ие, бар. Үйі судың арғы бетінде.

Көшенің шетіне келгенде мен арбадан түсіп қалдым. Қайтерімді білмей аңырып тұрып қалдым. «Мен пәленше едім, мені танысыңдар ма?» – деп, мынадай аласапыран кезде үйме-үй қыдырып жүріп танысуды лайықты көрмедім. Дүйсен болса әскерге кетіпті. Оның үстіне жеңгем мен ағамның тұрған үйіне өмір бақи басымды сұқпасын деп ант еткенмін. Адамға көп нәрсені кешіруге болады, бірақ бұндай қылықты, меніңше, кім болса да кешіре қоймас. Осылар менің мұнда келіп кеткенімді білмесін де, есітпесін деген оймен ауылдың сыртына шықтым да, теректер өскен төбеге бардым.

Қайран теректер! Арада қанша жыл өткенін осыдан білуге болмай ма! «Саламатсыңдар ма, асыл теректер! Сендерді елдің жарқын болашағын армандап отырғызған, мөпелеп өсірген кісінің айтқанының бәрі келді. Енді, міне, ол ел-жұртын жаудан қорғау үшін қан майданға аттанып кетіпті... Мұнша неге үрейлерің ұшып мұндана шуылдайсыңдар? Қыс келе жатыр, сарғайған жапырақтарыңды жел үзіп әкетіп, сидиып қалғандарыңа ренжіп тұрсыңдар ма? Ие, ақ түтек боранды қыс та болады, бірақ оның соңынан көктем келеді... Ренжімеңдер, теректер, мұнданбаңдар... Біз сендерді ақниетпен жақсылыққа мегзеп тіккенбіз. Сендер толықсып бүрленген көктемнің бірінде жеңіс те келер, тыныштық та орнар...»

Зәулім теректердің теңселген қыл ұшының күйін тыңдап, мен көпке дейін сол жерде тұрдым. Бұлақтан тартылған арықты жақында ғана біреу аршып тазалап қойған екен, су сызыла ағып, дымқыл жапырақтарды бетіне көлгіте айдап барады. О, қолыңнан айналайын мұғалімім!.. Майданнан аман-сау жеңіспен орал...

Төбеде тұрып ауыл ортасындағы жаңа мектепті көрдім, бірақ біздің мектепке қарасам, орны да жоқ.

Сонымен, мен жолға шығып, тағы бір жөнекей арбаға мініп стансыға жүріп кеттім.

Соғыс бітіп, бейбіт жылдар да өтіп жатты. Бірақ анау-

мынау жұмыстан қол тимей бұдан былай да ауылға бара алмай жүрдім. Оның себебі көп, мұнымен ақталайын деп отырған мен жоқ, керісінше, елден қол үзіп кеткенімді өзіме күнә деп санаймын. Заманым, тағдырым осылай болды ма білмеймін, өмірге кеш араластым. Бірақ бағым бар екен, жолдасым екеуіміз балалы-шағалы болып, тату-тәтті тұрамыз. Мен қазір философия ғылымының докторымын, әртүрлі қоғамдық жұмыстар атқарып жүрмін... Бұларды айтып жатқаным, сан алуан күнделікті тұрмыстың, тіршіліктің өурешілігінде жылдар, күндер зымырап өтіп, мен еш уақытта ұмытпас ыстық нәрсені естен шығармасам да, оның әсері солғын тартып, мезгілдің құмы басқан ескі бұлақ секілді көзі бітеле берген екен. Оны мен кеше ауылға барғанда ғана сездім...

Жолдас оқушылар, әңгіменің аяғында мен тағы бір рет Алтынай Сүлейменованың хатына қайырылғым келеді. Онда мынадай жолдар бар: «Не үшін өнеукүні ауылдан асығыс кеткенімнің себебі сізге енді түсінікті болған шығар. Мұның бәрін сонда отырғанда көпшілікке айтып түсіндіріп берсем де болатын еді, бірақ өзімнің білместік жасағанымға іштей ренжіп, бару бойдан Дүйсен қарияның алдына барып жүз көрісіп сәлем бере алмайтынымды сезіп және де бұның тек қана бізге емес, көпшілікке керек екенін түсініп, ертерек жолға шығып, ойларымның бас-аяғын жинап, өткен-кеткенді ретімен еске түсіріп, тиісті сөзімді хат арқылы хабарлауды лайықты деп таптым. Өйткені сонда жаңа мектептің қадірлі төрінде мен емес, сіз де емес, басқалар да емес – бірінші ұстазымыз Дүйсен ақсақал отыруы керек еді. Мектептің ашылуын сол кісі жариялап және де басқа құрмет сыйын сол кісі көруі керек еді. Керісінше, біз құрмет үстінде рақаттанып отырғанымызда сол алтын адам құттықтау телеграммаларды алып шауып келді. Түсінген кісіге ұят іс болды. Дүйсеннің қандай мұғалім болғанын қазіргі жастар білмейді. Бұрынғылар болса, ажалы жетіп өлгені бар, соғыста құрбан болғаны бар. Ал енді соның бәрін айту бірден-бір менің міндетім еді. Бірақ ауылға бармай, бұрынғылардың бәрі ұмытылып, естен шығып кетпесе де, ескірген бұйымдай боп, көмескі тартыпты. Аман болсақ, мен өлі Дүйсен мұғаліміме барып, кешірім өтінемін...

Дүйсен мұғалім болып жүріп білімім аз деп өкінетін.

Онысы рас та еді. Бірақ кейбір қазіргі жоғарғы білімді, мәдениетті мұғалімдер Дүйсен сияқты өз мамандығын сүйіп, жүрек отымен соған берілсе, тамаша болар еді. Өйткені мұғалім деген талмудист емес, ол қайсы дәуірде болмасын, әр кез революцияшыл тәрбиеші, олай болмаса, оның қоғамға берген пайдасы аз және сапасыз болмақ...

Қымбатты інім, сізге хат жазуымның тағы бір мақсаты – ауылға барып, жаңа ашылған мектептің атын «Дүйсеннің мектебі» деп атауды ұсынғалы жүрмін. Ие, дәл сол қатардағы колхозшы, қазіргі кезде пошташы болып жүрген кісінің атымен атауды ұсынбақпын. Сіз де менің осы ұсынысымды қолдасаңыз екен деп өтінемін.

Қазір Мәскеу уақыты – түнгі екі. Мейманхананың балконында тұрып, жоғарыдан от жайнаған қалаға қарап, ертерек ауылыма барып, осы кісіге иіліп сәлем беріп, сақалынан сүйсем екен деп тілеймін...»

* * *

Бұл суретті мен әлі салып бітірген жоқпын. Оның қандай болып шығарын алдын ала айту да қиын. Күнде таң сәріден тұрып, бұрын әр кезде жасаған түрлі вариант-эюдтарымды қайтадан екі-үш рет қарап шығамын да, елең-алаңдағы тыныштықта шарқ ұрып ойланамын. Жоқ, мен әлі ойдағыны тапқан жоқпын, істің бәрі алда...

Бұл сурет өзiрге көңiлдегi тiлек, жүректе толқыған, қан тамырында жүрген елес, қиял, үмiт қана...

Солай болса да, бітежақ шығарманы ортаға салып, сіздермен кеңесіп тұрған кезім. Өлбетте, менің бұл еңбегім біздің ауылдың бірінші мұғалімі, қазіргі кезде хат тасушы болып жүрген Дүйсен ақсақалға арналады. Қайткенде бұл шындықты суретке сыйғызып, қайткенде оның естен кетпес елесін жоғалтпай, қайткенде сол кездің күреске толы ұстасқан адамның тағдырын көз алдыма келтіріп, оны көркем шығарма есебінде елге тарту ете аламын? Мен бұл суретті салмауға хақым жоқ. Бірақ неге мен суретші болып тудым екен? Бірде қолымнан түк келмейтіндей өзімнен-өзім түңіліп, тынысым тарылады, бірде тау қопаратындай: «Қане! Нені салсам екен? Қалай етсем екен?» – деп бел шеше кірісемін. Бала кезде ештеңесін білмей жүріп, маған сиқыр-

лы көрінген Дүйсен мен Алтынайдың теректерін салсам ба екен? Төбе басында жай ғана ырғалған қос терек қазір де көз алдымда. Оның биік бұтағына шығып отырған жалаңаяқ, жалаң бас, томпақ бетті тентек бала сонау мұнартқан медиенге сұқтанып, самал қозғаған терек күйін тыңдауда. Бұларды отырғызған жандар кейінгі жас ұрпақтар өстіп терек басынан аймақты кең көргеніндей, білімнің шыңына шығып өмірдің тереңіне көз жіберсін деп тіледі ме екен... Бұлардың қайсысына тоқтаймын, салған суретім қандай болып шығады, мен оны әлі білмеймін. Менің көзім жеткен бір нәрсе ғана бар: ол – талмай, тайынбай іздену.

*Қырғызшадан аударған
Қалжан Нұрмаханов.*




Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Повесті оқып, композициялық жүйесіне назар аудар. Повесть сюжетіндегі негізгі идеяны анықта.

Композициялық жүйесі	Оқиғалары
Басталуы	
Байланысы	
Дамуы	
Шиеленісі	
Шарықтау шегі	
Шешімі	
Аяқталуы	
Негізгі идеясы	


 **2-тапсырма.** Повестің прологі мен эпилогіндегі автор ұстанымын анықтап, кейіпкерлерімен байланысын білдіретін тұстары туралы айтып беріңдер.

Прологтегі оқиға


Алтынай мен ұстаз


Эпилогтегі оқиға


қарым-қатынасына мысалдар.

 **3-тапсырма.** Повесть кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктерін ашатын оқиғаларды тауып, кестеге көрсетілген үлгі бойынша толтырыңдар.

Кейіпкер мінезін білдіретін оқиға	Оқиғаның композициядағы орны	Повесть идеясын ашудағы рөлі
...Дүйсеннің мектебіне келдім де, қаптағы тезекті там түбіне төге салып, жүгірген бойда адырдың қойын-қолтығын кезіп, тезек теруге асықтым.	Композициялық жүйеде бұл оқиғаның байланысуы болады. Себебі, осы бір қап тезектен Алтынай тағдырында өзгеріс басталады.	Алтынайдың оқиға деген ниеті мен оқиға деген алғашқы талпынысы осы бір қап тезектен басталып тұр. Алғашқы ұстазымен байланыс басы болғандықтан, идеяның да ашылуына негіз.

 **4-тапсырма.** Кейіпкер бейнесін жасауда автор жинақтау мен даралау тәсілін қалай қолданған? Алтынай мен Дүйсен бейнесінде қандай жиынтық және даралық сипат бар? Өз ойларыңды нақтылы мысалдармен дәлелдеңдер.

 **5-тапсырма.** Берілген үзінділерді оқып, әдеби талдау жасаңдар. Талдауда қырғыз даласына келген алғашқы ағартушылық қызметтің жүзеге асуына ықпал еткен адами факторлар туралы айтып бер. Қазақ еліндегі оқу-ағарту жұмыстарының жүргізілуімен салыстыр.

 **6-тапсырма.** Берілген үзінділердегі кейіпкерлер әрекетіне баға беріңдер.

Повестен үзінді	Біздің ойымызша...
<p>Мұғаліміміз қашан келеді деп, бұл сұрапыл суықта үстінде тоны жоқ қайтіп келер екен деп қорқып жүрдім. Дүйсен келер күні жүрегім тулап, сыздай берді. Ол келем деген күні келмей қойған емес. Қайта-қайта тысқа шығып, қарасы көрінер ме екен деп жол жаққа қараймын, кең жатқан далада ешбір жан көзге шалынар емес. «Алда құдай-ай, қараңғы түспей ертерек келсеші! Қараңнан айналайын, ағайым, қайда жүр екен бұл кезде?». Ішімнен кейіп, жеңгеме көрсетпей кейде жылап та аламын.</p>	
<p>– Оның жақсы. Онан да ертең күндіз келсең болмайтын ба еді. Өлде сені мылтықпен айдаған кісі болды ма?</p> <p>– Мен балаларға бүгін келемін деп уәде берген едім, – деді Дүйсен. – Ертең сабақ бастауым керек.</p> <p>– Ой, балаларың адыра қалсын!</p> <p>– деп шошыған Қартаңбайдың жаны шығып кетті. – Ой, тоба, балаларға уәде бердім дейді тура. Ал майып болып қалсаң, не болар еді, ойладың ба?</p>	

<p>Қалай кетерімді білмей тұрғанымда көлгірсіген жеңгем:</p> <p>– Даладағы сорпадан құйып іше ғой, садағаң кетейін, – деді.</p> <p>Жеңгемнің бүйтіп өп-өтірік көлгірсігені маған ұнаған жоқ. Мұнысы несі деп, ішімнен таңырқандым. Біраздан кейін келгендерді аттандырып жіберіп мені қайтадан: «жетімек» деп, жерден алып жерге салды.</p>	
<p>Сабақ біткеннен кейін Дүйсен мені қолымнан жетелеп:</p> <p>– Екеуміз қазір бір іс істейміз, Алтынай, – деді, іштей сүйсініп, маған күле қарап. – Міне, бұл теректерді мен саған арнап алып келдім.</p> <p>Осылар өсіп үлкейгенше, сен де жетіліп, жақсы азамат болып, көктеп гүлдейсің. Мен кісі танысам, сен үлкен білімді ғалым боласың. Айтпады деме, сенің маңдайыңнан көрініп тұр бұл, жайнаған көзіңнен айналайыным, тал шыбықтай солқылдақ кезің, зейінің алғыр, ақылың тұнық. Осы тілегіме бағыштап алып келіп едім, кел, енді өз қолымызбен отырғызайық. Бағың оқудан ашылсын!..</p>	



7-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, кейіпкер әрекетіне баға бер. **Уақыты – 7 минут.**



8-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, көріктеу құралдары мен айшықтау амалдарының қызметін талда. **Уақыты – 7 минут.**



9-тапсырма. Үзіндіні оқып, өз ойыңды білдір. Егер өзің сурет салар болсаң қандай сурет салар едің?

Бұл суретті мен әлі салып бітірген жоқпын. Оның қандай болып шығарын алдын ала айту да қиын. Күнде таң сәріден тұрып, бұрын әр кезде жасаған түрлі вариант, этюдтарымды қайтадан екі-үш рет қарап шығамын да, елең-алаңдағы тыныштықта шарқ ұрып ойланамын. Жоқ, мен әлі ойдағыны тапқан жоқпын, істің бәрі алда...



10-тапсырма. Берілген үзіндідегі диалогтерге мән беріп, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға беріңдер. Осы сюжеттің повесть идеясын ашудағы маңыздылығына назар аударып, композициялық орнын анықтаңдар.

Бес-алты атқа мінген, қалғаны жаяу шағын топтың ортасында үстінде көнетоздау қара шинель киген, көзі бажырайған, қатқан қара жігіт сөйтеп тұр екен, біз жетіп барған кезде ердің үстінде шалқая шіреніп тыңдап тұрған аттылардың бірі оның сөзін бөліп жіберді:

– Әй, балам, – деді ол аптыға сөйлеп. – Біз сенің ататегіңді білеміз: біз сияқты қара табан кедей еді. Ал сен қайда жүріп молда болдың?

Дүйсен кейін бұрылып жауап берді:

– Мен молда емеспін, ақсақал. Мен комсомолмын. Қазіргі кезде хат танығанды мұғалім дейді. Мен әскерде жүріп хат танып келдім. Менің молдалығым – осындай.

– Ө-ә, бәлі.

– Оның дұрыс екен, – десті.

Демі тарылған Дүйсен сөйлеп болғанда, әлгінде оның молдалығын сұраған кісі:

– Мейлі, ендеше, істер жұмысың болмаса, қайтеміз, оқытсаң оқытарсың, – деп қойды.

– Мен сіздерден жәрдем сұрап тұрмын. Байдан қалған ана жаман ат қораны оңдайық, көпір салу керек, отын керек...


– Ой, жігіт, қоя тұршы! – деді әлгі Сатымқұл тағы да шырт түкіріп, жұмған көзін ашып. – Мектеп ашам деп айқайлайсың, үстіңде тоның жоқ, астыңда атың жоқ, айдап қойған жерің жоқ, айдауда малың жоқ, немен күн көресің?


– Ештеп күн көремін, өкімет маған көмек береді.

– А, солай десейші! – деді Сатымқұл рақаттана ыржия күліп, төсін қайқайтып, ерден көтеріліп. – Сөздің шыны жаңа айтылды ғой! Сен ол өкіметтің қаржысымен жұмы-

старынды бітіріп, балаларды оқыта бер. Ал бізді қинама, өз тауқыметіміз жетіп жатыр.


Сөйтіп Сатымқұл атының басын бұрып, жүріп кетті. Оның артынан басқалар да тарай бастады. Қағазын қолына ұстаған бойы Дүйсен көпке дейін орнынан қозғалмай тұрды.

 **11-тапсырма.** «Алғашқы ұстаз» повесін М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романымен салыстырып, әдеби сын жаз. Алтынай мен Жамалдың өміріндегі ұқсастық пен айырмашылық туралы өз ойыңды білдір.

 **12-тапсырма.** Ұстаз туралы эссе жаз. Эсседе ұстаздың жеке басының қасиеттері мен мінезінің шәкірт үшін қаншалықты маңызды екеніне назар аудар. Ұстаз еңбегінің болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын ашып талда.

Эссе тақырыптары:

1. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы»
2. «Менің сүйікті ұстазым»
3. «Ұстаз – мәртебелі мамандық»

 **13-тапсырма.** Кейіпкерлерге мінездеме бер. Мінездемені повестегі нақтылы мысалдармен дәлелде.


ДУЙСЕН ҰСТАЗ →


АЛТЫНАЙ →

ЖЕҢГЕСІ →

Ақылды, жанашыр,
ашуланшақ, қызғаншақ,
қатыгез, талапшыл,
мақсат қойғыш, ақкөңіл,
адал, намысты т.,б.

Ақылды. Себебі.....

 **14-тапсырма.** Шыңғыс Айтматовтың басқа да («Боранды бекет», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Ақ кеме» т.б.) шығармаларын оқып, стильдік ерекшелігіне назар аударыңдар. Жазушының сөз қолдану шеберлігі мен кейіпкерлерді бейнелеу тәсілдеріне және авторлық ұстанымына мысал келтіре отырып, ғылыми бағалау мақаласын дайындаңдар.

 **15-тапсырма.** Хрестоматиядан Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романынан берілген үзіндіні оқып, тақырыбы мен идеясын анықтап, сюжетін тезис түрінде жазыңдар.

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ (1954 жылы туған)

Қазақтың белгілі ақыны, журналист Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулет 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында туған. 1977 жылы С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, 1985 жылы Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғары әдеби курстардың поэзия бөлімін (әдебиетші мамандығы бойынша) бітірген.



Гуманитарлық ғылымдар академиясының құрметті академигі (2004). Қазақстан журналистика академиясының толық академик-мүшесі. М. Әуезов атындағы Семей университетінің (2007) және Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры (2018).

Ол – «Қанат қақты», «Жұлдыз жарығы», «Алтайдың алтын тамыры», «Ұлыстың ұлы күні», «Ақ керуен», «Жаратылыс», «Жүректегі жарылыстар», «Алтай асулары», «Заман-ай», «Киіз кітап» т.б. кітаптарының; «Ахиллестің өкшесі» өлеңдер жинағының; қазақ тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағының, «Ынтық зар», «Әбілхаят» кітаптарының авторы. «Семей–Невада» қозғалысының өнұраны «Заман-ай» өніне сөз жазған.

Шығармалары шетел тілдеріне аударылған. Үнді, түрік, фин, Африка, Алжир, украин, өзірбайжан, қырғыз, абхаз, моңғол, саха-якут және басқа халықтар ақындарының өлеңдерін; сондай-ақ М. Лермонтовтың, А. Блоктың, Д. Кедриннің, Н. Рубцовтың және басқа бірқатар ақындар шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Бүгінде Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы. Түркі әлемінің әдеби журналдары конгресі Тұрақты кеңесінің мүшесі.

БІЗ – ТҮРКІЛЕРМІЗ!

Біз – түркілерміз...
 Біз – түркілерміз!
 Көк аспандай жарқылдап, күркірерміз,
 Көк аспанның бұлтындай сілкінерміз,
 Көк бөріден туғанымыз рас болса,
 Көк Тәңірден қуат ап, бір түлерміз.
 Кеудемізді билеген асқақ арман,
 Тарихымыз дастан боп таста қалған,
 Тірсегіміз тілінген кездерде де
 Жан жүректі жерім жоқ жасқа малған.
 Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін,
 Айға қарап ұлыған көк бөрімін.
 Атқа мінсем, кетемін аруақтанып,
 Арасында желік бар ет-терінің.
 Атқа мінсем, кетемін айбаттанып,
 Қылыш көрсем, кетемін қайраттанып.
 Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан
 Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық!
 Намысымдай ешкімге таптатпаған,
 Түркістанның күмбезі асқақтаған.
 Бабаларым жатыр ғой бата беріп,
 Аруақтар аманатын ақтап бағам.
 Көк Тәңірден көңілге нұр тілерміз,
 Көк аспандай өлі де күркірерміз.
 Көк бөрілі көк байрақ көкке шықса,
 Қай дұшпанның алдында іркілерміз?
 Біз – түркілерміз!
 Біз – түркілерміз!!
 Біз – түркілерміз!!!



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Өлеңнің құрылысы мен көркемдік ерекшелігіне мән бере отырып, лирикалық қаһарманның айтар ойына баға бер. Өлеңдегі тарихи кезең туралы баянда.



2-тапсырма. Өлеңді тыңдай отырып, ақынның ұлттық болмысты қалай суреттегенін өз түсінгендерің бойынша айтып беріңдер. **Уақыты – 7 минут.**



3-тапсырма. а) Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. «Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан, Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық!» – деген ақын ойын жалғастырып, тарихи тұрғыдан қазақ елінің бастан кешкен қиындықтары мен жетістіктерін саралап, көркем тілде айтыңдар.

ә) Өлеңдегі «көк бөрі» ұғымының мәнін өздерің оқыған ежелгі тарихи дастандар сюжетімен салыстыра отырып, талдаңдар. Өлеңде баяндалатын қазаққа тән ұлттық болмыс қасиеттерінің өзіндік орнына баға беріңдер.




4-тапсырма. Өлеңнің идеясына мән бер.




5-тапсырма. Берілген кестені негізге ала отырып, өлеңде баяндалатын оқиғалар мен қазақ тарихының байланысын анықтаңдар.

«Біз – түркілерміз!»	Суреттелетін тарихи жағдай
Көк аспандай жарқылдап, күркірерміз, Көк аспанның бұлтындай сілкінерміз...	
Көк бөриден туганымыз рас болса, Көк Тәңірден қуат ап, бір түлерміз.	
Кеудемізді билеген асқақ арман, Тарихымыз дастан боп таста қалған, Тірсегіміз тілінген кездерде де Жан жүректі жерім жоқ жасқа малған.	
Жұтып қойған ғасырлар өктем үшін, Айға қарап ұлыған көк бөрімін.	
Атқа мінсем, кетемін аруақтанып, Арасында желік бар ет-терінің. Атқа мінсем, кетемін айбаттанып, Қылыш көрсем, кетемін қайраттанып. Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық!	


<p>Намысымдай ешкімге таптатпаған, Түркістанның күмбезі асқақтаған. Бабаларым жатыр ғой бата беріп, Аруақтар аманатын ақтап бағам.</p>	
<p>Көк Тәңірден көңілге нұр тілерміз, Көк аспандай өлі де күркірерміз. Көк бөрілі көк байрақ көкке шықса, Қай дұшпанның алдында іркілерміз? Біз – түркілерміз!..</p>	


 **6-тапсырма.** Берілген өлең үзіндісінен көріктеу және айшықтау құралдарын тауып, дәптерлеріңе талдап жазыңдар.

Атқа мінсем, кетемін аруақтанып,
Арасында желік бар ет-терінің.
Атқа мінсем, кетемін айбаттанып,
Қылыш көрсем, кетемін қайраттанып.
Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан
Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық!
Намысымдай ешкімге таптатпаған,
Түркістанның күмбезі асқақтаған.
Бабаларым жатыр ғой бата беріп,
Аруақтар аманатын ақтап бағам.

 **7-тапсырма.** Бүгінгі түркілік әлем мен қазақ әдебиетіндегі түркілік ұғымының ерекшелігін талдап, өзіңнің тұжырымыңды айтып бер.

Қазақ қоғамы	Түркілік әлем

 **8-тапсырма.** Тақырыбы мен идеясы жағынан «Біз – түркілерміз!» өлеңінің идеясына ұқсас қазақ әдебиетіндегі өзге жас ақындардың шығармаларын осы өлеңмен салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына пікір білдіріңдер.

 **9-тапсырма.** Хрестоматияда берілген ақынның «Түркістан» өлеңін Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңімен салыстыра отырып, тарихи шаһардың кешегі және бүгінгі ерекшеліктерін талдап (мәдени, тарихи, экономикалық жағынан), әдеби сын жазыңдар.

ЗАМАН, ДӘУІР ТҮЛҒАСЫ

Еліміздің тарихында өз заманы мен бүтін бір дәуірге тұлға болған көркем бейнелер көп. Әдебиет арқылы сол заманның тұлғалары халық жадында қалып, болашақ ұрпақ тәрбиесіне қызмет етеді. Ұлттық құндылықтар мен ғаламдық мәселелерді анықтауда сол тұлғалардың елі үшін атқарған игілікті істерін үлгі етеміз.

Бұл тарауда жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» тарихи романы мен Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасынан алынған үзінділерді, Шерхан Мұртазаның «Тәуекел той» өңгімесін оқимыз.

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ (1936 жылы туған)



Қабдеш Жұмаділов – Қазақстанның халық жазушысы (1998), «Парасат» орденінің иегері. 1936 жылы 24 сәуірде ҚХР Шыңжаң өлкесі Тарбағатай аймағы Шәуешек ауданында дүниеге келген.

Алғашқы өлеңдері 1954 жылы Үрімжіде шығатын «Шыңжаң» газетінде, ал «Жамал» деп аталатын тырнақалды өңгімесі 1956 жылы сондағы «Шұғыла» журналында жарияланған.

Жазушы 1981 жылдан бері бірыңғай шығармашылық жұмыста.

1990 жылы Қ. Жұмаділовке «Тағдыр» романы үшін Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілген. Жазушының негізгі шығармалары – «Жас дәурен» (1966) өлеңдер жинағы, «Қаздар қайтып барады» (1968) өңгімелер жинағы, «Көкейкесті» (1969), «Соңғы көш» (1-кітап 1974; 2-кітап 1981), «Бақыт жолында» (1976), «Сарыжайлау» (1978) повесть, өңгімелер жинағы, «Шарайна»

(1982), «Сөйгүліктер» (1984), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988) және «Дарабоз» (1-кітап 1994; 2-кітап 1996), «Таңғажайып дүние» (1999) романдары. Аталған еңбектері 2003–2004 жылдары «Қазығұрт» баспасынан шыққан «Он екі томдық» шығармалар жинағына топтастырылған.

Қ. Жұмаділовтің соңғы жылдардағы көлемді шығармалары – «Прометей алауы» (2002) тарихи баяны, «Қылкөпір» (2003) және «Мөңгілік майдан» (2008) романдары.

Әдебиет теориясы

ТАРИХИЛЫҚ – әдеби шығарманың тарихи-әлеуметтік ортамен, белгілі бір халықтың мәдени тарихымен, салт-дәстүрімен, ырым-нанымдарымен, ұлттық мінез, ойлау ерекшеліктерімен, аңсар, арманымен тамырлас құбылыс. Осынау «тарихилық» ұғымы суреткер дүниетанымының шартараптылығына, асқан білімдарлығына яки мынадай таным кезеңдерін – 1) өткенді (ретрогноз), 2) бүгінгіні (презентогноз), 3) болашақты (прогноз) жетік, жан-жақты меңгергеніне тікелей қатысты.

Сонымен, тарихилық белгілі бір заманның нақты тарихи жағдайларын, қайталанбас келбеті мен өзіндік қасиеттерін, мән-мағынасын, болмысын, ұлттық-тарихи және өмір шындығын, идеялық-танымдық тереңдігін көркемдік тұрғыдан жырлап, тарихтың көркемдік философиясын шеберлікпен жеткізу.

А. Ысмақова

Ғалым пікірі

«Тағдыр» – ұлтжанды қаһарманды биік өреге көтерген роман. Ол – қазақ әдебиетінің өз қойнауынан шыққан туынды. Басқа тілдерге аударылғанда ғана бағы ашылатын кейбір шығармалардай, Батыс я Латын Америкасы роман үлгісі бойынша пішілмеген. «Тағдырды» оқып отырғанда, қазақтың кең даласына сүңгіп кеткендей рақатқа бөленесің.

Ш. Елеукенов

ТАҒДЫР (романнан үзінді)

Демежан астан оралған соң, ауылда тағы екі-үш күндей аялдады да, қалаға қайтуға қамдана бастады. Бұл жолы келіншегін осында қалдырып, өзі жалғыз аттанбақ. Өйткені ұзатылғаннан бері әке-шешесін көрмеген Бибі биыл өз еліне төркіндеп баруға тиіс еді. Қазақ салтында тұңғыш төркіндеген келінге күйеуі ілесіп бармайды. Мұндайда келіншектің қасына қайын, қайын сіңлі, абысын-ажын секілді жол серіктері ғана ілеседі. Жат жұртқа келіп, бір-екі жылдай желек астында қысылып-қымтырылып тіршілік еткен қыз сорлыға берілетін бостандықтың бұл да бір түрі еді.

Дәл жүретін күні Керімбай баласын оңаша шақырып алып, екеуара кеңес құрған.

– Сонымен, не істейміз, балам? Өнеугүнгі өзің жеткізген Ши-амбының сәлеміне нендей жауап қайтарамыз? Аанада Сымайыл зәңгі айтқан бәтуалы сөзге тоқтаймыз ба, жоқ әлде басқа да тығырықтан шығар жол бар ма? – деді Демежанның жүзіне барлай қарап.

Осы сұрақтардың бәріне әке жауабы дайын болса да, баласының не ойлайтынын өз аузынан естігісі келетіндей. Енді іркілудің орны жоқ, Демежан өз ойын ашық айтты:

– Әй, сол көрі зәңгі салған соқпақтан өзге даңғыл жолды мен де көріп отырғам жоқ-ау, – деді сәл ойланып қалып. – Бұл жалғыз Құлыстайдағы аз ауыл төртуыл ғана емес, Алтай, Еренқабырға, Іле бойын мекендейтін күллі қазақтың басына түсіп тұрған сын ғой. Бүкіл Жоңғарияда жүз мыңдаған қазақ жасайды. «Көппен көрген ұлы той». Тағдырдың маңдайға жазғанын сол елмен бірге көреміз де...

– Жарайды, ол қазақтар өз бағдарын өзі белгілей жатар. Біз мына өз ағайындарымызды не істейміз? Түгел төртуыл тағдырын бізге тапсырып, аузымызға қарап отыр ғой. Кейін обалына қалып жүрмейміз бе? – деді Керімбай оның сөзін бөліп.

– Ал жылы орныңды суытқанда қайда барасың? – деді Демежан күрсініп. – Теріскейдегі Ертіс, Зайсан бойларында да қазір бос орын қалған жоқ. Ақ патша бекіністер салып, переселендерін әкелгеннен бері қазақ даласы қатты тарылып кет-

ті. Ол жақтағы ағайындардың өзі шұрайлы қоныстарынан айырылып, мал жаятын жер таппай, жөңкіліп көшіп жүрген көрінеді.

– Ендеше, ойымыз бір жерден шықты. Мен де әрі ойлап, бері ойлап осыдан басқа шығар жол таппадым, – деді Керімбай. – Олай болса, Ши-амбыға сәлем айт: «күнгей төртуылы ешқайда көшпей, осында қалады» де... Тек бұдан кейін ұлықтар ала қойды бөле қырыққанды қойсын. Өне бойы халдайларды қорғаштай бермей, қазақты да халқым деп танып, жер-суды бірдей қылып бөлетін болсын.

– Мақұл, көке. Осы айтқаныңызды мәртебелі ұлыққа түп-түгел жеткіземін, – деді Демежан.

Осыдан кейін ол көп бөгелген жоқ. Үлкен үйге кіріп қымызға қанып болған соң, қасына атқосшы ертті де, салт атпен жүріп кетті.

Демежан қалаға қайтып келісімен-ақ, қарбаласқан қызу тірліктің үстінен шықты. Көптен сөз болып жүрген шегара комиссиясы Үрімжіден бері шығыпты деп, аймақтың әкімшілігі абыр-сабыр болып жатыр екен. Арада апта өтпей, сол айтқан адамдары да келіп қалды. Арғы Пекиннен келгені бар, жолдан қосылғаны бар, жиыны он шақты кісі. Барлығын Сұң фамилиялы бір үлкен чиновник бастап келіпті. Білетіндердің айтуынша, оның қызмет дәрежесі ғана мықты емес, өзі Жер шары картасының жыртығын жамаған, атақты географ, ғалым болса керек. Болса болар-ақ, картаны алдына жайып қойып сөйлегенде, Алтай мен Тарбағатайдың, Тянь-Шань мен Памир тауларының биік шыңдарын былай қойып, шағын шоқыларына дейін, өзен-көлі, бұлақ-бастауына дейін, нақ бір осы өлкеде табанын тасқа тілдіріп, туып-өскен немердей сайрап біліп тұр.

Шегара комиссиясының жұмысына көмектесу үшін, Тарбағатай әкімшілігі де өз тарапынан бірнеше адам қосатын болды. Оның бірі – Демежан. Екіншісі – Демежанның бір кездегі мұғалімі, қаладағы қытай гимназиясының директоры Ли-шансың. Бұл – қазір жасы елулерге келіп қалған, жергілікті жағдайды өте жақсы білетін, тарих пен географияны көп зерттеген осы аймақтағы бірден-бір оқымысты адам. Қазақ тіліне жүйрік, ештеп орысша да біледі. Айыбы – Маньчжур нәсілінен емес, ұлты қытай болғандықтан ғана, үлкен қызметке ілікпей төмендеп жүрген кісі. Ли-шансыңды жас

кезінде, баяғы «Тайпин көтерілісі» тұсында Маншың өкіметі саяси сенімсіз адам деп тауып, шалғайдағы Шығыс Түркістанға жер аударған екен. Содан жылжи-жылжи, Тарбағатайдан бір-ақ шығыпты. Тек Шәуешекке Ши-амбы келген соң ғана көзі ашылып, әртүрлі ағарту жұмыстарына араласа бастаған. Демежан өзімен пікірлес, тату ұстазымен сапарлас болатынын естігенде, көдімгідей қуанып қалды.

Бірақ, оның есесіне, шегара комиссиясымен бірге жүретіндердің ішінде Демежанның суқаны сүймейтін, тіпті барынша жек көретін адамы Шихалдай да бар екен. Шихалдай – осындағы көп халдайдың өзінше ең сауаттысы, Тарбағатайдағы халдайлар кеңесінің бастығы (Ши – фамилиясы да, халдай – Маншың өкіметі тарапынан берілген ақсүйектік дәрежесі). Халдайлар осы өлкенің негізгі тірегі болғандықтан, Шихалдай кейде бұл аймақта Ши-амбыдан кейінгі екінші адам болып саналатын. Халдайлар және өздерін байырғы шегарашылармыз деп біледі. Сондықтан комиссия жұмысына олардан да өкіл қатысуға тиіс.

Арада бірнеше күн өткенде, Шәуешектегі орыс консулдығына Батыс Сібір шегара басқармасынан шыққан шегара комиссиясы да келіп жетті. Араларында Петербургтағы сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінен және Бүкілресейлік география қоғамынан келген адамдар да бар көрінеді. Комиссияны генерал Фриде мен статс советник Мединский басқарып келіпті. Ал бұлардың Тарбағатай мен Алтай өңіріндегі бас көмекшісі Шәуешектегі орыс консулы Балкашин болмақ.

Бұл жылдары Батыс Сібір шегара басқармасының қаруында жан-жақты сауатты, ғылымға да икемі бар, қабілетті адамдар көп болатын. Консул Николай Никонорович Балкашин де сондай білікті кісілердің бірі еді. Ол 1858 жылы Мәскеуде Кадет корпусын бітірген соң, сонда он шақты жылдай губернатор кеңсесінде істеді. Осы қызметте ерекше іскерлігімен көзге түскендіктен, оны жетпісінші жылдары Батыс Сібірге төтенше тапсырмалар орындайтын чиновник етіп жіберген. Мұнда да беталысы жаман болған жоқ, өзінің алғыр ойымен, патша ағзамға шын берілген адал қызметкер ретінде танылды. Ал кейін Шәуешекте Ресей консулдығы ашылғанда, оған зор сенім артып, осы қалаға бас консул етіп тағайындады. Мұнда келгелі ол дипломатиялық қыз-

метпен бірге ептеп ғылыми жұмыстармен де айналысып жүр. «Батыс Сібір, Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда жолдары» деген еңбегі орыс географиялық қоғамы тарапынан жақсы бағаланды. Қазір Ресей қарауындағы қазақтар мен басқа да мұсылман елдері жайында еңбек жазбақ болып, материал жинап жүрген кезі. Демек, бұл күнде қырықтың төртеуіне жаңа келген Николай Никонорович қай жағынан алсаң да, нағыз кемелденген, ақыл-ойы толысқан дер шағы еді.

Алғашқы күндері екі жақтан келген шегара комиссиясының адамдары өзара танысу, Ши-амбы мен консул Балкашин берген қонақасыларға қатысып, бой жазу секілді өзіндік жұмыстарынан ары ұзаған жоқ. Екі жақ тек төртінші күн дегенде дөңгелек үстел басына жиналған. Екі елдің де беделді комиссиясы бұл келіссөзге жан-жақты дайындықпен, өздеріне дейінгі бүкіл құжаттармен қаруланып келген-ді. Бұған дейін орыстың да, қытайдың да не бір жиһангез, саяхатшы ғалымдары осынау шегаралық өлкені оңды-солды талай рет аралап шығып, тауы мен даласының ойлы-шұқырына дейін түгел картаға түсіріп өзірлеп қойған. Енді тек сол карталарды өзара салыстырып, бұрын қол жеткен тоқтам-шарттарды жүзеге асыру ғана қалып еді.

Жалпы көршілес екі империя арасындағы шегара мәселесі сонау он жетінші ғасырдан бері сөз болып келеді. Алғаш рет 1689 жылы Нерчинский келісіміне қол қойылып, екі елдің Қиыр шығыстағы шегара бөлісі өз шешімін тапқан-ды. Тек, кейбір тарихи жағдайлардың пісіп жетілмеуіне байланысты, Қытайдың Шыңжаң өлкесімен шектесетін шегараны анықтау кешеуілдеп келді. Ол үшін қазақ даласының түстігі мен Орта Азиядағы елді мекендер Ресей қол астына түгел қарап болуы керек еді. Өздерінше жан бергісі келмей, ұзақ қарсыласқан Хиуа мен Қоқан хандықтарының қырсығынан бұл процесс көп кедергіге ұшырап, жетпісінші жылдардың соңында зорға аяқталды.

Соған қарамастан, Орта Азиядағы шегара бөлісінің жайы 1860 жылғы Пекин келісінде-ақ сөз бола бастаған. Сол келісім бойынша, екі жақтың шегара комиссиясы осы Шәуешекте бас қосып, жер бөлісін бір шеттен жүргізе беруге тиіс болатын. Бірақ 1864 жылы батыс өлкелерде ұйғыр-дүнген көтерілісі бұрқ ете қалды да, бітейін деп тұрған іске кесірін

тигізді... Осылайша еріксіз үзіліп қалған шегара туралы келіссөз, араға біраз жылдар салып, тек 1881 жылы Петербургта қайта жалғасты. Бұл жолғы келісімге екі жақ бірдей қол қойды. Петербург келісімі бойынша, уақытша Ресейге қарап қалған Іле аймағының бір бөлігі Цин империясына қайтарылды да, оның есесіне бұрын Қытайға тиесілі деп танылған Зайсан көлі мен Қара Ертіс бойындағы біраз жерлер енді Ресейге берілетін болды.

Қысқасы, бұл жолы Шәуешекте бас қосқан екі ел шегара комиссияларының негізгі міндеті – сол Петербург келісінде өз шешімін тапқан жайларды жергілікті орында іске асырып, протоколға қол қою еді. Сөйтіп, ең ғажабы, шегараға тақау тұрған шағын қала Шәуешекте Петербург, Пекин сияқты ұлы астаналармен қатар аталып, «1884 жылғы Шәуешек протоколы» деген атпен тарихта қалатын болды.

Бұл жолы шегара комиссияларының арасында бөлендей қулық әрекеттер, асаулық та, алауыздық та туған жоқ. Екі жақта жылы жүзді, жылмаң дипломатия танытқан. Екі ел чиновниктерінің жүзіндегі бұл жымысқы күлкі мен бір-бірінен асып түсетін жылы лебіздер көктен түсе қалған жоқ, дәл осы мезеттегі Ақ патша мен Еженханның қас-қабағына байланысты еді. Соңғы жиырма жылда екі империя өзара тіл табысқан, тату көршілік қатынаста тұрып келеді. Батыс өлкедегі Маншың билеушілерінің басына күн туғанда, Ақ патша көмекке келіп, дүнгендер мен ұйғырлардың бүлігін басуға қол ұшын берді. Көтеріліс кезінде жан сауғалап барған Маншың төрелері мен халдайларды өз қолтығының астына паналатты. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» демекші, Ақ патшадан көрген сол жақсылықтары әзірше Еженханның есінен шыға қоймаған-ды.

Өзара үлес бөлісіп, енші алысуға келгенде, Цин империясы бір кезде өзі қанға бөктіріп, күшпен қаратып алған Жоңғария мен Қашқарияның мұрагері, жоқтаушысы ретінде танылса, патшалық Ресей өз қол астына ерікті-еріксіз түрде әр кезде қараған қазақ даласы мен Орта Азия халықтарының өкілетті әкесі, қамқор қожасы болып отыр. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» дегендей, әрине, екі империяның да көңілдері о баста тым арыда болатын. Біреуі батысқа, екіншісі шығысқа қарай өлі де болса ілгерілей беру ниетінде

еді. Бірақ ол ойларын іске асыруға екі жағына да өртүрлі тарихи жағдайлар жар бермеді. Ақ патша шығысқа қарай қаншалық өршелене ұмтылғанымен, Тянь-Шань мен Памир тауларының бөктеріне таяу жылдарда ғана қолы өрең жетті. Ал Еженхан бұл тасырда батысқа таман ілгерілей түсу былай тұрсын, Шыңжанның өзінен неше мәрте айырылып қала жаздап, есін енді ғана жинап отыр. Бұдан ары екі империяға да ілгері жылжитын бос жер қалмай, текедей тіресіп қалған шағы осы еді. Енді шегара бойында таты бір өрт шығып кетпей тұрғанда, осы өлкелерді береке-бірлікпен бөліп алуға екі жағы да мүдделі болатын.

Екі елдің шегара комиссиялары Шәуешекте он шақты күн аялдап, жер бөлісінің теориялық жағы аяқталған соң, енді сол сызықты жүргізіп, белгілер қою үшін, Тарбағатайдың жонына қарай аттанатын болды. Ішкеріден мініп келген сәнді күймелері мен пәуескелерін қалада қалдырып, бұдан былай бәрі де салт атпен жүруге тиіс еді. Жер жадысын жақсы білетін қазақтардан ертіп алған жолбасшы, атқосшылары бар, түйеге, атқа артып алған азық-түлік, киіз үй, шатырлары бар, бәрін қосқанда ұзақ салқар көш түзеді. Орыстар жағы бұрын атпен салт жүруге үйренген, шетінен тісқақты, пысықтар көрінеді. Олар өздерінің ең таяу бекіністері Лепсі мен Сергиопольдан алдырып, күні бұрын әзірлетіп қойған сарыала ер-тұрманды, құйрығын тілерсектен шорт кескен шолақ аттарына мініп, ойнақтатып шыға келді. Салт атпен жүру олардан гөрі ішкеріден келген Маншың төрелеріне қиындау тиді. Дегенмен олар да намысқа тыртысып, өбектеп ердің қасынан ұстап болса да, ел қарасына ілесуге жарады.

Бұлар Шәуешектен шыққан соң араға екі қонып, үшінші күні түсте Күзүинге жеткен. Осы тұста Тарбағатай тауының Шығыс сілемі бірте-бірте аласарып, сүйірленіп барып бітеді де, екі аралықта жайдақ асу пайда болып, одан ары Алтай сілеміне жататын Сауыр-Сайқан таулары басталады. Шегарашылар осы жерде екіге бөлінуге тиіс болатын. Бір тобы ат басын шығысқа бұрып, Алтай сілемдерінің үстінен өтетін шегара межесін белгілесе, екінші тобы Тарбағатай тауын қырқалап, батысқа қарай жол тартуы керек еді. Демежан мен Ли-шансың осы екінші топқа қосылған. Орыс консулы Балкашин мен оның тілмашы Әріп те осы топта қалды...

Тау қырқасы – табиғаттың өз бөлігі ғой, оның үстінен сызық тарту қиынға түспес деп ойлағанмен, сол таудың жон арқасы да атқан оқтай тұзу болмайды екен. Өркеш-өркеш тау сеңгірі біресе түстікке қарай итініп, біресе терістікке таман салбырап, иір-иір жол басуға тура келді. Бірде түстікке, бірде терістікке қарай арқыраған тау өзендері, шатқал, шың, құз-қиялар қаншама! Кейде күнгей елінің жайлауы терістікке таман ішкерілеп кетсе, енді бірде соның керісінше болып, бір-бірімен қойындасып жатыр. Жерді бөлу ештеңе емес-ау, бәрінен де бір денені екіге айырғандай, мал-басы араласып жатқан елді бөлу қиынға түсті.

Күзуіннен бері шегара белгілерін қойып, соны қолма-қол картаға түсіріп келе жатқан комиссия мүшелері батысқа қарай жылжыған сайын, күтпеген қиыншылықтарға кезіге берді. Уақыт сәске түстің шамасы болатын. Екі жақтың шегара тартушылары кешегі түнеп шыққан бұлақ бойынан жүктерін артып, жаңа қонысқа жылжып қонуға беттеп келе жатқан. Кенет бір бүйірден сау етіп, бір топ салт аттылар шыға келді. Жиын қарасы қырық-елуден кем болмас. Тақымдарына қысқан сойыл-шоқпарлары, кейбіреулерінің мойындарына асып алған мылтық бердеңкелері бар. Мынаны көргенде комиссия басшыларының көздері атыздай болып, шарасынан шығып кетті.

Шегарашылар да қарусыз емес-ті. Бірақ аналар қару қолдануға мұршаларын келтірмеді. Бұлар ес жинап, алды-артына қарағанша, атты қазақтар ұрымтал жерден шыға келіп, көш керуенін лезде қоршап қалды. Дәл қазір басшылары белгі берсе болғаны, сойылмен бір-бір салып, таптап өте шығатын түрлері бар.

Топтың алдында есік пен төрдей жалдас торыға мінген, пұшпақ бөрікті, барқыт бешпет сыртынан күміс қапсырмалы кемер белдік буынып, оның үстінен жібек шапан киген, жасы отыздар шамасындағы, зор денелі, қара бұжыр жігіт тұр. Сол жігіт атын омыраулатып, шолақ бесатарын ердің қасына көлденең қойған беті, бері таман шықты да:

– Иә, жол болсын, мырзалар! Не қып жүрген адамсыңдар? – деді түсін суыққа салып.

Бұл сұраққа екі патшалық өкілдерінің қайсысы жауап берерін білмей, біріне-бірі қарасты. Тілмаштар өз бастықтарына орысша, қытайша қолма-қол аударып тұр. Амал жоқ,



консул Балкашин қасына Өріп тілмашты ертіп, алға таман шықты.

– Біз ұлы Ресей империясы мен көршілес Цин мемлекетінің екі арасындағы шегараны белгілеуге шыққан адамдармыз, – деді дауысын барынша айбынды шығаруға тырысып. – Ал өзіңіз кім боласыз? Қай мемлекеттің адамысыз?

– Мен ешқандай да мемлекеттің адамы емеспін. Өзіңіз тұрған осы жердің иесімін, – деді торы атты жігіт. – Нысымым – Зілқара... Мен жерімді арқан керіп бөліп бер деп ешкімді шақырғам жоқ.

– Қызық екен! – Балкашин езу тартып күлді. – Дегенмен қарайтын болысыңыз, не зәңгіңіз бар шығар?

– Немене, маған құда түсейін деп келіп пе едің? Құда түссең, сүйегім – Саты, оның ішінде Дәулетбай... Бұтабай болысының адамымын.

– Е, бәсе, солай демейсіз бе. Бұтабай болысының адамы болсаңыз, онда Ресейге қарайсыз. Мен Шәуешектегі орыс консулы Балкашин деген боламын.

– Балкашин дейсің бе? Ондайды естісем құлағым керең болсын... Ал сіздердің шегараларыңыз қай жерден өтпек сонда?

– Көріп тұрған жоқсыз ба, шегара осы біз жүріп келе жатқан қырқаның дәл үстімен өтеді, – деді ананың жаңағы сөзіне қитығып қалған Балкашин қызарақтай тіл қатып.

– Шегара бұл жерден өтпейді! – деді Зілқара да атын тебіне түсіп. – Себебі, бұл жерге Ақ патшаның да, Еженханның да алты апасы, бес бересісі жоқ. Бұл төдіректің бәрі – әлмисақтан бері менің ата-бабамның құтты қонысы. Арғы атамыз Дәулетбай батыр баяғыда Жоңғарды қуып шығып, өзінің үрім-бұтағын осында әкеліп қоныстандырған. Сенбесеңдер осы елден сұрандар, әне, Дәулетбайдың бейіті сонау төбенің басында тұр. Атамның басы жатқан жерге ешкімді де жібере алмаймын.

Балкашин мұндайды күтпесе керек, не айтарын білмей шарасыздық танытып, басын шайқады. Осыны көрген Маншұң төрелері күңкіл-күңкіл сөз шығара бастаған.

– Шамасы, бұл сіздің елге қарайтын қазақ қой. Сонда қалай болғаны, бұларға шегара жайы алдын ала ескертілмеген бе? Консул мырза, сіздің төртіпке шақырғаныңыз жөн шығар, – деп, Қытай жағының басшысы Сұң Жун-таң көдімгідей кейістік білдірді.

Оның кінә арта сөйлеген мына сөзін естігенде, онсыз да жарыла жаздап тұрған Балкашин онан арман ашуланды.

– Сіз маған өйтіп ақыл үйретпеңіз, Сұң мырза. Осындағы уезд бастықтары мен болыстық управительдерге түгел хабарланған. Біз не сонда, мемлекеттік мәселені кез келген қазақпен ақылдасуымыз керек пе? – Консулдың өңі өрттей қызарып, әдемі көгілдір көздері шыныдай шытынап кетті. – Қандай жабайылық... Қандай надандық, ө? Өңгіме бұл арада екі ұлы империяның мемлекеттік шегарасы туралы болып отырса, бұлар келіп қайдағы бір ата-бабасының моласын даулайды.

Зілқара оның соңғы сөзін ұғынбаған болар, екі бүктелген қамшысын онды-солды сермеп қойып, екілене сөйлеп тұр.

– Мына бір сайдың төменгі аңғарында біздің қыстауымыз бар. Ал жайлауымыз сонау бір жасыл белдің ар жағында. Сендер ғой екеуінің арасынан сым тартып, бөліп тастамақсыңдар. Сонда біз қыста Ақ патшаға, жазда Еженханға қарауымыз керек пе? Малды қайда жаямыз? Ар жақта қалған өкеміздің басына қалай құран оқимыз?

– Тү-у, мынаған дауа болмас! – деп консул жерге бір түкірді. – Оу, көкетайым-ау, бұлайша ешбір патшалыққа бағынбай, аралықта қалу деген ақылға сыймайды ғой. Қазір Орталық Азияда бұл екі империяға қарамаған ұлтарақтай жер жоқ. Сіз соны білесіз бе?

Балкашин баланың сөзін қызықтағандай, ананың аңғырттығына езу тартып күлді. Қап, мұны білгенде өздерімен бірге қарулы жасақ алып шығуы керек екен. Өскер ала жүру мәселесі сөз болғанда, жоғарыда отырғандар: «Халыққа қару көрсетіп, үркітіп алып жүрмеңдер. Шегара бойынан бүлік шықса, оның арты жақсылыққа соқпайды», – деп мүләйімсіді де қалды. Тым болмаса, осы маңға қарулы күзет қойып, жайлауға шыққан елді тым бері мінбелетпей, шегара бойын иен ұстай тұруға болады ғой. Соны қалай ескермеген?!

– Сіздер өзі қай елге қарайтын ойларыңыз бар? Ақ патшаға ма, әлде Қытай жағына ма? Қайсысына қарасаңыздар да таңдау өздеріңіздікі, – деді ол ақыры сабасына түскендей сыпайы сөйлеуге тырысып.

– Бізге соның екеуінің де керегі жоқ. Ақ патша менің құдам, Еженхан менің нағашым дейсің бе? Тек жерімізге, елімізге тимей, тыныш қойса болғаны.

Өріп те орысшаға жүйрік екен. Екі жақтың да аузынан шыққан сөзді қағып алып, қолма-қол аударып тұр. Бірақ Зілқара оның сөзіне айылын да жиятын емес. Одан арман қыңырайып, өз бетінше сөйлей берді.

– Бұлар да халық екен-ау, жер осылардікі екен-ау деп, тым құрыса алдымыздан өтіп, мәнісін түсіндірген бір пенде болсашы, – деді күйіне дауыстап. – Рұқсат сұрау жоқ, санасу жоқ, бұл не деген басынғандық?! Көне, осы арада қан болайын демесеңдер, аттарыңның басын дереу басқа жаққа бұрыңдар! Өйтпесе, бізде енді аянатын ештеңе қалған жоқ...

Сол сөзді айтуы мұң екен, қасында тұрған қалың топ та сойыл-шоқпарларын білеп, атой салып:

– Иә, аулақ кетіңдер бұл жерден!

– Сендерге шегара керек болса, Құдайдың жері құрып қалды ма, басқа жаққа барып жүргізіңдер.

– Бұға-бұға бөденедей бүрісіп болдық емес пе, түге?!

– Жерден айырылғаннан кейінгі тірліктің енесін ұрдым. Одан да осы төбенің басында өлгеніміз артық, – десіп шуылдап кетті.

Демежан манадан бері оншалық алға сұғынбай, екі жақтың сөзіне кезек құлақ қойып, бір халықты зорлықпен екіге бөліп жатқан шегараға ма, әлде мына қазақтардың иіс алмас аңғырттығына ма, әйтеуір әлдекімге қатты ыза болып, намыстан жарыла жаздап тұрған-ды. Осы сәтте Ли-шансың оның қасына жақындап келді де:

– Мына кісілермен сен сөйлесіп көрсең қайтеді? Ұлықтар күшке саламыз деп, бүлдіріп алып жүрмесін, – деді ақырын сыбыр етіп.

Бұдан ары үнсіз қарап тұруға оның өзінің де шыдамы таусыла бастаған. Демежан қасындағы Маншың төресі Сұң мырзаға қытайшалап бірдеңелер айтты да, атын тебініп алға шықты.

– Отағасы, сізбен оңаша сөйлесуге бола ма?– деді Зілқараға жылы жүзбен күле қарап. – Алдымен аздап «найманшылап» алсақ қайтеді. Сонан арғысын тағы көре жатармыз.

Зілқара мұның бетіне тандана қарап аз тұрды да:

– Мейлі, сөйлесек сөйлесейік, – деп атының басын бұра берді. Сол кезде қоршап тұрған жаңағы қазақтар арасынан:

– Е, мыналардың ішінде мұсылманы да бар екен ғой...

– Мұсылманды қойып, найманды да біліп тұрған жоқ па, – дескен дауыстар естіліп қалды.

Демежан мен Зілқара топтан бөлініп, арқан бойы жерге барып тоқтаған. Олардың қасына, сірә, әр ауылдың ақсақалдары болар, төуір киінген тағы екі-үш кісі келіп қосылды. Енді тартылатын ештеңе жоқ. Сырт көздің, өзге жұрт өкілдерінің алдында ыңғайсыз, өрескелдеу көрінетін кейбір сөздерді оңашада мыналардың шекесіне шеге қаққандай етіп, батыл айтуға болады.

– Жә, ағайындар, аспаннан аяқтарың салбырап бүгін түсе қалғандай, мына қылықтарының аты не? Соны айтыңдаршы, – деді Демежан әлгілерді бірден ықтыра сөйлеп. – «Бізге Ақ патша да, Еженхан да керек емес» деп кергисіңдер келіп... Осындай да сөз бола ма екен? Қазақ елінің хандары мен сұлтандары Ақ патшаға ант беріп, өз еркімен бодан болғалы қай заман... Әлде өзгеге жеткен Ақ патшаның құрығы сендерге жетпейді деп жүрсіңдер ме? Тау екеш тау-

дың өзі екіге бөлініп, бір халық ортасынан қақ жарылып, ел басына зобалаң туып жатса, сендер келіп қарыс жерде тұрған өрісің мен қонысыңды жоқтайсыңдар. Сендердің қоныстарын кетеді екен деп, жарты жалғанды өздеріне бағындырып отырған екі ұлы мемлекет өз жерінің шегіне белгі соқпай, шегініп кетеді деп ойлайсыңдар ма? Бұларың тіпті ақылға сыймайды ғой, ағайындар-ау!

Манағыдай емес, салт аттылардың аптығы басылып, беті қайтыңқырап қалды. Зілқараның да дауысы жұмсара түскендей:

– Інішек, жасың құрбы, тілеуін бір, қазақтың иман жүзді баласы екенсің... Өзің кім боласың? Жөніңді айтшы, – деді өң-шырайынан әлдебір лажсыздық білініп.

– Мен – күнгейдегі төртуылмын. Керімбай зәңгінің баласы Демежан деген боламын.

Мына сөзді естігенде, кейін келіп қосылған ақсақалдардың бірі қолымен күн салып, жақсылап қарап алды да:

– Ойбай-ау, бұл жігіт өзіміздің Қүрекеңнің күйеу баласы емес пе?! Бәсе, манадан бері өңін шырамытып, осы баланы қайдан көрдім деймін. Бұрнағы жылы келіншек ала келгенде, тойда көрген екем ғой, – деп атын тебініп жақындай түсті. – Бибіжан – менің туған жиенім ғой... Бибінің дені-қарны сау ма, айналайын? Үй іші, ауыл-аймақ, құда-құдағилар тегіс аман ба?

– Шүкір, бәрі де аманшылық, – деді Демежан да енді бұларға жан тарта сөйлеп. – Ел мен елдің бұлайша бөлінуі бізге де оңай тиіп тұрған жоқ. Керек десеңіздер, өз отымның басы да екіге жарылып, көңілге қаяу түсіп тұр... Бибі қазір қажының ауылында, төркіндеп келгеніне біраз күн болды.

«Қазақ жөн сұраса келе, қойныңдағы әйелімен қарын бөле боп шығады» деуші еді. Мына кісілер де Демежанға бөтен болмады. Зілқара да сабасына түсіп, енді бұған ақыл сала сөйледі.

– Ендеше, тіпті жақсы, жат емес, жақынымыз екенсің. Сонда біздің не істегеніміз мақұл? Жайлауымызды жапырып, қыстауымызды қиратып жатса да, үн шығармай, тұяқ серіппей, қол қусырып қарап отыруымыз керек пе? Мыналардың арасында тегін жүрген жоқ шығарсың, бізден гөрі көзің ашық қой, ақылыңды айтшы, – деген.

Демежан да ойындағысын ірікпей, мыналарға шын сөзін айтты:

– Ағайын деп ақыл салғаның рас болса, ендігі қарсылықтан түк пайда жоқ, ағайындар. Қол-аяғың байланып, пышақ қыл мойынға тақалғанда, туладың не, туламадың не? Мұны пешенеге жазған тағдырдың ісі деп ұғыну керек. Тышқандай ғана тірлігің бар, арыстанмен алысқанда не бітіресің. Біздің күнгейдегі ел де алыса-алыса ештеме шықпаған соң, ақыры қалың қазақтан бөлініп, Еженханға бағынатын болды.

– Е-е, қолдан билік кеткен соң көрген күнің сол да... Бала дұрыс айтады, – деді жанағы ақсақалдардың бірі.

– Ал шегарасы түскір тартылды дейік. Сонда сол сызықтан өрі-бері ешкімді өткізбей ме? – деп Зілқара тағы бір күдігін айтты.

– Неге? Дәл олай болмас... Бұл – жалпы мемлекеттік меже ғой. Ал қазақтар бұрынғыдай аралас-құралас жүре беруге тиіс.

Бұл сөзге Зілқараның арқасы сәл кеңіп қанғандай болды. Демежанға енді жылы шыраймен қарап:

– Өзің әдейі шақырып келтіре алмайтын сыйлы ауылдың баласы екенсің. Бүгін біздің ауылға түсіп қонақ бол, – деді жығыла жабысып.

– Мен қызметте жүрген адаммын ғой. Және жалғыз емеспін, қасымда серіктерім бар, – деп Демежан артында шоғырланып тұрған топқа қарады.

– Барса қасындағы ұлықтарды да ерте жүр. Қалған жағдайды жата-жастана сөйлесерміз.

Демежан әлгілерден бөлініп, өз тобына қарай аяндады. Орысы, маньчжур-қытайы аралас комиссия мүшелері үр-пиісіп, тағатсыздана күтіп тұр екен.

– Иә, не болды? Райларынан қайтатын түрі бар ма? – деді консул Балкашин басқалардан бұрынырақ тіл қатып.

– Бөрі ойдағыдай, консул мырза. Іс оныға айналды ғой, – деп Демежан ақсия күлді. – Зілқара енді бізден жер дауламайды. Манағы білместігіне кешірім сұрап, осы тұрған барлықтарыңызды бүгін өз ауылына қонаққа шақырып тұр.

Комиссия мүшелері сенер-сенбесін білмей, аң-таң болып, бірінің бетіне бірі қарады.

– Міне, ғажап!.. Демежан мырза, сіздің, сірә, кісіні дуалайтын сиқырыңыз бар-ау деймін. Асау қазақтарды демнің арасында қалай жуасыта қойдыңыз? – деп Балкашин мәресіре болып қуанып қалды.

– Біздің қазақтың сіздер білмейтін, халықаралық дипломатияда жазылмаған өз тілі бар. Мен олармен сол тілде сөйлестім ғой, – деді Демежан өзілдеп.

Бұл жаңалық маньчжур-қытай чиновниктеріне де қолма-қол аударылып, тез тарап жатқан. Жаңағы қаһарлы қазақ райынан қайтып, енді аяқастынан өз ауылына қонаққа шақырады дегенді естігенде, Сұң Жуң-таң сақтық жасап:

– Бізді ауылына алдап апарып, тобымызбен қырып тастап жүрмей ме? – деп тартыншақтап еді. Қазағуар Балкашин оның көңіліндегі күдікті тез сейілтті.

– Есіңізде болсын, Сұң мырза, қазақтар дастарқанынан дәм татқан қонағына ешқашан қастық жасамайды. Қазақтың төріне шықтым дегенше, оның еркесі болдым дей беріңіз.

Бұлар сол күні келесі бір қырқаның астына шатырларын тікті де, екі жақтың басты-басты адамдары Зілқараның ауылына барып қонақ болды. Қой сойылып қалған. Ет пен қымыз ағыл-тегіл... Туғалы мұндай молшылықты көрмеген Сұң Жуң-таң: «Мұндай халықтың біразын қолға ұстаған бізге де теріс болмас», деген қорытындыға келіп еді. Бүгін оның Демежанға айрықша ықыласы түсіп, әлсін-әлі арқасынан қаға береді.

Осы кеште үй иесінің арызына байланысты бірталай мәселенің басы ашылып қалды. Өр елдің комиссия басшылары өз жағынын үкіметтерімен сөйлесіп, шегара бойында қонысынан айырылған адамдарға бұдан былай басқа жақтан өріс-қоныс әперетін болды. Сонан соң екі жақ ақылдасып шешкен тағы бір нәрсе – шегара бойына тақау отырған қазақтар өз жағдайларына қарай, екі елдің қайсысына қараймын десе де ерікті болсын деген тұжырымға келді. Ол үшін ойланып-толғануға алдағы күзге дейін үш ай уақыт беретін болды.

Осы оқиғадан кейін комиссия мүшелерінің арасында Демежанның беделі қатты көтеріліп кетіп еді. Қазақтармен тілдесу керек болса, алдымен осыны жұмсайды. Төкаппар

Маншың төресі Сұң мырза да бұрынғыдай кекірейгенін қойып, Демежанмен ептеп санаса бастаған. Консул Балкашин да оған енді жылы шырай беріп, іш тарта сөйлесетін болды. «Алдағы уақытта Қытайдағы қазақтармен қарым-қатынас жасауда бұл жігітке қол артуға болады екен», – депті консул өзінің тілмашы Өріпке. Ал Өріп болса, Демежанмен сырлас, естіген-білгенін жасырмай айтып жүреді.

– Балталасаң да жарылмайтын, шөлде өсетін сексеуіл деген ағаш бар. Оны жару үшін, тек біріне-бірін тоқпақтап ұру керек, – дейді Өріп оқыс теңеу тапқанына өзі де мәз болып. – Біздің қазақ та сол сексеуіл сияқты. Қазақты алу үшін, осылай біріне-бірін салу керек.

Өріптің Демежаннан үш-төрт жас үлкендігі бар. Өзі әңгімешіл, сөзге шешен, көпті көріп ысылған жігіт. Сүйегі – сыбан, Аягөз маңындағы Ақтайлақ бидің ауылынан. Осыдан бірнеше жыл бұрын Семейдегі «Штатское училище» деген орыс мектебін бітіріпті. Сонан кейін үш жылдай Сергиопольде орыс ұлықтарына тілмаш боп жүрген екен. Сірә, орысшаға өте жетік болуы керек, консул Балкашинге тілмаш керек болғанда, Семей губерниясынан мұны Шәуешекке әдейі жіберіпті. Балкашин оны ылғи да «Төңірбергенов» деп фамилиясымен атайды. Қазақтың әкесінің атына «ов» жалғайтынын Демежан бірінші рет осыдан көрді.

Өріптің ептеп өлең жазатыны бар екен. Қиссаларды жатқа соғады. Өзінің де қисса шығармақ ойы бар ма, қалай... Кейде екеуі шатырда оңаша қалғанда, Өріп ұзақ-ұзақ жыр-толғауларын айтып кетеді. Атақты ақын Құнанбайдың Абайы туралы да Демежан алғаш рет осы Өріптің әңгімесінен естіді. Өзі, шамасы келсе, сол Абайға еліктегісі келетін сияқты. «Біздің қазақта бір басына бақ пен өнер қатар қонған адам – осы Абай» деп аузынан тастамайды. Абайдың болыс-билерді шенеген өлеңдерін жатқа оқиды... Демежанның бұл сапарда Ли-шансыңнан кейін әңгіме-дүкен құратын бір адамы осы Өріп.

Күн еңкейіп, батыстағы биік қырқаға иегін арта бастаған кезде, консул Балкашин бір жотаның басына көтерілді. Өнегүннен бері шегара межесін белгілеу барысында консулдың бір нәрсеге іші удай ашып, көңілі толмай жүр еді. Тарбаға-

тай тауының картадағы кескініне қараса да, немесе осылай биік тұрғыға шығып, күнгей мен теріскейдің жер бедеріне үңілсе де, консулдың өзегін өртеген бір өкініш кетпейді. Табиғат та қызық қой: бір таудың екі беткейін ала-құла жаратқанын көрмейсің бе?! Жердің қара топырақты құйқалысы да, шөптің шүйгіні мен сай-салада ит тұмсығы өтпей сынсып тұрған жыныс орман да көздің жауын алып, күнгей жақта қалып барады. Осының бәрі суға байланысты, әрине. «Сулы жер – нулы жер» деген рас. Өзірге бұлар басып өткен екі жүз шақырымдай аралықта Тарбағатайдың теріскейіне қарай небәрі үш-ақ өзен ағады екен. Ал күнгейге қарай арқырап ағатын асау өзендердің саны он бестен асады. Және өзен болғанда қандай, бәрі де ат құйрығын бұратын, мол сулы, көк иірімді, ағынды арналар.

Осыны көргенде, ішейін деп отырған алдындағы асын біреу тартып өкеткендей, консул қатты қынжылады. Терістіктегі тастақ-тақыры мол шөлейт далаға қарап тұрып: «Шіркін, құйқасы, құнары жағынан күнгейдегі Құлыстайға жететін жер қайда-а?!» дейді ішінен. Тек көңіліне бір тоқ санайтыны – сонау солтүстікте шет-шегі көрінбей Зайсан көлі жатыр мұнартып. Дайын су жолы, әрі балықтың мол қоры. Маңайындағы жердің құнарсыздығын осының өзі-ақ өтеп кетуі мүмкін. Сонан кейін шүкірлік ететіні, шегара сызығы Тарбағатайдың піл сауырын таспадай тіліп отырып, үштен екі бөлігіне дейін барады да, Ақшоқы тұсына келгенде түстікке қарай бұрылып кетеді. Демек, бұл таудың батыс сілемі бөліске түспей, түгелімен Ресейге бұйырайын деп тұр. Дәл Құлыстайдай болмағанымен, Тарбағатайдың ол бөктері де жаман жер емес. Несін айтасың, қазір Үржар, Мұқаншы маңына келген переселендер егіншілікпен айналысып, ең байлыққа белшесінен батып отыр.

Көңіл түкпіріндегі осы бір ішкі есептерді әне күні Алтай тобын бастап кеткен Медынскийге айтып көргенде, ол да мұнымен келіскендей болды. Бірақ Медынскийдің жер құнары, су байлығы жөнінде өз түйгені бар екен, соның шет-жағасын шығарды.

– Тарбағатай тауының түзілісі солай ғой. Табиғаттың бұл әділетсіздігіне амалың қайсы, – деген ол консулды жұбата

сөйлеп. – Жер жағдайына байланысты кейде аздаған ұтылыстар болуы мүмкін. Бірақ біз мұның есесін Жетісу тұсына барғанда қайтарамыз. Жоңғар Алатауының мұздықтарынан шығатын өзен-бұлақтардың жетпіс-сексен проценті ол тұста бізге қарай ағатын болады...

Дегенмен, ұлы таудың қыр арқасы шегара сызығын жүргізуге таптырмайтын, табиғи бөлік екені рас еді. Өнегүнгі Зілқара оқиғасынан кейін, жайлаудағы қазақтардан ондай ашық қарсылық ұшыраса қойған жоқ. Шегара туралы хабар бірден-бірге тарап, халық тегіс құлақтанып, басқа түскен тағдыр ісіне амалсыз көнген тәрізді. Шегара межесін анықтап, белгі қою, оны картаға түсіру бірте-бірте землемерлер мен топографтардың әдеттегі ісіне айналып, жұмыс бір қалыпты жүріп жатты.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Топта берілген үзіндінің сюжеттік-композициялық құрылымын талдап, идеясын анықтаңдар.

1-топ. Оқиғаның басталуы мен байланысуы	2-топ. Оқиғаның шиеленісуі	3-топ. Оқиғаның шарықтау шегі	4-топ. Оқиғаның шешімі мен аяқталуы
Идея:			



2-тапсырма. Романда қандай ұлттық мүдде туралы мәселе көтерілген? Жер бөлінісі туралы тарих деректерін пайдалана отырып, роман идеясымен байланыстыра талдаңдар.



3-тапсырма. а) Кейіпкерлерге мінездеме беріңдер. Жинақтау мен даралау арқылы жасалған образдарға талдау жасаңдар.

ә) Шығармада аталатын тарихи тұлғалар туралы өз ойларыңды жұптарыңмен бөлісіңдер.

Өріптің ептеп өлең жазатыны бар екен. Қиссаларды жатқа соғады. Өзінің де қисса шығармақ ойы бар ма, қалай... Кейде екеуі шатырда оңаша қалғанда, Өріп ұзақ-ұзақ жыр толғауларын айтып кетеді. Атақты ақын Құнанбайдың Абайы туралы да Демежан алғаш рет осы Өріптің өңгімесінен естіді. Өзі, шамасы келсе, сол Абайға еліктегісі келетін сияқты. «Біздің қазақта бір басына бақ пен өнер қатар қонған адам — осы Абай» деп аузынан тастамайды. Абайдың болыс-билерді шенеген өлеңдерін жатқа оқиды...



4-тапсырма. Берілген үзінділерді талдап, ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланысын анықтаңдар.

Топтар	Үзінді	Ғаламдық өзекті мәселемен байланысы
1-топ	<p>Демежан қалаға қайтып келісімен-ақ, қарбаласқан қызу тірліктің үстінен шықты. Көптен сөз болып жүрген шегара комиссиясы Үрімжіден бері шығыпты деп, аймақтың әкімшілігі абыр-сабыр болып жатыр екен. Арада апта өтпей сол айтқан адамдары да келіп қалды.</p> <p>Арғы Пекиннен келгені бар, жолдан қосылғаны бар, жиыны он шақты кісі. Барлығын Сүң фамилиялы бір үлкен чиновник бастап келіпті. Білетіндердің айтуынша, оның қызмет дәрежесі ғана мықты емес, өзі Жер шары картасының жыртығын жамаған, атақты географ, ғалым болса керек.</p>	
2-топ	<p>Бірақ, оның есесіне, шегара комиссиясымен бірге жүретіндердің ішінде Демезанның суқаны сүймейтін, тіпті барынша жек көретін адамы –</p>	

	<p>Шихалдай да бар екен. Шихалдай – осындағы көп халдайдың өзінше ең сауаттысы, Тарбағатайдағы халдайлар кеңесінің бастығы (Ши – фамилиясы да, халдай – Маншың өкіметі тарапынан берілген ақсүйектік дәрежесі). Халдайлар осы өлкенің негізгі тірегі болғандықтан, Шихалдай кейде бұл аймақта Ши-амбыдан кейінгі екінші адам болып саналатын. Халдайлар жөне өздерін байырғы шегарашылармыз деп біледі. Сондықтан комиссия жұмысына олардан да өкіл қатысуға тиіс.</p>	
3-топ	<p>Арада бірнеше күн өткенде, Шәуешектегі орыс консулдығына Батыс Сібір шегара басқармасынан шыққан шегара комиссиясы да келіп жетті. Араларында Петербургтағы сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінен және Бүкілресейлік география қоғамынан келген адамдар да бар көрінеді. Комиссияны генерал Фриде мен статс советник Медынский басқарып келіпті. Ал бұлардың Тарбағатай мен Алтай өңіріндегі бас көмекшісі – Шәуешектегі орыс консулы Балкашин болмақ. Бұл жылдары Батыс Сібір шегара басқармасының қарауында жанжақты сауатты, ғылымға да икемі бар, қабілетті адамдар көп болатын.</p>	
4-топ	<p>Өзара үлес бөлісіп, енші алысуға келгенде, Цин империясы бір кезде өзі қанға бөктіріп, күшпен қаратып алған Жоңғария мен Қашқарияның мұрагері, жоқтаушысы ретінде танылса, патшалық Ресей өз қол асты</p>	

на ерікті-еріксіз түрде әр кезде қараған қазақ даласы мен Орта Азия халықтарының өкілетті әкесі, қамқор қожасы болып отыр. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» дегендей, өрине, екі империяның да көңілдері о баста тым арыда болатын. Біреуі батысқа, екіншісі шығысқа қарай әлі де болса ілгерілей беру ниетінде еді. Бірақ ол ойларын іске асыруға екі жағына да өртүрлі тарихи жағдайлар жар бермеді.



5-тапсырма. Мәтінді тыңдап, көріктеу құралдары мен айшықтауларды тауып талдаңдар. **Уақыты – 15 минут.**



6-тапсырма. Берілген диалогті тыңдап, диалогке қатысушы кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері мен олардың әңгімелеріндегі негізгі ойды анықтаңдар. **Уақыты – 15 минут.**



7-тапсырма. Романдағы берілген уақыт пен кеңістікті композициялық құрылымына қарай талда. Уақыттың көркемдік сипатын автор қандай тәсілдер (кейіпкердің монологы, ішкі ойы, кері шегініс жасау, түс көру т.б.) арқылы береді?



8-тапсырма. Тарихи шындық пен көркемдік шындықтың романда көрінуі мен автор идеясының байланысуын білдіретін тұстарына назар аударып, талдап көрсетіңдер. Автор шығармадағы жерге байланысты, шегараға байланысты тартысты беруде қандай идеяны негізге алғанын айқындап беріңдер.



9-тапсырма. Берілген тірек сөздерді пайдалана отырып, шығармада көтерілген мәселені өмірмен байланыстырып еркін тақырыпқа шығарма жазыңдар.

Шегара, тағдыр, жайлау, қыстау, жер, мемлекеттер,
байтақ дала, ағайын, туған-туыс, еркіндік, азат адам, табиғат.



10-тапсырма. Кейіпкерлердің ішкі ойы мен іс-әрекетіне баға беріп, олардың шығарма идеясын анықтаудағы рөлін талдаңдар.

Кейіпкер	Үзінді	Менің ойымша...
Демежан	<p>Демежан да ойындағысын ірікпей, мыналарға шын сөзін айтты:</p> <p>– Ағайын деп ақыл салғаның рас болса, ендігі қарсылықтан түк пайда жоқ, ағайындар. Қол-аяғың байланып, пышақ қыл мойынға тақалғанда, туладың не, туламадың не? Мұны пешенеге жазған тағдырдың ісі деп ұғыну керек.</p> <p>Тышқандай ғана тірлігің бар, арыстанмен алысқанда не бігіресің. Біздің күнгейдегі ел де алыса-алыса ештеме шықпаған соң, ақыры қалың қазақтан бөлініп, Еженханға бағынатын болды.</p>	
Балкашин	<p>– Тү-у, мынаған дауа болмас! – деп консул жерге бір түкірді. – Оу, көке-тайым-ау, бұлайша ешбір патшалыққа бағынбай, аралықта қалу деген ақылға сыймайды ғой. Қазір Орталық Азияда бұл екі империяға қарамаған ұлтарақтай жер жоқ. Сіз соны білесіз бе?</p> <p>Балкашин баланың сөзін қызықтағандай, ананың аңғырттығына езу тартып күлді. Қап, мұны білгенде өздерімен бірге қарулы жасақ алып шығуы керек екен.</p>	
Сұң мырза	<p>Жаңағы қаһарлы қазақ райынан қайтып, енді аяқастынан өз ауылына қонаққа шақырады дегенді естігенде, Сұң Жуң-таң сақтық жасап:</p> <p>– Бізді ауылына алдап апарып, тобымызбен қырып тастап жүрмей ме? – деп</p>	

	<p>тартыншақтап еді. Қазағуар Балкашин оның көңіліндегі күдікті тез сейілтті.</p> <p>– Есіңізде болсын, Сүң мырза, қазақтар дастарқанынан дәм татқан қонағына ешқашан қастық жасамайды. Қазақтың төріне шықтым дегенше, оның еркесі болдым дей беріңіз.</p> <p>Бұлар сол күні келесі бір қырқаның астына шатырларын тікті де, екі жақтың басты-басты адамдары Зілқараның ауылына барып қонақ болды. Қой сойылып қалған. Ет пен қымыз ағыл-тегіл... Туғалы мұндай молшылықты көрмеген Сүң Жуң-таң «мұндай халықтың біразын қолға ұстаған бізге де теріс болмас» деген қорытындыға келіп еді.</p>	
<p>Өзің таңдаған кейіпкер</p>		



11-тапсырма. Хрестоматиядағы үзіндіні пайдаланып, мақал-мәтелдерді, фразеологиялық оралымдарды теріп жазыңдар.



12-тапсырма. Романдағы көтерілген «жер тағдыры» туралы мәселеге назар аудар. Бұл мәселенің жаңашылдығына сыни тұрғыда баға бер. Өз ойыңды шығармадан алынған үзінділермен дәлелде.



13-тапсырма. Қазіргі замандағы адамзаттық құндылықтарды роман идеясымен байланыстырып, эссе жазыңдар.



14-тапсырма. Әдеби сын жаз. Сын мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі шетелде тұратын қазақтардың тағдырына арналған көркем туындылардан мысал келтір.

ШАХМАРДАН ҚҰСАЙЫНОВ

(1952 жылы туған)



Құсайынов Шахмардан Қабиденұлы 1952 жылы Қарағандыда дүниеге келген. 1975 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген. 1988 жылы М. Горький атындағы Әдебиет институтының драматургия факультетін бітірген. Өр жылдары Республикалық қуыршақ театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі, «Қазақфильм» киностудиясының сценарисі, Жазушылар одағындағы Әдебиетшілер үйінің директоры қызметтерін атқарған.

1982–2000 жылдар аралығында жеке шығармашылық жұмыста болды. 2000 жылдан бастап Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясында қызмет етеді. Театр драматургиясы туралы «Драматургиялық шеберлік», «Пьеса/сценарий жазу» (2017) дәрістер курсының авторы.

2004 жылы «Қазақ фольклорындағы агиография» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының профессоры. Шахмардан Қабиденұлының 60-тан астам ғылыми мақаласы Қожа Ахмет Ясауи мұрасына арналған. Қожа Ахмет Ясауидың 221 хикметін орыс тіліне аударған. «Агиография және Қазақстандағы суфизм» (2015) монографиясы бар. 2007 жылы Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдарын орыс тіліне аударды.

Жазушының «Сад над городом» (1988) әңгімелер жинағы, «Записки корреспондента «Санкт-Петербургских Ведомостей» (1992), «Казахи» (1989), «Скрытый хан» (1999), «Хроника коммутатора» (2002) романдары, «Биографии исторических личностей Казахстана» (2001) кітаптары, «Проза разных лет» (2012, 2013) екі томдығы, «Тюркский казан» кітабы (2015) жарық көрген.

Ш. Құсайынов жазушы, драматург Қалихан Ысқақпен бірлесіп «Мазар», «Двое в степи», «Қылкөпір», «Два часа мужества» пьесаларын жазды. 2000 жылы «Томирис» трагедиясы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық

драма театрында қойылды. «Қазақфильм» киностудиясының «Балкон» (1990) және «Менің балалық шағымның аспаны» (2012) толықметражды киноларының сценарий авторы.

2013 жылы Ш. Құсайынов «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын алды.

Әдебиет теориясы

Драматургия жанларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі – трагедия, өйткені бұл формада тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар, құштарлықтар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен, әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді. Классикалық әдебиеттегі трагедияларда дара тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтармен кереғар қайшы келуі, бітіспес күреске түсуі көрсетілген. Трагедия қаһармандары сұм заманның қатыгез өдеттерімен шайқаста опат болады; олардың алдарында тас қамалдай неше түрлі кедергілер, асу бермес тосқауылдар тұрады; трагедия асқақ рухты қайсар жанның алапат күресін суреттейді. Трагедия қаһарманы теңіздей сұрапыл тебіреніс құшағында; ол өз ішіне терең бойлайды; қамырықты, қайғылы, азапты хал кешеді; кедергі, қарсылықтармен қаймықпай күреседі.

Рымғали Нұрғали

Рымғали Нұрғали қазақ әдебиетіндегі трагедияларды үшке бөледі:

эпикалық трагедия

тарихи трагедия

адамгершілік-
тұрмыстық трагедия

Ақпарат

Тәуелсіз Қазақстанның драматургиясында тарихи бейнелер молынан суреттеле бастаса, соның бір шырайын шығарған туынды – Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасы. Бұл – Томирис анамыз өмір сүрген б.д.д 503 жылдардағы бабаларымыздың атамекенді қалай сүйгенін, қалай қорғағанын, қалай сақтағанын суреттеген, биік парасатқа жетелейтін көркем туынды. Геродот жазбаларынан жеткен мәліметке сүйенсек, Кир патшаның басын қанға бөктіріп, «Іздеп келгенің қан болса, қанып іші!» – деген сақ қызының ғажайып ерлігін көреміз. Томирисінің осындай ерлігі қазіргі қазақ қызының әрқайсысының бойынан табылатыны сөзсіз. Қазақ үшін қыз – ұлттық намыстың бір белгісі. Қыздың пәктігі, ерлігі мен батырлығы – ұлт болашағының мықты болуының сенімді тіпері.

<https://massaget.kz/okushyilarga/>



ТОМИРИС
(драмадан үзінді)

Орыс тілінен аударған: Қалихан Ысқақ
Басты кейіпкерлер:

1. Томирис-Шұғыла – сақ патшасы.
2. Балхаш – Шұғыланың күйеуі.
3. Спаргапис – бекзада, Шұғыланың ұлы.
4. Кир – парсының патшасы.
5. Елес – жәдігөй кемпір.
6. Амаға – сарматтар падишасы.
7. Мард – Кирдің кеңесшісі.
8. Ардашир – массақ көсемі.
9. Массақтар көсемі.
10. Жасауылдар, жендеттер, сарбаздар, игі жақсылар.
11. «Амазонка» би тобы.
12. Парсы сарбаздарының би тобы.
13. Сақ сарбаздарының би тобы.
14. Күзетші.

ПРОЛОГ

Тас қараңғы түнде жалпылдап тұрған от. Жәдігөй кемпір Елес жалынға алақанын аластап отыр.

Елес: Ей, қасиетті Көк Аспан! Жер-Ананы жараттың, жараттың да тіршілікті жайнаттың: жұлдызбен тілдескен тау, жыртылып айырылған аң, жусанды жазира, жағасы жайсаң, дария – бәрі де сенің рақымың! Дүние ғажап! Дүниеде бәрінің де орны бар. Тек адамды неге жібердің? Жібердің де махаббат сезімін сыйладың. Махаббат тек Тәңірге ғана тән еді ғой. Махаббат адам үшін азап, арсыздық, ажал. Бұл аз болғандай ақыл бердің, жазуды үйреттің, оқуды үйреттің, мақтануды үйреттің, ақталуды да үйреттің. Енді келіп Тәңір ғана білетін жаратылыстың құпиясын қазып жатыр. Сен жаратқан дүниенің дүмін өзгертіп, өздерінше өмір құрып жатыр. Оның қақпасы да көп, қақпаны да көп, тіршілікті жалмайтын өрті де көп, тірісінен өлісі көп. Жер-Анаға адаммен бірге арсыздық келді, азап келді, өшпенділік келді, өлім келді. Пенде біткен Тәңірмен теңескісі келеді: Тәңірдің төкаппарлығын төж қып киіп, ақылын ышқырына қыстырып кетті. Ей, қасиетті Көк Аспан, адамның ақыл-есін қайтарып ал. Мақұлықша ғұмыр кешіп, малмен бірге күйіс қайырсын. Өлі де кеш емес. Адам шіркін Жер-Ананың бар мәйегін емген жоқ, Жер-Ананың бар қызығы семген жоқ. Көркі таз болмай тұрғанда, тазалығы саз болмай тұрғанда тоқтат! Саған тіршілікті өшіріп тастап, қайта жаратқан оңай ма, әлде барды сақтап, есіріктен естиярды ақтап алған оңай ма?!

Бірінші көрініс

Томирис-Шұғыланың шатыры. Екі адамға дастарқан жасалған. Шұғыла мен оның баласы Спаргапис кіреді. */Бұдан былай сақтар арасында Томирис тек Шұғыла деген өз атымен аталады/.*

ШҰҒЫЛА: Қарғашым-ау, батырым-ау, мені мұнда несіне шақырдың?

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы падишам, балам демей-ақ, батырым демей-ақ, бір көрген бөтеннің көзімен маған бір қарашы!

ШҰҒЫЛА: Жә деген жігіттің көркемі сенен озған емес!

СПАРГАПИС: Бәрібір бұл жерге мен өгеймін!

Аяқастынан Көктің құлы Елес кемпір шыға келеді.

ЕЛЕС: Тәңірімнің Жерді жаратқаны кеше ғана ол әлі баланың еңбегіндей былқылдап тұр, әрі иен. Сонсоң да біз бір-бірімізге жатпыз!

СПАРГАПИС: Әй, қақпас кемпір, жоғал әрман! Анашым, ұлы падишам, мына сұр жыланды қушы осы жерден!

ШҰҒЫЛА: Бұл кемпір – Тәңірдің құлы. Жермен бірге жаратылған. Жермен кіндіктес әнбиді қуа алмайсың. Елес, бара тұршы.

ЕЛЕС: Кетер едім-ау, бірақ, Тәңірім маған о дүниеге барар жаннаттың жолын жауып тастаған. */Елес бір бұрышқа отыра қалып жерден әлденені тере бастайды/.*

ШҰҒЫЛА: Ей, Көк Тәңірі, ошақ басында, баламның қасында ана болып алаңсыз отыратын күн туа ма?! Қарғашым, қас батырым, сонымен маған не айтар едің?

СПАРГАПИС: Мен сізге тосын бір көңілашар дайындап едім. Ей, қане, бастаңдар!..

Шұғыла мен Спаргапис жолбарыс терісі төселген сәкіге барып отырады. Қалқан мен найза көтеріп он сарбаз кіреді де билей жөнеледі. Бәрі де сауытпен тұмшаланып алған.

ШҰҒЫЛА: Бұларың кім?

СПАРГАПИС: Осыдан жеті жыл бұрын өзің тас-талқан қылған бес мың соғдилықтың жұрнағы. Қырық қабат сауыт киіп, қырық қару асынған қыруар қолды ойсырата жеңді дегенге жат түгіл өз жұртымыз сенген жоқ. Бірақ сен жеңдің. Бұл ақиқат! Өйткені әлемде сенен әйгілі патшайым жоқ, сенен күн де қаймығады! Сенде арыстанның айбыны, Тәңірдің ақылы бар!..

Сахнаға маска киген адамдар жүгіріп шығады: маскасы мүйізі қарағайдай өгіздің басы, соғдилықтарды іреп-сойып шырқ үйіреді. Шұғыла мәз болып күледі.

ШҰҒЫЛА: Хорезмнің бауында бармақтай-ақ құс бар, сайрағанда үні балдан тәтті. Сенің де көмейің тыңдаушының көңілін суырғандай, мен де тіршілікті ұмытып, тіліңді ғана бағып отырмын. Сонымен, мұның өтемі не? Сыйға – сый, сыраға – бал!.. Неге үндемейсің?.. Ат мінгізейін бе, алтын берейін бе, әлде құл керек пе?..

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, үнемі сенің қа-
сыңда болсам, маған сол да жетіп жатыр!

ШҮҒЫЛА: Сен әрқашан менің жанымдасың. Сені жа-
нымнан тастаған кезім болды ма?! Патшалар ат үстінде де
биліктің мөрін көкірегінен тастамайды, ал менің жүрегімде
тек сен болғансың! /күледі/ Ұлпадай мап-майда, кіп-кіш-
кентай алақаныңның табымен жүзімді жылытқанмын.

СПАРГАПИС: Жоқ, менің көңілімнің көксегені басқа.

ШҮҒЫЛА: Сөзіңнің төркіні көмескі. Сенен жақын маған
кім бар: патшайымның төл ұрпағы, сақ патшаларының төл
мұрагері.

СПАРГАПИС: Мен де таққа отыруға жарап қалдым.

ШҮҒЫЛА: Тақ деймісің? Тақ сенен қашпас. Өлде сақтар-
дың патшайымы бар екенін ұмытып қалдың ба?!

СПАРГАПИС: Тәңірім саған тәңірдің жасын берсін! Бал-
хаштың сарбаздарын ертіп, сары даланы тастап кеткеніне
бес жыл болды. Дай патшасының дүниеден қайтқанына
жеті ай туып, жеті ай толды. Егер Балхаш тірі болса, ең
құрыса әкесінің асына келсе керек еді ғой. Балхашты содан
бері көрген көз, естіген құлақ жоқ. Балхаш баяғыда өлген.

ШҮҒЫЛА: Мен көзім жетпей күйеуімнің өлгеніне сен-
беймін! Бұл туралы қайтып аузыңды ашпа! Балхаштың кін-
дігі екеніңді тағы ұмытпа!..

СПАРГАПИС: Тастап кеткен әкеден қайыр жоқ.

ШҮҒЫЛА: Балхаш болмағанда тайпа көсемдері мені таққа
жолатпайтын еді. Одан кейін де солардың басыма төнген най-
засы мен нақағынан қорғап қалған. Талай рет жауды жасқап,
жаттың пысын басып, ел тыныштығын сақтауда тізе түйістір-
ген жоқ па еді. Егер дай-дахтар болмағанда, ешкім бізді ел деп
мақтап, ешкім мені патша деп жақтап жатпас еді!..

СПАРГАПИС: Бекер айтасың. Ұлы патшаның тағына
шыққан да, ұлы патшаның атағын шығарған да өзіңсің.
Хорезмдіктерді жебенің ысқырығымен жер қылған сен емес
пе едің! Көсемдердің көкми ұрық-шарқын қуып шығып,
қара тобырдың қас батырларынан жасақ құрған сен емес
пе едің?! Сарматтардың Амагу патшайымына табаныңды
жалатып, жеңілмейді дейтұғын қыздарын табанда таптаған
сен едің ғой!

ШҮҒЫЛА: Сонымен тілегің не, соны айтшы?

СПАРГАПИС: Маған керегі – Дай патшалығының тағы. Жетісудан жаушы келіп, біздің елге патша бол деп тілек айтты.

ШҮҒЫЛА: Ендеше, тілегін орында. Сенің атаң, менің әкем Спаргапис, әкеден мұра қалған патша тағын бермейміз дегенде массақ көсемдерінің шатырын ат тұяғымен таптап, билік таңбасын тартып алған. Сонда тура сенің жасыңда еді.

СПАРГАПИС: Айтарға бәрі оңай. Балхаштың інісі дайлықтардың жаңа жасағын құрып, мені Жетісуға жолатпауға бұйрық беріпті.

ШҮҒЫЛА: Дұрыс істеген. Жетісу соның елі, ол да патшаның мұрагері.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, маған жасақ берсең, мен де тақты тартып аламын! Тақ менен кетпесін, бақ басқаға жетпесін десең осыны істе.

ШҮҒЫЛА: Жоқ, балам! Қырық ру болсақ та жатырымыз бір. Ағайын арасындағы қырғын мүлдем тоқтаған. Әкем өлер алдында семсерін маған ұстатып тұрып осыны тапсырған. Аманатты ұмытсақ – ант ұрады. Бір кездегі ұлы Тұраннан не қалды?! Көсембіз деп көкітін көрсоқырлар билік үшін тайпа-тайпаға бөлініп, бірінің кеңірегін бірі орып, сайын жазираны қанға бөктірді. Ағайын ағайынды талады, қарындас қарындастың қанын ішті! Бабаларымыздың өсиеті аяққа тапталды. Әбилердің көсемі туған қызы Сары-Ененің массақ патшасы Спаргаписпен некесін мойындаудан бас тартты. Екі бірдей ұлының махаббат күәсі боп дүниеге мен келгем. Нағашымның есіл-дерті менің әкемнің көзін жою еді. Ақыры оның шаңырағын өртеп тынды да, менің кіндігім от ішінде кесілген. Анам байғұс тілсіз жаудың құрбаны болды. Ұлы Тұранды өрт жалмаған! Жаудың өрті емес, даудың өрті, бақталастық пен бақастықтың, тойымсыздық пен топастықтың өрті жалмаған. Жетісуға барсаң қару ұстап емес, қарындастығыңды алға тартасың! Мансап іздеп емес, қан аңсап емес, ағайынды аңсап баруың керек! Қызылбастың Кир патшасы түстігімізді түгел жаулап, енді бізге көз алартып отыр. Ағайынмен одақ болмасақ, омақаса құлаймыз!

СПАРГАПИС: Ол әншейін өсек. Өсек өрттен жаман. Оны тек тыңдамау керек. Қызылбастың патшасы бұл өңірге аяғын да аттамайды. Қойдың құмалағынан басқа құт қонбаған құ даладан не алады? Бұл далада ғимарат та жоқ, инабат та жоқ, биші де жоқ, күйші де жоқ! Шешінбей ұйықтап, шешінбей тамақ жеп, аттан түспейтін адыра қалған халықты нағылсын!..

ШҰҒЫЛА: Есіңде болсын, аттан түспесең – сақтығың! Шешінбей ұйықтасаң – жауыңның көптігі! Шешінбей ас жесең – дауыңның көптігі. Тағы айтарым – тамағыңды өзің тауып отырсың! Бөтеннің қолынан емес, бөтеннің қолына телміріп емес, өз талқаныңды өзің талшық қылып отырсың.

ЕЛЕС: Қызылбастар тастан тау қалап жатыр. Ол неме керек бопты? Жер-Ананың жонын тіліп, дән сеуіп жатыр. Ол неме керек бопты? Тәңірім адамды малшы бол, жауынгер бол, жәдігөй бол деп жаратқан. Тәңірдің жазғанын төркі етуге бола ма?! Жерді жаралап, елді қоралағаны несі?!

СПАРГАПИС: Мені елші қып қызылбастарға жібер, көзіммен көріп қайтайын.

ШҰҒЫЛА: Ойланайын. Бара ғой.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, ерке десең де, ер десең де еркің, мен сенің ұлыңмын. Мен саған құл болуға да бармын. */кетеді/* Мен кеттім. Мен бұл шатырға өгеймін. Қажетім де жоқ шығар.

ЕЛЕС: Шұғыла, мен тас қамалдарды көріп қайтайын.

ШҰҒЫЛА: Тәңірім мұны қаламаса қайтесің? Баршы, тыныштық бер.

ЕЛЕС: Тәңірге тас қамалдың ешқандай қажеті жоқ. Көріп қайтайын. Мүмкін, жалған мен жарық дүниені жалғастыра қыл көпір сонда шығар, ажал дейтуғын арманға мен де жол табармын.

ШҰҒЫЛА: Тас қорған?.. Соны көру үшін жер түбінен азап іздеу – адасқанның, не алжасқанның ісі. */екі қолын алдына созып, бір адым аттайды да әлденеге тірелгендей болады/* Сенің тас қамалың қашанда көз алдында, қарыс жерде.

ЕЛЕС: Патшайым, саған тағы бір адам келіп тұр.

ШҰҒЫЛА: Кім?

ЕЛЕС: Жас озды, жанар тозды, жүзін анық байқамадым. Көсем бе, көкми ма, кім де болса әйтеуір саған ынтық біреу.

ШҰҒЫЛА: Ынтық деймісің?! Кірсін. Біз де көрелік.

Ардашир кіреді.

ШҰҒЫЛА: А-а, Ардашир, сенбісің. Сөйле. Не айтпақ едің?..

АРДАШИР: Мен?.. Мен... өріске мал толды... ен далаға сыймай жатыр... ел қуанышты, жеті жыл соғыссыз ғұмыр кешіппіз... жылқы тағы боп барады...

Шұғыла Ардаширге қадалып қарайды. Патшайымның оқты жанарынан қысылған Ардашир онан сайын қуыстанып, бүрісіп, аузына сөз тұспей көткеншектей береді.

ЕЛЕС: Бейшара-ау, бар айтпағың осы ма еді?..

АРДАШИР: Жоқ-ө! Менің айтпағым... Иә, мен енді түсіндім... Арсыз болғың келмесе, аруақты жерге артыңмен кірме!.. Пенденің орны – иткірме!.. Иткірме!.. */шатырдан атып шығады/*. Қорлағаны үшін ешкім құн сұрамайды!..

ШҰҒЫЛА: Елес, әлгі неге келді, не деп кетті?

ЕЛЕС: Оны пенденің өзі біледі.

Төртінші көрініс

Шұғыланың шатыры. Елес пен Шұғыла. Елес шырақ жаққан табаны алақанымен аластап тұр.

ШҰҒЫЛА: Көк Аспан құрбандықты қабыл етті ме?

ЕЛЕС: Солай, патшайым. Көк Аспанда кіршік жоқ. Тәңірім сені жебеп тұр! Халқың сені демеп тұр.

ШҰҒЫЛА: Елес, мен биліктен өбден шаршадым. Жыл артынан жыл өтті, билік маған үрей мен уайымнан басқа еш жұбаныш әкелген жоқ. Өкем марқұм көсемдердің күдірейген жалын күзеп, тойымсыз кеңірдектеріне оқтау тығып, алдымен ел қамын ойлаңдар деп еді. Ол кеткен соң бақталас пен күндестер тақ таласын қоздырып, бармақтай бақты бөлісе алмай сақтардың берекесін нілдей бұзды. Мен қазірдің өзінде ысқырған жебенің ызыңын жауырыныммен сезіп тұрмын. Қаскөйліктен басқа қарекеті жоқ Амаға менің тіземнің қалтырағанын, қолымнан семсерімнің түскенін күтіп тұр. Балхаш кеткен соң дайлықтар да маған ту сыр-

тын берді. Тақымым аттан, білегім садақтан тозды. Көні жібімейтін, көңілі тас көсемсіген бітеу мүскенелерді ақылға шақырам деп сөзім де таусылды.

ЕЛЕС: Тәңірім үндемейді.

ШҮҒЫЛА: Ендеше, сұра, тақты тастамасам не болады?

ЕЛЕС: Тәңірім айтады, егер тақтан кетпесең, дүниедегі ең қымбатыңнан, сүйгеніңнен айырыласың.

ШҮҒЫЛА: Парсылардың патшасы, ұлы Кир Соғдиянаны таптап, біздерге таяп қалды. Жау да болса мен оған ғашықпын. Қаншама ұмытайын десем де үш жыл болды, бейнесі көз алдымнан кетпейді: күнім де сол, түнім де сол сияқты, қуанышым да, сорым да сол сияқты, бірде қасиетімдей, бірде қасіретімдей басады да тұрады. Не істесем екен, Жәдігөй? Тәңірден сұрашы, Кир мені күте ме екен?..

Жәдігөй шырақты алақанымен аластай бастайды. Үш қыз келіп арпалысып, жын қаққандай билей жөнеледі.

ШҮҒЫЛА: Енді қашан?!

ЕЛЕС: Тәңірім тіл қатпайды.

ШҮҒЫЛА: О Тәңірім, енді маған не қыл дейсің?! Жәдігөй, онда өзің жауап бер!

ЕЛЕС: Менің де тілім байланып тұр, патшайым.

ШҮҒЫЛА: */семсерін суырып алып/* Ендеше, тіліңді кесем! Жауап бер жаның барында!

ЕЛЕС: Ел қасіреті патшайымның ғашығын да ұмыттырады, ел бостандығы патшайымның бақытынан қымбаттырақ!

ШҮҒЫЛА: Жоғал!

Жәдігөй кетеді. Шұғыла шырақты шараппен өшіріп тастайды.

ШҮҒЫЛА: */қапаланып жылайды/* Тәңірім! Өз басымды құрбандыққа шалған соң, енді қайтіп бізден құрбандық тілеме!

Шұғыла тағына келіп отырады да, басына қара орамал байлайды. Массалардың үш көсемін ертіп Спаргапис келеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым!

Шұғыла басындағы орамалын шешіп тастайды. Жүзінде қапалықтың ізі де жоқ.

ШҮҒЫЛА: Ұлым, ұйқысы қашқан адамның қасына жоллай берме, өзің ұйқыдан айырыласың.

СПАРГАПИС: Ұлыңнан ұйқы қашқалы қашан!

ШҰҒЫЛА: Тынышыңды алған не?

СПАРГАПИС: Жайсыз хабар. Балхаш қайтып оралды.

ШҰҒЫЛА: Оның несі үрей? Келсе, өз елі. Ұлым, сезімді де тежей білген жөн. Қуанып тұрып қайғы ойла, егер елің соны қаласа. Қайғырып тұрып қуана біл, егер елің шаттыққа жараса. Сен патша тағының мұрагерісің, сенің қуанышың мен қайғың қара басыңдікі емес, халқыңдікі!

СПАРГАПИС: Менде тұрған дәнеңе жоқ. Мен сенің ниетіңді білейін деп келдім. Балхаштың қайта оралғаны жақсылық па?

АРДАШИР: Балхаш бізді парсыларға сатып кеткен!

Екінші КӨСЕМ: Ұлы патшайым, біз оған сенбейміз. Жарақты жауды ел шетіне ертіп келген сол!

Үшінші КӨСЕМ: Бүйірімізден сүңгісін сұққалы отырған Амағаның шатырына жол бойы түнеп шығыпты деседі.

ШҰҒЫЛА: Массақтардың игі жақсылары, қайсына сенсем екен? Егер Балхаш Амағаның шатырына түнеп шықса, батыстан келгені. Онда ел шетіне жау әкелгені өтірік. Егер ол Амағаның ауылынан шықса, артындағы сарматтардың қалың қолы қайда? Демек, Балхаштың сатқын екені өтірік! От алып қамысқа түскенше алдымен ойланып келіңдер. Үшеуің ғана өсек термей, массақтардың он жеті көсемі түгел жиылып көшелі сөзін айтатын болсын. Барыңдар!..

Көсемдер еріксіз шығып кетеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, егер мені ұлым десең, Балхашты қабылдама.

ШҰҒЫЛА: Неге? Әкеңді шешеңнен қызғанасың ба?

СПАРГАПИС: Ол сенің тағыңды тартып алғысы кеп жүр. Ол бізге патша болуға лайық емес!

ШҰҒЫЛА: Ерлі-зайыпты екі адам билікке таласпайтын шығар. Бастан жақты айырып қайтесің.

СПАРГАПИС: Ол дай ғой.

ШҰҒЫЛА: Болса ше? Түбі бір тұран. Әкең дай болғанда сен өзің кімсің?

СПАРГАПИС: Ат дүбірін естіп тұрмын. Соның өзі.

ШҰҒЫЛА: Тұла бойы жалғызымның орнын жан біткен толтыра алмас. Сенен жақын маған кім бар!

Жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ: Ұлы патшайым, парсылардың патшасынан елші кеп тұр.

ШҰҒЫЛА: Кірсін.

Мард кіреді.

МАРД: Патшалардың патшасы ұлы Кирдің елшісімін. Құрметті Шұғыла, сені көргеніме қуаныштымын. Патшайыммен жүздесем деп едім.

СПАРГАПИС: */қанжарын суырып алып/* Бейшара парсы, менің анамның, ұлы патшайымның сақтар ғана айтуға қақысы бар есімін атауға аузың қалай барды?!

ШҰҒЫЛА: */ұлын тоқтатып/* Ұлым, бекзадам, елші екеуімізді оңаша қалдыр.

СПАРГАПИС: Мен ше?..

ШҰҒЫЛА: Бар. */Мардқа/* Сұхбатымыз ұзаққа созылатын шығар. Солай ма?

МАРД: Оны патша көңілің білсін.

Спаргапис ашулы, тысқа ата жөнеледі. Оны авансенада үш көсем тоқтатып алады.

АРДАШИР: Қуып шықты ма? Жалғыз ұлдан жасыратын не құпия болды екен?

Екінші КӨСЕМ: Ақылгөйге санамағаны, мұрагерлікке жарамағаны да.

Үшінші КӨСЕМ: Бекзада, елшінің беті қалай?

СПАРГАПИС: Аулақ кет!

АРДАШИР: Біз кетерміз-ау...

Екінші КӨСЕМ: Кетсек, Балхашқа баратын шығармыз. Қосы күншілік жер екен ғой, кешкі асқа жетіп қалармыз.

Үшінші КӨСЕМ: Жоқ, мен өлсем де бекзаданың қасында қаламын. Нағашысына тартса, бұдан өзге елге бас болатын ешкім жоқ!

АРДАШИР: Бірақ бұл бізді көзге іліп те тұрған жоқ қой.

Екінші КӨСЕМ: Жалғыз өзі жауға шаппақ. Ажалы жетпей кім өлген!

СПАРГАПИС: Айта түс, мен тыңдап тұрмын.

Үшінші КӨСЕМ: Осы жерден кетсек деймін, тынысы тым тарылып барады...

СПАРГАПИС: Онда тарттық сайынға! Атты әкеліңдер!

Жетінші көрініс

Шұғыланың шатыры. От басында Шұғыланың жалғыз өзі отыр.

ШҰҒЫЛА: Жәдігөй де жоқ. Тамырымды кім басар, тағдырымды кім айтар?! /Қолын отқа созып/ О, Төңірім, айтшы, бүгін кім жеңеді, кім өледі?!. /Көкке телміріп/ Неге үндемейсің?..

Аптығып Спарганис келеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым!

ШҰҒЫЛА: Не боп қалды?! Парсылар өзеннен өтіп кетті ме? Балхаш қайда? Өлген-жіткен бар ма?

СПАРГАПИС: Білмеймін! Балхаштың қайда екенін білгім де келмейді! Мен жағадан жасағымды алып кеттім. Балхашты мен де сынаймын. Дайлықтар дайын таққа құмар ғой, көрсін қорғап сол тақты!

ШҰҒЫЛА: Не деп тұрсың, ұлым-ау?! Ұрыстан қашып шықтым десеңші! Қашқын болдым десеңші!..

СПАРГАПИС: Кирді күні ертең тас-талқан қыламын! Парсылар өлігін Сейхуннан іздесін! Бізге қауіпті парсының патшасы емес, көп болса келді, кетті. Қауіпті Балхаштан күт. Шетімізден етше турап, бүкіл Тұранға патша болмақ! Бір дүркін сатып кеткен қаңғыбастан қайтып қайыр күтпе!..

ШҰҒЫЛА: Келе жатыр.

СПАРГАПИС: /алақтап/ Кімдер?..

ШҰҒЫЛА: Берік бол, балам! Сен үшін мен де құрбандық шалғам! Ел үшін сен де бүгін құрбансың! Ең болмаса еркек боп өл! Ақылға сыймайтын, атаққа көнбейтін іс қылдың. Соғыстың аты – соғыс! Оның заңын ана да, патша да бұза алмайды! Кешір мені.

СПАРГАПИС: Не айтып тұрсың, анашым?!

Шұғыла сүйретіліп тағына барып отырады. Көсемдерді ертіп Балхаш келеді.

БАЛХАШ: Патшайым, парсылар бергі жағаға өтіп кетті. Бес мың дайлықтан қалған жалғыз мен!..

КӨСЕМ: Бөрі тымақтылар ұрысқа кірген жоқ. Оң қанат ашық қалды, патшайым!

ШҰҒЫЛА: Білем. Кесімін айтыңдар!

КӨСЕМ: Оны өзің де білесің. Мен айтсам – өлім!

КӨСЕМДЕР: Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім!..

КӨСЕМ: Бекзада Спаргапис! Сатқындығың үшін өлім жазасына кесілдің!

БАЛХАШ: Тоқтатындар! Тақсыр, мұның еті сенікі болғанмен, сүйегі менікі! Аңғал жасты алаяқ біреу адастырды. Спаргапис, айт, кім сені адал жолдан тайдырған?..

АРДАШИР: Қолдарың қалтыраса, мен-ақ /*семсерін суырып алып Спаргаписке ұмтылады*/ көзін жоғалтайын!

БАЛХАШ: /*жолын кес-кестеп*/ Қолыңды алдымен маған жұмсап көр!

КӨСЕМ: Балхаш, былай тұр! Массактардың заңын кім бұзса, оған да өлім!

БАЛХАШ: Мен массақ емеспін!

КӨСЕМ: Сені айыптап тұрған жоқпыз.

БАЛХАШ: Баласының басы кеткелі тұрғанда Балхаш қарап қала ма?! Мұның да сүйегі дай, бізде де көсемдер бар, бізде де заң бар, дат бізден болмай кімде-кім бұған қол көтерсе, менің қолымнан мерт болады!..

АРДАШИР: /*Балхашқа ұмтылып*/ Онда өз обалың өзіңе! *Өп-сәттік айқас. Ардашир сұлап түседі. Екінші көсем жасқаншақтап Балхашқа жақындай берген.*

ШҮҒЫЛА: Тоқтатындар! Бірінді-бірің турап құртатын түрлерің бар, парсының патшасы бекерге ат сабылтқан екен-ау! Балхаш, ұлымның сүйегі менікі дедің ғой, рухың бір болғанмен ұраның бөлек, ендігі кесімді сен айт!

БАЛХАШ: Елден қуылсын!

СПАРГАПИС: Мен өз елімнен ешқайда кетпеймін. Өлімді өз топырағымнан күтемін. / *Шұғылаға келеді* / Анашым, ұлы падишам...

ШҮҒЫЛА: Жоғал! Тегінді тап! Жетісуға жет!..

КӨСЕМ: Балхаш, ұлыңа ескерт, енді қайтып бұл елге аяқ басса, кез келген массақ басын шауып тастауға қақысы бар!

БАЛХАШ: Кетем деген ерге ел толып жатыр. Өлімді ақшаға да, алтынға да, атаққа да сатып алуға болады. Бар!..

ШҮҒЫЛА: Көсемдер! Жауға бөрі тымақтыларды өзім бастап барамын! Ақырғы айқасқа дайындалындар!..

Көсемдер кетеді.

СПАРГАПИС: Дай патшасы!

БАЛХАШ: Бұл жерде саған орын жоқ. Менің атыма мінде, тай! Ұшарыңды жел, қонарыңды сай білсін!

СПАРГАПИС: Жел құйын болып қайта оралса, қонар сайым осы жер болса ше?!

БАЛХАШ: Өз басыңа өзің өлім тілеме, ұлым. Сен маған да, анаңа да қымбатсың! Біздің бір тапқан амалымыз осы!

СПАРГАПИС: Рас па?

БАЛХАШ: Рас.

СПАРГАПИС: Қарусыз қанды жолға қалай шығам? Маған қанжарыңды бер.

БАЛХАШ: Ала ғой. Бұл сенікі. Тек дай патшасының қаруы екенін ұмытпасаң болды.

СПАРГАПИС: Арманым қолыма бір ұстау еді, Төңірім оған да жеткізді. */қанжарды өз көкірегіне сұғып алады/* Ризамын...

БАЛХАШ: Балам-ау, бұл не қылғаның?! Сен мені өлтірдің ғой! */Спаргаписті қшшақтап, басын көтереді/*.

СПАРГАПИС: Өке, мені қорқақ деп ойлама! Мен өлімнен қорыққан емеспін!

БАЛХАШ: Білем. Сенде шешенің жүрегі, әкенің білегі бар еді. Өкінішті!..

СПАРГАПИС: */Балхаштың иығынан сипап/* Сен жаралысың ғой.

БАЛХАШ: Өншейін, жебе сызып кеткен.

СПАРГАПИС: Жебеде у бар-ды. Сол у мені де улап тынды.

БАЛХАШ: Ажалыма қанша уақыт қалды?

СПАРГАПИС: Білмеймін, у жаққан Ардашир... Мен саған ұқсап бақсам деп едім ғой, әке!.. Өмірге екі Балхаштың қажеті жоқ деп қызғаныштан екеуін де жоқ қылдым-ау!.. */сылқ тұседі/*

Балхаш баласының бетін дайдың туымен, денесін мاسақтың туымен жабады. Дайдың сарбаздары келеді.

БАЛХАШ: Сарбаздар! Бекзаданың денесін Жетісу мен Арқаның тең ортасына апарып, алтынға бөлеп, күміс табытқа салып көміңдер! Сол мазардан маған да орын сайлаңдар! Өлді деп ешкім айтпасын! Өлгенімізді ешкім біл-

месін! Сақ біткен бізді тірі деп түсінсін! Біз сары далаға өлі сан рет қайта ораламыз!.. О, Төңірім, жебенің уын тарта тұр! Маған бір майданға, ақырғы майданға мүрсат бер! Осыдан басқа тілегім жоқ, Төңірім!..

Тоғызыншы көрініс

Сақтар мен парсылардың ұрысын бейнелейтін би. Шайқастан соңғы дала. Жаралылардың ыңыранған дауыстары, аттардың шұрқырай кісінескені естіліп тұр. Шұғыла шығады. Соңында тайпа көсемдері мен сарбаздар.

КӨСЕМ: Тақсыр, парсылар талқандалды! Кир қашты!

ШҰҒЫЛА: Жеңдік деп желікпендер! Бұл жеңіс қасіретпен парапар, қаза тапқандарың қаншама!..

САРБАЗ: Есебіне жетіп болмайды! Оларды құзғын ғана санап жатыр!

КӨСЕМ: Менің жеті жүз сарбазымнан жетеуі-ақ қалыпты.

ШҰҒЫЛА: Балхаш қайда?

КӨСЕМ: Кирдің арбасына ұмтылғанын бір көріп қалғам.

Балхаш көрінеді. Сүрініп кетіп, сүрініп кетіп зорға келеді. Сарбаздар сүйемелдеуге ұмтылған еді, бірақ оларды серпіп тастап Шұғылаға өзі келеді.

БАЛХАШ: /Торсықтан Кир патшасының басын суырып алып/ Ұлы патшайым, мынау патшалардың патшасы ұлы Кирдің басы! /басты Шұғыланың аяғына лақтырып тастап, өзі де құлап түседі/.

КӨСЕМ: /Балхаштың үстіне төніп/ Жантәсілім етіпті... Ей, Төңірім, пақырдың жанын Агро-Майньюдің зұлым тырнағына түсіре көрме!

ШҰҒЫЛА: Бірің қалмай тараңдар!..

Барлығы да кетеді. Шұғыла Балхаштың денесін құшақтап, бетінен сипайды.

ШҰҒЫЛА: Қасиетті Көк Аспан, құдіреті күшті Төңірім! Үн қатпағаның осы екен ғой!.. Балхаш, рухыңа бас идім! Сен менің жар дегенде жалғызым едің! /Балхаштың семсерін көкірегіне қойып, қолын соған айқастырады да Кирдің басына келіп көтеріп алады/ Сен менің жалғандағы жалғыз сүйіктім едің!..

Аяқастынан Жәдігәй пайда болады. Шұғыланың қолынан Кирдің басы түсіп кетеді.

ЕЛЕС: Балаңды құрбандыққа шалдың! Байды құрбандыққа шалдың! Сүйгеніңнің басын алдың! Өзің ғана қалдың! Өзіңе не қалды?

ШҰҒЫЛА: Сақ деген ел қалған жоқ па! Сақтың сары даласы – жер қалған жоқ па!.. Жамағат!..

Тірі қалғандар түгел жиналады.

ШҰҒЫЛА: */Кирдің басын торсыққа қайта салады/.* Патшалардың патшасы ұлы Кир, құмартқаның сақтың қаны еді! Жақсылар мен жайсаңдар, көсемдер мен көк сүңгілі сарбаздар, мынау торсықты парсының қанына толтырыңдар да еліне қайтарыңдар, қанып ішсін де, жаны жай тапсын!.. Көк Төңірі сыйлаған сақтың сары даласына енді қайтып ешкім бас сұқпасын! Тұранның қасиетті туын ешкім жықпасын!..

Соңы



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Трагедияның хрестоматиядағы нұсқасын пайдаланып, композициялық құрылымын талдаңдар. Шығарманың идеясын анықтап, сюжетін қара сөзбен жазып шығыңдар.



2-тапсырма. Томирис бейнесінің көркемдігіне талдау жасаңдар. Автор Томирисің көркем бейнесін жасауда қандай тәсілдерді қолданған? Тарихтан Томирис патшайым туралы деректерді пайдаланыңдар.




3-тапсырма. Томирис туралы жазылған басқа да көркем шығармаларды оқып, салыстырыңдар. Мысалы, Болат Жандарбековтің «Томирис» романы.





4-тапсырма. Кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Сөзі	Мінезі
Томирис		
Спаргапис		
Балхаш		
Кир		
Өзің таңдаған кейіпкер		


 **5-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, Шұғыла-Томиристің сөзіне мән беріңдер. Сақ патшайымының сөзін өз ойларыңмен сабақтап, ел бірлігі туралы шағын таныстырылым жасаңдар.

Уақыты – 15 минут.

 **6-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, Елес пен Шұғыланың диалогін талда. Елестің сөздеріне мән бер. Тұрақты оралымдарды тауып талда. **Уақыты – 15 минут.**

 **7-тапсырма.** Егер осы драманы өзің жазсаң, Шұғыланың соңғы сөзін қалай аяқтатар едің? Драманы өз сөзіңмен аяқтап, қорытынды жаз.

ШҰҒЫЛА: */Кирдің басын торсыққа қайта салады/.*
 Патшалардың патшасы ұлы Кир, құмартқаның сақтың қаны еді! Жақсылар мен жайсаңдар, көсемдер мен көк сүңгілі сарбаздар, мынау торсықты парсының қанына толтырыңдар да еліне қайтарыңдар, қанып ішсін де жаны жай тапсын!.. Көк Төңірі сыйлаған сақтың сары даласына енді қайтып ешкім бас сұқпасын! Тұранның қасиетті туын ешкім жықпасын!..

 **8-тапсырма.** Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастарды талдап жазыңдар.



- **9-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді пайдаланып, еркін тақырыпта шығарма жазыңдар.

Сақтар, Ұлы Дала, Көк Төңірі, Томирис,
ел қорғаны, бірлік, ерлік, жеңіс.

- 📖 **10-тапсырма.** Хрестоматияны пайдаланып, «Томирис» трагедиясын толық оқып шық. Шығармадағы уақыт пен кеңістіктің берілуіне талдау жаса.

- 🖋️ **11-тапсырма.** «Ұлы Дала – мәңгілік ел» тақырыбында әдеби эссе жаз.

- 🎓 **12-тапсырма.** «Ұлы Дала арулары» деген тақырыпта қазақ даласындағы тарих көшінде елі мен жеріне қорған болған асыл қыздарымыз туралы жазылған шығармаларды салыстырып, әдеби сын жаз.



ШЕРХАН МҰРТАЗА (1932 – 2018)



Шерхан Мұртаза – Қазақстанның халық жазушысы (1992), Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984). 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы Жуалы ауданы Талапты ауылында туған. 1955 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1956–1960 жылдары Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында істеген. 1960–1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің тілшісі, әдеби қызметкері, редакторы болған. Содан кейінгі уақытта «Жалын» альманахының бас редакторы, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, 1975 – 1980 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, 1980 – 1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметін атқарған. 1989 – 1992 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1992 – 1994 жылдары Қазақстан Республикасы мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы болып істеген. ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты болған.

Жазушының әр жылдары «Табылған теңіз» (1963), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «Ахметжанның анты» (1973), «Мылтықсыз майдан» (1977) повестері, «41-жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974) өңгімелері, «Қара маржан» (1977), бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» (1999) романдары, шығармаларының төрт томдығы (1990–2000), шығармаларының 6 томдығы, таңдамалы шығармаларының 7 томдығы, «Бір кем дүние» (2008) кітаптары жарық көрген. Оның шығармалары КСРО халықтары мен шетел тілдеріне аударылған. Қазақ тіліне Г. Андерсен-

нің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Ш. Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалап жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жанпида» туындыларын, Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесін, Э. Эрскиннің «Марыкчан балалары» романын, Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» повесін тәржімалады.

«Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. «Құрмет белгісі», «Отан (1999) ордендерімен, медальдармен марапатталған. ПЕН-клуб сыйлығының иегері (2003).

Әдебиет теориясы

Юморлық образ – күлкілі кейіпкер; юмор – өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі. Күлкі жоқ жерде юмор жоқ. Ал күлкіні өншейін жеңіл-желпі нәрсе деуге болмайды. Күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатыр. Өмірдегі немесе адам мінезіндегі негізсіздікті, Чернышевский айтқандай, «сырты бүркелген ішкі күйкілік пен қуыс кеуделікті», жалпы қоғам тіршілігіндегі кедергі мен кесел атаулының бәрін күлкімен түйреп, жерлеп отыруға болады. Бұл ретте, күлкі – өмірдегі ескі мен жаңаның арасында болып жатқан күрестің жауынгерлік құралы. Әрине, эстетиканың, комедиялық категориясындағы юмордың, сатираның, иронияның, сарказмның, гротескінің әрқайсысындағы күлкінің сипаты әр бөлек. Юморда күлкілі құбылыстардың ең бір майда, зиянсыз түрлері алынады. Юмордағы күлкі – өзіл; ал өзіл келемежге айналса – ирония, келемеж ащы мысқылға айналып, сын үдей түссе – сарказм болғаны...

Сатиралық образ – ұнамсыз тип, сатирамен суреттелген құбылыс – керексіз, кесір құбылыс. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына шығарады, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілетеді.

З. Қабдолов

ТӘУЕКЕЛ ТӨЙ

(әңгіме)

Аталас ағайыны Төкеннің үйіне Керімқұл жетіп келді. Жүрісі алқын-жұлқын. Терлеп кетіпті.

– Байғұс-ау, тыныштық па? Өлде әйелің ұл тапты ма? – деді төсекте сырқаттанып жатқан Төкең.

– Ұлды таба-таба қартайды ғой. Енді сол ұлдардың үлкенін үйлендірмекшімін.

– Өй, әлгі Нүркенің бе? Ол әлі студент емес пе еді?

– Он үшінде отау иесі деген. Қазір жиырмаға келді.

Ағайыны ойланып қалды. Өзінің әкесі жарықтық Құтыбекті баяғыда он үшінде-ақ үйлендірген екен Есей бай. Мына Керімқұлдың әкесі Қарағұл мен Есей бай бір атадан – Тоқсанбайдан туған.

«Мұныкі де дұрыс-ау, – деп қойды ішінен ағайыны. – Адам бейшараның ғұмыры қысқа, жүзге келсе де аз ғой. Қарға екеш қарға да үш жүз жыл жасайды дейді. Менің Ботаханым отызға таяды. Әлі бойдақ. Жоқ, бұл Керімқұлдікі де дұрыс бір жағынан».

– Тойды қайда өткізбексің? Үйіңде ме?

– Жоқ, – деді Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетіп. – Үйге кім сыяды? Мен бес жүз адам шақырамын.

– Не дейді? – деп жайшылықта сабырлы Төкең жастықтан басын көтеріп алды. – Бес жүз ағайын, жегжатты қайдан таптың?

– Таптым. Мына жағы – Жасылкент, мына жағы – Мәуелі. Сен сияқты үйде омалып отырып алмаймын. Үш облысты аралап жүріп, ағайын, құда, жегжат – бәрін таптым. Тоқсанбай бабамыздан тараған үрім-бұтақтың өзі жүзден асады. Біз өніп-өскен тұқымбыз ғой. Енді сол үрдісті ары қарай дамыта беру керек емес пе? Өрі десе той шашырап кеткен туыстың басын біріктіреді. Ей, Төке, бұл той деген дәнекер, біле білсең.

– Байғұс-ау, қарға тамырлы қазақта не көп, жегжат көп. Санай берсең, мыңнан асады. Маған десең, мың адам шақыр. Бірақ ақшаны қайдан табасың? Өлде баяғы Есей

байдың Қыршынды тауына тығып кеткен алтынын тауып алдың ба? – деп Төкең күйіне бастады.

– Былай өзі, есебін шығардың ба? Калькулятор деген болады.

– Ой, Төке-ай, – деп Керімқұл сасырдың сояуындай қолын бір-ақ сілтеді. – Бес жүз адам әрқайсысы ең құрығанда бес мыңнан теңге әкелмей ме? Қайта, менің есебім бойынша, ресторанның төлемінен артылып, өз қалтамда қалады.

– Ау, сонда сол тойға шақыратын ағайынның бәрі бай деп ойлайсың ба?

Керімқұлдың сояудай сідәң қолдары ербеңдеп кетті. Құрықтай мойнының тамыры білеуленіп:

– Байы да бар, бақуаты да бар. Сорлы емес. Мысалы, ана Жасылкенттегі Жеңіскүлді ал. Үш баласы үш фирма ұстайды. Бір келіні – банкир. Жеңіскүл өзіміздің жиен қарындасымыз ғой. Жақында Лондонға барып қайтты. Меккеге қажылыққа барып келген. Ол үшін бір мың доллар, пішту, шемішке шаққан ғұрлы емес. Соның өзі-ақ ресторанның жарты ақысын атқарады... – деп екіленіп, екпіндеп барып әрең тоқтады.

Бір-екі жас үлкендігі бар, майдангер немере ағасы Төкең қатты ойланып, басын ұстап, отырып-отырып:

– Қайдам, – деді. – Қай ресторанды алмақшысың?

– Қай ресторан болушы еді – «Аспантау»! Қаладағы ең мықтысы – сол.

Төкең басын шайқады.

* * *

Зеңбірек көшесіндегі «Аспантау» рестораны – шаһарға көрік беріп, шырайын кіргізіп тұратын бірегей ғимарат. Алды-арты зипа терек, жасыл шырша. Кемеліне келген раушан гүлдің хош иісінен бас айналып, ішпей-жемей масаң тартқызғандай. Іргесінен Талас өзенінің бір саласы ағып жатыр. Сексеуілдің шоғына қақталған кәуаптың иісінен сілекейің шұбырғандай.

Күндізгі ыстықтың аптабы қайтып, өзеннен жаныңды жай тапқызар леп ескенде, алғашқы қонақтар келе бастады.

Сидаң бойлы, сіріңке қоңыр реңді, бурыл шашты Керімқұл ақ костюм, ақ көйлек, қара галстук тағып алып, егде тартқан жасына қарамай, ұшқыр аттай лыпылдап, жайраңдап, құрметті меймандардың алдынан шығып, аймаласып, құшақтасып, құрмет көрсетіп-ақ жүр.

Кейбір сәті – өзен жағасында көуап пісірген жерді торып, өркімнің аузына жаутаң-жаутаң қарап, құйрығын бұлғаңдатып, көздері мәлие қалатын, өмірі бүйірі томпаймайтын, сұрғылт сидаң қаншықты көзге елестеткендей.

Құшақтасып, құтты болсын айтқан адамдардан болар-болмас көзқараспен өлдене дөметкендей кейпі бар.

Алыстан:

– Ассалау-ма-ға-лай-күм! – деп дауыстай сәлемдесіп, ақсаңдай басып, майдангер жездесі Төрегелді келді. – Той құтты болсын, Керімқұл шырағым!

Керімқұл екеуі тос түйістіріп, ұзақ құшақтасты. Жездесінің ішкі төс қалтасы томпақтау екен. Керімқұлдың бүйрегі бүлк етіп, мол дүниеден дәм етіп қалды. Жездесі бір қолымен бурыл шоқша сақалын сипалап, бір қолын ішкі қалтасына салды.

– Шырағым Керімқұл, жаман жездеңнің тойыңа қосқаны – осы. Сенен аярым жоқ. Пензионердің бергенін азырқан-бассың. – Осыны айтып Төрекең кіршеңдеу томпақ конвертті Керімқұлдың қойнына сүңгітіп жіберді.

Риза болған Керімқұл қаншырдай шағын шалды құшырлана құшақтады.

– Жанашырдың жақсылығы осындайда сыналады, жездеке. Баяғыда әпкемді қалыңмалсыз алып кетіп едің. Мына бергенің соның есесі ғой деймін, – деп Керімқұл жездесін қағыта күліп алды.

– Оның рас. «Ер мойнында қыл арқан шірімес» деуші еді. Мойнымдағы қарызымнан құтылдым-ау деймін. Енді риза шығарсың. Әпкеңнің қалыңын енді дауламассың.

Қаншырдай қара шал қутыңдай күліп, аяғын сылти басып, басқа кісілерге қарай бұрылды.

Қазақтың тойы өзіл-қалжыңмен жарасымды. Қонақтардың алды сол қалжың көркімен қауқылдасып, өзен жағалай өскен сүмбіл шаш өрімталдың көлеңкесіне топтана бастады.

Ала көңіл Керімқұл жездесі беріп кеткен конверттің ішінде қанша барын біле алмай, білгісі келіп қипақтап, жұрт көзінше ашып қарай алмай, оңаша шығып та кете алмай, тыпырши берді.

Таластан бөлініп аққан ботана су сылқ-сылқ күлді.

Жақындағы жегжаттан біраз дәмесі бар еді. Бірақ бұл қаланың қақатұяқтары, биттің қабығынан биялай тоқыған өккілер жарытпады. Көбісі бір-бір уыс гүл ұстап келді.

«Ата дәстүрін білмеген албастылар, – деді ішінен Керімқұл, – қай қазақ бұрын тойға гүл ұстап келуші еді? Гүл дегенің – кәдімгі шөп. Аш сиыр болмаса, мұндайды мал да жемейді. Бірер күннен кейін өрт шалғандай бүрісіп, қарайып құрап қалады. Көп қабатты үйден шығарып, қоқысқа тастап құр бекер өуре боласың».

Сөйтіп сырты бүтін, іші түтін болып тұрғанда, ресторанның алдына шаң-шаң болып бір грузовик тоқтады. Шофердің қасынан қоңқақ мұрын, тыртық тақыр бас, балуан тақілеттес, гүржиген біреу түсіп, шоферға:

– Кузовты аш, – деді екпіндей сөйлеп. Шофер кузовтан төрт аяғы шандулы бір қойды түсіріп жатқанда, әлгі дәу Керімқұлды бас салып құшақтап, құтты болсын айтты. Бұл сонау Ойпаңбелдегі нағашы Сарыбай көкпаршы еді.

Керімқұл дәудің құшағында тұншығып бара жатты. Дәу терлеген екен. Теке сасықтан демі тарылып, мұрнын баса-йын десе қолы босамай, пұшайман болды. Ақ костюмге қарамай жұғып қалғандай:

– Оу, нағашы, босат енді, – деп бұлқынды.

– А, жиен, тойың құтты болсын. Сенен немді аяйын, тойыңа құнан қой әкелдім, қабыл ал, – деп күркіреді Сарыбай.

Құйрықты қазақы қой екен, Керімқұл ішінен: «Он мың болып қалар» деп есепке салды. Ораза кезі болса, бағасы одан да жоғары көтерілер еді, бірақ Ораза айы әлі алыста.

Керімқұлдың ішінде ызғар. Іші уілдейді. Шақпақтың бо-ранындай. Жұрт алдында көңілді көрінген болады. Бірақ көңілі түскір аласапыран. Тыпырши береді. Адамдар оны өзінің алақұйын, алыпқашпа мінезіне балап қойды. Қаланың шетінде тұратын базаршы Күләй қарындасы қазақбайшылап леген көтеріп келіпті. Онысы – бірер уыс өрік-мейіз, бірер уыс бауырсақ, бірер уыс арзан көмпит.

«Осыларды да бауыр, жанашыр дейді-ау, – деп күйінді Керімқұл. – Атаңа нәлет саудагер. Жұмыртқадан жүн қырыққан иттер. Бұларды туысқан деп несіне шақырдым?»

Ендігі үміті, ендігі зарыға күткені – Жеңіскұл. Жасылкенттен жеткенше біршама алыс жер. Кешігіп жатқан шығар. Керімқұл кешкі аспанға қарады. Қаланың аспаны тозаңданып, сұрғылт тартып тұр екен. Аспаннан ақ періште бейнесінде Жеңіскұл ұшып келіп, той тобына топ етіп түсе қалатындай, аспаннан алтын жаңбыр жауатындай жау-таң-жау-таң қарады.

Керімқұлдың ауылынан шыққан әнші, облыстық филармонияның өртісі, аталас болып келетін Сәтек серіні той иесі тамада боласың деп шақырған. Бадырақтау бақа көз, бұйра-бас Сәтек сері Керімқұлға:

– Қонақтар тұрып қалды. Бастамаймыз ба, көке, – деп сыбырлады.

Керімқұл оны танымай қалғандай бір түрлі таңдана қарап барып, лезде есін жиып:

– Кісілер келіп болған жоқ. Сен ән салып, домбыра тартып, жұртты алдаңқырата тұр, – деді.

– Көке, өзіңіз айтқан соң екі әншіні ерте келіп едім, әрине, ақысын жемейсіз ғой.

Күйіп тұрған Керімқұл:

– Миды ашытпай қоя тұршы, – деп тағы да аспанға қарады. Аспаннан алтын артып келе жатқан керуен көрінбеді.

Керімқұл мына кешкі қапырықтың өзінде жаурағандай қалтырай бастады. Той емес, әлдекімнің жаназасын шығарып жатқандай түтігіп кетті. Бірер конверт түскен қалтасын сипалай береді.

Ол конверттердің ішінде қанша ақша жатқаны белгісіз. Жұрттың көзінше санай алмайсың ғой. Былайырақ шығып, туалетке кіріп кетіп санап алайын десе, оның ретін таппады. Санағанда алтын мен күміске қолы малына қалмайтынын көңілі түскір сезеді. Жездесі берген томпақ конверт болмаса... Қырғыздан темекі тасып, соны стақандап сатып жүрген майда саудагерде қай бір ірі ақша болады дейсің. Бұл заман – сигарет заманы. Баяғыдай газетке орап шылым тартатындар бар дейсіз бе. Сигаретке қанбайтындар болмаса...

Су бойында бақалар бақылдай бастады. Олардың бақылдағаны әлдекімдердің сақылдап күлгені сияқты боп естіледі. Даладан бақалар да безіп кетіп, қалаға келген бе? Несі бар мұнда?

Ауылдағылар қалаға қарай ағылып жатыр. Олардікі, бәлкім, жөн шығар. Ал бақаға не жоқ? Оларға да жұмыс табылмай қалған ба? Өне, ана бір бала жүр адамдарды жағалап. Шашы өсіп кеткен. Сірә, үшінші, төртінші сыныптың баласы-ау. Үсті-басы подвалда түнеп шыққандай мыж-мыж. Өркім-өркім сол баланың өзіндей мыж-мыж болған жыртқы-жыртқы үш теңгелік, бес теңгелік бірдеңелерді берген болады да, өлгі көзі мөліген міскінге тура қарауға дәті шыдамай, теріс айналып кетеді. Жас баласы қайыр сұраған елдің тойы да жарасымсыз шығар.

Бала Керімқұлға жақындап келді. Той иесі екенін қайдан білсін. Шырттай ақ киінген соң нағыз мырза деп қалған шығар. Үні шықпай, ерні ғана жыбырлап, алақанын ашып та жаймай, алақанға салғанды түсіріп алатындай, қолын қусыра созады. Күйіп тұрған Керімқұл:

– Кет, айда! – деп бұрылып кетті.

Шырыштай болып тап-таза киінген үлкен кісіден мынандай сөлекет сөз есітемін деп ойламаған жас бала жүрегіне қалмақтың оғы тигендей қатты назаланып қалды. Қайыршы болма. Қайыршы болсаң, арсыз бол. Мың түрлі адам бар, мың түрлі мінез бар. Соның сорақыларына мән бере берсең, жауқазыныңнан жайрайсың.

Бала көше бойындағы зипа терекке арқасын тіреп, жүрелеп отыра кетті. Өлгі жекуді көтере алмай қалды. Өлдекім тұмсығынан тепкен күшіктей ішінен қыңсылады.

Дәл осы сәтте алды-арты жарқылдаған, пошымы бөтен, өңкигендеу бір машина келіп, тура қайыршы баланың қасына тоқтай қалды. Сөйтсе, бұл көлікті «Джип» деп атайды екен. Шомбал шопыр қарғып түсіп, асыға басып, артқы есікті ашты. Ай мен күндей жарқ етіп, ар жақтан бір әйел алтын білезікке білегі толы қолын соза беріп еді, шомбал шопыр, қап-қара қолымен алтындаған ақ білектен ұстап, әлгі ханымды сүйемелдеп жерге түсірді.

Керімқұл мойнына іштей алабұршақ салып, Алладан тілеген Жеңіскұл осы еді. Көк терекке сүйеніп, бүкіл әлемді жек көріп отырған қайыршы бала орнынан атып тұрды. Жеңіскұлдің жүрегінің тұсынан құлпырма күн шыққандай өлдене жарқ ете қалды. Оның не екенін бала түсінген жоқ, тек көзі қарыққандай болды.

Жеңіскұл табанын жерге тигізерін не тигізбесін білмей перламутр туфлиінің өкшесімен ғана тұрып қалды. Қасиетті Әулие-Атаның көшелері күнде сыпырыла бермейді ғой, сәл шаң-топырақтау еді. Өттең, Керімқұлдың есіне келмегені-ай, әйтпесе Жеңіскұлдің жолына кілем төсеп тастауы керек еді ғой.

Керімқұлдың сидаң сирағы шегірткенің серпініндей ыршып кетіп, жиен қыздың қасына бір-ақ қарғып жетті. Бара бас салып құшақтап, жиенінің бетінен ары да сүйді, бері де сүйді.

Жеңіскұл қанша қарсыласса да болмай, өліп кетердей өңмеңдеді. Шіркінде сезім болсашы, өзінше жағынамын дегені. Оны Жеңіскұл жақтырмайды. Өйткені Жасылкенттің «Арулар залында» үш сағат отырып жасатқан прическасы, макияжы құрыды ғой. Сілекейден беті айран жаққандай айғыз-айғыз болып қалды.

Керімқұлдың арынын әрең басып:

– Немене, нағашы, тегі... жүдә сағынып қалғансыз ба, – деді жыламсырап. – Тойыңыз құтты болсын! Тойыңызға қосқан скромный тарту, – деп туфлиі түстес перламутр сөмкеден бір конверт алып, нағашысына ұстата берді. Құтылдым ба, құтылмадым ба дегендей, бұрылып ала жөнелді.

Керімқұлдың кеудесіне күдік кірді. Конверт жұқа, «скромный» деп жиен қыздың өзі айтты. Соңғы үміт осы

жиен қызда болатын. Әлде доллар шығар деп жұбатты өзін. Өрине, доллар. Жеңіскүл теңгені не қылсын!? Доллардың қағазы жұқа, бағасы қалың. Шымалдай жұрттың көзінше, конвертті ашып қарай алмай көзімен көріп, қолымен ұстап, саусақпен шытырлатып санай алмай, көңілі сенбей, қатты қиналды. Туалетке кіріп кетіп, санамаққа тағы батылы бармады.

Әлгінде ғана Керімкүл Жеңіскүлді құшақтап, құшып-құшып сүйген жерге қайыршы баланың көзі қайта түсіп еді, көзін шағылыстырып, әлдене тағы жарқ еткендей болды. Талдың түбінен былай шығып сол жарқылдаққа жақындады.

Бұл кезде той бастаушы айқайлап жұртты ресторанның ішіне шақырған.

Бала барып топыраққа шала батып жатқан әлгі жылтырауықты алып, алақанына салып көрді.

Жеңімен шаң-топырағын сүртті. Алақанында күн күлгендей болды. «Алуаға апарып берейін» деп қалтасына сала салды. Алуа қарындасы еді, өзі сияқты киімі жоқтан мектепке де бара алмай қалған. Шешесі екеуі бүгін базар жаққа кеткен. Сірә, Алуа да базарда әркімге алақан жайып жүрген шығар. Қайыршы қызға әсем тана не керек деп, бала судың жағасында, ақсақ иттің қасында тұрып, қалтасындағы жылтырақ затты өзенге лақтырып жібергісі де келді. Алуаның кір-кір жамау көйлегіне жараспайтын да шығар.

Қалтасынан шығарып, күнге тосып, қасындағы ақсақ иттің көзіне шағылыстырды. Ит шошып түсіп, шойқаңдай басып, әрірек барып отырды. Итке гауһартастың керегі жоқ. Кәуап шайнап отырғандарға мәлие қарайды. Қаңғыбас иттің көзінде адам түбіне жетпес тұңғиық терең мұң болады.

Той қыза бастаған тұста алғашқылардың бірі саналып, Жеңіскүлге сөз берілді. Тойбасы да құйқылжытты-ау:

– Түп-түқиянынан бері асыл затты, ақсүйек, тектілердің тұяғы, ай мен күндей ажарлы, жүрген жері құт-береке базарлы, қазақ әйелдерінің эталоны десе де болғандай Жеңіскүл ханымға сөз кезегін аса бір құрметпен ұсынамын!

Мұндай қолпаштаудан кейін жиналған жұрт бәрі де Жеңіскүлге жаппай қол шапалақтап, бәрі де соның аузынан алтын төгілетіндей, сілтідей тынып, назар аударды. Мұндай мол ықыласқа масаттанған Жеңіскүл өзіне қадалған сол көздерді құлағындағы, мойнындағы, омырауындағы меруерт, лағыл, гауһар тастармен қарықтырмақ болып, жан-жағына бұрылды.

Жайшылықтағы гу-гу әңгіме, абыр-сабыр қимыл, жүріс-тұрыс сап тыйылды. Шымылдық тұтылған төрдегі жас жұбайлар орындарынан атып түрегеліп, генерал көрген солдаттай қалшия қалды.

Жеңіскүл ән салатын халық өртістеріндей алтын-гауһары жарқыраған жұдырығын аузына тақап, бір жөткірініп алды да тарғыл-тарғыл ащы дауыспен сөз бастады. Жәмпеңдеген тамада микрофонды аузына тосты.

– Ардақты нағашым Керімқұл, – деді Жеңіскүл, – тамағын тағы да кенеп. – Менің аяулы анам Өсемгүлдің ағасы... – Осы арада дауысы дірілдеп бара жатты. – Анам тірі болғанда осы тойға өзі қатысатын еді-ау, – деп барып, жарқ-жүрқ еткен шағын сөмкеден аппақ бөтес орамалын алып, көзін сүрткендей болды. Оған сол қимылдан бетіне қалың жағылған опа омырауына түсіп, жұтап қалғандай көрінді де, әлгі орамалмен кеудесін сүрте беріп... мелшиді де қалды.

Сөйлей алмайды. Кенет тілі күрмелгендей. Албыраған ақсары жүзі қуқылданып, боп-боз болып, тіпті көгістеніп бара жатқандай көрінді.

Жан-жағында, қарсы алдында отырғандар, бүкіл зал үрпіп, не болғанын біле алмай дал.

Жеңіскүл омырауын қайта-қайта сипалай берді. Еденге қарады. Одан үңіліп, үстелдің астына қарады. Одан микрофон ұстап мелшиіп тұрған тамадаға қарады. Көк-жасыл-сары көздері зөрленіп:

- Сен алған жоқсың ба? – деп зірк етті.
- Ана байғұс сасқалақтап:
- Ойбай, апай, нені? – деп ыршып түсті.
- Мына омырауымдағы бриллиант тананы.

– Ойбай, апай, не деп тұрсыз, тана көрсем, мені тана тұрмақ, өгіз ұрсын!

– Жаңа маған микрофон ұсынғанда, қолың омырауыма тиіп кеткендей болған...

– Тана деп тұрғаныңыз не тана ол?

– Бриллиантовые подвески на пятьдесят тысяч долларов! Ақымақ!

Көк-жасыл-сары көздері енді ақшиып бара жатты. Тамада шын сескеніп, кейін шегінді.

– Ұстандар ананы! Нағашы, ана сұмырай қашып кетпесін! – деп баж-баж етті Жеңіскүл.

Тойдағы жұрт орындарынан өре түрегелді.

Керімкүл жан ұшырып, не қыларын білмей, тозақтың отына түсіп кеткендей:

– Әй, жетпегір, алсаң бере ғой, әшейін ойнап алған шығарсың, – деді тамадаға.

– Әу, көке, не деп тұрсыз, неғылған бриллиант? Мә, қара! Тінт! – деп тамада екі қолын екі жаққа жайып жіберді.

Сонда Жеңіскүлдің қарсы алдында отырған жуантық қазақы қара кемпір:

– Ау, Жеңіскүл қарағым, мен бағанадан бері сенің шашыңдағы, құлағыңдағы, мойныңдағы, білегіндегі, саусақтарыңдағы алтын, гауһарларыңның бәрін сан қайтара санап шықтым. Екі көзім – сенде. Бірақ омырауыңнан гауһар тана көрген жоқпын. Көрсем, оны да қызықтар едім ғой, – деді.

Салиқалы кемпірдің сөзі салмақты шықты.

– Тойдан той көріп жүріп, мұндай концерт көрген жоқпын, – деп қарқылдады әлдекім. Жұрттың бәрі үстерінен зіл қара тас түскендей, қауқылдасып, күлісіп, орындарына қайыра жайғаса берейін деп еді...

Жеңіскүл қайта қозды. Үні тарғылданып:

– Әй, нағашы, – деді. Орнынан былай шығып, Керімкүлға қарай кетіп бара жатып, артына қайта бұрылып, орындықтың арқалығына іліп қойған перламутр сөмкесін ала салып, Керімкүлға ымдап: сыртқа шық дегендей ишара жасады.

Ресторанның дәлізіне шыға бере:

– Нағашы, мен сізді жұрт көзінше ұялтпайын дедім. Тойыңыздың шырқы бұзылмасын десеңіз, беріңіз! – деп қатқыл бұйыра сөйледі.

Керімқұлдың көзі шарасынан шыға жаздады.

– Нені, байғұс-ау?

– Нені, нені? Бриллиант тананы!

– Шырағым, шалықтап тұрсың ба? Бірлөнт деген бәлені қашан беріп едің маған?

– Жаңа мен машинадан түскенде мені неге құшырланып құшақтады десем, омырауымдағы тананы алып қойған екенсің ғой. Бер, бере ғой енді, мен ешкімге айтпай-ақ қояйын.

Керімқұл не дерін білмей, тілі байланып мелшиді де қалды.

Бұл кезде жұрт ошарылып қалмасын деп, тамада жігіт анекдот соқты.

– Бір өзбек, бір орыс, бір қазақ болыпты. Үшеуі де арманшыл екен. Өзбек: «Шіркін, Айға барып, базар ашсам», – дейді. Орыс: «Орасан зауытым болса», – деп армандайды. Қазақ: «Әйелім ұл тауып, шілдеhana тойын жасасам; одан сәл өте бере бесік тойын жасасам; одан өте бере тұсаукесер тойы болса; одан өте бере сүндет тойын дүркіретсем; одан өте бере мектепке барған тойын, мектеп бітірген тойын; академияға түскен тойын, оны бітірген тойын өткізсем. Содан соң үйлену тойын бес жүз адам шақырып шуылдатсам...»
Не керек, қазақтың арманы: той, той, той.

Жиналғандар қотыраш қана қол шапалақтады.

Өлден уақыттан кейін Керімқұлға тіл бітіп:

– Мүмкін, сен машинадан шыға бергенде, мен сені нетіп... құшақтаған жерге түсіп қалған шығар, – деді.

Жеңіскүлдің шатынап тұрған тарғыл көзінен үміт оты жылт етіп:

– Жүр, онда қарайық, – деп есікке беттеді.

Дала күңгірттеніп, іңір сөніп бара жатқан кез екен. Қаланың көшелері қап-қараңғы. Ресторанның алдына ілінген жалғыз шамның жарығы бозалаң. Ал өзен бойындағы сыраhana әлі гуілдеп жатыр. Бақалар да той тойлағандай

мәз-мейрам. Олардың бриллианты жоқ, сондықтан жанжал да жоқ. Рақат теңізінде кезек-кезек ән салады.

Алагеуім қараңғыда не іздеп мандырасың? Нағашы-жиен бір-бірімен сағыныса көріскен жерді Жеңіскүл перламутр-седеп туфлиінің істік тұмсығымен ары түрткіледі, бері түрткіледі. Седеп туфли әбден шаң-топырақ болды. Жеңіскүл оны да елеген жоқ. Бриллиант табылса, туфли садақа, оның тұмсығымен кеніш қазуға да пейіл.

Жандарына сержант погонды милиционер келді:

– Не іздеп жүрсіздер?

– Бағана осы жерге бриллиант танам түсіп қалыпты, – деді Жеңіскүл омырауындағы тананың орнын сипалап тұрып, жыламсырап.

Неге екенін кім білсін, оған осы милиционер мейірімді періштедей көрінді.

– Бағана болғанда қай сағатта? – деп милиционер уақыт дәлдігін талап етті.

– Сағат кешкі сегізден өте бере... – сөзге араласты Керімкүл.

– Одан бері бұл жерден сан-сапалақ адам өтті, бәрі соқыр емес қой...

– Айналайын, өзің бір иманды бала екенсің, көмектесіп жіберші, жаным, – деп Жеңіскүл әлгіге жата кеп жалбарынды дейсің.

– Оу, өзіңіз қызық екенсіз, сонда мен қайдан іздемекпін? Мүмкін, мына тойға келгендердің біреуі алған шығар.

– Онда қайтеміз, той тарқамай тұрғанда, солардан сіз сұрап, нетіп, тергеп, тінтіп... – деп күмілжіді Жеңіскүл.

– Не деп кеттің, ойбай, – деп Керімкүл баж ете қалды. – «Тойға шақырылған қонақтарын Керімкүл милиция шақырып тінткізіпті» деген масқараға қалдырмақшымысың мені?!

Бұл кезде қонақтар да біртіндеп сыртқа шыға бастаған. Оларды алдарқатып анекдот айтып, өртістерге ән салдырып, жұртты ұстап тұруға тырысқан тамаданың жан далбасынан да ештеңе шықпады. Жұрт тарай бастады.

Керімкүлдың:

– Ау, ағайын, бұларың қалай, шыдай тұрмадыңдар ма. Қазір қыздырамыз. Той қызығы алда, – деп әркімнің алдына бір шығып, елпеңдегені де ешкімді тоқтата алмады.

– Басқа ешбір тойда болмаған қызыққа баттық, рақмет, – десіп қайырылмай кете барды.

Тамада келіп, Керімқұлға:

– Аға, ана өртістер ақы талап етіп жатыр, – деп еді, Керімқұл шарт кетіп:

– Ой, өртістеріңнің... – бақырып жіберді.

Ресторанның завзалы келіп:

– Той тез тарқады ғой, бізге де жақсы. Қолымыз ерте босайтын болды. Давайте, расчитаемся, – деді.

Керімқұл, амал жоқ, ішке кіріп, қалталарындағы конверттерін ақтара бастады. Жездесі берген ең қалың конверт қолына алдымен ілікті. Конверт қамырмен желімделген екен, желімі оңай ажырай қоймаған соң саңылау тесікке саусағын сұғып, кіршең конвертті дар еткізді.

Жүрегінің аздаған дімкәсі бар еді, сол құрғыр шаншып-шаншып алып, артынша сыздап қоя берді.

Конверттің іші – тола шылым орауға арналған газет қиындылары. Арагідік арасында кілең бір теңгеліктер. Бір тілім ақ қағазға:

«Керімқұл қайным! Той құтты болсын. Пенсионер шалдың кәсібінен табылған табыс – осы. Риза бол. Жездең – Төрегелді» деген қисық-қыңыр жазуды оқыды да, орындыққа сылқ етіп отыра кетті.



Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



1-тапсырма. Әңгімені сюжеттік-композициялық желісі бойынша талдап, идеясын анықтаңдар.



2-тапсырма. Әңгімеде көтеріліп отырған мәселе қазіргі қазақ қоғамында қандай орын алады? Автор не себепті әңгімесін «Тәуекел той» деп атаған? Қалай ойлайсыңдар, әңгімені басқаша қалай атауға болады?



3-тапсырма. Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме бер. Жинақтау мен даралау арқылы кейіпкерлердің қандай мінез ерекшеліктері берілгенін айтыңдар.

Кейіпкер	Жинақтау	Даралау
Керімкүл		
Жеңіскүл		
Төрегелді		



4-тапсырма. Топта әңгіме үзінділерін грамматикалық тұрғыдан талдап, автор идеясының өмір шындығымен байланысын анықтаңдар.


Топ	Үзінді	Өмір шындығы
1-топ	<p>– Не дейді? – деп жайшылықта сабырлы Төкең жастықтан басын көтеріп алды. – Бес жүз ағайын, жегжатты қайдан таптың?</p> <p>– Таптым. Мына жағы – Жасылкент, мына жағы – Мәуелі. Сен сияқты үйде омалып отырып алмаймын. Үш облысты аралап жүріп, ағайын, құда, жегжат – бәрін таптым. Тоқсанбай бабамыздан тараған үрім-бұтақтың өзі жүзден асады. Біз өніп-өскен тұқымбыз ғой. Енді сол үрдісті ары</p>	


	<p>қарай дамыта беру керек емес пе? Әрі десе той шашырап кеткен туыстың басын біріктіреді. Ей, Төке, бұл той деген дәнекер, біле білсең.</p> <p>– Байғұс-ау, қарға тамырлы қазақта не көп, жегжат көп. Санай берсең, мыңнан асады. Маған десең, мың адам шақыр. Бірақ ақшаны қайдан табасың? Әлде баяғы Есей байдың Қыршынды тауына тығып кеткен алтынын тауып алдың ба? – деп Төкең күйіне бастады.</p>	
2-топ	<p>Керімқұл дәудің құшағында тұншығып бара жатты. Дәу терлеген екен. Төке сасықтан демі тарылып, мұрнын басайын десе қолы босамай, пұшайман болды. Ақ костюмге қара май жұғып қалғандай:</p> <p>– Оу, нағашы, босат енді, – деп бұлқынды.</p> <p>– А, жиен, тойың құтты болсын. Сенен немді айыын, тойыңа құнан қой өкелдім, қабыл ал, – деп күркіреді Сарыбай.</p> <p>Құйрықты қазақы қой екен, Керімқұл ішінен: «Он мың болып қалар» деп есепке салды. Ораза кезі болса, бағасы одан да жоғары көтерілер еді, бірақ Ораза айы әлі алыста.</p>	
3-топ	<p>Жас баласы қайыр сұраған елдің тойы да жарасымсыз шығар.</p> <p>Бала Керімқұлға жақындап келді. Той иесі екенін қайдан білсін. Шырттай ақ киінген соң бардам мырза деп қалған шығар. Үні шықпай, ерні ғана жыбырлап, алақанын ашып та жаймай, алақанға салғанды түсіріп алатындай, қолын қусыра созады. Күйін тұрған Керімқұл:</p>	


	<p>– Кет, айда! – деп бұрылып кетті.</p> <p>Шырыштай болып тап-таза киінген үлкен кісіден мынандай сөлекет сөз есітемін деп ойламаған жас бала жүрегіне қалмақтың оғы тигендей қатты назаланып қалды. Қайыршы болма. Қайыршы болсаң – арыс бол. Мың түрлі адам бар – мың түрлі мінез бар. Соның сорақыларына мән бере берсең, жауқазыныңнан жайрайсың.</p> <p>Бала көше бойындағы зипа терекке арқасын тіреп, жүрелеп отыра кетті. Өлгі жекуді көтере алмай қалды. Өлдекім тұмсығынан тепкен күшіктей ішінен қыңсылады.</p>	
<p>4-топ</p>	<p>Керімқұл, амал жоқ, ішке кіріп, қалталарындағы конверттерін ақтара бастады. Жездесі берген ең қалың конверт қолына алдымен ілікті. Конверт қамырмен желімделген екен, желімі оңай ажырай қоймаған соң саңылау тесікке саусағын сұғып, кірсең конвертті дар еткізді. Жүрегінің аздаған дімкәсі бар еді, сол құрғыр шаншып-шаншып алып, артынша сыздап қоя берді.</p> <p>Конверттің іші – тола шылым орауға арналған газет қиындылары. Арагідік арасында кілең бір теңгеліктер. Бір тілім ақ қағазға:</p> <p>«Керімқұл қайным! Той құтты болсын. Пенсионер шалдың кәсібінен табылған табыс осы. Риза бол. Жездең Төрегелді» деген қисық-қыңыр жазуды оқыды да, орындыққа сылқ етіп отыра кетті.</p>	




5-тапсырма. Мәтінді тыңдап, кейіпкердің образын берудегі автор қолданған сатиралық мағынадағы сөздерді тауып, образды ашудағы рөлін талда. **Уақыты – 10 минут.**


 **6-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, екі кейіпкердің мінез ерекшелігіне баға бер. Той иесі мен Жеңіскүл образын бейнелеуде қолданылған сөздерді талда. **Уақыты – 12 минут.**


 **7-тапсырма.** Өңгімеден көріктеу құралдары мен айшықтауларды тауып талда.


 **8-тапсырма.** Берілген мінездемелерді кейіпкерлермен сәйкестендіріп жаз.

Дарақы	Керімкүл	
Тойшыл		
Ысырапшыл		
Үнемшіл		Жеңіскүл
Мақтаншақ		
Сараң		Төрегелді
Даңғой т.б.		

 **9-тапсырма.** Той туралы 5 мақал-мәтел жаз. Терген мақал мен мәтелді тірек сөздер ретінде пайдаланып, шағын өңгіме құра.

 **10-тапсырма.** Өңгіменің көркемдік құндылығын бағалап, «Той – қазына» деген тақырыпта хабарлама дайында. Хабарламада өз пікіріңді нақтылы мысалдармен дәлелдеп жаз.

 **11-тапсырма.** Шерхан Мұртазаның хрестоматияда берілген «Бір кем дүние» ойтолғамдарын оқып, өңгіме идеясымен байланысты тұстарын салыстыра отырып талда.

 **12-тапсырма.** «Жетім бала мен той» тақырыбында ой толғап, әдеби эссе жаз.



ГЛОССАРИЙ

АБАЙТАНУ – қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының үлкен бір саласы. Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды.

АВТОР (латын. *auctor* – жаратушы, негізін қалаушы) – өнертануда, философияда эстетикалық, сондай-ақ мәдени-әлеуметтік категория ретінде қарастырылатын ұғым. Қазіргі өнертануда, әдебиеттануда қалыптасқан түсінік бойынша автор – өнер туындысын жасаушы, қаламгер, өз шығармасы арқылы өзінің дара көркемдік танымын әйгілейтін шығармашылық тұлға.

АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМ – ақын-жазушылар шығармаларының ғылыми текстологиялық зерттеу негізінде дайындалып, жарық көрген толық жинағы.

АҚ ӨЛЕҢ – өлең тармақтары соңындағы сөздердің дыбыстары үйлеспей, қабыспай, ұйқасы белгісіз қалыпта, «ақ» күйінде қалған ұйқассыз өлең үлгісі.

ӘДЕБИ ҚАҒАРМАН – әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға. Ол қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда бас кейіпкер, жан-жақты сомдалған толыққанды образ саналады, эпостық және әдеби эпикалық шығармаларда негізгі қаһарман ретінде жағымды түрде бейнеленеді.

ӘДЕБИ МҰРА – көркем әдебиеттің, сөз өнерінің өткен дәуірден қазіргі заманға жеткен туындылары. Әдеби мұра – халықтың өртүрлі тарихи кезеңдегі мәдени өресінің, әлеуметтік хал-жайының, тілдік, эстетикалық талғамының айғағы.

ӘДЕБИ ПРОЦЕСС – бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи-заңды қозғалысы.

ӘДЕБИ СЫН – көркем шығармаларды талдап, баға беріп, олардың идеялық-көркемдік мәнін, әдеби процестегі алатын орнын анықтайтын әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы. Сын – әдебиеттің тарихымен және теориясымен тығыз байланысты.

ӘДЕБИ ХАРАКТЕР (грек. *charakter* – мінез, ерекшелік) – кейіпкердің мінез бітімі, адамның бойына, психологиясына, қимыл-әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығын танытатын мінез-құлық өзгешелігі.

БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫ – әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады.

ҒАҚЛИЯ (араб. дана сөз, даналық маржандары деген мағынада) – көркем қарасөз, нақыл сөздің бір түрі. Прозаның қазақтағы алғашқы қысқа, нұсқа үлгілерінің бірі. Жанрлық өзгешелігі жағынан алғанда, бетпе-бет отырған, мәслихат құрғанда айтылатын сөз түрінде келеді.

ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА – фантастикалық әдебиеттің жетекші саласы.

ДЕРЕКТІ ЖАНР – өмірде болған нақтылы жайларды анық мәлімет, айқын деректерге сүйеніп, бейнелеу тәсілі қолданылатын көркем туындылар.

ЖАНР – әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.

ИДЕЯ – әдебиет шығармасында өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы да аңғарылады. Ол автордың өмір құбылыстарын, жекеленген уақиға, жағдайларды қалай іріктеп, реттеп көрсетуінен, кейіпкерлердің халін қалай сезінуден, соларды бейнелеу қалпынан-ақ белгі беріп тұрады.

КАНОНДЫҚ ТЕКСТ (грек. – сапон: қалыптасқан, белгілі болған, таныс деген мағынада) – көптеген шығармалардың қайта-қайта басылуға, айтуға байланысты, кейде қатеден, кейде бастырушының, я айтушының әдейі өзгертуіне байланысты алғашқы қалыптан өзгертетіні белгілі. Мұндай кездерде тексттің алғашқы

нұсқасын қаз-қалпына келтіру үшін көптеген текстологиялық зерттеулер жүргізуге тура келеді (салыстыру, түпнұсқасын табу, кейінгі қоспалардан арылту т. б.). Сонан кейін ғана алғашқы түпнұсқасын анықтауға мүмкіндік туады.

КЕЙШКЕР (персонаж) – көркем әдебиетте роман, повесть, әңгімеде, драмалық шығармада, поэмада бейнелетін уақиғаға қатысушы.

КЕКЕСІН (ирония) (грек. *eroneia* – жорта ойлау, алдау) – сөзді тура мағынасында айтылғандай қолдана отырып, бірақ оған қарама-қайшы мағына беру, сөйтіп ойды жеңіл әзіл-қалжыңмен, зілсіз кекесінмен керісінше айту тәсілі.

КЛАССИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ – үлгілі, кемелденген, жоғары сапалы деген мағынаны береді. Қай заман үшін де идеялық, көркемдік мәні үлгілі, аса бағалы әдебиет.

КОМПОЗИЦИЯ – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырылып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық-бірлігі.

КОНТЕКСТ (латын. *contextus* – байланыс, жалғастық деген мағынада) – жеке сөздердің, сөз тіркесінің мағынасын дәл, айқын түсінуге мүмкіндік беретін шығарма текстінің тиянақты ойды білдіретін бір бөлігі.

КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ – өмір шындығының жазушының ой елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы.

ҚАРАСӨЗ (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы, өлең сөзден (поэзиядан) айырмасы – онда сөз ырғағы еркін, әдебиеттегі сөз саптау қалпына сәйкес келеді, өлеңдегідей қандай да белгілі өлшемдер сақталмайды.

ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙШКЕР – поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлға бейнесі. Өлең-жырларда ақын көбіне өз атынан сөйлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы кейде ғана кездеседі.

ПАРАЛЛЕЛИЗМ (грек. *parallolos* – қатарлас, қапталдас деген мағынада) – екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелеу тәсілі. Екі түрлі ұғымды білдіретін тіл элементтері бір-біріне әсер етіп, тұтас поэтикалық бейне тудырады.

ПЕРДЕ (Акт) – драматургиялық шығармаларда оқиға өрісін аңғартатын бөлім, біртұтас қимыл-әрекет. Белгілі үзілістен кейін перде жабылып, қайта ашылған соң оқиғаның жаңа өрісі, жаңа сатысы көрінбек. Оның арасында шымылдық, не үзіліс болады.

ПРОЛОГ – көркем шығарманың кіріспе бөлімі.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РОМАН – адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән берілетін роман.

РЕМАРКА (франц. *remarque* – ескерту, белгілеу) – пьесада кейіпкерлер бейнесін ашып көрсету мақсатында қолданылатын қосымша түсінік сөз. Ремарка кейіпкерлердің жасына, мінез-құлқына, түр-тұлғасына, қимыл-қозғалысына, киім киісіне, көңіл күйіне, дауыс ырғағы ерекшеліктеріне қатысты. Ремаркада актіге, көрініске қатысты, оқиға өтетін жер мен қоршаған ортаға, негізгі оқиғаға байланысты жайларға нақты сипаттама беріледі.

СЕГІЗАЯҚ – қазақ өлеңіне Абай қосқан шумақтың үлгісі. Абайдың «Сегізаяқ» атты өлеңінің әр шумағы сегіз жолдан тұрады.

СТИЛЬ – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы.

СЫҚАҚ (латын. *satira* – әртүрлі, көбінше өткір сықақ түріндегі өлеңдер тобы деген мағынада қолданылған) – қоғамдық өмірдегі қайшылықты, әділетсіздік пен озбырлық секілді жиренішті мінез-қылықтарды өткір сынға алып, шенейтін ащы мысқыл, кекесінге толы шығарма.

ТАРТЫС (конфликт, латын. *conflictus* – қақтығыс) – көркем шығармадағы сюжет желісіне арқау болатын, айрықша шиеленіскен түрде көрініс беретін қақтығыс, қайшылық, күрес. Конфликт драмалық шығармаларда ширақ, шиеленіскен түрде кездеседі.

ТЕКСТОЛОГИЯ (латын. *textus* және грек. *logos* – сөз, ғылым) – филологияда шығарма мәтінін анық-қанығы сақталған қолжазбасымен, түпкі нұсқасымен салыстырып тексеретін, жариялайтын сала.

ТРАГЕДИЯ – сахнаға арналып жазылатын әдеби шығармалардың, яғни драмалық жанрдың бір түрі. Трагедияның өзіндік жанр-

лық ерекшелігі – ол өмірдегі шиеленіскен күрес-тартысты, бір-біріне қарама-қайшы күштердің ешбір ымыраға келмейтін, белдескен күресін, қақтығыс-таласын суреттейді.

ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі.

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ РОМАН – жанрлық түр. Әйтсе де қалыптасқан, қолданылуы аясы нақты айқындалған термин емес, көбінесе жалпы, шартты мағынада ұшырасатын ұғым.

ШЕГІНІС – шығармадағы оқиға желісіне тікелей қатысы жоқ басқа бір жай-жағдайларды кенжелей кірістіріп айту. Көбінесе әңгіме желісін үзіп, кідіріс жасаған кезде бұдан бұрынырақ болған жай тілге тиек етілетіндіктен, бұл тәсіл шегініс деп аталады.

ЭССЕ – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, Атамұра, 1995.
2. Абай. Шығармаларының толық жинағы. Т1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 бет.
3. Абай. Шығармаларының толық жинағы. Т2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 бет.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 бет.
5. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы /Бас редактор Ө. Нысанбаев/. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
6. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық /құраст. Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса/. – Алматы: Ан Арыс, 2009.
7. Мұхамедханұлы Қ. «Абайдың ақын шәкірттері», 2-кітап. – Алматы: Дәуір, 1994. – 336 бет.
8. Әуезов М. «Абайтану дәрістерінің дереккөздері». – Алматы: Санат, 1997. – 448 бет.
9. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, Т15. – Алматы, 1969.
10. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
11. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.
12. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар, II том. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2003. – 528 бет.
13. Аймауытов Ж. Шығармалары: романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар (құраст. М. Атымов, Қ. Керейқұлов). – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 бет.
14. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Т3. – Алматы: Өлке, 1999.

15. Нұрғалиев Р. «Арқау» екі томдық шығармалар. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі. – Алматы: Монография, 1991. – 576 бет.
16. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. /құраст. Нұрғали Р./ – Астана: Фолиант, 2004. – 456 бет.
17. Жұмаділов Қ. Шығармалары. Т1. «Тағдыр», роман. Бірінші кітап. – Астана: Фолиант, 2011. – 344 бет.
18. Жұмаділов Қ. Шығармалары. Т2. «Тағдыр», роман. Екінші кітап. – Астана: Фолиант, 2011. – 344 бет.
19. Майтанов Б. «Қазақ романы және психологиялық талдау». – Алматы: Санат, 1996. – 336 бет.
20. Пірәлиева Г. «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері». Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Абай шығармашылығы	7
Абайдың кейбір өсиет сөздері	30
<i>Абай Құнанбайұлы. Сегізаяқ</i>	37
<i>Абай Құнанбайұлы. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы</i>	44
<i>Абай Құнанбайұлы. Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да</i>	45
<i>Абай Құнанбайұлы. Сабырсыз, арсыз, еріншек</i>	47
<i>Абай Құнанбайұлы. Қалың елім, қазағым, қайран жұртым</i>	48
<i>Абай Құнанбайұлы. Болыс болдым, мінеки</i>	51
<i>Абай Құнанбайұлы. Лай суға май бітпес қой өткенге</i>	52
<i>Абай Құнанбайұлы. Он жетінші қарасөз</i>	56
<i>Абай Құнанбайұлы. Отыз екінші қарасөз</i>	57
<i>Абай Құнанбайұлы. Отыз үшінші қарасөз</i>	59
<i>Абай Құнанбайұлы. Ескендір (поэмадан үзінді)</i>	63

ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

Жүсіпбек Аймауытов	70
Ақбілек (романнан үзінді)	72
Әбіш Кекілбаев	103
Аңыздың ақыры (романнан үзінді)	105

АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМСӨЗ

Мұхтар Мағауин	127
Шақан-Шері (романнан үзінді).....	129
Шыңғыс Айтматов	166
Алғашқы ұстаз (повестен үзінді)	167
Ұлықбек Есдәулет	196
Біз – түркілерміз!.....	197

ЗАМАН, ДӘУІР ТҮЛҒАСЫ

Қабдеш Жұмаділов	200
Тағдыр (романнан үзінді)	202
Шахмардан Құсайынов	224
Томирис (драмадан үзінді).....	226
Шерхан Мұртаза	243
«Тәуекел той» әңгімесі.....	245
Глоссарий	262
Пайдаланылған әдебиеттер	267

Оқу басылымы

Ақтанова Айман Советқызы
Жүндібаева Арай Қанапияқызы
Жүмекенова Ләйлә Кәкенқызы

ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытымен оқитын 10-сынып оқушыларына арналған оқулық

Редакторы М. Мұқашев
Көркемдеуші редакторы А. Бекқожанова, А. Лукманов
Суретші Б. Оспанов
Техникалық редакторы Ұ. Рысалиева
Корректоры Е. Амангелді
Компьютерде беттеген Е. Щекина

ИБ № 047

Теруге 19.02.2019 берілді. Басуға 21.06.2019 қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/16}.

Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік».

Шартты баспа табағы 17,0. Есептік баспа табағы 15,61.

Таралымы 9000 дана. Тапсырыс № 4413.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

